


**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ**

**ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКАЯ
ОБЛАСТЬ**

01.01.2018

18.06.2018



**АЙШЫҚТЫ ОҚИҒАЛАР
ЗНАКОВЫЕ СОБЫТИЯ**

**ТҮРКІСТАН
ОБЛЫСЫ**

**ТУРКЕСТАНСКАЯ
ОБЛАСТЬ**

19.06.2018

26.02.2019





ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ:
АЙШЫҚТЫ ОҚИҒАЛАР
ТУРКЕСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ:
ЗНАКОВЫЕ СОБЫТИЯ

01.01.2018-26.02.2019


ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ – 2018:

АЙШЫҚТЫ ОҚИҒАЛАР



ТУРКЕСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ – 2018:

ЗНАКОВЫЕ СОБЫТИЯ



ТҮРКІСТАНДЫ ДАМУ – ҰЛТ МҰРАТЫН ЖАҒЫРТУ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың облыс орталығын төрт қақпалы Түркістанға көшіру туралы Қазақстан халқы мен түркі әлемі үшін мәні зор тарихи шешімі – алдымызға жаңа міндеттер қойып, айқын мақсаттарға жол ашты. Қазақстан Президенті 2018 жылы қыркүйек айында жұмыс сапарымен келіп, қаланы дамыту бойынша өткізген кеңесте Шымкент өз алдына енші алып шыққаннан кейін бюджеті екіге бөлінген өңірдің қаржылық тұрақтылығын арттырып, жаңа кіріс көздерін көбейтуді тапсырды.

Сондай-ақ Түркістан қаласын түркі әлемінің мәдени-рухани орталығы ретінде дамыту жөніндегі бас жоспардың тұжырымдамасын мақұлдап, «Turkistan» арнайы экономикалық аймағын құру жөніндегі Жарлыққа қол қойды.

Осыған сәйкес, көне шаһарды қайта түлетіп қана қоймай, жаңа облыстың әлеуметтік ахуалын жақсартуға басымдық берілді. Халықтың тұрмысын тіктеп, табысын молайту үшін кешенді жоспар жасалып, экономиканы көтеру, инфрақұрылымды дамыту, адами капитал қалыптастыру міндеттері мұқият назарға алынды.

Әр саладағы ауқымды істер мен нақты қадамдар нәтижесіз емес, өткен жылдың қорытындысы бойынша көңіл көншітер көрсеткіштерге қол жеткізілді. Өңірлік өнім 1 трлн 103,9 млрд теңгені құрап, озық технологияны енгізудің нәтижесінде өнеркәсіп алдыңғы жылғы межеден асып түсті. Индустрияландыру картасы аясында 10 жоба іске қосылып, мыңға жуық жұмыс орны ашылды. Атап айтқанда, Ордабасы ауданында полиэтилен қалдықтарын қайта өңдейтін «Green Technology Industries» өндіріс ошағы тұсауын кесіп, «Асыл тұқымды шаруашылық. Ордабасы ешкі сүт өнімдері» фермасы базасында ешкі сүті қайта өңделе бастады. Сондай-ақ «Бадам өнімдері» ЖШС күйдірілген қыш зауыты тұтынушылар сұранысын орындауға кірісті. Түркістан қаласында бой көтерген еліміздегі бірегей жоба «Golden Camel Group LTD» ЖШС 1,5 мың тонна түйе мен бие сүті өнімдерін экспортқа шығарса, Төле би ауданында шоколадты конфект өндірісі жолға қойылды. Келес ауданында шөп байлайтын жіп иіріліп, Шардара ауданында балық өңдеу зауытының құрылысы аяқталды. Сайрам ауданы ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін цех ашса, Қазығұрт ауданы майсыз сүт ұнтағы мен май шығаратын зауыт тарту етті. Арыс қаласында минералды және алкогольсіз сусындардың өндірісі ел игілігіне ұсынылды.

Маңызды жобаларды іске асыру бойынша



**ЖАНСЕЙІТ ТҮЙМЕБАЕВ,
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ**

**ЖАНСЕЙІТ ТҮЙМЕБАЕВ,
АКІМ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ**

атқарылған жұмыстардың нәтижесінде облысқа 288,1 млрд теңге инвестиция бағытталса, оның ішінде 58,6 млрд теңге сырттан тартылды.

Шетелдік әлеуетті инвесторлармен және жергілікті бизнесмендермен кездесулер өтіп, алғаш рет «Көне Түркістан – жаңа мүмкіндіктер» атты халықаралық инвестициялық және туристік форум ұйымдастырылды. Еуропа елдерінен, Түркия, Ресей, Оңтүстік Корея, Қытай, Сингапур, Иран, Малайзия, Пәкістан, Өзбекстан сияқты шет мемлекеттен 500-ге жуық делегат қатысып, 1,7 млрд АҚШ долларын құрайтын 19 құжат келісілді. Әлеуетті инвесторлар үшін ағылшын, француз, қытай, түрік, араб, орыс, қазақ тілінде қызмет көрсететін www.investinturkistan.org инвестициялық порталы құрылды. 7 тілде ақпарат беретін портал арқылы өңір туралы әлемнің кез келген жерінен қажетті мәлімет алуға болады.

Елбасының ауыл шаруашылығын экономикалық дамудың жаңа драйверіне айналдыру тапсырмасына сәйкес, өнім көлемі 544,3 млрд теңгеге жетті. Алғаш рет агроөнеркәсіп кешенін дамытудың өңірлік бағдарламасы әзірленіп, Ауыл шаруашылығы министрлігімен келісілді. Фермерлік шаруашылықты дамыту мақсатында ірі қара басы көбейтіліп, мал бордақылау алаңдары ашылды. Тұңғыш рет Өзбекстан, Иран, Біріккен Араб Әмірліктеріне жөнелтіліп, ет экспорттауда республика бойынша көш бастадық. Қой-ешкінің саны жағынан да әзірге алдымызға ешкім түскен жоқ. Сүт, жұмыртқа алу жоспары да асыра орындалды.

2,9 млн бақша дақылдары жиналып, рекордтық көрсеткішке қол жеткізілді. 500 мың тонна көкөніс Ресей, Беларусь, Латвия, Германия мемлекеттеріне, 1 млн тоннасы еліміздің солтүстік өңірлеріне сатылды. Биыл 8000 тонна өнімді артық алу міндеттемесі қойылды. Жалпы ауыл шаруашылығына 25 млрд теңге субсидия бағытталып, 26,5 мың шаруа пайдасына жаратты.

Құрылыс қолдаусыз емес

Елдің көңілі жайлы, тұрмысы сайлы болуы үшін Президент жариялаған «Бес әлеуметтік бастама» бағдарламасы халықтың осал топтарына қамқорлық танытып отыр.

«Нұрлы жер» бағдарламасы аясында 3047 пәтер, бюджет қаржысы есебінен 500 пәтер кілті тапсырылды. Сонымен қатар, 935 жер теліміне инженерлік-коммуникациялық жүйелер жүргізілді. 385 елді мекендегі 1 млн 72 мың адам от жағу тауқыметінен құтылса, келер жылы Түркістан қаласын көгілдір отынмен толық қамтамасыз ету жоспарланды. Ордабасы, Созақ аудандары да осы қуанышқа бөленер күн жақын.

«7-20-25» бағдарламасын іске асыру шеңберінде

облыс әкімдігі мен «Баспана» АҚ арасында ынтымақтастық туралы меморандум түзілді.

«Түркістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы және жеке салушы есебінен көпқабатты тұрғын үйлердің құрылысы басталып, күзге қарай аяқтау межеленді. Жыл соңына дейін 2391 пәтерлі 40 үй қоныс тойын тойлайды.

Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы да асыра орындалды. Шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы республика бойынша екінші орынға көтерілді.

Облыс көлемінде «Әр ауылға өз шебері» бірегей жобасы қолға алынып, әр ауданға қажетті мамандар қысқа мерзімді курсқа тартылды. Былтыр жергілікті бюджет есебінен 2 қабатты, 10 пәтерлі үйлер салынып, жас мамандарға берілді.

Салықтық жүктемені төмендету бастамасы шеңберінде 45,4 мыңға жуық жұмыскердің жалақысы ұлғайып, республикалық бюджеттен 1,4 млрд теңге көлемінде өтемақы бөлінді.

«Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту» бастамасы бойынша 7 жатақхананың жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленді.

Біліктілік – басты талап

Ел Президенті Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Бес жыл ішінде білім, ғылым, денсаулық сақтау саласына барлық көздерден жұмсалатын қаражатты ішкі жалпы өнімнің 10 пайызына жеткізу қажет» деді.

Білім беру саласына 262,4 млрд теңге қаржы қаралып, білім беруді дамыту бағдарламасының негізгі көрсеткіштері жоғарылады. Мемлекет-жекешелік әріптестігі аясында балабақшалар салынып, күрделі жөндеуден өтті. 80 білім ошағының құрылысына 18,03 млрд теңге бөлініп, 34 нысанның кілті тапсырылды.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, облыс мектептерінің 86,1 пайызы кең жолақты интернет желісімен жарақтандырылды. «Bilimland» цифрлы білім беру ресурстарына жүз пайыз қосылды. Облыстық бюджеттен шалғай ауылдарға «Bilim Book» компьютер-планшеттері таратылып, цифрлы білім беру ресурстарына интернетсіз қол жеткізуде.

Сонымен қатар www.balabaqsha.sitcen.kz порталында 140034 сәби балабақшаға тіркеліп, www.mektep.sitcen.kz арқылы 54751 оқушы 1-сыныпқа электронды түрде қабылданды. www.jumys.sitcen.kz 1871 педагог пен техникалық қызметкердің бос

орнына хабарлама беріп, 1452 адам жұмысқа орналасты.

Денсаулық саласына тоқталсақ, медициналық қызмет сапасы түзеліп, өлім-жітім көрсеткіші төмендеді. Қала және аудан орталықтары 100 пайыз интернетке кіру мүмкіндігіне ие. Облыс бойынша электронды денсаулық паспорттары толық жасақталып, медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық жабдықталуына 8,1 млрд теңге бөлінді.

Жыл сайын өңірде шамамен 50 мыңдай бала дүниеге келеді, бұл – бір Отырар ауданы халқының санымен тең. Яғни, жыл сайын бір аудан халқы дүниеге келіп, еліміздің демографиялық дамуына елеулі үлес қосылып отыр. Сондықтан, бірінші кезекте ана мен бала денсаулығын сақтап, ота жасау, жедел жәрдем қызметін күшейту және «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын іске асыру көзделді.

Президенттің ауылдық жерлерде алғашқы медициналық-санитарлық көмекпен қамтамасыз ету тапсырмасына орай, облыстық бюджет есебінен модульдік медициналық пункттер сатып алынды, бұл салада басқа мұқтаждық жоқ.

Компьютерлік роботталған нейрохирургиялық жүйе орнатылып, омыртқада орналасқан жүйке жүйесінің ауруларын емдеуге кірісті. Қазақстанда алғаш рет Витилиго орталығы жасақталып, жаңа хирургиялық әдісімен емдей бастады.

Туризм – танымалдық кепілі

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін «Мәңгілік ел» идеясы және «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы арқылы ата-бабамыздың көп ғасырлық мұрасын қайта жаңғыртып, түп-тамырымызға үңілуге үлкен мүмкіндік берді. Өткеннен тағлым алып, бүгінді бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту табысты болудың нақты кепілі екенін баса айтып, төл тарихы мен тау тұлғаларын мақтан ететін халықтың болашағы зор боларына сенім білдірді. Қазіргі сәтте алдыңғы қатарлы әлем елдері киелі орындар мен туристік нысандарды дамытып, жаңғырту арқылы халқын асырап, ел қазынасына қомақты кіріс кіргізуді жолға қойғаны белгілі. Сан ғасырлық мәдениетімен сабақтастыра отырып, туризмді танымалдық кепіліне айналдырған түрік халқы саяхатшылар мен демалушылар қалдыратын қаражатты жер астында ұңғымасы жоқ, бұрғылаусыз өндірілетін байлық көзіне балайды. Өйткені ел аралап, жер көруге шыққан әрбір турист қонақүй, мейрамхана, музей, зиярат орындарына, кем дегенде, 1 мың АҚШ долларын қалдырып кетеді. Бұл өз кезегінде жаңа жұмыс орындарының ашылуы мен инфрақұрылымдардың салынуына, орта және шағын кәсіптің дамуына оң ықпал етеді.

Түркістан облысы – тарихи-мәдени және табиғи ресурстарға бай өлке екенін ескерсек, рухани жаңғыра отырып, туризмді басты қару ретінде пайдаланатын уақыт жетті. Сондықтан, ең алдымен, өңір туризмін халықаралық деңгейге көтеру, туризм индустриясының бәсекеге қабілетін арттыру және Түркістан қаласын түркі әлемінің орталығына айналдыру, туристік имиджін қалыптастыру жұмыстары жан-жақты қарастырылды.

Аймақта туристік саланың негізгі бағыты ретінде тарихи-мәдени, мінәжат ету туризмі, экологиялық туризм, емдік-сауықтыру туризміне басымдық берілген. Елбасы Түркістан қаласында – мәдени-тарихи орындарды, Төлеби ауданында – тау-шаңғысын, Сарыағаш курортында емдеу-сауықтыру туризмін дамытуды тапсырды. Осы орайда, Мәдениет және спорт министрлігімен тығыз жұмыс жүргізіліп, облыс орталығы – Түркістан қаласы «Қазақстанның Туристификациялау картасының» республикалық маңызы бар ТОП-10 нысанына ілікті.

Қасқасу жобасы мен Сарыағаш курортының өңірлік маңызы анықталса, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейі, Отырар және Сауран қалашықтары әлемдік туристік тартымдылық тізіміне кірді.

Шардара ауданында жағажай туризмін дамыту үшін жобалау-сметалық құжаттамасы жасалды. Биыл сараптама қорытындысын алып, құрылысын бастау жоспарланған. «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде жыл басында Туристік саланы цифрландыру жол картасы бекітілді. www.ontustiktravel.kz туристік сайты және ON Guide мобильді қосымшасы іске қосылды. Туристік ақпараттық орталық базасында туристерге арналған 3D виртуалды бейнероликтер әзірленіп, VR-құрылғылар орнатылды.

Қызмет көрсету сапасын жетілдіру мақсатында ЮНЕСКО өкілдері мен Түркия мемлекетінің сарапшыларын және Tour Lab туристік зертханасы мамандарын тарта отырып туристік бизнес, музей қызметкерлері, гид-экскур-сия жетекшілеріне арналған семинар-тренинг өткізілді. «Бұл біздің таулар: тау тұлғалар» фестивалі, Silk Road Fair туристік жәрмеңкесі, «Көне Түркістан – Жаңа мүмкіндіктер» халықаралық туристік инвестициялық форумы, ЮНЕСКО халықаралық ұйымымен бірлесіп «Қожа Ахмет Ясауи» кесенесіндегі тарихи ландшафттарды енгізу семинар-тренингі, «Миллионшы келушіні» салтанатты түрде күтіп алу шарасы жүзеге асты.

Бұдан бөлек, 27 шетелдік делегация мен өкілдіктің қабылдауы ұйымдастырылды. Ташкент қаласымен сауда-экономикалық және туристік қатынасты нығайту мақсатында «Түркістан – Ташкент» халықаралық автобус бағыты ашылды.

«Түркістан – Шымкент», «Сарыағаш – Шымкент», «Түркістан – Бадам», «Түркістан – Сарыағаш», «Түркістан – Алматы» теміржол көліктері де

жолаушылар тасымалдауға кірісті. Өткен жылы мавзолейге мінәжат етуге келіп, билет алған 1 млн 200 мың адам тіркелсе, 2020 жылы олардың қатары екі өсе өспек. Ал қала құрылысы аяқталғаннан кейін 2025 жылы 5 млн турист келеді деген болжам бар.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақ хандығының ордасы болған ежелгі шаһар сыртқы және ішкі туристер мен жергілікті тұрғындар үшін өте қолайлы қала боларына үлкен сенім артты.

Оосыған сәйкес, 26 қазанда басталып, бір айға жалғасқан Түркістан қаласының жаңа әлеуметтік және мәдени нысандарының концепт-эскиздерін дайындауға арналған Turkistan Architect Awards халықаралық сәулет бай-қауына 32 елден атақты және жас сәулетшілер өз жұмыстарын ұсынды. Қазіргі таңда Түркістан қаласын дамыту перспективасына сәйкес, қаладағы қарқынды жұмыс үш бағытта дамып жатыр. ЮНЕСКО тізіміндегі Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен айналасындағы көне қалаларды қалпына келтіріп, археологиялық зерттеулер негізінде құрылыстар жүргізіледі. Бұл жұмыстар Мәдениет және спорт министрлігімен бірлесіп атқарылады.

Ал жаңа әкімшілік-іскерлік орталықтың құрылысына 700 га жер көлемі қарастырылып, 51 әлеуметтік және тұрғын үй нысандарының орналасу сызбасы анықталды. Бірінші кезекте іске асырылатын 12 нысанның құрылысына жер телімдері бөлініп, бастапқы құжаттар рәсімделді. Мұнда облыс әкімдігі, облыстық басқармалар мен аумақтық департаменттер, Оқушылар үйі, ғылыми-әмбебап кітапхана, медиаорталық, стадион орналасады. Нысандарды инженерлік инфрақұрылыммен уақытылы қамтамасыз ету құжаттары әзірленген, құрылыс жұмыстарын жыл соңында аяқтау жоспарланған. Бұдан бөлек, 1536 пәтерлі 26 тұрғын үй, 900 оқушыға арналған мектеп биыл пайдалануға беріледі. Отандық инвесторларға 2724 пәтерлі 88 көп қабатты тұрғын үйдің құрылысын іске асыру мақсатында 54 га жер телімі бөлінді. Рухани-мәдени орталыққа тоқталсақ, 98 га алып жатыр, көп ұзамай Қожа Ахмет Ясауи музейі, Ұлы дала елі орталығы, Түркі әлемі музейі, Қазақ хандары мен билері музейі, Визит орталық, әуенді фонтан, шығыс моншасы, амфитеатр қаланың көркін кіргізбек. Рухани-мәдени орталықта іске асырылатын нысандарды инженерлік инфрақұрылыммен уақытылы қамту мақсатында тиісті жобалау-сметалық құжаттама әзірленді.

Бұған қосымша, іргетасы қаланған және жақын аралықта құрылысы басталатын қазақдраматеатры, RIXOS қонақүйі, «Палас» фитнес орталығы, әуежай, автовокзал, Қазақстан халықтары ассамблеясының ғимараты, спорт мектебі, атшабар, музыкалық колледж, цифрлы кеңсе, «Қазақстан-Назарбаев» орталығы, Бейнелеу өнері мұражайы, спорт кешені, неке сарайы, музыкалық колледж, Халыққа қызмет көрсету орталығы және басқа нысандар сәулет

өнерінің бірегей туындыларына айналады.

Елбасы «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында «Түркістан тек бізге ғана емес, күллі түркі жұртшылығына бағалы әрі қымбат. Енді біз Түркістанды облыс орталығы ғана емес, түбі бір түркі елдерінің мәдени және рухани орталығына айналдыратын боламыз!» деп халыққа қайрылып, бұл шешімнің жауапкершілігін әрбір азамат жан жүрегімен түсінуі қажетін қадап айтты. Қазақтың 21 ханы мен 8 сұлтаны, 19 биі мен 52 батыры жерленген текті төріміздің түлеуі – Тұран даласындағы тарихи жетістік қана емес, баршаға ортақ қуаныш. 200 жылға жуық Қазақ хандығының астанасы болған киелі мекенді жан-жақты дамыту – әр азаматтың ортақ парызы, қасиетті борышына айналуы тиіс!

Жастарға сенім жоғары

Елбасы кейінгі буынды қолдау мақсатында жариялаған Жастар жылына орай бірқатар креативті идея мен халықаралық жоба қолға алынды. Облыстағы жастар саны – 501 369. Барлық аудан, ауылдарда жастармен тікелей жұмыс жүргізетін «Жастар ресурстық орталығының» жүйесі қалыптасқан. «Серпін – 2050» жобасы бойынша берілетін гранттың тең жартысы Түркістан өңірінің түлектеріне тиесілі. «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы бойынша білек сыбанып, бел буып келген мамандар жұмыспен қамтылып, үштен бірі баспаналы болды. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жүзге жуық балаға тұрғын үйдің кілті тапсырылды.

Жастар форумында Елбасы отбасы институты мен құндылықтарын дамытуға ерекше назар аударды. 134 мың көп балалы аналар мен тұрмысы төмен отбасыларды әлеуметтік жәрдем көрсету мен жұмыспен қамту ерекше бақылауға алынды.

Бұдан бөлек, облыс орталығында салынатын Спорт сарайы, жабық бассейн, стадион, спорт кешендерін аз қамтамасыз етілген, көп балалы отбасы балаларының жеңілдікпен және тегін пайдалануына мүмкіндіктер жасалды. «Түркістан жастар құрылысы жасағы» құрылып, аудан, қалалардан 5 мыңнан астам еңбек күші шақырылды.

Жергілікті жастар әлемдік қауымдастық пен түркі дүниесіне өңіріміздің терең тарихын таныстырып, халықтың қонақжайлылығын көрсетіп, киелі жерлердің ерекшеліктерін лайықты түсіндіріп беру мақсатында 100 гидті арнайы оқу курсынан өткізіп, жұмысқа орналастыру көзделді.

Қорыта айтқанда, нақты қадамдар мен бірегей бастамалардың барлығы Президенттің заманауи прогрессивті мемлекет құру жолындағы стратегиялық бағдарламаларын жүзеге асыруға бағытталды. Әлемдегі дамыған озық 30 елдің қатарына қосылу үшін қазақстандықтардың әл-ауқатын күшейтіп, өмір сапасын жақсарту көзделді.



20 ЕЛДІ МЕКЕНДЕ ҚЫЗМЕТТІК ТҰРҒЫН ҮЙЛЕР САЛЫНАДЫ

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Ж.Түймебаевтың тікелей бастамасы бойынша, биыл өңірде қызметтік 20 тұрғын үйдің құрылысы басталмақ. «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасымен салынатын тұрғын үйлер өңірдегі тоғыз ауданның 20 елді мекенінде бой көтереді.

Он пәтерлі, екі қабатты типтік үлгідегі тұрғын үйлердің құрылысы бірінші жартыжылдықта аяқталады деп жоспарлануда. Бұл мақсаттағы тұрғын үйлерге облыстық бюджеттен 1,6 млрд. теңге көлемінде қаржы бөлініп отыр. Аталған баспаналар мұғалімдер мен дәрігерлерге, жергілікті полиция қызметкерлеріне, бюджет саласында еңбек ететін басқа да азаматтарға үлестірілмек.

Еске салсақ, 2017 жылы аймақ басшысы жаңа оқу жылы басталған уақытта мұғалімдер мен медицина саласының қызметкерлерін қызметтік пәтермен қамту үшін барлық аудан, қалалардан типтік үлгідегі тұрғын үйлер салуды тапсырған болатын. Осы бағыттағы жұмыстарды үйлестіруді құрылыс басқармасына жүктеген.

Бүгінде жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленіп, басқарма тарапынан тиісті жұмыстар атқарылуда. Айта кетейік, аталған тұрғын үйлер аудан мен қаладағы 20 елді мекенде, яғни, Түлкібаста – 3, Төлебиде – 1, Отырарда – 2, Бәйдібекте – 2, Шардарада – 2, Созақта – 2, Арыста – 2, Кентауда – 3 және Түркістанда 3-еуі салынады.



В 20 НАСЕЛЕННЫХ ПУНКТАХ ЮКО НАЧНЕТСЯ СТРОИТЕЛЬСТВО СЛУЖЕБНОГО ЖИЛЬЯ

В 2018 году, при непосредственной инициативе акима ЮКО Жансеита Туймебаева, в 20-ти населенных пунктах девяти районов области начнется строительство служебных жилых домов, которые будут возведены в рамках государственной программы «Нурлы жер».

Строительство 20-ти двухэтажных жилых домов типового образца, состоящих из десяти квартир, планируется завершить в первом полугодии текущего года. Для их строительства из областного бюджета предусмотрены средства в размере 1,6 млрд. тенге. Жилье будет выделять учителям, медицинским работникам, сотрудникам местной полицейской службы и другим гражданам, работающим в бюджетной сфере.

Напомним, в прошлом году в начале учебного года, в целях обеспечения жителей региона жильем, аким области поручил начать во всех районах и городах строительство служебного жилья по типовому образцу. Координация работ в данном направлении возложена на управление строительства. На сегодняшний день разработана проектно-сметная документация, управлением проводятся соответствующие работы.

Три жилых дома возведут в Тюлькубасом районе, один – в Төлебийском, по два – в Отырарском, Байдибекском, Шардаринском и Сузакском районах и в городе Арыси, по три – в города Кентау и Туркестане.



ШАҒАРДЫҢ ДАМУЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

2018 жылдың алғашқы жұмыс күндерінің бірі Шымкент қаласын дамыту мәселесіне арналды. Дәлірек айтсақ, шырайлы шаһардың 2020 жылы ТМД елдерінің мәдени астанасы атануына байланысты дайындық жұмыстары пысықталды. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаевтың төрағалығымен өткен жиында қаланы жоспарға сай жан-жақты дамыту мәселесі талқыланды. Онда шаһардағы ғимараттардың сәулеттік келбетін ретке келтіру, мәдени нысандар салу, абаттандыру және инфрақұрылымды жетілдіру жайы сөз болды.

Жиынға қала әкімі Н.Сауранбаев пен әкім орынбасарлары және жауапты сала басқармалаларының басшылары қатысты.

Шымкент қаласының осындай мәртебеге ие болуы барша тұрғындар үшін үлкен жауапкершілік екенін айтқан аймақ басшысы бұл шараны жоғары деңгейде өткізу үшін дайындықты бүгіннен бастауды тапсырды.

«Ең алдымен қаланы дамыту бойынша іс-шара жоспарын бекітіп, сол бойынша жүйелі жұмыстарды атқару керек. Екіншіден, шаһар аумағын жасыл желекке айналдыру мақсатында арнайы карта әзірлеген жөн. Ал көпқабатты үйлердің қасбетін ретке келтіру жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылуы тиіс. Сонымен бірге, келуші қонақтар мен тұрғындарға жайлы демалыс сыйлайтын скверлер мен Арбат салған тиімді. Шымкенттің көне қала екенін айғақтайтын «ескі шаһар» аумағында архелогиялық зерттеуді тоқтатпау қажет», – деді Ж.Түймебаев.

Осылайша Шымкент қаласы алдағы үш жылда көркейе түспек. Атап айтқанда, қаланың дамуын жаңа сатыға көтеретін «Шымкент – Сити» жобасы жүзеге асып, қала орталығындағы көшелердің бірі Арбатқа айналмақ. Ал, Шымкенттегі ескі қала аумағында ашық аспан астындағы музей құрылмақ. Бұған қоса, алдағы уақытта қаланың жасыл аймағын 18 мың гектарға жеткізу жоспары тұр. Сондай-ақ, барлық ғимараттар жарықпен безендіріліп, шаһардың түнгі көрінісі жұртшылықты жарқын әсерге бөлейтін болады.

Сонымен қатар, өңір басшысы облыс орталығының аумағына қосылған жаңа аудандарды абаттандыруды назардан тыс қалдырмауды да тапсырды. Шымкент заман талабына сай гүлдене бермек.



ОБСУДИЛИ РАЗВИТИЕ ГОРОДА

В Шымкенте началась подготовка к проведению Года культурной столицы стран СНГ в 2020 году. В акимате Южно-Казахстанской области под председательством главы региона Жансеита Түймебаев прошло заседание, на котором обсудили вопросы всестороннего развития города. В частности, были рассмотрены вопросы упорядочения архитектурного облика областного центра, строительства культурных объектов, благоустройства и улучшения инфраструктуры.

В заседании приняли участие аким города Нурлан Сауранбаев, заместители акима области и города, руководители ответственных сфер и управлений.

Открыв заседание, глава региона подчеркнул, что получение статуса культурной столицы стран СНГ – это большая заслуга, но и ответственность. Ж.Түймебаев поручил незамедлительно начать подготовку к проведению данного мероприятия на самом высоком уровне.

«В первую очередь необходимо утвердить план мероприятий по развитию города и проводить систематическую работу, согласно плану, отметил он. – Кроме того, в целях озеленения территории города нужно разработать специальную карту. Работы по упорядочению фасадов многоэтажных домов должны проводить по плану. Вместе с тем, для обеспечения комфортного времяпровождения гостей и жителей города поручаю строительство скверов и Арбата. Также мы не должны останавливать проводимую работу на территории Старого города».

Таким образом, в ближайшие три года город будет только процветать. К примеру, в центре города появится свой Арбат и будет реализован проект «Шымкент-Сити», который позволит развивать город в новом направлении. Более того, на территории Старого города расположится музей под открытым небом, а привитые в рамках программы «Шаткал» саженцы сформируют к 2020 году зеленый пояс и превратятся в парки. Помимо этого, в ближайшее время территорию зеленой зоны города планируется довести до 18 тысяч гектаров, а также подсветить все здания в городе, тем самым улучшив архитектурно-художественное освещение Шымкента.

Наряду с этим, глава региона поручил не оставлять без внимания благоустройство новых районов, включенных в территорию города.



ШЫМКЕНТ-ТАШКЕНТ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АВТОБУС БАҒЫТЫ АШЫЛДЫ

Қазақстан мен Өзбекстан арасында дипломатиялық әрі экономикалық байланыс нығайып келе жатқаны белгілі. Екі елдің Президенттерінің келісімімен 2018 жыл Қазақстандағы Өзбекстан жылы болып жарияланды. Осыған орай жаңа жылдың алғашқы айында Шымкент-Ташкент халықаралық автобус бағыты ашылды. Аталған бағыт бойынша қалааралық жайлы автобустар сағат сайын күнделікті таңғы 6-дан 20:00-ге дейін жүреді. Екі ел арасында күніне 15 автобус қызмет көрсетеді деп көзделуде.

Жалпы жол жүру уақыты техникалық аялдамасыз 4 сағатты құрайды. Автобустар, жолаушылар және қол жүгі кедендік тексеру мен шекаралық бақылаудан кезексіз өтеді. Тасымалдаушы компаниялар болып, Қазақстан жағынан KazNetworkBus ЖШС болса, Өзбекстан тарапынан ManzaraTourism компаниясы белгіленген.

Сонымен бірге, биыл екі елдің басқа да ірі қалалары арасында кезең-кезеңмен тұрақты автобус қатынасы іске қосылады деп жоспарлануда.

Шымкент-Ташкент бағдары бойынша тұрақты халықаралық автокөлік тасымалын жасау рұқсаты 2017 жылдың 26 желтоқсанында берілді. Айта кету керек, соңғы 17 жылда Қазақстан мен Өзбекстан арасында жолаушыларды тасымалдайтын автобус қатынаған жоқ.

Екі елдің арасындағы тарихи қатынасты жаңа деңгейге көтеру мақсатында өткен жылы М-39 «Ташкент-Термез» автомобиль жолы ашылды. Сол кезден бері аталған жолда орналасқан «Целинный» және «Сырдария» бақылап-өткізу пункттері арқылы шекарадан өткен жеке тұлғалар 104 мыңды құраса, жеңіл автокөліктер 18 мыңды құрап отыр. Ал 2017 жылдың маусым айында «Астана-Самарканд» темір жол бағыты ашылды.



ОТКРЫЛОСЬ МЕЖДУНАРОДНОЕ АВТОБУСНОЕ НАПРАВЛЕНИЕ «ШЫМКЕНТ-ТАШКЕНТ»

Экономические и культурные связи между Казахстаном и Узбекистаном укрепляются. 2018 год, к примеру, был объявлен Годом Республики Узбекистан в нашей стране. В связи с этим состоялось открытие международного автобусного сообщения по маршруту «Шымкент-Ташкент». Рейсы по указанному направлению будут осуществляться на комфортабельных автобусах ежедневно с 06.00 до 20.00 с периодичностью в один час.

Планируется, что ежедневно пассажиров будут обслуживать 15 автобусов. Общее время пути составит четыре часа без технических остановок. Таможенный досмотр и пограничный контроль автобусы, пассажиры и багаж будут проходить вне очереди.

Перевозчиками от казахстанской стороны выступило ТОО «KazNetworkBus», от узбекистанской стороны – ООО «ManzaraTourism». Планируется, что на протяжении текущего года будут поэтапно открываться регулярные автобусные сообщения и между другими крупными городами двух стран.

Напомним, что разрешение на осуществление регулярных международных автомобильных перевозок по маршруту «Шымкент-Ташкент» было дано 26 декабря 2017 года. До этого пассажирские автобусные перевозки отсутствовали между Казахстаном и Узбекистаном на протяжении 17 лет.

В прошлом году в целях повышения исторических отношений между двумя странами была открыта автомобильная дорога М-39 «Ташкент-Термез». С тех пор численность граждан, прошедших границу через контрольные пункты пропуска «Целинный» и «Сырдарья», составило 104 тысяч человек, а количество легковых автомобилей – 18 тысяч.

Вместе с тем, в 2017 году было открыто железнодорожное направление «Астана-Самарканд».



ҚҰРЫЛЫСТА ОТАНДЫҚ ӨНІМДЕРГЕ БАСЫМДЫҚ БЕРІЛЕДІ

Құрылыс саласына жергілікті тауар өндірушілердің отандық өнімдерін мейлінше жиі пайдалану қажет. Бұл өз кезегінде құрылыс сапасын арттырып, кәсіпкерлікті дамытуға септігін тигізетін болады. Шымкент қаласында жаңадан таныстырылымға ұсынылған құрылыс материалдары көрмесінде Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев осылай деді.

Көрмеде «Азия керамик», «Арт құрылыс», «Ақ орда», «ССИ», «Отау строй», «ОТАУ HOME SERVICES» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері өндіретін құрылыс материалдары көрсетілді. Ондағы мақсат – жергілікті өндірушілердің шетелдік құрылыс материалдарын алмастыра алатынын дәлелдеу.

Бүгінде Оңтүстік Қазақстан облысында негізгі құрылыс материалдарының және конструкцияларының 50-ден астам түрі шығарылады. Құрылысқа арналған жабдықтар, бұйымдар мен конструкциялар шығаратын 30 ірі және орта кәсіпорын мен 120-дан астам цех жұмыс істейді.

Көрмедегі құрылыс компанияларының әлеуетімен танысып шыққан өңір басшысы ең бірінші сапаға мән беруді және құрылыс бұйымдарының импортын азайтуға күш салуды тапсырды.

«Оңтүстік Қазақстан облысында құрылыс бұйымдарының импорты өңір қажеттілігінің 80 пайызын құрайды. Полимерден жасалатын тұсқағаздар мен жабындылар толығымен сырттан тасымалданады. Осы үрдісті азайтуымыз қажет. Ол үшін өңіріміздегі шикізаттарды тиімді пайдаланып, қайта өңдеу мәселесіне көңіл бөлген жөн», – деді Жансейіт Қансейітұлы.

Мұнан соң өңір басшысы Шымкент қаласындағы «Оңтүстік Құрылыс Сервис» ЖШС-нің темір бетон шығаратын зауыттың жұмысымен танысты. 2001 жылы іске қосылған зауытта бүгінде 100-ден астам темір бетон өнімдері шығарылады. Кәсіпорын 2014 жылы 1 млрд. теңге инвестиция тартып, қайта жаңғыртылған соң жылына 150 мың текше метр құрылыс материалдарын шығарып отыр. Қазір мұнда 200 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.



ПРИ СТРОИТЕЛЬСТВЕ БУДЕТ ИСПОЛЬЗОВАНА ОТЕЧЕСТВЕННАЯ ПРОДУКЦИЯ

В строительной сфере необходимо использовать продукцию отечественных производителей. Это позволит улучшить качество строительства и простимулирует предпринимателей. Об этом в ходе посещения выставки строительных материалов в Шымкенте отметил аким Южно-Казахстанской области Жансейит Туймебаев.

На выставке свою продукцию представили компании «Азия керамик», «Арт құрылыс», «Ақ орда», «ССИ», «Отау строй», «ОТАУ HOME SERVICES». Цель выставки – презентация строительных материалов местных производителей, способных заменить зарубежную продукцию.

На сегодняшний день в ЮКО выпускается более 50-ти видов основных стройматериалов и конструкций. Действуют 30 крупных и средних предприятий и свыше 120 цехов, выпускающих оборудование, изделия и конструкции для строительства.

Ознакомившись на выставке с потенциалом строительных компаний, глава региона поручил в первую очередь обратить внимание на качество, ведь только тогда возможно сформировать конкурентную среду. Кроме того, аким области поручил продолжить предпринимать необходимые меры, направленные на сокращение импорта строительных материалов.

«В области доля импорта строительных изделий составляет 80% от потребности региона, – сказал Ж. Туймебаев. – К примеру, обои и покрытия для пола из полимеров полностью завозятся извне. Нам необходимо уменьшить эту тенденцию. Для этого нужно сосредоточиться на эффективном использовании и переработке сырья в нашем регионе».

Наряду с этим, аким области посетил в Шымкенте завод по производству железобетонных изделий ТОО «Оңтүстік Құрылыс Сервис». Он был введен в эксплуатацию в 2001 году, здесь производят более 100 видов бетонных изделий. В 2014 году в предприятие был инвестирован один миллиард тенге. Предприятие ежегодно производит 150 тысяч кубометров продукции, постоянной работой обеспечены 200 человек.



ОҢТҮСТІКТЕ ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫНДАҒЫ ТАПСЫРМАЛАР ОРЫНДАЛАДЫ

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Ж.Түймебаев облыстық мәслихаттың кезектен тыс XIX сессиясында Елбасының Қазақстан халқына арнаған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауын бірлесе жүзеге асыруға шақырды.

«Бірінші бағыт бойынша «Индустрияландыру жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналуы тиіс» деп атап көрсетті Елбасымыз. Облыста бұл бағыттағы жұмыс жеделдетіледі. 2017 жылы индустриалды аймақты дамытуда 9,4 млрд. теңгені құрайтын 13 жоба жүзеге асты. Енді бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі жетілдіруге міндеттіміз. Бүгінде қолданыстағы кәсіпорындарда жаңа цифрлық технологиялар енгізіліп, өнімділік арта түсті.

Елбасының екінші қойып отырған міндеті «Ресурстық әлеуетті одан әрі дамыту». «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінен кейін Сайрам, Қазығұрт аудандарында гидро электр станциялары, Шымкент қаласында көріз су қалдықтарынан биогаз алатын кешен іске қосылды. Қазіргі уақытта облысымыздың бірнеше аудандарында шетел инвесторларымен біріккен күннен электр энергиясын өндіретін нысандардың құрылысы жүргізілуде», – деді Ж.Түймебаев.

Жолдаудағы үшінші міндет – «Ақылды технологиялар» – агроөнеркәсіп кешенін қарқынды дамыту мүмкіндігі» бойынша да облыста жұмыстар ауқымды. Тамшылатып суару әдісі 7,5 мың гектар жерге ендіріліп, жалпы көлемі 58,5 мың гектарға жетті. Ал қарқынды баудың көлемі 2,8 мың гектарға жетіп отыр. Ал Мемлекет басшысы айтқан төртінші бағыт, яғни, көлік-логистика инфрақұрылымының тиімділігін арттыру бойынша Оңтүстікте А + санатындағы кешен іске қосылған болатын. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» магистралі мен теміржол желісіне жақын орналасқан жаңа кешен өңірді көліктік-логистикалық хаб ретінде қалыптастыруға және тауар айналымын ұлғайтуға ықпал етеді. Аумағы 92 гектарды құрайтын «Оңтүстік» көлік-логистикалық орталығында 8 жоба қолға алынған.

Қазақстандықтардың ең өзекті әлеуметтік проблемасы – баспана. Бұл бағыт бойынша Оңтүстікте 245 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізіліп, оның 91-і немесе 4733 пәтер пайдалануға берілді. Сондай-ақ өткен жылдан өтпелі болған 154 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысынан бөлек, тағы 100 көпқабатты үй құрылысы басталады.

«Дамудың 10 бағытын айқындаған Елбасы Жолдауы – жаңа мақсаттарға жетелейтін ең басты құжат» деген өңір басшысы саяси құжатты түсіндіру және насихаттау жұмыстары бойынша желілік кесте, медиа жоспар жасауды тапсырды. Сонымен қатар Жансейіт Түймебаев барлық деңгейдегі әкімдер мен халық қалаулыларын, басқарма басшыларын, ардагерлер мен қоғамдық ұйымдарды және барша тұрғындарды Жолдаудағы негізгі басымдықтарын жоғары деңгейде жүзеге асыру жолында белсенді болуға шақырды.

В ОБЛАСТИ БУДУТ ИСПОЛНЕНА ВСЕ ПОРУЧЕНИЯ ПОСЛАНИЯ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА


Аким Южно-Казахстанской области Жансейит Туймебаев на внеочередной девятнадцатой сессии областного маслихата призвал жителей региона к совместной реализации Послания Главы государства «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции». Он подробно остановился на каждом из десяти направлений, озвученных в стратегическом документе Президента РК, и подчеркнул, что все они направлены на то, чтобы достичь успехов в условиях Четвертой промышленной революции.

«Как отметил Глава государства, индустриализация должна стать флагманом внедрения новых технологий», – сказал Ж. Туймебаев. – В этом направлении в области будет максимально ускорена работа. Нам необходимо эффективно использовать потенциал 11 индустриальных зон. В 2017 году в них было реализовано 13 проектов стоимостью 9,4 миллиарда тенге. Нам нужно дальше улучшать работу в этом направлении. Сегодня на действующих предприятиях внедряются новые цифровые технологии, культивируются новые индустрии. К примеру, АО Шымкентцемент» построило технологическую линию по производству цемента сухим способом, используя современные технологии. Это позволяет сократить выбросы в атмосферу на 20 процентов, время производственного цикла – на 15 процентов, на столько же уменьшить потребление энергии.

Также Президент призвал к эффективному использованию природных ресурсов и поиску возобновляемых источников энергии. Вы знаете, что после прошедшей в Астане выставки «ЭКСПО-2017» в области ведется активная работа в этом направлении. В прошлом году малые гидроэлектростанции были введены в эксплуатацию в Сайрамском и Казыгуртском районах. В Шымкенте состоялся запуск первой в Центральной Азии биогазовой установки. Все это делается при поддержке государства. В настоящее время в нескольких районах области совместно с иностранными инвесторами ведется строительство ряда энергетических объектов. Теперь у 26 проектов, реализуемых в рамках развития зеленой экономики, появится новый импульс». Говоря о третьем направлении – «Умные технологии», глава региона отметил, что Южно-Казахстанская область как аграрный регион лидирует в применении передовых технологий в сфере сельского хозяйства.

«К примеру, метод капельного орошения дополнительно внедрен на 7,5 тысячи гектарах, тем самым общий объем достиг 58,5 тысячи га, – констатировал аким. – На сегодняшний день фермеры области полностью убедились в эффективности интенсивных садов, площадь которых в прошлом году достигла 2800 гектаров. В этом году на систематической основе будут осуществляться работы по внедрению новых технологий. Четвертое направление – «Повышение эффективности транспортно-логистической инфраструктуры». В ходе общенационального телемоста «Новая индустриализация страны: прыжок казахстанского барса» Глава государства запустил комплекс класса А+ «Continental Logistics Shymkent», расположенный в транспортно-логистическом центре Шымкента. Его географически выгодное расположение в непосредственной близости от автодороги «Западная Европа – Западный Китай» и железнодорожной линии будет способствовать развитию региона как центра консолидации и деконсолидации грузов. Это, в свою очередь, даст мощный импульс становлению области как транспортно-логистического хаба и увеличению грузооборота через территорию Казахстана. Сегодня в торгово-логистическом центре, площадь которого составляет 92 гектара, реализуются восемь проектов инвестиционной стоимостью 35,6 миллиарда тенге. Здесь услуги зоны таможенного оформления, фитосанитарного и ветеринарного контроля представлены по принципу «одного окна». Наряду с этим, предусмотрена услуга склада временного хранения».

Также Ж. Туймебаев отметил, что обеспечение казахстанцев доступным жильем остается серьезной социальной проблемой. В прошлом году в ЮКО велось строительство 245 многоэтажных жилых домов. Из них на сегодняшний день сдан 91 жилой дом, или 4733 квартиры. Строительство оставшихся 154 многоэтажных домов планируется завершить в 2018 году. Помимо этого, в этом году начнется строительство еще 100 многоэтажных жилых домов.



«АҚЫЛДЫ ҚАЛА» ЖҮЙЕСІ ӨМІРДІ ЖЕҢІЛДЕТЕДІ

Оңтүстік Қазақстан облысында қала өмірін оңтайландыру мақсатында «Smart-City» – «Ақылды қала» жүйесі ендіріле бастады. Бүгінгі таңда «Ақылды қаланың» үлгілік концепциясы бекітіліп, қол жеткізу индикаторы айқындалған. Бұл туралы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының іске асырылу барысы талқыланған мәжілісте сөз болды.

Облыс әкімі Жансейіт Түймебаев бұл бағыттағы жұмыстар «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Елбасының Жолдауы негізінде ары қарай дамуы тиіс екенін айтты.

«Ақылды қаланы» дамыту бағытына 11 сала енгізілген. Олар – білім, денсаулық сақтау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, әлеуметтік сала, көлік, мемлекеттік басқару, ауыл шаруашылығы, экология, туризм, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен құрылыс саласы. Цифрлық кеңсе тарапынан әрбір бағалауға енгізілген салалар бойынша цифрлық технологияларды енгізу жоспары әзірленді.

Шымкент қаласында білім саласы бойынша біршама смарт жүйелер жүзеге асырыла бастаған. Мәселен, оқушылардың білім сапасын жақсарту мақсатында облыстағы 779 мектепте «Күнделік» жүйесі енгізілді. Сонымен қоса адами фактор мен сыбайластық әрекетті болдырмау мақсатында балғындарды балабақша мен 1-сыныпқа электронды түрде қабылдау жобасы енгізілді. Осы қызметтің арқасында 23 мыңнан астам бала қаланың балабақшаларына сәтті орналасса, тіркелу үшін 64 мыңнан астам жолдама берілген.

Бұдан бөлек облыс орталығында педагогикалық ұжымды іріктеу жүйесін автоматтандыру мақсатында t-hunter бағдарламасы енгізілді. Осы арқылы мұғалімдер жұмысқа электронды түрде қабылдануда. Жобаны жүзеге асыру барысында 700-ден астам үміткер қатысып, оның 491-і жалпы орта білім беру ұйымдарына мұғалім ретінде жұмысқа алынған. Облыс әкімі сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың тиімді тәсілі болатын бұл жобаны өзге аудандарға ендіру қажеттігін айтты.

Электронды форматқа көшіру бойынша жұмыстар жүйелі түрде жүргізілетінін жеткізген облыс әкімінің орынбасары Төлеген Сәрсембаев облыстағы білім саласын дамыту бағытындағы жұмыстар жалғасатынын жеткізді.

СИСТЕМА «УМНЫЙ ГОРОД» ОБЛЕГЧИТ ЖИЗНЬ

В целях оптимизации городской жизни в Южном Казахстане началось внедрение системы «Smart-City» – «Умный город». Утверждена концепция модели, определены индикаторы. Об этом было сказано на совещании по вопросам реализации государственной программы «Цифровой Казахстан» под председательством главы региона Жансеита Туймебаева. Он отметил, что эта система позволит эффективно управлять регионом, и подчеркнул, что работу в этом направлении следует развивать на основе Послания Главы государства «Новые возможности развития в условиях Четвертой промышленной революции».

«В 10 шаге Послания Глава государства отметил, что «Умные города» станут локомотивами регионального развития, распространения инноваций и повышения качества жизни на всей территории страны, – сказал аким. – Вот почему необходимо активизировать работу по повышению компьютерной грамотности населения и осуществить переход к цифровой системе». Наряду с этим, как стало известно, в соответствии с концепцией развития, систему «Умный город» будут внедрять в 11-ти сферах. Это образование, здравоохранение, жилищно-коммунальное хозяйство, социальная сфера, транспорт, государственное управление, сельское хозяйство, экология, туризм, безопасность и строительство. Цифровой офис уже разработал план внедрения цифровых технологий в каждом из предлагаемых секторов.

В сфере образования города Шымкента уже внедряются некоторые интеллектуальные системы. Для повышения качества образования учащихся в 779-ти школах области внедрен электронный дневник. Кроме того, в целях предотвращения человеческого фактора и коррупции был введен проект по зачислению детей в детский сад и первый классы в электронном виде. В настоящее время посредством данной услуги более 23 тысяч детей успешно зачислены в детские сады города, выдано более 64 тысяч направлений для зачислений. Внедрена система отбора педагогического состава «t-hunter». Она позволяет подавать онлайн-заявление на участие в конкурсе через официальный веб-сайт акимата города, а также проходить открытый конкурсный отбор. За время внедрения проекта отбор прошли около 700 кандидатов, которые трудоустроились в качестве педагогов в 491 школу. Сейчас ведется работа по внедрению модуля автоматизации процедур по отбору кадров для дошкольных учреждений города.



ЖАҢА ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҚТАРЫ НАУҚАСТАРҒА ҮМІТ СЫЙЛАЙДЫ

Облыста балаларға арналған екі бірдей неврологиялық оңалту орталығы ашылды. Мұндай мекеме бүгінге дейін еліміз бойынша тек Астана қаласында ғана болып келсе, енді Шымкентте де жұмысын бастады. Бұған әсіресе кезекте тұрып, елордаға сабылып шаршайтын ата-аналар айрықша қуануда. Қос орталықтың жұмысымен танысқан Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев мұндай мекемелер балалар арасындағы мүгедектікті төмендететініне сенім білдірді.

«Облысымызда бүгінге дейін церебральді паралич диагнозы бар балаларды емдейтін арнайы мекеме болмаған. Жалпы өңірімізде неврологиялық аурулармен 3 жасқа дейінгі 2 мыңға жуық бала есепте тұрады. Олар бұған дейін реабилитациялық ем алу үшін Астана қаласындағы оңалту орталығына баруға мәжбүр еді. Бұл науқас балалардың ата-аналарына айтарлықтай қиындық тудырып келді. Осы мәселелерді талдай келе, ауру балаларды уақытылы, кешенді, жүйелі реабилитациямен толық қамтуға бағытталған орталықтар ашу қажеттілігі туындады. Жүйелі жұмыстардың нәтижесінде бүгін міне, екі бірдей мекеме пайдалануға беріліп отыр», – деді Жансейіт Қансейітұлы.

Орталықтың бірі 3 жасқа дейінгі бүлдіршіндерге арналса, ал екіншісі 15 жасқа дейінгі неврологиялық аурулармен ауыратын жеткіншектерді емдейді. 100 орындық қос орталық та реабилитациялық ем алуға қажетті роботтандырылған «LOKOSTATION» құрылғысымен жабдықталған. Бұл аппарат 4 жасар церебралды параличпен ауыратын балаларға қолданылады. Қондырғыда жасалған жаттығулар жүруге қажетті барлық бұлшық еттер мен ми қыртысының дұрыс қалыптасуына көмектесіп, науқастың тез оңалуына ықпал жасайды. Әрбір орталықта жылына 3200 баланы жоспарлы түрде оңалтудан өткізуге мүмкіндік қарастырылған.

Қос орталықтың ашылғанына қуаныштарын жасырмаған ата-аналар бұл мекемелерден үлкен үміт күтетіндерін айтты. Алдағы уақытта мекеменің мамандары алыс-жақын шет елдерге жіберіліп, кәсіби біліктіліктерін арттырады. Осы бастама негізінде Германиядан халықаралық жаттықтырушылар келіп, қос орталықтың мамандарына науқастың тірек-қимыл қозғалысын қалпына келтіру бойынша семинар тренингтер өткізеді деп жоспарланған. Басты мақсат – тағдыр теперішін көрген бүлдіршіндер мен жеткіншектердің денсаулығын жақсарту.



НОВЫЕ РЕАБИЛИТАЦИОННЫЕ ЦЕНТРЫ ДАДУТ НАДЕЖДУ БОЛЬНЫМ ПАЦИЕНТАМ

В Южно-Казахстанской области состоялось открытие двух неврологических реабилитационных центров для детей. До сегодняшнего дня такой центр функционировал лишь в Астане, теперь он появился и в Шымкенте. Открытию центров особенно рады родители детей, стоявшие в очереди для того, чтобы поехать по квоте в Астану. Ознакомившись с работой центра, глава региона Жансеит Туймебаев выразил уверенность в том, что данные учреждения позволят снизить инвалидность среди детей.

«До сегодняшнего дня в нашей области отсутствовало специальное учреждение для лечения детей с диагнозом церебральный паралич, сказал он. – Сегодня с неврологическими заболеваниями на диспансерном учете состоят около двух тысяч детей в возрасте до трех лет. Для получения лечения они были вынуждены обращаться в детский реабилитационный центр Астаны. Это, безусловно, вызывало существенные трудности у родителей больного ребенка. Возникла необходимость открыть у нас центры, направленные на обеспечение полной своевременной, комплексной и системной реабилитации детей. Благодаря системной работе мы открываем сразу два специализированных учреждения».

Одно из медицинских учреждений занимается реабилитацией детей в возрасте до трех лет, во втором лечат детей с неврологическими заболеваниями в возрасте до 15-ти лет. Каждый из двух центров рассчитан на 100 мест. Учреждения оснащены роботизированными оборудованием «LOKOSTATION». Этот аппарат применяется для детей с четырех лет, страдающих ДЦП. Все упражнения, выполненные при помощи данного оборудования, помогают сохранить работоспособность мышц, способствуют правильному формированию коры головного мозга и создают условия для быстрой реабилитации пациента. В каждом центре ежегодно в плановом порядке будут проходить реабилитацию 3200 детей.

Ознакомившись с возможностями двух центров, глава региона отметил то, что в ближайшее время специалистов медицинского учреждения планируется направить в страны дальнего и ближнего зарубежья на повышение квалификации. На основе данной инициативы планируется прибытие из Германии тренеров международного уровня, которые проведут семинар-тренинги по восстановлению опорно-двигательной системы пациентов.



ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕСІ – БАСТЫ НАЗАРДА

Облыс әкімдігінде «Халықтың әл-ауқаты мен жағдайын жақсарту, қауіпсіз орта қалыптастыру» тақырыбында жиын өтті. Мәжіліске Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Ж.Түймебаев, облыс прокуроры Н.Әбдіров және ҚР ҰҚК ОҚО бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Б.Қалмырзаев, құқық қорғау орган басшылары, комиссия мүшелері мен облыстық басқарма басшылары, үкіметтік емес ұйымдардың жауапты тұлғалары қатысты.

Облыс әкімі тұрғындардан келіп түскен арыз-шағымдарды дер кезінде қарап, азаматтардың құқықтарын қорғау ісін күшейту қажеттігіне тоқталды.

Жоспарға сай жүргізілген іс-шаралар барысында халық арасында күнделікті тұрмыстық мәселелерге байланысты проблемалық сұрақтар зерделеніп, оларды шешуге барлық жағдайлар жасалатын болады.

Алты бағыт бойынша құрылған алты жұмысшы топ өткен жылы дәстүрлі емес діни бағыттағы азаматтардың сенімін дұрыс бағытқа өзгерту, радикалдық көзқарастарды жою бағытында жұмыстар атқарды. Олармен қоғамдық-саяси тұрақтылыққа әсер ететін, оның ішінде түрлі қақтығыстарға себеп болатын алғышарттар зерттелді. Ал барлық анықталған проблемалық сұрақтар бойынша оларды жою механизмдері әзірленіп, жауапты мекемелерге орындауға берілді. Сонымен қатар 700 адамнан әлеуметтік сауалнамалар алынды. Халықпен кездесу барысында тұрғындардың сұраныстары қанағаттандырылып, көмектер ұйымдастырылды.

Отырыста терроризмге қарсы күрес жұмыстарын әрі қарай жандандыру мақсатында жасалынған облыстық терроризмге қарсы комиссияның ЛОГОТИПІ бекітілді.



РАССМОРЕЛИ ВОПРОСЫ ФОРМИРОВАНИЯ БЕЗОПАСНОЙ СРЕДЫ

В акимате Южно-Казахстанской области состоялось совещание по вопросам улучшения благосостояния населения и формирования безопасной среды. В совещании приняли участие глава региона Ж. Түймебаев, прокурор области Н. Абдиров, руководители правоохранительных органов, члены комиссий, руководители областных управлений и представители НПО.

Открывая совещание, аким области сказал, что в 8-ом и 9-ом направлениях своего Послания Глава государства отметил важность эффективного управления, борьбы с коррупцией и верховенства закона, подчеркнув необходимость своевременного рассмотрения жалоб со стороны населения и усиления защиты прав граждан.

Наряду с этим, выступая на заседании, прокурор области отметил ряд актуальных проблем, требующих решения и принятия конкретных мер.

«В регионе имеются проблемы и возможные очаги социальной напряженности, требующие своего разрешения и профилактики, – доложил он. – В этой связи прокуратурой области было предложено организовать выезды специальных групп для «точной» отработки вопросов с целью выяснения причин и природы их происхождения для дальнейшей локализации и устранения. В прошлом году, с 4 по 15 декабря, специальными группами в рамках мероприятия «Қауіпсіз орта қалыптастыру» осуществлены выезды в Сайрамский район и Туркестан».

Вместе с тем, глава региона выразил уверенность, что данное мероприятие позитивно отразилось на настроении населения, и предложил провести подобные мероприятия в Сарыагашском и Мактаральском районах.

Отметим, эти меры позволили повысить осведомленность жителей районов об оказываемой государством поддержке в социальной и экономической сферах, и их готовности к кризисным ситуациям и террористическим угрозам. Проведены адресные работы в сфере противодействия религиозного экстремизма с лицами, наиболее приверженные нетрадиционных религиозных взглядов. Кроме того, были изучены все возможные предпосылки, способные дестабилизировать общественно-политическую ситуацию и вызвать различные конфликты. По всем выявленным проблемным вопросам разработаны механизмы их разрешения. Рабочими группами проведено социальное анкетирование более 700 респондентов. В ходе встреч с населением удовлетворены требования и оказана помощь.

В ходе заседания был утвержден логотип областной антитеррористической комиссии.



ДІН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ТАЛАП КҮШЕЙЕДІ

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Серікбай қажы Сатыбалдыұлымен кездесті.

Жүздесу барысында қос тарап қоғамда қалыптасқан діни келісім мен ұлтаралық татулықты одан әрі нығайта түсу, дін қызметкерлерінің білімі мен тәжірибесін шыңдау, жат ағымның арбауында кеткен жастардың дәстүрлі дінімізге оралуына жан-жақты ықпал ету жайында өзара пікір алмасты.

Облыста діни ахуалдың тұрақты екенін айтқан аймақ басшысы Елбасының сарабдал саясатының нәтижесінде бүгінде еліміз әлемге бірлігі жарасқан мемлекет ретінде танылып отырғанын жеткізді. Дін өкілдері жұртшылықты біріктіруге, игі істерге жұмылдыруы керек екенін айтты.

«Бүгінгі таңда облыста 11 конфессияға кіретін 60 діни бірлестік жұмыс істейді. Қазақы қаймағы бұзылмаған Оңтүстік өңірде діни бөлек болса да тілегі бір түрлі этнос өкілдері татулық пен бірлікте өмір сүріп келеді» – деді облыс әкімі.

Өз кезегінде бас мүфти діни білім беру мәселесіне тоқталып, жастарға рухани-өнегелі тәрбие берудің маңыздылығын айтты. Сонымен бірге мұсылмандардың рухани қажеттіліктерін барынша қанағаттандырып, қоғаммен бірлесіп жұмыс істеу қажеттігін сөз етті.



АКИМ ОБЛАСТИ ВСТРЕТИЛСЯ С ВЕРХОВНЫМ МУФТИЕМ

Глава региона Жансейит Түймебаев встретился с председателем Духовного управления мусульман Казахстана, Верховным муфтием Серикбаем кажы Оразом.

В ходе встречи стороны обменялись мнениями о дальнейшем укреплении межэтнического согласия и толерантности в обществе, повышения уровня знаний и опыта имамов.

Говоря о религиозной ситуации в области, глава региона подчеркнул, что в результате проводимой политики Главы государства в стране царит единство и согласие, а Казахстан признан многонациональным и многоконфессиональным государством.

«На территории области функционируют 60 религиозных объединений, входящих в состав 11 конфессий, но все их представители живут они в мире и согласии», – сказал аким области.

Верховный муфтий затронул вопросы религиозного образования и отметил важность духовно-нравственного воспитания молодежи. Кроме того, он подчеркнул необходимость максимального удовлетворения духовных потребностей мусульман и проведения совместной работы с общественностью в целях недопущения распространения деструктивных религиозных течений.



СУ ТАСҚЫНЫНА ҚАРСЫ ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ КҮШЕЙТІЛДІ

Оңтүстік Қазақстан облысында төтенше жағдайлардың алдын алу комиссиясының кезекті отырысы өтті. Облыс әкімі Жансейіт Түймебаевтың төрағалығымен өткен жиында өңіріміздегі су қоймаларының бүгінгі жай-күйі талқыланып, көктемгі тасқынның алдын-алу шаралары пысықталды.

Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Н. Дербісовтің айтуынша, облыс аумағында жалпы 43 су қоймасы бар. Оның 20-сы республикалық, 18-і облыстық және аудандық коммуналдық, 5-і жекеменшік саналады. Облыс аумағында орналасқан барлық су қоймалардың меншік түріне қарамастан ағымдағы жағдайын анықтау мақсатында облыстық құзырлы мекемелерден құрылған комиссия визуалды зерттеу жұмыстарын жүргізген.

Жиынды қорытқан өңір басшысы су қоймаларына қатысты олқылықтардың орнын толтыру мақсатында аудан, қала әкімдері мен тиісті мекеме басшыларына нақты тапсырмалар берді.

«Көктемгі су тасқынының алдын алу керек. Сол үшін өңіріміздегі 43 су қоймасының қауіпсіздік шараларын күшейтуді тапсырамын. Арнайы комиссия анықтаған олқылықтар толығымен орындалып, қажетті құрал-жабдықтар мен қамтамасыз етілуі қажет. Бұл ретте тиісті мекеме басшылары аудан, қала әкімдерімен тығыз байланыста жұмыс істеуі тиіс», – деді Жансейіт Қансейітұлы.

ОБСУДИЛИ ВОПРОСЫ ПРОФИЛАКТИКИ ЧС

В Южном Казахстане состоялось заседание комиссии по вопросам предупреждения чрезвычайных ситуаций под председательством акима области Жансеита Түймебаева. На нем обсуждались проблемы водохранилищ и предупреждения весенних паводков.

По информации руководителя департамента по ЧС Н. Дербисова, на территории области имеются 43 водохранилища, 20 из них – республиканского значения, 18 – областного и районных, 5 – частные.

«Строительство 90 процентов водохранилищ велось в 1941-1990 годы, – констатировал Н. Дербисов. – В 2017 году государственная комиссия провела визуальные исследовательские работы на всех водохранилищах области. Некоторые из них необходимо обеспечить электроэнергией, средствами связи, охранной системой, камерами видеонаблюдения».

Глава региона поручил акимам районов и городов и руководителям компетентных служб усилить контроль над работой искусственных водоемов.

«Чтобы избежать весенних паводков, нужно взять на контроль работу всех водохранилищ, – сказал он. – Необходимо оснастить специалистов соответствующей материально-технической базой».



«ОҢТҮСТІК ҚОЛӨНЕРШІСІ» ЖОБАСЫНА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ МОЛ

Оңтүстік Қазақстан облысында Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Оңтүстік қолөнершісі» пилоттық жобасы қолға алынады. Осы арқылы 300 қолөнерші 3 айлық мерзімді оқумен қамтылады. Ал олардың ұстаздарына әр оқушыны оқытқаны үшін ай сайын 30 мың теңгеден төленбек. Білім беруге дипломы бар қолөнер шеберлері жұмысқа тартылмақ. Бұл туралы Шымкент қаласындағы Бейісбековтер отбасылық жеке «Алтын Орда» галереясының жұмысымен танысу барысында Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев мәлім етті.

Шара барысында облыс әкімімен қонақтар «Алтын Орда» галереясының шеберханаларында ұйымдастырылған алаша, кілем, тері, зергер, керамика, тоқыма бұйымдары қойылған қолөнер шеберлерінің көрмесін тамашалады.

«Биыл 7 мың адамды қысқа мерзімді кәсіптік оқуға жолдауды жоспарлап отырмыз. Соның ішіндегі маңыздысы – «Оңтүстіктің қолөнершісі» курсы болмақ. Аталған курсқа қатысушыларға ай сайын 16 759 теңге көлемінде стипендия төленеді. Сондай-ақ, басқа елдім екеннен келушілерге жол жүру ақысы ретінде 9 620 теңге, тұрғын үйді жалдауға 12 025 теңге төленетін болады. Курсты үздік бітірген 20 түлекке облыс әкімінің арнайы гранты ретінде 240 мың теңге тағайындап отырмыз», – деді Жансейіт Қансейітұлы.

Қазақстан Қолөнер шеберлері одағының облыстық филиалының төрағасы Болатбек Бейісбеков өңірдегі қолөнердің жай-күйін баяндап, өңір басшысына «Қолөнер шеберлері орталығы» жобасын таныстырды.

«Ұлттық өнерімізді ұлықтайтын мұндай ерекше жоба Оңтүстік өңірінде облыс әкімі Жансейіт Түймебаевтың бастамасымен алғаш рет қолға алынып отыр. Рухани жаңғыру аясында жүзеге асатын бұл жоба қазақтың атакәсібін, салт-дәстүрін насихаттауға керемет мүмкіндік туғызады. Туризмді дамытуға да тікелей ықпалы тиеді. Бастаманың нәтижесінде небір талантты шебер жастардың өсіп шығатынына сенімім кәміл», – деді Болатбек Бейісбеков.

Айта кетейік, бүгінде Оңтүстік Қазақстан облысында Қазақстан Қолөнершілер Одағының 23 мүшесі бар. Олар бүгінге дейін «Шеврон» компаниясының қолдауымен Үндістан, Малайзия, Түркия, Түркменстан, Непал, Қытай, Тайланд елдерінде қазақ қолөнерін жоғары деңгейде танытып үлгерген.



В ЮКО СТАРТОВАЛ ПИЛОТНЫЙ ПРОЕКТ «ОҢТҮСТІК ҚОЛӨНЕРШІСІ»

В этом году в Южно-Казахстанской области, в рамках программной статьи Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» запущен пилотный проект «Оңтүстік қолөнершісі». 300 ремесленников пройдут трехмесячные краткосрочные курсы обучения. В мастерской, где займются обучением специалистов, за каждого учащегося планируется ежемесячно выплачивать по 30 тысяч тенге. Кроме того, получивших дипломы будут привлекать к работе в качестве преподавателей или мастеров-наставников. Об этом в ходе ознакомления с работой художественной галереи «Алтын Орда» семьи Бейісбековых в Шымкенте сообщил аким области Жансеит Түймебаев.

В ходе мероприятия глава региона и гости ознакомились с выставкой, на которой были представлены ковры, кожаные, ювелирные и текстильные изделия, изготовленные мастерами прикладного искусства.

«В этом году мы планируем направить на краткосрочное профессиональное обучение семь тысяч человек, – сказал глава региона. – Участникам курсов будет выплачиваться стипендия в размере 16 759 тенге. Посетителям курсов из других населенных пунктов предоставят 9620 тенге на проезд и 12 025 тенге на жилье. Более того, 20 выпускникам, окончившим курсы с отличием, мы намерены выделить специальные гранты в размере 240 тысяч тенге».

В ходе встречи председатель филиала Союза ремесленников области Болатбек Бейісбеков доложил главе региона о нынешнем состоянии сферы народных художественных промыслов и ремесел, а также представил проект под названием «Центр ремесленников». Он также поблагодарил главу региона за оказанную поддержку в реализации пилотного проекта «Оңтүстік қолөнершісі».

«Этот уникальный проект впервые осуществляется в Южном регионе по инициативе акима области Жансеита Түймебаева, – отметил Б. Бейісбеков. – Проект реализуется в рамках духовного возрождения и способствует пропаганде национальных традиций и обычаев. Он также окажет непосредственное влияние на развитие туризма. Я убежден, что в результате этой инициативы мы сможем выявить талантливую молодежь».

Отметим, в областном Союзе ремесленников состоят 23 члена. Благодаря поддержке компании «Шеврон» их творения представлены в таких странах, как Индия, Малайзия, Турция, Туркменистан, Непал, Китай и Тайланд.





ТАРИХИ МҰРАЛАРДЫ ҚОРҒАУҒА АРНАЛҒАН ЖИЫН ӨТТІ

Түркістан қаласында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Әлеуметтік – мәдени даму комитетінің «Тарихи-мәдени мұраны қорғау мен кеңінен танытуды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету» деген тақырыпта көшпелі отырысы өтті.

Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің хатшысы Б.Б.Мамраев жүргізген осы отырыста Түркістан облысының әкімі Ж.Қ.Түймебаев, ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі А.Р. Райымқұлова, Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының директоры, академик Б.Ә.Байтанаев, археолог, тарих ғылымдарының докторы З.С. Самашев, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық музейінің директоры Н.Қ. Ахметжанов, археолог, тарих ғылымдарының докторы В.Ф.Зайберт, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің вице президенті, профессор Женгиз Томар, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары және Қазақстанның жоғары оқу орындарының ғалымдары қатысты.

Отырыс шеңберінде тарихи-мәдени мұраны қорғау мен кеңінен танытуды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету мәселелері қаралды, «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тарихи-мәдени мұра мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобалары талқыланды.

Отырысқа қатысушылар қоғамның барлық тыныс-тіршілігі саласында ауқымды өзгерістер жасауға ынталандырған Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалаларында қойылған міндеттерді орындау қажеттігін атап өтті.



ПРОШЛО ЗАСЕДАНИЕ ПО СОХРАНЕНИЮ ИСТОРИЧЕСКОГО НАСЛЕДИЯ

В Туркестане Комитетом по социально-культурному развитию Мажилиса Парламента РК проведено выездное заседание на тему «Законодательное обеспечение охраны и популяризации историко-культурного наследия».

В работе заседания приняли участие депутаты – члены Комитета по социально-культурному развитию Мажилиса Парламента РК, руководство и сотрудники акимата Туркестанской области, представители государственных органов, общественности, организаций культуры, известные археологи, эксперты, ученые МКТУ имени Х.А. Ясауи и других вузов Казахстана.

В рамках заседания были рассмотрены вопросы законодательного обеспечения защиты и популяризации историко-культурного наследия народа, а также обсуждены проекты Законов Республики Казахстан «Об охране и использовании объектов историко-культурного наследия» и «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам историко-культурного наследия».

В законопроектах особое внимание уделено выявлению объектов историко-культурного наследия, их учету, вопросам проведения историко-культурной экспертизы, паспортизации объектов.

Депутаты и участники заседания Комитета отметили, что сегодня не на должном уровне обеспечивается сохранность многих выявленных объектов, которым придан статус памятника истории и культуры.



ОҚО ЖАСТАРЫН ШЕТЕЛДІҢ ТАҢДАУЛЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ ШАҚЫРУДА

Оңтүстік өңірінде дарынды, білімді жастар көп. Оларды іріктеп, қолдау көрсету, шетелдегі стипендиялық бағдарламалардан құлағдар ету – игі іс. Осы мақсатта өңірде «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ мен Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің ұйымдастыруымен «Халықаралық білім беру – 2018» көрмесі өтті. Аталған жиынға облыс әкімі Жансейіт Түймебаев арнайы қатысып, қонақтарға өңіріміздің білім саласындағы мүмкіндіктері мен әлеуетін таныстырып өтті.

«Елбасымыз әрдайым өзінің халыққа арнаған Жолдауларында жастардың білімді де, бәсекеге қабілетті болу керектігін үнемі айтып келеді. Міне, осы мақсатта «Болашақ» халықаралық стипендиясы құрылды. Аталған бағдарлама аясында әлемнің 35-тен астам елінде 12 мыңнан астам қазақстандық азамат білім алды. Бүгінде бағдарлама бойынша білім алған 300-ден астам оңтүстікқазақстандық өрен еліміздің дамуына өз үлестерін қосуда. Халық саны жағынан көш басында тұрған өңіріміз, «Болашақ» бағдарламасына қатысу бойынша да бірінші орында болу керек деп ойлаймын. Ал, біліктілікті арттырып, білімді жетілдіре түсуге келгенде мұндай тәжірибе алмасу көрмесінің рөлі орасан деп білемін», – деді Жансейіт Қансейітұлы.

Көрмеге АҚШ, Ұлыбритания, Еуропа мен Азия және ТМД елдерінің 83 жоғары оқу орындары, тіл үйрету мектептері мен білім агенттіктері қатысты. Олар шет тілдерінде еркін сөйлейтін қабілетті жастарды оқуға шақырды. Бірінші күннің өзінде көрмеге 4 мыңнан астам жас келіп, мағлұмат алды.

«Халықаралық білім беру – 2018» көрмесі аясында қазақстандық және шетелдік жоғары оқу орындары мен білім агенттіктері арасында кездесу ұйымдастырылды. Онда «Болашақ» бағдарламасын пайдалану ауқымын кеңейту жайы сөз болды. Мамандар пікірінше шетелдерде білім алатын қазақстандық студенттердің саны жоспардағыдан айтарлықтай аз.

«Бүгінде шетелге барып білім алуға ниетті азаматтардың саны өте аз. Себебі, халық «Болашақ» бағдарламасы туралы ақпаратпен қанықпаған. Осы мәселені шешу мақсатында білім көрмесін ұйымдастырып отырмыз. Мақсатымыз – өзге елге барып білім алатындардың қатарын көбейту. Қазіргі таңда өзге елдерде оқитын жастардың 85 пайызы Астана, Алматы қалаларына тиесілі. Енді оңтүстікқазақстандық жастардың санын арттырсақ деген жоспар бар», – деді «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ-ның Президенті Жанболат Мелдешов.



МОЛОДЕЖЬ ЮКО ПРИГЛАШАЮТ ЛУЧШИЕ ЗАРУБЕЖНЫЕ УЧЕБНЫЕ ЗАВЕДЕНИЯ

В Южно-Казахстанской области много талантливой и образованной молодежи. Чтобы создать условия для обучения молодых людей за рубежом, при поддержке АО «Центр Международных программ» Министерства образования и науки Республики Казахстан прошла выставка «Международное образование-2018». Цель мероприятия – повышение международного сотрудничества в сфере образования, информирование о возможностях получения образования за рубежом за счет стипендиальных программ, а также обмен опытом по реализации международных образовательных проектов.

Приняв участие в мероприятии, аким области Жансейит Туймебаев отметил, чтобы увидеть страну в числе передовых стран в XXI веке необходимо развивать человеческий капитал.

«В своих ежегодных Посланиях Глава государства отмечает, что молодежь должна быть образованной и конкурентоспособной, – сказал он. – С этой целью была создана международная стипендия «Болашақ». В рамках программы более 12 тысяч казахстанцев получили образование в свыше 35-ти странах мира. Более 300 южноказахстанцев, обучившихся по данной программе, вносят свой вклад в экономическое развитие страны. Выставка, в которой представлена возможность обмена опытом, повышения квалификации, совершенствования знаний, играет огромную роль».

В выставке приняли участие более 83 высших учебных заведений США, Великобритании, стран СНГ, Европы и Азии, а также языковые школы и образовательные агентства. В ходе мероприятия они пригласили на обучение конкурентоспособную молодежь, свободно говорящую на иностранных языках. Лишь в первый день выставку посетило более четырех тысяч молодых людей, которые мечтают получить образование за границей. Вместе с тем, на мероприятии обсуждали вопрос расширения возможностей программы «Болашақ». По мнению специалистов, численность казахстанских студентов, обучающихся за рубежом значительно меньше запланированного.

«Очень мало желающих получить образование за рубежом, – поделился Жанболат Мелдешов, президент АО «Центр Международных программ». – Население недостаточно проинформировано о программе «Болашақ». Вот мы и организовали эту выставку. Ее цель – повысить численность обучающихся за рубежом. На сегодняшний день 85 процентов молодежи, получающих образование за границей, приходится на Астану и Алматы. Теперь мы планируем увеличить численность южноказахстанской молодежи».



ШАРУАЛАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Жылдың басында өңірге Қазақстан Республикасының вице-премьері, Ауыл шаруашылығы министрі Өмірзақ Шөкеев жұмыс сапарымен келді. Мақсат – Мемлекет басшысының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауындағы тиісті бағыттар бойынша атқарылатын жұмыстармен танысу.

Министр әуелі Ордабасы ауданындағы «Бөрте мөлкі» сүт-тауар фермасында болды. Инвестиция құны 2,4 млрд. теңгені құрайтын сүт фермасында бүгінде 30 адам жұмыс істейді. Гольштейн фриз тұқымды 400 сиырдан жылына 4 мыңнан тоннадан астам сүт өндіреді. Мұнда жұмыстар роботтандырылған. Сонымен бірге, министр Түркістан қаласы Шаға ауылдық округіндегі «Ерасыл» жылыжай кешенінде де болды. Жоба құны 70 млн. теңгені құрайтын кешен 0,35 гектар аумақты алып жатыр.

«Ауыл шаруашылығына берілетін субсидия бүгінгі таңда 240 млрд. теңгеге жетті. Бұл – Елбасының аталған салаға деген қамқорлығы. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы өнімдерін 2,5 есеге көбейту керектігін тапсырды.

Оңтүстік Қазақстан облысы – аграрлы сала. Ет, сүт, мақта өнімдері мен бақша дақылдарын өндіруде өңірдің үлесі ерекше. Алдағы уақытта Үкімет мәжілісінде жылдың жаңа жоспарын бекітіп, ауыл шаруашылығын өркендету үшін тың жобаларды қолға аламыз», – деді Өмірзақ Естайұлы.

Ал, өңір басшысы Жансейіт Түймебаев республикадағы жылыжайлардың 75 пайызы Оңтүстік Қазақстан облысына тиесілі екендігін айтты.

«Ауыл шаруашылығын қолдауға былтыр 24,9 млрд. теңге субсидия бағыттталып, 40 мыңға жуық кәсіпорын қолдауға ие болды. Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі өткен жылы 522,4 млрд. теңгеге жетіп, өсім 102 пайызды құрады. Ал жылыжай көлемі 2017 жылы 212 гектарға артып, жалпы 1 335 гектарға жетті. Елбасы Жолдауында ауыл шаруашылығы саласына айрықша көңіл бөлінді. Осы мақсатта өңірде өнімділікті арттыру үшін озық технологияны пайдалануға барынша басымдық беретін боламыз», – деді облыс әкімі.

Сапар барысында Өмірзақ Естайұлы ауыл шаруашылығы саласындағы еңбек ететін азаматтармен кездесіп, мәселелеріне қанықты. Өңірдегі шаруалар мақта, жүгері өнімдерін арттыру бойынша және қаракөл елтірісін қайта жаңғырту жөнінде өз ойларын жеткізді. Мәселеге қаныққан министр айтылған ұсыныстарға сай тиісті жұмыстар атқарылатынын айтты.

ПРЕДЛОЖЕНИЯ КРЕСТЬЯН НЕ ОСТАНУТСЯ БЕЗ ВНИМАНИЯ

Южно-Казахстанскую область с рабочим визитом посетил заместитель Премьер-министра Республики Казахстан – министр сельского хозяйства РК Умирзак Шукеев. В рамках реализации Послания Главы государства «Новые возможности развития в условиях Четвертой промышленной революции» он встретился с сельхозпроизводителями области и руководителями крестьянских хозяйств.

В первую очередь, он посетил молочную ферму «Борте мөлкі» в Ордабасинском районе. На предприятии, инвестиционная стоимость которого составляет 2,4 млрд. тенге, трудятся 30 человек. Здесь 400 коров породы Гольдштейна ежегодно производят свыше четырех тысяч тонн молока. Отметим, комплекс компании – единственная роботизированная молочно-товарная ферма в регионе. Ферма построена с использованием самых передовых технологий. Почти всю работу – дезинфицируют и доят буренок – тут выполняют роботы.

В ходе визита Умирзак Естаевич встретился с крестьянами области, которые поделились своими мнениями в вопросах повышения производительности хлопка, кукурузы и выращивания каракулевых овец. В свою очередь министр пообещал, что соответствующие предложения будут приняты во внимание.

«Общий объем субсидий в сельском хозяйстве достиг 240 миллиардов тенге, – сообщил министр. – Это забота Главы государства. Также Президент поручил увеличить объем сельскохозяйственного производства в 2,5 раза. В этом контексте следует отметить, что Южно-Казахстанская область является аграрным сектором. Область вносит особый вклад в производство мяса, молока, хлопка и бахчевых культур. В ближайшее время на заседании Правительства мы намерены утвердить новый план развития сельского хозяйства».

Наряду с этим, рабочая группа посетила тепличный комплекс «Ерасыл» в Туркестане, в сельском округе Шага. Стоимость проекта – 70 миллионов тенге, комплекс расположен на 0,35 га. Здесь работают пять человек.

В ходе визита глава региона отметил, что в республике 75% теплиц приходится на Южно-Казахстанскую область.

«В прошлом году на поддержку сельского хозяйства было направлено 24,9 миллиарда тенге, – констатировал Ж. Түймебаев. – Поддержку получили около 40 тысяч предприятий. Объем валовой продукции сельского хозяйства в прошлом году достиг 522,4 миллиарда тенге, рост составил 102%. Вместе с тем, в 2017 году площадь теплиц увеличилась на 212 га, тем самым общая площадь достигла 1335 га. В своем Послании Глава государства уделяет особое внимание сельскому хозяйству. С этой целью мы сосредоточимся на использовании передовых технологий».

Ознакомившись с развитием сельского хозяйства, У. Шукеев отметил, что все предложения крестьян будут приняты во внимание.



«НҰРОТАНДЫҚТАР» АЛДАҒЫ ЖҰМЫСТАРДЫ ТАЛҚЫЛАДЫ

Қаңтар айының соңына қарай «Нұр Отан» партиясы Оңтүстік Қазақстан облыстық филиалының кезектен тыс XXXIII конференциясы өтті. Жиынның мақсаты да маңызды еді. Ол – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауын халыққа түсіндіру және ондағы басым бағыттарды саралап, жұмысты жандандыру. Конференцияға облыс әкімі, «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалының төрағасы Жансейіт Түймебаев пен Саяси кеңес мүшелері, облыстық мәслихат депутаттары, аудан, қаладан сайланған делегаттар мен мемлекеттік органдардың басшылары қатысты.

Облыс басшысы Жолдауда көрсетілген міндеттерді іске асыру жалпыға ортақ міндет екенін жеткізді.

«Мемлекет басшысының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты кезекті Жолдауын: «Елінің ертеңі үшін» жасалған батыл қадам мен байыпты пайым деп есептеймін. Заман талабына орай еліміз озық та өркендеген елдерге қарап бой түзеуде. Бас құжатта айтылған барлық басымдықтар іске асқаннан кейін егемен еліміздің еңсесі биіктей түспек. Сондықтан да Жолдауда көрсетілген міндеттер мен белгіленген бағыттарды бірлесе жүзеге асыруға шақырамын», – деді Ж.Түймебаев.

Жиында сонымен қатар халықаралық «Түркология» орталығының ғылыми қызметкері Қазыбек Тәжиев, «Достық» өзбек ассоциациясының төрағасы, «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің мүшесі Икрам Хашимжанов, облыстық мәслихаттың депутаты, фракция мүшесі Нұралы Әбішов, Енбекші аудандық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бердіқұл Садықов, «ҚазТрансОйл» АҚ «Шымкент» қабылдау тауарлық пунктіннің операторы Бағжан Нарпаевалар сөз алып, Жолдаудан түйген ойларым мен пікірлерін ортаға салды. Сондай-ақ олар Елбасы жүктеген міндеттерді орындауда оңтүстікқазақстандықтар алдыңғы қатарда болатынына сенім білдірді.

Конференция барысында облыстық партия филиалының Саяси кеңесі құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, мәжіліс қорытындысы бойынша қарар қабылданды.



«НҰРОТАНДЫҚТАР» АЛДАҒЫ ЖҰМЫСТАРДЫ ТАЛҚЫЛАДЫ

В областном филиале партии «Нұр Отан» состоялась внеочередная XXXIII конференция. В ней приняли участие аким области, председатель областного филиала партии Жансейит Түймебаев, члены политсовета, депутаты областного маслихата, руководители государственных учреждений, делегаты из городов и районов области, представители СМИ. Участники конференции обсудили приоритетные направления Послания Президента РК Н. А. Назарбаева «Новые возможности развития в условиях Четвертой промышленной революции».

Выступая на совещании глава региона отметил, что в области уже начаты работы по реализации десяти задач, обозначенных в Послании.

«Очередное Послание Главы государства народу Казахстана «Новые возможности развития в условиях Четвертой промышленной революции» – это смелый шаг в будущее страны, – сказал Ж. Түймебаев. – После реализации всех приоритетов, обозначенных в документе, наша суверенная страна станет образцом современного развития для развивающихся стран. Я призываю активизировать работу по пропаганде задач, озвученных в Послании, а также к совместной реализации целей, которые придадут импульс развитию страны».

Своими мыслями и мнениями о задачах, указанных в Послании, поделились научный сотрудник международного центра «Туркология» Казыбек Тажиев, председатель Ассоциации узбеков «Дустлик», директор узбекского драмтеатра Икрам Хашимжанов, депутат областного маслихата Нуралы Абишов, первый заместитель Енбекшинского филиала партии города Шымкента Бердиқұл Садықов, оператор приемного пункта «Шымкент» АО «КазТрансОйл» Бағжан Нарпаева и другие.

Вместе с тем, участники конференции рассмотрели вопрос о внесении изменений и дополнений в состав политсовета областного филиала партии «Нұр Отан». По итогам конференции было принято соответствующее постановление.



АУЫЗ СУМЕН ҚАМТУ ДЕҢГЕЙ АРТА ТҮСТІ

Оңтүстік Қазақстан облысының Бәйдібек ауданындағы үш елді мекенге таза ауыз су келді. Жылдар бойына шешімін таппаған өзекті мәселеге республикалық және облыстық бюджеттен 525,2 миллион теңгеге жуық қаражат бөлініп, тау етегінен магистралды суаққы құрылысы салынды. Осының нәтижесінде Теректі, Қаратас, Боралдай елді мекендегі 1684 тұрғын таза ауыз суға қол жеткізді. Облыс әкімі Жансейіт Түймебаевтың тапсырмасына сәкес атқарылған жұмысқа тұрғындар ризашылығын білдірді.

Бөлінген қаржы есебінен магистралды суаққыдан елді мекенге дейінгі аралықта 26 шақырым су құбыры, ал ауылдың барлық көшелеріне 31 шақырымдық су жүйесі тартылды. Бұл нысандардың құрылыс жұмыстарын «НҰРАЙ ҚҰРЫЛЫС ЖОЛЫ» ЖШС-гі мен «СЕВЕР-ЮГ- УНИВЕРСАЛ» ЖШС-гі жүргізген.

2020-2021 жылдары аудан сапалы ауыз сумен толық қамтылмақ.




УРОВЕНЬ ОБЕСПЕЧЕНИЯ НАСЕЛЕНИЯ ВОДОЙ УВЕЛИЧИТСЯ

В трех населенных пунктах Байдибекского района проведена чистая питьевая вода. На решение актуального вопроса из республиканского и областного бюджетов было выделено около 525,2 миллиона тенге. Отметим, магистральный водовод построен у подножия гор. В результате этого 1684 жителя населенных пунктов Теректи, Каратас, Боралдай обеспечены чистой питьевой водой. Их жители выразили благодарность руководству области.

За счет выделенных средств проведен водопровод протяженностью 26 километров. Также в села проведена гидросистема протяженностью 31 километр. Строительство объектов вели ТОО «Нұрай құрылыс жолы» и ТОО «Север-Юг-Универсал».

В 2020-2021 годах планируется полностью завершить работы по обеспечению населения района чистой питьевой водой.



ЛИТВАМЕН БАЙЛАНЫС НЫҒАЙДЫ

Қаңтар айының соңғы аптасында Шымкент қаласында Литва Республикасының құрметті консулдығы ашылды. Литва республикасының Шымкенттегі құрметті консулы болып Мамадияр Қадырбеков тағайындалды. Дипломатиялық өкілдіктің ашылу мақсаты – екі жақты іскерлік байланысты жақсарту мен экономикалық және мәдени ынтымақтастықты дамыту.

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев консулдың ашылу рәсімі алдында Қазақстандағы Литваның Төтенше және Өкілетті Елшісі Витаутас Науджаспен кездесті. Облыс әкімі мәртебелі қонақтарға өңірдің экономикалық және инвестициялық мүмкіндіктері мен транзиттік әлеуеті жайын мәлімдеп, Қазақстан мен Литва Республикасы арасында өзара тиімді серіктестік орнатылғанын жеткізді.

Витаутас Науджас литвалық кәсіпкерлер Оңтүстік Қазақстан облысының мамандарымен әріптестік байланыс орнатуға ниетті екенін жеткізді. Оларды өңірдегі аграрлық сектордың дамуы, атап айтқанда ет өңдеу жұмыстары қызықтыр отыр.




УСИЛЯТСЯ СВЯЗИ С ЛИТВОЙ

В Шымкенте открылось почетное консульство Республики Литва. Почетным консулом Республики Литва в Шымкенте назначен Мамадияр Кадырбеков. Цель открытия дипломатического представительства – улучшение двусторонних деловых связей и развитие экономического и культурного сотрудничества.

Перед открытием консульства аким Южно-Казахстанской области Жансейит Туймебаев встретился с Чрезвычайным и Полномочным Послом Литвы в Казахстане Витаутас Науджасом. В ходе встречи две стороны обсудили вопросы дальнейшего укрепления экономических связей и установления партнерских взаимоотношений в сфере туризма. Проинформировав высоких гостей об экономических и инвестиционных возможностях, и транзитном потенциале региона, аким области сообщил об установлении взаимовыгодного партнерства между Казахстаном и Республикой Литва.

В. Науджас выразил намерение в установлении партнерских связей между предпринимателями Литвы и специалистами Южно-Казахстанской области. В частности, их интересует развитие аграрного сектора в регионе, а именно обработка мяса.



ҒАРЫШКЕР АЙДЫН АЙЫМБЕТОВ – ОҢТҮСТІКТЕ!

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев еліміздің үшінші ғарышкері, Халық Қаһарманы, генерал-майор «Қазақстан Ғарыш Сапары» АҚ ұлттық компаниясының вице-президенті Айдын Айымбетовпен кездесті.

Кездесу барысында тараптар «Қазақстан Ғарыш Сапары» АҚ-ның жоғары дәлдікті спутниктік навигация жүйесінің жерүсті инфрақұрылымын пайдалану, навигациялық қызмет көрсету бағытында пікір алмасты. Осы ретте ғарышкер аталған компанияның Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы, жер инспекциясы, төтенше жағдайлардың алдын алу шараларына спутниктік навигациялық қызмет көрсете алатынын жеткізді.

Ғарышкердің ұсынысын қабыл алған өңір басшысы облыстың тыныс-тіршілігін баяндап берді.

«Сіз қазақ халқының үлгі тұтар азаматының бірісіз. Оңтүстік Қазақстан облысының аграрлық әлеуеті орасан. Қазір осы саладағы әлеуеттерімізді кеңінен пайдалануға күш салып жатырмыз. Алдағы уақытта жер игеру секілді өзекті мәселелерде «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясының қызметтерін пайдалануға мүдделі екенімізді жеткізгім келеді», – деді Жансейіт Қансейітұлы.

Халық Қаһарманы Айдын Айымбетов үлкен ықыласпен қарсы алған облыс басшылығына ризашылығын білдірді.



ЛЕЧТИК АЙДЫН АИМБЕТОВ – В ЮЖНОМ КАЗАХСТАНЕ!

Аким области Жансейит Туймебаев встретился с третьим в стране космонавтом, Героем Казахстана, генерал-майором, вице-президентом национальной компании АО «Қазақстан Ғарыш Сапары» Айдыном Аимбетовым.

В ходе встречи, стороны обменялись мнениями по использованию АО «Қазақстан Ғарыш Сапары» наземной инфраструктуры системы высокоточной спутниковой навигации и навигационного обслуживания. В связи с этим, космонавт отметил, что компания сможет предоставлять Южно-Казахстанской области спутниковые навигационные услуги в сфере сельского хозяйства, мелиорации земель и предупреждения чрезвычайных ситуаций.

Приняв данное предложение, глава региона рассказал космонавту о жизнедеятельности области.

«Вы – один из образцовых сыновей казахского народа, – подчеркнул Ж. Туймебаев. – Наш регион имеет огромный аграрный потенциал. Сейчас мы прилагаем все усилия для расширенного использования потенциала в данном направлении. Хотел бы выразить нашу заинтересованность в использовании услуг национальной компании «Қазақстан Ғарыш Сапары» в таких актуальных вопросах, как освоение земель».

В свою очередь, Герой Казахстана Айдын Аимбетов выразил благодарность руководству области за теплый прием.



АРБАТ ПОЯВИТСЯ НА ЧЕТЫРЕХ УЛИЦАХ ШЫМКЕНТА

В ходе объезда города рабочая группа во главе с акимом области Жансеитом Туймебаевым определила улицы, которые станут городской пешеходной зоной. Они появятся вдоль реки Кошкар ата, на улицах Аскарова, Бекет батыра и Бейбитшилик.

Вместе с тем, акимату Шымкента поручено реализовать идею акима области о создании выставки под открытым небом. Таким образом, в сором будущем в центре Шымкента появится собственный Арбат, где в выходные и праздничные дни гости и жители города смогут не только насладиться выставкой художников, но и приобрести различные сувениры.

В ходе визита глава региона встретился и побеседовал с жителями этих улиц, которые поделились своими мнениями о создании Арбата. Ж. Туймебаев отметил, что главная цель проекта – продвигать национальные ценности и привлечь внимание жителей к традициям и истории казахского народа.



АРБАТ ПОЯВИТСЯ НА ЧЕТЫРЕХ УЛИЦАХ ШЫМКЕНТА

В ходе объезда города рабочая группа во главе с акимом области Жансеитом Туймебаевым определила улицы, которые станут городской пешеходной зоной. Они появятся вдоль реки Кошкар ата, на улицах Аскарова, Бекет батыра и Бейбитшилик.

Вместе с тем, акимату Шымкента поручено реализовать идею акима области о создании выставки под открытым небом. Таким образом, в сором будущем в центре Шымкента появится собственный Арбат, где в выходные и праздничные дни гости и жители города смогут не только насладиться выставкой художников, но и приобрести различные сувениры.

В ходе визита глава региона встретился и побеседовал с жителями этих улиц, которые поделились своими мнениями о создании Арбата. Ж. Туймебаев отметил, что главная цель проекта – продвигать национальные ценности и привлечь внимание жителей к традициям и истории казахского народа.




ЗАМАНАУИ АВТОБУСТАР – ДАМУДЫҢ БЕЛГІСІ

Оңтүстік Қазақстан облысында «Шымкент қаласындағы қоғамдық көлік саласын дамыту» форумы өтті. Облыс әкімі Жансейіт Түймебаев осы форумға қатысу үшін өңірімізге арнайы келген отандық және шетелдік компаниялардың өкілдерімен кездесті. Басқосуда қонақтар жолаушы тасымалдау мақсатындағы тың жобалары мен заманауи көліктерін таныстырды.

Форумға елімізден бөлек Ресей, Беларусь, Өзбекстан және ҚХР-ның автобус құрастырушы зауыттарының өкілдері арнайы келген. Шараның мақсаты – шаһардағы жолаушылар тасымалдау қызметінің сапасын арттыру. Өрбір қатысушы өздері өндіріп отырған автобустардың сапасы жоғары, тиімді бағада екенін жеткізді. Олардың айтуынша, қоғамдық көлікке орнатылған мониторинг, төлем, «GPS» жүйелері мен мобильді қосымшалар жолаушыларға көрсетілетін қызметтің сапасын жақсартуға мол мүмкіндік береді.

Кездесу соңында облыс әкімі тиісті сала мамандарына ұсынысы мен бағасы тиімді компанияларды анықтап, сол мекемемен келісімшартқа тұруды тапсырды. Егер келіссөздер ойдағыдай аяқталса, шымкенттіктер заманауи құралдармен жабдықтарған су жаңа автобустармен қатынайтын болады.




СОВРЕМЕННЫЕ АВТОБУСЫ – ЗНАК ВЫСОКОГО РАЗВИТИЯ

Аким области Жансейит Туймебаев встретился с представителями отечественных и зарубежных компаний, которые прибыли в наш регион для участия в форуме «Развитие общественного транспорта в Шымкенте». В ходе встречи гости представили свои новые проекты и современные транспортные средства для пассажирских перевозок.

В форуме, помимо отечественных компаний, участие приняли представители из России, Беларуси, Узбекистана и КНР. Цель мероприятия – улучшить качество обслуживания городских пассажиров. Участники форума отметили доступные цены и высокое качество выпускаемых ими автобусов. По их словам, установленные в общественном транспорте системы электронной оплаты, «GPS» и мобильные приложения позволяют повысить качество обслуживания пассажиров.

В завершении встречи глава региона поручил специалистам соответствующей отрасли определить наиболее выгодные и эффективные предложения компаний и заключить в последующем договор. В случае успешного завершения переговоров в текущем году по улицам Шымкента начнут курсировать новые автобусы, оснащенные современным оборудованием.



ОҚО-ДА МОДУЛЬДІ ҚҰРАМАЛЫ 20 МЕДИЦИНАЛЫҚ ПУНКТ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Ақпан айы жағымды жаңалықпен басталды. Оңтүстік Қазақстан облысында елімізде алғаш болып қолға алынған модульді құрамалы 20 медициналық пункт пайдалануға берілді. Шалғай елді мекендерге тиімді болып келетін бұл медициналық тіректің бір ерекшелігі оның құрылысының 2 айда аяқталуында және бюджетінің арзандығында.

Осындай құрастырмалы-қаңқалы модульдік конструкция әдісімен салынған денсаулық сақтау нысаны Сайрам ауданының екі елді мекенінде тапсырылды. Оның ашылу салтанатына Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев қатысып, Елбасы Жолдауындағы денсаулық сақтау саласын дамыту жөніндегі тапсырмалар облыста сәтті жүзеге асырылып жатқанын айтты.

Алаңы 125 шаршы метрді құрайтын әрі медициналық құралдармен жабдықталған модульдік конструкцияның құны – 30 млн.теңге.

Бұдан бөлек, осы күні Бәйдібек ауданында – 3, Түлкібас ауданында – 2 және Сарыағаш өңірінде 13 медициналық тірек пайдалануға берілді. Жалпы облыста жыл соңына дейін модульді құрамалы тағы 47 медициналық пункт тапсырлатын болады.



В ЮКО ВВЕЛИ В ЭКСПЛУАТАЦИЮ 20 МОДУЛЬНЫХ МЕДИЦИНСКИХ ПУНКТОВ

Впервые в стране в ЮКО ввели в эксплуатацию 20 модульных (сборных) медицинских пунктов. Отличительной особенностью этих медицинских пунктов является то, что сборка модульной конструкции значительно экономит время и бюджетные средства. Строительство занимает порядка двух месяцев.

Медицинские пункты сборно-каркасной модульной конструкции ввели в эксплуатацию в двух населенных пунктах Сайрамского района. Кроме того, в тот же день были сданы три медицинских пункта в Байдибекском районе, два – в Тулькубасском районе и 13 – в Сарыағашском.

Приняв участие в торжественной церемонии открытия, аким области Жансейт Түймебаев отметил, что охрана здоровья населения является наиболее важным вопросом для государства.

«Глава государства отметил о необходимости перейти от малоэффективной и затратной для государства диспансеризации к управлению основными хроническими заболеваниями с применением дистанционной диагностики, а также амбулаторного лечения, – сказал глава региона. – Медицинские учреждения должны обеспечиваться передовыми медицинскими оборудованием, а врачи – оказывать качественные услуги населению. В целях активизации работ в данном направлении со стороны акимата области проводятся соответствующие работы. В частности, для строительства медицинских пунктов представлен образец модульной конструкции. Сборка модульной конструкции значительно экономит и время, и бюджетные средства. В этих медицинских пунктах пациентам будут оказывать первую санитарно-медицинскую помощь».

В 2018 году в Сайрамском районе запланировано приобрести еще пять медицинских пунктов, что позволит стопроцентно решить вопрос нехватки медицинских пунктов. Более того, в селе Аксукент ведется строительство поликлиники на 500 посещений в смену. Наряду с этим, планируется приобрести аппарат компьютерной томографии и открыть центр лечения инсульта. До конца текущего года в области будут введены в эксплуатацию еще 47 модульных медицинских пунктов.

Напомним, что в 2017 году в области введено в эксплуатацию 33 объекта здравоохранения. В целом, по ЮКО насчитывается 846 медицинских учреждений, из которых 225 – медицинские пункты.



ЖАСТАРҒА ЖІГЕР БЕРГЕН ФОРУМ

Оңтүстік Қазақстан облысында «Бәсекеге қабілетті – жастар» атты облыстық жұмысшы жастар форумы өтті. Бұл жиынның басты мақсаты – мемлекет ұсынып отырған бағдарламалар аясында жастарды еңбекке ынталандыру және оларды жұмысқа баулу, сонымен қатар еңбекші жастарды қоғамға таныту арқылы олардың еңбегін бағалау.

Форумға «Дипломмен ауылға», «Жасыл ел», «Жас сақшы», «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған» бағдарламасы мен «Әр ауылдың өз шебері» жобаларына қатысушы жастар мен кәсіпорындардағы жас мамандар, еріктілер, облыстық жастар ұйымдары қатысты.

Облыс әкімі Жансейіт Түймебаев жас мамандардың инновациялық жобалары мен IT-технологиясына арналған құралдар көрмесін тамашалап, еңбекші жастармен тілдесті.

«Өңірімізде қысқа мерзімді кәсіптік оқыту бағдарламасы бойынша 12159 азамат мамандық алса, оның ішінде «Әр ауылға өз шебері» акциясы аясында ауылдардағы бірінші кезектегі қажетті мамандар тізімі нақтыланып, 15 мамандық бойынша 9253 азаматқа кәсіптік білім берілді. Олардың 5150-і – жастар. Оңтүстік өңіріндегі 306 өндіріс орындарында 20 мыңға жуық жас тер төгуде», – деді Ж.Түймебаев.

Форум барысында өңір басшысы ұлттық «Дельфи» ойындарының жеңімпаздары мен «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасының» қысқа мерзімді оқыту курсынан өткен жастарға Алғыс хаттар табыстады.



ФОРУМ, ДАВШИЙ НАДЕЖДУ МОЛОДЫМ

В Южно-Казахстанской области состоялся областной форум рабочей молодежи «Бәсекеге қабілетті – жастар». Его цель – приобщение молодежи к труду и стимулирование к работе в рамках представленных государством программ.

Если учитывать, что на сегодняшний день более 4,5 миллиона жителей республики составляет молодежь, то 18 процентов из них, или около 800 тысяч, приходится на нашу область. Поэтому местные власти привлекают молодежь региона к общественным работам, проводят целенаправленную работу по обеспечению постоянной работой.

В форуме приняли участие около 300 молодых людей, в том числе участники программ «С дипломом – в село», «Жасыл ел», «Жас сақшы», «Развитие продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 годы» и проекта «Әр ауылдың өз шебері», а также молодые специалисты предприятий, волонтеры, молодежные организации области.

Глава региона Жансеит Түймебаев ознакомился с инновационными проектами молодых специалистов и выставкой оборудования сферы IT-технологии, где побеседовал с рабочей молодежью.

«В рамках краткосрочной программы профессионального обучения 12159 граждан прошли обучение на основе спроса на профессию и потребностей рынка труда, – резюмировал аким. – Уточнен перечень самых необходимых специальностей в рамках акции «Әр ауылға өз шебері». 9253 человека получили профессиональное образование по 15 специальностям, из них 5150 – молодые люди. На 306 производственных местах трудятся около 20 тысяч молодых людей».

В ходе форума глава региона вручил благодарственные письма победителям национальных Дельфийских игр, а также молодым людям, которые прошли краткосрочные курсы обучения по программе «Развитие продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 годы».



ШЫМКЕНТ ЖАСЫЛ ЖЕЛЕККЕ ОРНАДЫ

Көктем жақындаған сәтте облыс әкімі Жансейіт Түймебаев, қала әкімі Нұрлан Сауранбаев және ерікті жастар мен қала тұрғындары аумағы 38 гектар жерді құрайтын «Самал» шатқалында қарағаш көшеттерін отырғызды.

Ағаш отырғызу – қасиетті де ұлағатты іс екенін айтқан аймақ басшысы аталған демалыс орындары өңір тұрғындарының таза ауада тынығып, демалуы үшін жасалып жатқанын айтты. Сонымен қатар ол болашақта жаяу жүргіншілерге арналған жол салынып, оның бойынан сауда орындары салынатынын да жеткізді.

«Самал» шатқалында құрылған күннен бері емен, айлант, үйеңкі, шаған, боз арша, аққайың, қарағаш сынды 11 мыңнан астам көшет отырғызылған болса, бұл күні жүз түптен астам қарағаш көшеті егілді. Мұнда суғаруға арналған жеті бөшке мен бес тік су ұңғымасы бар. Шатқалда бес адам жұмыс істейді.

Шымкент қаласында Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаевтың бастамасымен «Шатқал» бағдарламасы қолға алынып, бос жатқан сай-салаға көшеттер егіліп, саябаққа айналуда.

Жалпы Шымкент қаласындағы жеті шатқалдың жалпы аумағы 124 гектар жерді құрап отыр. Мұнда тамшылатып суғару жүйесі орнатылған. Сондай-ақ, көшеттерді күтіп-баптау үшін әрбір шатқалда тұрақты мамандар жұмыс істейді. Жалпы егілген көшеттердің өнімділігі 75 пайызды құрайды.

Айта кетейік, бүгінде Оңтүстік Қазақстан облысы көлемінде «Шатқал» бағдарламасымен 400 мың түптен астам жасыл желек егілген.

ШЫМКЕНТ СТАНЕТ ЗЕЛЕНЫМ ГОРОДОМ

В ущелье «Самал», площадь которого составляет 38 га, аким области Жансейт Түймебаев и аким города Нуран Сауранбаев вместе с волонтерами и жителями города посадили саженцы карагача.

Посадка деревьев является святым и благим делом, отметил Ж. Түймебаев. Он также отметил необходимость совместно приложить усилия для чистоты и развития парков. Также, по словам акима, здесь будет проложены дороги для пешеходов, вдоль которых построят торговые места.

Отметим, что со дня основания ущелья «Самал» высажено более 11 тысяч саженцев деревьев – дуба, айланты, клена, бадьяна, туи, березы и карагача. Здесь также расположены пять вертикальных скважин и семь бочек для полива саженцев. В ущелье постоянной работой обеспечены пять человек.

В области успешно реализуется программа «Шатқал», которая является одной из инициатив акима ЮКО Жансеита Түймебаева. С тех пор ущелья и овраги превращаются в парки.

Стоит отметить, что общая площадь ущелий Шымкента составляет 124 га. В настоящее время в ущельях установлена система капельного орошения. Более того, для ухода за саженцами в каждом ущелье на постоянной основе работают специалисты.

В целом, с момента реализации программы «Шатқал» в Южно-Казахстанской области высажено более 400 тысяч зеленых насаждений.





РЕСЕЙДІҢ ІРІ САУДА ОРТАЛЫҒЫМЕН ӘРІПТЕСТІК НЫҒАЙДЫ

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімі Жансейіт Түймебаев Ресей елінің «Фудсиб» көтерме және бөлшек сауда кешенінің инвесторы Дмитрий Терешков бастаған делегациямен кездесті. Ондағы мақсат – өңіріміздегі ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінің өнімдерін Ресейге экспорттау арқылы екі ел арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды дамыту.

«Бүгінгі кездесу екі ел арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды дамытып, өзара ынтымақтастықты арттыра түседі деп сенемін. «Фудсиб» көтерме және бөлшек сауда кешенінің әлеуетін оңтүстікқазақстандық тауар өндірушілер тиімді пайдалану мақсатында бірқатар маңызды мәселелерді талқылайтын боламыз. Бұл кездесу екі жаққа да тиімді болатынына сенімім мол», – деді Жансейіт Қансейітұлы.

Жалпы аумағы 80 мың шаршы метрді құрайтын «Фудсиб» көтерме және бөлшек сауда кешені Ресейдің Новосібір қаласында орналасқан. Сауда кешеніне ТМД елдері мен Ресейдің өзге де аймақтарынан азық-түлік тауарлары тасымалданады. Аталған сауда орнында салқындатқыш қоймалар мен демалыс кешендері, ресторандар мен 200 ауыр жүк көлігіне арналған арнайы тұрақ жұмыс істейді. Жылына мұнда 120 мың тоннаға жуық көкөніс пен жеміс-жидек саудаланады.

2017 жылы «ОҢТҮСТІК» аймақтық инвестициялық орталығы мен «Фудсиб» сауда кешені арасында екіжақты ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылып, «RIC ON EXPORT» бағдарламасы іске қосылған болатын. Жобаның басты мақсаты – ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілерінің экспорттық әлеуетін дамыту. Аталған келісім аясында Новосібір қаласына оңтүстікте өндірілген ауыл шаруашылығы өнімдері жөнелтілген болатын.



УКРЕПЛЯЕТСЯ СОТРУДНИЧЕСТВО С КРУПНЫМИ ТОРГОВЫМИ ЦЕНТРАМИ РОССИИ

Аким ЮКО Жансеит Түймебаев встретился с российской делегацией во главе с Дмитрием Терешковым, инвестором оптово-розничного центра «Фудсиб». Цель встречи – развитие торгово-экономических отношений двух стран путем экспорта в Россию сельскохозяйственной продукции товаропроизводителей нашего региона. В ходе встречи стороны обсудили вопросы экспорта продукции сельхозтоваропроизводителей области, а также вопросы поддержки и комплексного обслуживания товаропроизводителей.

«Убежден, что встреча способствует развитию торгово-экономических отношений и укрепит сотрудничество, – сказал аким. – Мы обсудим ряд важных вопросов в целях эффективного использования потенциала южноказахстанских товаропроизводителей, продукция которых будет реализовываться в оптово-розничном центре «Фудсиб».

Отметим, что оптово-розничный центр «Фудсиб» расположен в Новосибирске, его общая площадь составляет 80 тысяч квадратных метров. Сюда поставляют продовольственные товары из стран СНГ и других регионов России. В оптово-розничном центре расположены холодильные склады и зоны отдыха, рестораны и специальная парковка на 200 грузовых автомобилей. Здесь ежегодно реализуют около 120 тысяч тонн овощей и плодово-ягодных.

Напомним, в 2017 году между региональным инвестиционным центром «ОҢТҮСТІК» и оптово-розничным комплексом «Фудсиб» был подписан меморандум, в результате которого запущена программа «RIC ON EXPORT». Основная цель проекта – развивать экспортный потенциал производителей сельскохозяйственной продукции. В рамках соглашения сельскохозяйственная продукция, произведенная в Южном Казахстане, была поставлена в Новосибирск. На сегодняшний день РИЦ «ОҢТҮСТІК» на постоянной основе проводит выставку-ярмарку с участием сельскохозяйственных товаропроизводителей, профинансированных центром.



ШЫМКЕНТТІҢ ДАМУЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Шымкент қаласының әкімі Нұрлан Сауранбаев 2017 жылы атқарылған жұмыстары бойынша халық алдында есеп берді. Есепті кездесуге Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев пен Президент әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы Мұрат Имандосов қатысты.

Жиында шаһар басшысы атқарылған жұмыстарды баяндады.

Отметим, что произведение нацелено на развитие местного туризма, возвышение статуса Отырара, повышение интереса иностранных граждан и направлено на пропаганду древних легенд и преданий, а также на патриотическое воспитание зрителей. Картина создана в формате 2D и 3D.

Фильм повествует о жизнедеятельности и культуре древнего города Отырара и рассказывает о приключениях двух детей, любящих свою родину. Зрители фильма узнают об истории второй по масштабности библиотеки древнего мира, расположенной в Отыраре, и об ученом Абу-Насыр Аль-Фараби. Вместе с тем, фильм повествует о героизме мальчиков, которые поняли, что врага можно победить не только силой, но и умом.

Режиссер и главный художник анимационного фильма – Азамат Ерназаров, автор сценария – Бақытжан Кулжабай, автор музыки – Руслан Шынықұлов, директор фильма – Нуриддин Паттеев.

В завершении показа 25-минутного фильма Ж. Түймебаев выразил благодарность всем работникам киностудии и вручил благодарственные письма художникам-аниматорам.



ӘКІМ АРБАТ САЛУ БОЙЫНША ХАЛЫҚПЕН КЕҢЕСТІ

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Ж.Түймебаев Қошқар ата, ескі қалашық және Шымкент қаласында салынатын арбаттардың жобаларымен танысты. Естеріңізде болса, өңір басшысы жуырда ғана Шымкент қаласындағы тарихи маңызға ие нысандары мен арбат салуға болатын көшелерді аралап шығып, туристік жобаларды жүзеге асыру бойынша сала мамандарына тапсырмалар берген болатын.

Солардың бірі – «Қошқар ата» өзенінің бойынан саябақтар мен аллеялар, ескі қалашық маңынан ашық аспан астындағы мұражай салу жобасы. Мамандар жоба бойынша аталған аумақтардағы жер учаскелері мемлекет мұқтажына алу жұмыстарын атқару керектігін жеткізді. Өңір басшысы шараға қатысқан жергілікті тұрғындарды алдағы уақытта атқарылатын осындай шаруаларға түсіністікпен қарауға шақырды.

«Шымкент қалашығының көне археологиялық кешенін мұражайландыру мақсатында ағымдағы жылы бірқатар жұмыстарды атқаруымыз қажет. Оның ішінде, белгіленген жоспар бойынша 118 нысанды мемлекет мұқтажына алу жұмыстары жүргізілетін болады. Бұл нысандар Қарасу өзенінің бойында 30 метр қашықтықта орналасқан. Сіздерді оңтайлы ой-пікірлеріңізді ортаға салуға шақырамын», – деді Жансейіт Қансейітұлы.

Өз кезегінде сөз алған қоғам белсенділері мен қала тұрғындары атқарылып жатқан шаруаларға халық дән риза екенін айтты. Әсіресе, қараусыз қалған өзен бойындағы абаттандыру жұмыстары көптің көңілінен шығып отыр.

«Бүгінде әкімдіктің араласуымен Қошқар ата өзенінің мәселесі Ордабасы алаңына дейін шешілді деп айтуға болады. Ендігі проблема Ескі қалашық маңындағы жеке тұрғын үйлер болып отыр. Кеңес үкіметі кезінде қазіргі 21 мөлтекауданында да жер үйлер болған. Олар кезең-кезеңімен сүріліп, орнына көпқабатты тұрғын үйлер бой көтерді. Тәуелсіздік алған жылдары бұл жұмыстар тоқтап қалды. Меніңше осындай тәсілмен Ескі қалашықты да жаңартып алуымыз керек», – деді өлкетанушы Кеңесбай Исмаилов.

Сондай-ақ жиында сөз алған қоғам белсендісі Жанысбек Өтеген облыс басшысының халықпен ақылдаса отырып, атқарған жұмыстарына қуанатынын жеткізді. Ол саябақтар мен арбаттарға қазақ халқының қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан тұлғаларға арнап ескерткіш қоюды ұсынды. Өңір басшысы айтылған ұсыныс-пікірлер алдағы уақытта ескерілетінін жеткізді.

АКИМ ПОСОВЕТОВАЛСЯ С ЖИТЕЛЯМИ ПО ВОПРОСАМ СТРОИТЕЛЬСТВА АРБАТА

Аким ЮКО Жансейт Туймебаев ознакомился на площадке у родников реки Кошкарата с проектами по реконструкции реки Карасу, канала «Кошкарата», Старого города и строительство Арбата. Напомним, недавно глава региона посетил исторические объекты Старого города и улицы Шымкента, на которых появится свой Арбат. Он поручил специалистам подготовить ряд проектов, которые окажут влияние на развитие сферы туризма.

Одними из них является благоустройство реки Кошкарата и строительство музея под открытым небом на территории цитадели, расположенной на городище. По мнению экспертов, для реализации этого проекта необходимо решить вопрос с полным освобождением сохранившейся части городища от современных построек. Глава региона призвал жителей, принявших участие в мероприятии, отнестись к предстоящим мерам по реконструкции русла реки с пониманием.

«В текущем году для того, чтобы реализовать этот проект, нам нужно выполнить ряд работ, – рассказал он. – Среди них изъятие земель для нужд государства, на которых расположено 118 объектов. Нам необходимо совместно обсудить эти вопросы. Я призываю вас поделиться своими мнениями и мыслями».

В свою очередь, общественные активисты и жители города выразили свое понимание к проводимым мерам и положительно оценили работы по благоустройству территории вдоль реки.

«Можно сказать, что сегодня вопрос по благоустройству территории вдоль реки Карасу и канала «Кошкарата» решен при содействии акимата. Следующий вопрос – частные жилые дома, расположенные в Старом городе. Все помнят, что в советское время на месте 21-го микрорайона располагались частные постройки Старого города, которые были поэтапно снесены, а вместо них возвели многоэтажные жилые дома. В начале трудных 90-х годов эти работы прекратились. На мой взгляд, нам нужно таким образом обновить Старый город, сохраняя историческую конфигурацию улиц», – сказал краевед Кенес Исмаилов.

Наряду с этим, в ходе встречи общественный активист Жанысбек Өтеген поблагодарил главу региона за встречу и за совместное обсуждение предстоящих работ. Также он предложил устанавливать в парках и на Арбате памятники лицам, внесшим значительный вклад в становление и развитие страны. Глава региона заверил жителей, что их предложения будут учтены в будущем.

2018
6 наурыз



2018
6 марта

«ПРЕЗИДЕНТТИҢ БЕС ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАСЫ» ӨНІРДІҢ ДАМУЫНА СЕРПІН БЕРЕДІ

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімі Жансейіт Түймебаевтың төрағалығымен «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа үндеуі бойынша кеңейтілген мәжіліс өтті. Облыс әкімі басты мақсат – Елбасы бастамаларын толығымен жүзеге асырып, облыстың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеру мен тұрғындардың әл-ауқатын жақсарту екендігін атап өтті.

«Бірінші бастама: «Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру». Бұл мақсатта, ағымдағы жылы өңірде тұрғын үй құрылысын белсенді түрде іске асыру біздің басты назарымызда. Мәселен, 77 нысанның құрылысына 27,4 млрд. теңге қарастырылды. «Ауыл мұғалімі мен дәрігеріне қызметтік пәтер» жобасы басталып, биыл 9 ауданның 20 елді мекенінде 212 пәтерлі 20 қызметтік тұрғын үй құрылысын бастаймыз. Жалпы ағымдағы жылы барлық қаржыландыру көздері есебінен 730 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беруді межелеп отырмыз. Бұдан бөлек, 13,8 млрд. теңгені құрайтын 22,9 мың ш.м немесе 1644 пәтерлі 28 тұрғын үйдің жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленіп, республикалық бюджеттен қосымша қаржы бөлуге тиісті ұсыныс берілді», – деді Жансейіт Қансейітұлы.

Облыс басшысы Елбасы көтерген өзге де әлеуметтік бастамалардың өңірде орындалуын жүйеледі. Мәселен, «Шағын несие беруді көбейту» бойынша «Оңтүстік» аймақтық инвестициялық орталығы арқылы 4 млрд. теңгеге шағын және орта бизнеске көмек көрсетілу жоспарланған. Жастарды қолдау мақсатында «Жас кәсіпкер» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бағдарлама аясында кәсіпкерлікпен айналысуға ниет білдірген жастарға көпшілік 2 млн. теңге көлемінде несие қаражаты ұсынылады.

2018 жылы «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасымен 90 мың адам жұмыспен қамту шараларымен қамтылады. Ел қазынасынан қосымша бөлінетін 20 млрд. теңгеден өңірдің кәсіпкерлері де тиісті үлесін алатын болады.

Жиынға қатысқан мемлекет және қоғам қайраткерлері, ел белсенділері Елбасы бастамаларын қолдап, Үндеуде атап көрсетілген мәселелер жүйелі түрде орындалу қажеттігін алға тартты.

ПЯТЬ СОЦИАЛЬНЫХ ИНИЦИАТИВ ДАДУТ ИМПУЛЬС РАЗВИТИЮ ОБЛАСТИ

В акимате области состоялось расширенное заседание под председательством акима области Ж. Түймебаева, на котором говорили об исполнении в регионе социальных инициатив, озвученных Главой государства. В ходе встречи глава региона подчеркнул, что главная цель – полностью реализовать инициативы Президента, направленные на повышение социально-экономического положения региона и улучшение благосостояния населения.

«Первая инициатива: «Новые возможности приобретения жилья для каждой семьи». С этой целью, в этом году основное внимание уделяется активному строительству жилья в регионе. К примеру, на строительство 77 объектов предусмотрено 27,4 миллиарда тенге. Более того, началась реализация проекта по строительству служебных квартир для учителей и врачей. Для них в текущем году в 20 населенных пунктах девяти районов области начнется строительство 20 жилых домов на 212 квартир. В этом году за счет всех источников финансирования мы планируем ввести в эксплуатацию 730 тысяч квадратных метров жилья. Также на сумму 13,8 миллиарда тенге разработана проектно-сметная документация по строительству 28 жилых домов на 1644 квартир общей площадью 22,9 тысячи квадратных метров, предложено выделить дополнительные средства из республиканского бюджета», – сказал Ж. Түймебаев.

Глава региона поручил систематизировать в области исполнение социальных инициатив Главы государства. К примеру, для развития предпринимательства в текущем году через РИЦ «Онтустик» планируется оказать помощь малым и средним предприятиям на сумму четыре миллиарда тенге. Кроме того, в области реализуется программа «Жас кәсіпкер», направленная на поддержку молодежи. В рамках данной программы кредиты до двух миллионов тенге будут выданы будущим молодым предпринимателям.

В ходе совещания участники встречи поддержали инициативы Главы государства и подчеркнули необходимость систематизировать исполнение данных социальных инициатив.



АНАҒА ҚҰРМЕТ – БАРШАҒА МІНДЕТ!

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Ж.Түймебаев Шымкент қаласындағы қарттар үйінде болды. Онда жалғызбасты әйел азаматтарын 8 наурыз «Халықаралық әйелдер күні» мерекесімен құттықтап, сый-сияпат жасады.

«Сіздерді, көктемнің алғашқы мерекесі 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Көктем мерекесі көңілдеріңізге қуаныш сыйлап, жүздеріңізге нұр шашсын. Бүгінде өңір тұрғындарының 1 млн. 446 мыңын нәзік жандылар құрайды. Бұл дегеніміз еліміздегі бұрымдылардың ең көбі біздің облыста дегенді білдіреді. Олардың арасында ақыны да, жазушысы да, ғалымы да, тіпті үйдің де, түздің де жұмысын қатар алып жүрген кәсіпкер де бар. Аймақтың экономикалық дамуына қаракөз аруларымыздың қосып келе жатқан үлесі орасан зор деп білемін», – деді Жансейіт Қансейітұлы.

Сондай-ақ облыс әкімінің орынбасары Е.Садыр облыстық ардагерлер үйінде болып, өңір басшысының атынан ақ жаулықты аналарды айтулы мерекемен құттықтады.

УВАЖЕНИЕ К МАТЕРИ – ДОЛГ КАЖДОГО!

Акиму ЮКО Жансеит Туймебаев посетил в Шымкенте Дом престарелых, где поздравил всех женщин с Международным женским днем – 8 марта – и вручил подарки.

«Уважаемые женщины, дорогие мамы! От всей души поздравляю вас с первым весенним праздником – Международным женским днем! Пусть весеннее настроение никогда не покидает ваши сердца. Искренне желаю каждой из вас крепкого здоровья, семейного благополучия, счастья и любви. На сегодняшний день 1 миллион 466 тысяч жителей региона составляют женщины. Это означает, что большая часть представительниц прекрасного пола проживает в нашей области. Среди них и акыны, и писатели, и ученые – наши женщины проявляют себя в самых различных сферах. Вы вносите огромный вклад в экономическое развитие нашего региона», – сказал Ж. Туймебаев.

Наряду с этим, заместитель акима области Е. Садыр посетил областной дом ветеранов, поздравив женщин от имени главы региона с этим знаменательным праздником.



ҚЫТАЙМЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ БАЙЛАНЫС ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ


Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев Қытай Халық Республикасының Инвестиция және даму комитеті департаментінің басшы Чинь Юйцай бастаған делегациямен кездесті. Тараптар басқосуда өзара экономикалық байланыс жайында әңгіме өрбітіп, алдағы уақытта бұл қарым-қатынасты одан әрі нығайту жайын талқылады.

Кездесуде облыс әкімі өңіріміздің экономикалық әлеуетін айта келе, көрші елмен алыс-берісті күшейту бағытында бірқатар ұсыныс пікірлерін жеткізді.

«Меніңше бұл кездесу екі тарап үшін де тиімді болады. Себебі біздің өңірде кәсіпкерлікпен айналысу үшін ыңғайлы жағдай жасалған. Ол қытайлық кәсіпкерлерді қызықтырады деп ойлаймын. Алдағы уақытта әріптестік қарым-қатынасты туризм және инвестициялық даму бағытында да нығайта түсеміз деген сенімдемін», – деді Жансейіт Қансейітұлы.

Оңтүстік өңірі жайлы ақпаратқа қаныққан қонақтар да бірлесіп жұмыс істеуге мүдделі екендіктерін жеткізді. Олар Қытайда білім саласына қатысты жаңа бастама іске асырылғалы жатқанын айта келе, қазақстандықтарды өз елдеріне оқуға шақырды.

Айта кетейік, Қытай елінде қазірдің өзінде 15 мыңға тарта қазақстандық жас білімін жетілдіріп жүр. Екі ел арасындағы жобалар оң шешімін тапса, бұл көрсеткіш еселеп артуы мүмкін. Өйткені қытайлық оқу орындары биыл тағы грант бөліп отыр.



ЭКОНОМИЧЕСКИЕ СВЯЗ С КИТАЕМ – НА ВЫСОКОМ УРОВНЕ

Аким Южно-Казахстанской области Ж. Туймебаев встретился с делегацией во главе с руководителем Департамента инвестиций и развития Китайской Народной Республики Чинь Юйцай. На встрече стороны обсудили вопросы развития экономических отношений и дальнейшее их укрепление.

В ходе встречи аким области отметил экономический потенциал региона и внес ряд предложений, направленных на усиление партнерских отношений с Поднебесной.

«Я думаю, что встреча будет эффективной для обеих сторон, так как в нашем регионе созданы все условия для ведения бизнеса, и они заинтересуют китайских предпринимателей. Между двумя странами сложились добрососедские отношения. Надеюсь, что партнерские отношения мы будем укреплять и в сфере туризма и инноваций», – сказал Ж. Туймебаев.

В свою очередь гости из Поднебесной выразили заинтересованность в совместной работе и призвали казахстанцев обучаться в их стране, заявив, что Китай собирается реализовать новую образовательную инициативу.

Стоит отметить, в настоящее время в Китае обучается около 15 тысяч казахстанцев. В случае положительного решения по ряду проектов, данный показатель может вырасти в разы, так как в этом году учебные заведения Китая выделяют дополнительные образовательные гранты.



АУДАНДАРДЫҢ ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ҚАТАҢ БАҚЫЛАНАДЫ

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев аудан, қала әкімдерінің 2025 жылға дейінгі даму тұжырымдамасы мен 2018 жылы атқарылатын жұмыстарын тыңдауға кірісті. Қабылдауда Бәйдібек ауданының әкімі Бахытбек Танагөзов ауданның әлеуметтік-экономикалық даму концепциясы – ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерлік саласын дамыту және туризмді өркендетуге бағытталып отырғанын атап өтті.

«Аталған даму құжаты аясында 2025 жылдар ішінде ауданда жалпы құны 134 млрд. теңге шамасында болатын 26 жоба іске асып, жаңадан 700-ге жуық жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда. Ал аудан бойынша жасалған тұрғындардың тұтынуын талдау нәтижесінде өнеркәсіптің төмендегі салаларын дамыту қажеттілігі анықталды. Олар – ет-сүт өнімдері, өсімдік майы, макарондар, жармалар мен құрылыс заттары», – деді аудан әкімі.

Ауыл шаруашылығының дамуына негізгі серпіліс беретін фактордың бірі – жерді заманауи үнемдеу және жаңа технологияны қолдану арқылы суландыру. Облыс басшысы осы бағыттағы жұмыстарды мықтап қолға алып, игерілмеген жер алқаптарын қолданысқа қосуды тапсырды. Шағын бизнес нысандарын көбейту керектігін айтты.

Жиында мұнан соң Қазығұрт ауданының әкімі Төлеген Телғараев баяндама жасап, алдағы уақытта ауданда жүзеге асырылатын жобалармен таныстырды. Ауданның дамуына серпіліс беретін тұжырымдамада ауыл шаруашылығына, яғни, мал шаруашылығы мен егіншілікке басымдық берілген. Концепцияда көрсетілгендей, ауданда 2018-2025 жылдар ішінде жеміс-жидек көлемі 150 гектарға ұлғайтылып, жалпы 915 га жерге көпжылдық жеміс ағаштары егіледі деп жоспарлануда. Сонымен қатар осы жылдар ішінде 80 гектар жерге жылыжай салынбақ.

Мал шаруашылығын дамыту арқылы тұрғындардың тұрмыс-тіршілігін жақсартудың басты құралы екенін айтқан аудан әкімі 2025 жылға дейін ірі қараны 9 мың 400 басқа, ұсақ малды 36 мың басқа көбейту жоспарда бар екенін атап өтті.

Аудан әкімінің даму концепциясын мұқият тыңдаған облыс әкімі Ж.Түймебаев «Қазығұрт – Кеме қалған» туристік аймақты басты назарда ұстауды және жылыжай көлемін арттыру жайы мен қарқынды бауды өркендетуді тапсырды. Мұнан басқа мал шаруашылығымен айналысатын кооператив құруды, оның ішінде құс шаруашылығымен айналысатын кооперативтерді дамытуды жүктеді.



В АКИМАТЕ ОБСУДИЛИ КОНЦЕПЦИЮ РАЗВИТИЯ РАЙОНОВ

Аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев принял акимов Байдибекского и Казыгуртского районов. В ходе встречи главу региона ознакомили с Концепцией развития районов до 2025 года и планами предстоящих работ на текущий год. В семилетнем плане предусматривается развитие ряда отраслей, включая ЖКХ, сельское хозяйство, туризм и предпринимательство.

В ходе приема аким Байдибекского района Бахытбек Танагөзов отметил, что концепция социально-экономического развития района направлена на развитие сельского хозяйства, предпринимательства и туризма.


«В рамках данного проекта, до 2025 года планируется реализовать 26 проектов на общую сумму порядка 134 миллиарда тенге с созданием около 700 рабочих мест. В результате проведенного анализа потребности населения выявлена необходимость развития производства мясной и молочной продукции, растительного масла, макаронных изделий, круп и строительных материалов», – сказал аким района.

Стоит отметить, одним из ключевых факторов развития сельского хозяйства района должно стать орошение земель с использованием новых и современных технологий. С учетом этого глава региона поручил усилить работы в этом направлении, а также ввести в оборот неиспользуемые земли.

Наряду с этим, аким Казыгуртского района Төлеген Телғараев выступил с докладом и рассказал о проектах, реализуемых в районе в ближайшее время. По словам акима района, в концепции приоритет отдается развитию сельского хозяйства, в том числе животноводству и растениеводству, что в свою очередь придаст импульс развитию района. Согласно концепции, в районе планируется увеличить площадь плодово-ягодных культур на 150 гектаров, а на общей площади 915 га посадить многолетние плодовые деревья.

Вместе с тем, говоря о развитии животноводства, аким района отметил, что к 2025 году планируется увеличить численность крупного рогатого скота на 9400 голов и мелкого рогатого скота на 36 тысяч голов.

Ознакомившись с концепцией развития района, аким области поручил главе района не упускать из виду развитие туристической зоны «Кеме қалған», увеличить площадь теплиц и интенсивных садов, а также усилить работу по созданию кооперативов, занимающихся животноводством и птицеводством.



ШЫМКЕНТBUILD-2018 МАМАҢДАНЫРЫЛҒАН КӨРМЕСІ ӨТТІ

Шымкент қаласында «ShymkentBuild-2018» атты құрылыс және интерьер көрмесі өтті. Үш күнге созылған шараның мақсаты – құрылыс секторында озық технологияларды жетілдіріп, отандық және шетелдік кәсіпорындардың жетістіктерін паш ету. Сондай-ақ мемлекеттік органдар мен қаржы институттарының, ғылым мен бизнестің арасында алтын көпір орнату болып табылады.

Көрмеге Қазақстан, Өзбекстан және Ресей елдерінің 30-ға жуық кәсіпорнының құрылыс, әрлеу материалдары мен жабдығы, лак-сыр өнімдері, құрылыс техникасы, ғимараттарды автоматтандыру құрылғылары мен жылыту, сумен қамту жабдықтары қойылды.

Облыс әкімі Жансейіт Түймебаев көрмеге қатысушыларға алғысын білдіріп, шараның маңыздылығына тоқталды.

Өңір басшысы жуырда ғана Елбасымыз бес әлеуметтік бастаманы нақтылап бергенін айтып, осыған орай ағымдағы жылы Оңтүстік Қазақстан облысында тұрғын үй салу қарқыны күшейе түсетіндігін жеткізді. Бұл ретте бүгінгі ұйымдастырылып отырған ShymkentBuild-2018 көрмесі өңірдегі құрылыс индустриясының дамуына маңызды үлес қосқаны сөзсіз.

В ЮКО ПРОШЛА СПЕЦИАЛИЗИРОВАННАЯ ВЫСТАВКА «SHYMKENTBUILD-2018»

В Шымкенте прошла строительная и интерьерная выставка «ShymkentBuild-2018». Целью мероприятия стало совершенствование передовых технологий в строительном секторе, популяризация достижений отечественных и зарубежных предприятий, а также налаживание контактов между государственными органами и финансовыми институтами, наукой и бизнесом.

На выставке была представлена продукция около 30 предприятий Казахстана, Узбекистана и России. Это строительные и отделочные материалы, лакокрасочная продукция, строительная техника, устройства для автоматизации зданий, оборудования для системы отопления и водоснабжения.

Приняв участие в открытии выставки, аким области Ж. Туймебаев выразил благодарность участникам и отметил значимость проводимого мероприятия. Он подчеркнул, что Глава государства озвучил свое Обращение к народу «Пять социальных инициатив Президента». В связи с этим в ближайшие годы в области увеличатся темпы строительства жилья. По словам акима, выставка ShymkentBuild-2018 внесет существенный вклад в развитие строительной индустрии региона.



ШЫМКЕНТBUILD-2018 МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН КӨРМЕСІ ӨТТІ

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Ж.Түймебаев ҚР Ұлттық ұланы Бас қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік – құқықтық жұмыстары жөніндегі орынбасары генерал – майор М.Сатовты, Ұлттық ұлан жауынгерлері «Айбын» орденінің иегері аға лейтенант Е.Отарбаевты, «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалінің иегері С.Сүндетовты ата-аналарымен қабылдады.

Кездесуде барысында генерал – майор М.Сатов өңір басшысына Ұлттық ұланның Шымкент қаласында орналасқан әскери бөлімдерінің атқаратын жауынгерлік қызметі мен әлеуметтік жағдайы туралы баяндады. Сондай-ақ Ұлттық ұлан жауынгерлерінің ерлігі мен қайсарлығы туралы түсірілген «Алтыншы бекет» көркем фильмі жайлы әңгімеледі.

Өз кезегінде аймақ басшысы көзсіз батырлығымен көзге түсіп, жоғары дәрежедегі марапатқа иелік еткен азаматтардың ерлігін көпке үлгі етіп, насихаттау керектігін айтты.

«Мұндай батырларымыздың көп болуы – еліміз үшін абырой. Сондықтан қасық қаны қалғанша отанын қорғауға дайын азаматтарды, олардың елі үшін жасаған жанқиярлық әрекетін халыққа көрсете түсу керек», – Жансейіт Қансейітұлы.

Жауынгер Е.Отарбаев 2010 жылы 22 маусымда Ақтау қаласындағы түзеу мекемесін күзету кезінде қатаң тәртіптегі колониядан қашпақ болған 21 жазасын өтеушіге жалғыз өзі тосқауыл қойған. Осы ерлігі үшін ол III дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталған.

«Жансейіт Қансейітұлы, қызметтік міндетімді орындау барысында жасаған әрекетімді ескеріп, құрмет көрсетіп отырғаныңызға алғысымды білдіремін. Менің орнымда басқа жауынгер болғанда, ол да тура сондай әрекеттер жасайтын еді деп ойлаймын. Себебі Отанын қорғау – әрбір азаматтың қасиетті борышы», – деді Ербол Отарбаев.

Кездесу соңында облыс әкімі ерліктері өскелең ұрпаққа үлгі болған Е.Отарбаев пен білікті жауынгер С.Сүндетовке және олардың ата-аналарына құрмет көрсетіп, алғыс хат табыстады.



ЗА МУЖЕСТВО И ОТВАГУ!

Аким Южно-Казахстанской области Ж. Туймебаев принял заместителя Главнокомандующего Национальной гвардией Республики Казахстан по воспитательной и социально-правовой работе генерал-майора М. Сатова, служащего Национальной гвардии РК, обладателя ордена «Айбын» старшего лейтенанта Е. Отарбаева, а также С. Сундетова, награжденного медалью «За боевые заслуги» и их родителей.

В ходе встречи генерал-майор М.Сатов проинформировал главу региона о несении службы и социальном состоянии воинских частей Национальной гвардии, расположенных в Шымкенте. Участники также обсудили фильм «Шестой пост».

В свою очередь глава региона отметил проявленное мужество служащих и подчеркнул необходимость пропагандировать такие героические поступки.

«Для нас это честь, когда в стране столько героев. Необходимо как можно чаще рассказывать народу о таких служащих, которые самоотверженно защищают свою родину», – сказал Ж. Туймебаев.

Напомним, в Актау в июне 2010 году, находившийся на посту рядовой срочной службы Ербол Отарбаев, которому на тот момент было 19 лет, проявил героизм и противостоял 21 вооруженному заключенному. За этот подвиг он был награжден орденом «Айбын» III степени.

«Жансеит Кансеитович, я благодарен вам, что Вы сегодня нас приняли и не забыли про тот случай. Думаю, что любой солдат на моем месте поступил бы точно так же, поскольку защита Родины является священным долгом и обязанностью каждого гражданина», – сказал Е. Отарбаев.

В завершение встречи аким области вручил Е. Отарбаеву и С. Сундетову благодарственные письма.



ТАРИХИ АТАУ – ӨҢІР ШЕЖІРЕСІ

Талай тұлғалар түлеп ұшқан киелі мекен Түлкібас ауданының атауын «Түркібасы» деп өзгерту туралы ұсыныс дер кезінде көтеріліп отыр. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өңіріміздегі жер, су аттары тарихи атауларына қайта қол жеткізіп келеді. Осы бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатын болады. Бұл туралы облыстық мәслихаттың кезекті XI сессиясында Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев мәлім етті.

Облыстық мәслихат сессиясының күн тәртібінде негізгі 21 мәселе қаралды.

Сессия барысында республикалық ономастика комиссиясының қарауына Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түлкібас ауданының атауын қайта атау жөніндегі ұсынысы енгізілді.

«Соңғы жылдары бұл мәселе бірнеше рет көтерілді. Кеңес заманында ауданның тарихи аты бұрмаланғаны тарихшы ғалымдарға да белгілі. Сондықтан Түлкібасы атауын Түркібасы деп өзгерту туралы ұсынысты бірауыздан қолдаймын. Аталған мәселе облыстық әкімдік пен облыстық мәслихат тиісті шешім шығарып, облыстық ономастикалық комиссияда қаралды. Соңғы шешімді республикалық ономастикалық комиссия қабылдайтын болады», – деді Жансейіт Түймебаев.



ИСТОРИЧЕСКОЕ ПЕРЕИМЕНОВАНИЕ – В ЛЕТОПИСИ ОБЛАСТИ

Предложение переименовать Тюлькубасский район в Тюркибасский своевременно. В рамках программной статьи Главы государства «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» многие населенные пункты и реки нашего региона возвращаются к своим историческим названиям. Работа в этом направлении будет продолжена и в будущем. Об этом на очередной XI сессии областного маслихата сообщил аким Южно-Казахстанской области Жансеит Түймебаев.

Отметим, на повестке сессии был обозначен 21 вопрос. В частности, было предложено внести на рассмотрение республиканской ономастической комиссии при Правительстве РК предложение по переименованию Тюлькубасского района Южно-Казахстанской области.

«Этот вопрос неоднократно поднимался в последние годы. Ученым известно, что в советское время историческое название района было искажено. Поэтому я поддерживаю ваше предложение переименовать Тюлькубасский район в Тюркибасский. По данному вопросу областной акимат и областной маслихат вынесли соответствующее решение, которое рассмотрено областной ономастической комиссией. Окончательное решение будет принято республиканской ономастической комиссией», – сказал Ж. Түймебаев.







ҚАЗЫҒҰРТТЫҢ БАУРАЙЫНДАҒЫ ЕСТЕН КЕТПЕС НАУРЫЗ

Оңтүстік Қазақстан облысы Ұлыстың ұлы күні – өз Наурыз мерекесін ерекше сән-салтанатпен бастады. «Наурыз Қазығұрттан басталады» мерекелік іс-шарасы алғаш рет 1500-ге жуық өнерпаздың, мыңдаған өңір тұрғындарының қатысуымен Қазығұрт ауданы, Атбұлақ ауылындағы Қазығұрт тауының бөктерінде ұйымдастырылды.

Ұлық мерекеге орай тау бөктеріндегі этноауылға 40-тан астам киіз үй тігіліп, алтыбақандар, ұлттық ойындарға арналған алаңшалар орналастырылған. Наурыз мейрамына жиналған қауым этноауыл ішіндегі қолөнер шеберлері мен ұлттық тағамдардың көрмесін тамашалады. Салтанатты шараның басты сахнасы Нұқ пайғамбардың кемесі іспеттес безендірілген.

Мереке «Тіршіліктің бастауы – Қазығұрт» қойылымымен басталды. «Наурыз Қазығұрттан басталады» іс-шарасына облыстық мәдениет және тілдерді дамыту басқармасына қарасты мәдениет және өнер мекемелерінің өртістері және «Шамсинур», «Фараб», «Тұмар», «Жұлдыздар», «Таңшолпан», «Қаракөз», «Шаттық» би ұжымдары мен 500 жылқы мен түйелі күймелер қатысты.

Рухты көтерген думанда Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев сөз алып, көпшілікті Наурыз мерекесімен құттықтады.

«Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу», – деп айтқан сөзі бар. Ал, ұлттық код деген қайда десек, оның қайнар көзі – өз Наурызда. Ұлыстың ұлы күнінде қазақ мәдениеті мен руханиятының бар інжу-маржаны жарыққа шығады. Наурызда дәстүрлі ән шырқалып, күй шертіледі, дәстүр бойынша жастар үлкендермен көріседі. Өкпе-наз, реніштер ұмытылады. Яғни, Наурыз – ынтымақ, үлкенге құрмет, мейірім мен кешірімділік секілді ізгі қасиеттер дәріптелетін мереке», – деді Жансейіт Қансейітұлы.

Мұнан соң облыс әкімі бірқатар азаматтарға «Оңтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы» атағын тапсырды. Сондай-ақ, «Туған жерді түлету перзенттік парызымыз» жобасы аясында ел ықыласына бөленген ел азаматтарын марапаттады.

Осы мерекеде Қазығұрт тауының баурайында «Кемеқалған» туристік нысанының қазығы қағылды. Қазығұрттың биігіне орнатылатын кеме пішіндес ғимараттың ұзындығы 137 метр, ені 30, ал биіктігі 15 метр, яғни, үш қабатты болады деп жоспарланған. Мұнда музей, қонақ үй, мейрамхана, көру алаңдары және екі шақырым көлік жолы мен жаяу жүргіншілер жолы, атшабар салынады.



НАУРЫЗ НАЧИНАЕТСЯ В КАЗЫГУРТСКОМ РАЙОНЕ

Праздничное мероприятие под названием «Наурыз Қазығұрттан басталады» прошло в селе Атбулак Казыгуртского района у подножья горы Казыгурт. В нем приняли участие около 1500 мастеров искусства.

В честь праздника в этноаулах, расположенных в предгорьях гор, установили более 40 юрт, специальные мини-сцены для алтыбакана и национальных традиций и обычаев, а также площадки для национальных игр. Народ, собравшийся на празднование Наурыза, посмотрел выставку мастеров прикладного искусства и национальных блюд.

В мероприятии приняли участие артисты учреждения культуры и искусства, подведомственные областному управлению культуры и развития языков и танцевальные коллективы «Шамсинур», «Фараб», «Тұмар», «Жұлдыздар», «Таңшолпан», «Қаракөз», «Шаттық», было также привлечено 500 лошадей, 500 голубей и верблюжьи повозки.

В ходе торжественного мероприятия выступил аким Южно-Казахстанской области Ж. Түймебаев, который поздравил с праздником Наурыз.

«В своей программной статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» Глава государства отметил, что первым условием модернизации является сохранение своей культуры, собственного национального кода. Без этого модернизация превратится в пустой звук. В этот светлый праздник проявляются все яркие традиции и обычаи казахской культуры и духовности. В день весеннего равноденствия поют традиционные песни, исполняют кюи, терме, проводят состязание акынов. В праздник Наурыз по традиции молодежь встречается со старшими. В этот прекрасный день забываются все обиды и ссоры, ведь Наурыз символизирует высокие ценности, такие, как связь времен и поколений, дружбу и согласие, единство, братство, толерантность и стабильность», – сказал Ж. Түймебаев.

В этот день ряд граждан получили звание «Почетный гражданин Южно-Казахстанской области». Также, в рамках проекта «Туған жерді түлету перзенттік парыз», глава региона наградил жителей, внесших значительный вклад в общественную жизнь региона.

К слову, власти планируют создать специальный комплекс на горе Казыгурт. Трехэтажный ковчег будет установлен на вершине горы, высота которого составит 137 метров, ширина – 30 метров, высота – 15 метров. Кроме того, планируется построить музей, гостиницу, рестораны и смотровые площадки.



03-НАУРЫЗДА ШЫМКЕНТТЕ АРБАТ АШЫЛДЫ

Қазығұрттан бастау алған Ұлыстың ұлы күні мерекесі 22 наурызда Шымкент қаласында жалғасты. Бұл күнгі мерекенің ерекшелігі – жаңа арбаттың ашылуынан басталуы. Салтанатты шараға қатысқан облыс әкімі Жансейіт Түймебаев шаһар тұрғындарын жаңа демалыс орнының ашылуымен құттықтады.

Мереке қаладағы Орталық атшабардағы ұлттық спорт ойын түрлерінен өткен жарыспен жалғасты. Наурыз алаңындағы мерекеді көпшілікті облыс басшысы Ұлыстың ұлы күнімен құттықтады.

«Наурыз мейрамы табиғаттың тылсым құдіреті күн мен түннің теңесер сәтіне тұспа-тұс келгенімен ерекшеленеді. Бұл күн – жаңару, жасару кезеңі. Ұлыстың ұлы күні дәл бүгін отызыншы рет тойланып отыр. Бұл – Тәуелсіздігіміздің, Мемлекет басшысының жүргізіп отырған саясатының жемісі», – деген Жансейіт Қансейітұлы облысқа еңбегі сіңген бірқатар азаматтарды « марапаттады.

Мерекелік тарту «Шаттық», «Айгөлек» би ансамбльдерінің «Көктем Оңтүстіктен басталады» атты хореографиялық қойылымымен жалғасты. Сахнада көктемге арналып «Айтыс» музыкалық нөмірі көрсетілді. Оңтүстік халқын ұлық мерекемен құттықтап, елімізге белгілі «Ұлытау», «Алашұлы», «Өркен» сынды ұжымдар әннен шашу шашты. Ш.Қалдаяқов атындағы облыстық филармонияның Сүгір атындағы ұлт аспаптар оркестрі мен облыстық опера және балет театрының симфониялық оркестрі елге көтеріңкі көңіл сыйлады.

Бұдан бөлек облыс әкімі Наурыз мейрамында бір топ азаматқа әкімшілік-іскерлік орталығында «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында №37 үйдің пәтер кілттерін табыстады. Ұлыстың ұлы күнінде баспаналы болған отбасылар қуанышқа кенелді.



03-НАУРЫЗДА ШЫМКЕНТТЕ АРБАТ АШЫЛДЫ

Қазығұрттан бастау алған Ұлыстың ұлы күні мерекесі 22 наурызда Шымкент қаласында жалғасты. Бұл күнгі мерекенің ерекшелігі – жаңа арбаттың ашылуынан басталуы. Салтанатты шараға қатысқан облыс әкімі Жансейіт Түймебаев шаһар тұрғындарын жаңа демалыс орнының ашылуымен құттықтады.

Мереке қаладағы Орталық атшабардағы ұлттық спорт ойын түрлерінен өткен жарыспен жалғасты. Наурыз алаңындағы мерекеді көпшілікті облыс басшысы Ұлыстың ұлы күнімен құттықтады.

«Наурыз мейрамы табиғаттың тылсым құдіреті күн мен түннің теңесер сәтіне тұспа-тұс келгенімен ерекшеленеді. Бұл күн – жаңару, жасару кезеңі. Ұлыстың ұлы күні дәл бүгін отызыншы рет тойланып отыр. Бұл – Тәуелсіздігіміздің, Мемлекет басшысының жүргізіп отырған саясатының жемісі», – деген Жансейіт Қансейітұлы облысқа еңбегі сіңген бірқатар азаматтарды « марапаттады.

Мерекелік тарту «Шаттық», «Айгөлек» би ансамбльдерінің «Көктем Оңтүстіктен басталады» атты хореографиялық қойылымымен жалғасты. Сахнада көктемге арналып «Айтыс» музыкалық нөмірі көрсетілді. Оңтүстік халқын ұлық мерекемен құттықтап, елімізге белгілі «Ұлытау», «Алашұлы», «Өркен» сынды ұжымдар әннен шашу шашты. Ш.Қалдаяқов атындағы облыстық филармонияның Сүгір атындағы ұлт аспаптар оркестрі мен облыстық опера және балет театрының симфониялық оркестрі елге көтеріңкі көңіл сыйлады.

Бұдан бөлек облыс әкімі Наурыз мейрамында бір топ азаматқа әкімшілік-іскерлік орталығында «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында №37 үйдің пәтер кілттерін табыстады. Ұлыстың ұлы күнінде баспаналы болған отбасылар қуанышқа кенелді.



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨЗБЕКСТАН ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВЕЛОШЕРУ

Наурыздың соңғы аптасында Ташкент-Шымкент велошеруінің қатысушылары 130 шақырым қашықтықты артқа тастап Шымкент қаласына келді. Таңғы сағат 10-да Ташкенттің орталығынан бастау алған велошеруге Қазақстан және Өзбекстан азаматтары қатысты. Қатысушылар арасында ең үлкенінің 60 жаста болса, ең кішкентайы – 11 жаста. Айта кетейік, қатысушылардың барлығы кәсіпқой велосипедшілер емес.

Велошеруге қатысушылар 130 шақырымды басып өтіп, кешкі 18:00-де Шымкент қаласының орталығына келіп жетті. Оларды оңтүстікқазақстандықтар зор қошеметпен қарсы алды. Облыс әкімі Жансейіт Түймебаев қатысушыларды құттықтады.

«Қазақ пен өзбек – түбі бір туысқан халықтар. Екі елдің мәдениеті мен тілі ұқсас. Қазақстан мен Өзбекстан бұл байланысты тәуелсіздік жылдары сақтап қана қоймай, нығайтып, жаңа деңгейге көтеруде. Өзбекстан Президентінің Қазақстанға жұмыс сапары аясында Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Шавкат Мирзиёевпен кездесті. Кездесу нәтижесінде 2018 жылы Қазақстан Республикасындағы Өзбекстан жылы болып жариялануына байланысты екі елдің достастығын арттыру үшін халықаралық велошеруі ұйымдастырылып, өз мәресіне жетіп отыр. Бұқаралық спорттық іс-шараға қатысушылар қала тұрғындарына үлгі болып, жастарымыздың спортқа деген қызығушылығы артатынына сенімдімін», – деген өңір басшысы қатысушыларды дипломмен марапаттады.

Халықаралық велошеруге Қазақстан велоспорт федерациясының вице-президенті Райымбек Батталов бастаған қонақтар да қатысты.



МЕЖДУНАРОДНЫЙ ВЕЛОПРОБЕГ, ПОСВЯЩЕННЫЙ ГОДУ УЗБЕКИСТАНА В КАЗАХСТАНЕ

В конце последней недели марта участники велопробега «Ташкент-Шымкент» прибыли в наш город, преодолев дистанцию длиной 130 км. В 10.00 утра по казахстанскому времени был дан старт велопробегу из самого центра Ташкента. Желание принять участие в международном велопробеге изъявили граждане Казахстана и Узбекистана. Самому старшему участнику велопробега оказалось 60 лет, самому младшему – 11. Участники международного велопробега – непрофессиональные велосипедисты, любители велоспорта.

Преодолев расстояние 130 км, участники велопробега доехали в город вечером в 18.00. Южноказахстанцы встретили их бурными аплодисментами.

Встречал велоспортсменов аким области Жансейит Туймебаев.

«Казахи и узбеки – это братские народы с общим корнем. Историческая связь между двух государств начинается со времен Шелкового пути и по сегодняшний день основывается на дружбе и согласии. Культура и традиции, религия и язык двух народов очень схожи. В годы независимости Казахстан с Узбекистаном не только сохранили данную связь, но смогли еще больше укрепить и поднять на новый уровень. В рамках рабочего визита Президента Узбекистана в Казахстан Глава государства Нурсултан Назарбаев встретился с Шавкатом Мирзиёевым. Во время встречи были обсуждены вопросы реализации межгосударственных договоренностей, достигнутых в результате государственного визита Президента Узбекистана, прошедшего в марте текущего года. В связи с тем, что 2018 год объявлен годом Узбекистана в Республике Казахстан и в целях укрепления дружеских отношений двух стран, сегодня был организован международный велопробег. Я уверен, что участвовавшие в спортивном мероприятии люди послужат образцом для жителей города, возрастет интерес молодежи к спорту».

В международном велопробеге приняли участие гости во главе с вице-президентом Казахской федерации велоспорта Райымбеком Батталовым.



ҚР ПРЕМЬЕР МИНИСТРІ – ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДА

ҚР Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаев Оңтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапарымен келді. Ол АӨК дамыту бағдарламасының жүзеге асырылуымен және инновациялық технологияларды қолданатын шаруа қожалықтарының жұмысымен танысты. Облыс әкімі Жансейіт Түймебаев үкімет басшысына қізде атқарылған жұмыстар жөнінде айтып берді.

Бақытжан Сағынтаев алдымен «Келес» ЖШС-нің пленка және көшет қондыруға арналған ыдыс шығаратын өндірістік цехында болды. Жобаның жалпы құны 150 млн. теңгені құраса, оның 23 млн. теңгесі несиеге алынған. Іске қосылғанына бір-ақ ай болған цехта жылыжайға арналған жабдықтар шығарылады.

Мұнан соң Үкімет басшысы Сарыағаш ауданында орналасқан «Жабай ата» шаруа қожалығына атбасын бұрды. Бұл қожалық жылдың барлық мезгілінде қызанақ өсіреді. Жобаның құны 1,8 млрд теңгені құрайды. Мұнда жылына 2250 тонна қызанақ пен қияр өнімдері өндіріледі. Өндірілген өнімнің 60 пайызы ішкі нарықты қамтыса, 40 пайызы Ресей Федерациясына экспортталады.

ҚР Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаев Елбасының агроөнеркәсіп кешеніндегі еңбек өнімділігін және өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспортын кем дегенде 2,5 есеге арттыру тапсырмасын орындау үшін жұмысты күшейтуді тапсырды.

Үкімет басшысы сапар барысында «Сарыағаш жер сыйы» ЖШС-нің тұқымбағына аялдады. 2002 жылы құрылған бұл шаруашылықтағы суармалы жер көлемі 96,5 гектарды құрайды. Мұнда бүгінде 200 мың дана жеміс пен 700 мың дана жүзім көшеті және элиталық декоративтік ағаш көшеттері өсірілуде. Өндірілген өнімнің 60 пайызы ішкі нарықты қамтыса, 40 пайызы Қырғызстан және Өзбекстан Республикаларына экспортталуда. Жылына 100 млн. теңгегінің өнімін өндіретін қожалықта 48 адам жұмыспен қамтылған.

Бақытжан Сағынтаев жұмыс сапары аясында АӨК дамытудың мемлекеттік бағдарламасы мен Президенттің «Шағын несие беруді көбейту» төртінші әлеуметтік бастамасын жүзеге асыру бойынша ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен кездесу өткізді.

Мұнан соң, Үкімет басшысы «Жібек жолы» кеден бекетінің жұмысымен танысты. Сондай-ақ «Нұрлы Жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында салынып жатқан «Shymkent City» тұрғын алабына барды. Өңір жастарымен кездесті.



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР – В ЮЖНОМ КАЗАХСТАНЕ

Премьер-министра Казахстана Бақытжан Сагинтаев посетил Южно-Казахстанскую область. Он ознакомился с ходом реализации программы развития АПК и с работой крестьянских хозяйств, применяющих инновационные технологии. О развитии аграрного сектора доложил ему аким области Ж. Туймебаев.

В первую очередь, Глава Правительства посетил цех по производству полиэтиленовых пленок ТОО «КелесПласт». Стоимость проекта составляет 150 млн. тенге, из них 23 млн. тенге – это кредитные средства. В цехе предприятия выпускают оборудование для теплиц.

Наряду с этим, Б. Сагинтаев посетил в Сарыагашском районе крестьянское хозяйство «Жабай ата», где используют современные технологии. Выращивают здесь помидоры и огурцы. Стоимость проекта составляет 1,8 млрд. тенге. Здесь ежегодно собирают 2250 тонн продукции, которая экспортируется в другие регионы и Россию.

В ходе осмотра Премьер-министру отметил, что Глава государства в Послании «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции» перед агропромышленным комплексом поставил задачу по увеличению производительности труда и экспорта переработанной сельскохозяйственной продукции как минимум в 2,5 раза в течение пяти лет.

В рамках рабочей поездки Бақытжан Сагинтаев, после посещения питомника саженцев «Сарыағаш жер сыйы», провел встречу с сельхозтоваропроизводителями по вопросам реализации госпрограммы развития АПК и четвертой социальной инициативы Президента «Расширение микрокредитования», на которой были обсуждены актуальные вопросы развития сельского хозяйства.

Помимо этого, Глава Правительства ознакомился с работой таможенного поста «Жібек жолы», проектом «Shymkent city», возводимого в рамках программы «Нұрлы жер», и встретился с молодежью.



ЮНЕСКО-МЕН БАЙЛАНЫС АСА МАҢЫЗДЫ

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев ЮНЕСКО Бюросының директоры Криста Пиккат, мәдениет жөніндегі маманы Айгүл Халафова және туризм жөніндегі сарапшы Бақыт Оразымбетовамен кездесті. Басқосуда тараптар екі жақты байланысты нығайта отырып, өңірдегі туризм саласын дамыту жайын ақылдасты.

Кездесуде аймақ басшысы қонақтарға облыстың экономикалық жағдайын таныстырып, туризм индустриясын дамыту мүмкіндіктерін баяндады.

«Өздеріңіз білетіндей, Оңтүстік Қазақстан облысы ЮНЕСКО Бюросымен тығыз байналыс орнатқан. Оған өңіріміздегі ЮНЕСКО-ның тізіміне енген Ақсу-Жабағылы, Қаратау қорықтары, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен Сайрам-Өгем ұлттық паркін дәлел ретінде келтіруге болады. Бұл біздің аймақтың тарихи – мәдени ескерткіштерге бай екенін көрсетеді. Міне, осы мүмкіндіктерді пайдалана отырып, облыстағы туризм саласын дамытуды көздеп отырмыз. Сіздерді осы бағытта түрлі жобаларды бірігіп жүзеге асыруға шақырамын», – деді Жансейіт Қансейітұлы.

Сондай-ақ облыс әкімі өңіріміздегі туризм саласында жұмыс істеп тұрған «Ontustik tourism center» туристік ақпараттық орталығы туралы да әңгіме өрбітті.

Өз кезегінде Криста Пиккат «Ұлы жібек жолының» бойында жатқан бұл өлкені Қазақстанның негізгі туристік ошағына айналдыруға болатынын қуаттады. Сондай-ақ облыстағы зерттеуді қажет ететін тарихи орындардың құпиясын ашуға көмек көрсетілетінін айтты.



СВЯЗИ С ЮНЕСКО ОЧЕНЬ ЗНАЧИМЫ


Акиму Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев встретился с директором Кластерного Бюро ЮНЕСКО Кристой Пиккат, специалистом по культуре Айгуль Халафовой и экспертом по туризму Бахыт Оразымбетовой.

На встрече глава региона рассказал гостям об экономической ситуации в регионе и о возможностях развития индустрии туризма.

«Как Вы знаете, между Южным Казахстаном и ЮНЕСКО установлено взаимовыгодное партнерство и налажены весьма тесные взаимоотношения. В список всемирного наследия ЮНЕСКО входит немало туристических объектов области, таких, как Ақсу-Джабағлинский заповедник, Каратауский заповедник, мавзолей Ходжи Ахмета Ясауи, Сайра- Угамский национальный парк. У нашей области большой потенциал для разработки совместных проектов. Я предлагаю совместными усилиями реализовать различные проекты в сфере туризма», – сказал Ж. Туймебаев.

Наряду с этим, глава региона отметил, что в области функционирует туристский информационный центр «Ontustik tourism center» для улучшения качества оказания туристских услуг и повышения информационной доступности.

В свою очередь, госпожа Криста Пикаат отметила о высоком туристическом потенциале региона, расположенного вдоль Великого Шелкового пути, а также выразила готовность оказать помощь в исследовании исторических мест области.



ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Облыс әкімдігінде өңірлік инвестициялық кеңестің мәжілісі өтті. Жиында Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев экономиканы әртараптандыру және оны дамыту үшін инвесторларға қолайлы жағдай жасау, инвестиция саласына байланысты нормативтік – құқықтық базаны жетілдіру қажеттігіне тоқталды. Облыста жүзеге асырылып отырған жобалардың іске асу барысы да талқыланды.

«Kazakh Invest» акционерлік қоғамының өңірлік филиалының жұмысын күшейту қажет. Сондай-ақ, облыс әкімдігіне қарасты барлық басқармалар мен құрылымдар инвесторлармен жұмыс істеуде мәдинетті және барлық талаптарға лайықты болуы тиіс. Іске қосылғалы отырған кәсіпорындарды қажетті инфрақұрылымдық жүйелермен дер кезінде қамтуға басымдық берілуі керек», – деді өңір басшысы.

Кеңес барысында «Asia Trafo», «Gold Aluminum», «Green Technology», «Golden Camel Group Ltd» компанияларының басшыларының өтініш-тілектері тыңдалды. «Golden Camel Group Ltd» компаниясының басшысы Ли Хуэй таяуда 30-ға жуық жергілікті тұрғынды жұмысқа қабылдайтынын жеткізді. Дегенмен, аталған кәсіпорынға қажетті түйе сүті тапшы болып тұр. Осыны ескерген өңір басшысы алдағы уақытта өзге облыстармен де тығыз байланыс орнатып, зауыттың қажеттілігін орындауға болатынын жеткізіп, тиісті басқарма басшыларына түйе шаруашылығын дамыту жөнінде нақты тапсырмалар жүктеді.



ПРИВЛЕЧЕНИЕ ИНВЕСТИЦИЙ – ВЕЛЕНИЕ ВРЕМЕНИ

Состоялось заседание регионального инвестиционного совета. В ходе заседания глава региона Ж. Түймебаев подчеркнул о необходимости создания благоприятных условий для инвесторов, диверсификации и развития экономики, а также совершенствования правовой базы в сфере инвестиций. Кроме того, участники совещания обсудили ход реализации крупных проектов, реализуемых в нашей области.

«Необходимо усилить работу местного филиала АО «Kazakh Invest». Кроме этого, уровень работы с инвесторами у областных управлений должен соответствовать стандартам. А предпринимателей-инвесторов нужно обеспечить всей инфраструктурой», – отметил глава региона.

На заседании руководители ряда компаний «Asia Trafo», «Gold Aluminum», «Green Technology», «Golden Camel Group Ltd» озвучили свои пожелания и советы. В том числе были затронуты вопросы обеспечения предприятий газом и электроэнергией, а также предоставления рабочих виз иностранным специалистам. Помимо этого, глава компании «Golden Camel Group Ltd» Ли Хуэй отметил, что в этом году на работу будут приняты около 30 местных жителей. В тоже время аким области выразил озабоченность по поводу низких объемов верблюжьего молока, необходимого для предприятия, выпускающего сухой шубат.



«ТАССАЙ» ИНДУСТРИЯЛДЫ АЙМАҒЫНДА АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС БАР

2018 жылы «Тассай» индустриялық аймағында жалпы құны 19 млрд. 684 млн. теңгені құрайтын 7 жоба іске асырылып, 720 жаңа жұмыс орны ашылмақ. Бұл туралы аталған өндірістік аймақтың жұмысымен танысқан Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев мәлім етті.

Өңір басшысы алдымен «Asia Trafo» ЖШС 110-120 кВт болатын жоғары кернеулі трансформатор шығаратын зауытын аралап көрді. 2016 жылдан бастап салына бастаған нысанды іске қосу жұмыстары 2018 жылдың екінші тоқсанына жоспарланып отыр.

«Зауыт іске қосылуға әзірлік жұмыстарын жандандырып жатыр. Бұл кәсіпорын іске қосылған жағдайда 400 адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік туады», – деді Ж. Түймебаев.

Зауыт жылына 120 трансформатор шығаруды жоспарлап отыр. Өнімдері Қазақстан мен ТМД елдеріне сатылады.

«Тассай» индустриялық аймағының жалпы аумағы 89 гектарды құрайды. Мұнда жалпы құны 37 млрд 948 млн теңгені құрайтын 25 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Жобалар толық іске асса, 1631 жұмыс орны ашылмақ.

Индустриалды аймақты аралап көрген өңір басшысы көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарының да барысымен танысты. Қазіргі таңда аймақта 2500 декоративті тал-дарақ отырғызылған. Олардың арасында қайың, қырымдық қарағай, қарағаш сынды түрлері де бар.

В ИНДУСТРИАЛЬНОЙ ЗОНЕ «ТАССАЙ» ВЕДЕТСЯ МАСШТАБНАЯ РАБОТА

В 2018 году на территории индустриальной зоны «Тассай» были реализованы семь проектов на общую сумму 19 млрд. 684. млн. тенге. В результате создано более 720 новых рабочих мест. Об этом в ходе ознакомления с работой индустриальной зоны сообщил аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев.

В первую очередь глава региона ознакомился со строительством завода ТОО «Asiatrafo» по производству трансформаторов мощностью 110-220 кВ. Строительство объекта началось в 2016 году, ввод в эксплуатацию ожидается во втором квартале 2018 года.

«Ведутся подготовительные работы. Это предприятие обеспечит занятость 400 человек», – сказал Ж. Туймебаев.

Завод планирует выпускать ежегодно 120 трансформаторов. Продукция завода будет отвечать требованиям Казахстана и стран СНГ.

Отметим, общая площадь индустриальной зоны «Тассай» составляет 89 га. Здесь планируют реализовать 25 инвестиционных проектов общей стоимостью 37 948,1 млрд. тенге с созданием 1 631 рабочих мест.

Глава региона ознакомился с ходом работ по благоустройству и озеленению индустриальной зоны. В настоящее время на территории зоны высажено 2500 саженцев различных декоративных деревьев, в числе которых береза, крымская сосна, можжевельник, клен, катальпа, ясень, тополь, карагач и акации.



ТАНЫМАЛ БАНК ӨНІРМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫС ОРНАТТЫ

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Ж.Түймебаев «Ресей Жинақ банкі» АҚ еншілес банкі басқармасының төрағасы А.Камаловпен, Басқарма төрағасының орынбасары Н.Щукинамен және «Жинақ банкі» АҚ Шымкент қалалық филиалының директоры Е.Абуовпен кездесті. Басқосуда тараптар бірлесе жұмыс істеп, өңірдің экономикалық әлеуетін көтеру жайын әңгімеледі.

Кездесу барысында қонақтар Түркістан қаласы мен Сарыағаш ауданынан банктің филиалдық бөлімшелерін ашуды ұсынды. Өз кезегінде аймақ басшысы банк өкілдерінің мұндай бастамаларына қолдау білдіретінін айтты.

«Оңтүстік Қазақстан облысы халық саны жағынан еліміз бойынша бірінші орында тұрған аймақ. Ал, мұндай жерде сәйкесінше ақша айналымы жоғары деңгейде болатыны сөзсіз. Демек, өңіріміздің әрбір аудан, қалаларында банк филиалдары болған дұрыс. Мәселен, сіздер айтып отырған еліміздің рухани астанасы Түркістан қаласында 260 мыңнан астам, саялы Сарыағаш ауданында 350 мыңға жуық халық тұрады. Яғни, бұл сіздерге де тұрғындарға да тиімді болады деген сөз», – деді Жансейіт Қансейітұлы.

Банк қызметкерлері бірлескен жобалар арқылы жұмыс істеуге әрдайым дайын екендіктерін жеткізді. Өңірде «Жинақ банкі» АҚ-ның қаржыландыруымен 20-ға жуық ірі кәсіпорын өндіріс көлемін арттырып отыр. Бұл байланыс нығая түспек.



ИЗВЕСТНЫЙ БАНК ЗАИНТЕРЕСОВАН В РАБОТЕ В НАШЕМ РЕГИОНЕ

Аким Южно-Казахстанской области Ж. Туймебаев встретился с председателем правления ДБ АО «Сбербанк» А. Камаловым, его заместителем Н. Щукиной и директором филиала АО «Сбербанк» в городе Шымкенте Э. Абуовым. Стороны обсудили вопросы сотрудничества и повышения экономического потенциала региона.

Кроме того, гости внесли предложение открыть филиалы банка в Туркестане и Сарыағашском районе. В свою очередь глава региона выразил поддержку таким инициативам представителей банка.

«Южно-Казахстанская область – это густонаселенный регион. И, конечно же, здесь высокий уровень денежного обращения. Следовательно, в каждом районе и городе области необходимо иметь филиалы банка. К примеру, в духовной столице нашей страны – в городе Туркестане – проживает более 260 тысяч человек, а в Сарыағашском районе – около 350 тысяч. Безусловно, это выгодно и населению, и банку», – сказал Ж. Туймебаев.

Наряду с этим, представители банка выразили готовность реализовать совместные проекты. Вместе с тем, гости отметили, что за счет средств ДБ АО «Сбербанк» около 20 крупных промышленных предприятий региона увеличивают объемы своего производства.



ҮНДІСТАНДЫҚ ЕЛШІНІ НЕ ҚЫЗЫҚТЫРДЫ?

Сәуір айында өңірге Үндістанның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Прабхат Кумар арнайы келді. Ол Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаевпен екі ел арасындағы сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық бағыттарды талқылады.

Оңтүстік Қазақстан – еліміздегі ең тұрғыны көп облыс. Өндірістік және экономикалық әлеуеті мол, аграрлық-индустриялық аймақ. Осы ерекшеліктерін тілге тиек еткен өңір басшысы Оңтүстік Қазақстан мен Үндістанның өңірлері арасында өзара тиімді сауда-экономикалық қатынастарды дамыту және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты арттыруға мүмкіндіктің мол екеніне сенім білдірді.

Өз кезегінде Үндістан елшісі туризм, мәдениет және білім саласында әріптестікті дамытуға дайын екенін айтып, 2017 жылдың сәуір айында Үндістан делегациясы Оңтүстік Қазақстанда жұмыс сапарымен болғанын еске салды. Барлық салада әріптестік орнатуға дайын екенін мәлім етті.

Сонымен қатар осы күні Үндістанның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Прабхат Кумардың қатысуымен Шымент қаласындағы дендросаябақта ағаш отырғызылды.



ЧТО УДИВИЛО ИНДИЙСКОГО ПОСЛА?

В апрел нашу область посетил Чрезвычайный и Полномочный Посол Республики Индия в Республике Казахстан Прабхат Кумаром. В ходе встречи с акимом области Жансеитом Түймебаевым были обсуждены перспективы развития в торгово-экономической, культурной и гуманитарной сферах двух стран.

Южно-Казахстанская область является густонаселенным регионом и по численности населения занимает лидирующие позиции в Казахстане. Область располагает значительным производственно-экономическим потенциалом и является промышленно-аграрным регионом. Помимо этого, по словам акима, между нашей областью и регионами Индией имеется большой потенциал для наращивания взаимовыгодного торгово-экономического, инвестиционного, а также культурно-гуманитарного сотрудничества.

В свою очередь посол Индии выразил готовность к развитию сотрудничества в сфере туризма, культуры и образования и напомнил, что в апреле 2017 года индийская делегация посетила Южный Казахстан с рабочим визитом.

Кроме того, в этот день с участием Чрезвычайного и Полномочного Посла Прабхата Кумара в дендропарке Шымкента прошла церемония высадки деревьев.



ЕУРОПАЛЫҚ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІ ӘРІПТЕСТІККЕ ДАЙЫН

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев Еуропалық Қайта Құру және Даму банкінің Қазақстандағы директоры Агрис Прейманиспен кездесті. Кездесу барысында тараптар екі жақты бірлескен жобалар жайын талқылап, алдағы жоспарларымен бөлісті.

Өңір басшысы өңірдің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін баяндап, аталған банк өкілдігімен ауыл шаруашылығы, коммуналды шаруашылық, инфрақұрылым, автожолдар салу салаларында бірлесе жұмыс істеуге дайын екенін жеткізді.

«Еуропалық қайта құру және Даму банкінің мүмкіндіктері мол. Алдағы уақытта Шымкент, Түркістан, Кентау қалаларының инфрақұрылымдарын дамыту бойынша жұмыстар жүргізуге мүдделі екендігімізді жеткізгім келеді. Бұл қаржы институтымен бірлесе жұмыс істеудің бірінші тиімді тұсы, теңге айналымын жүргізуге мүмкіндігіміз бар. Екіншіден, пайыздық ставкасы басқа банктермен салыстырғанда өте төмен», – деді Жансейіт Түймебаев.

Агрис Прейманис Оңтүстік Қазақстанда банк қаржыландырылып жатқан негізгі жобаларға тоқталып, өңірдің экономикалық әлеуетін көтеруге қолдау көрсетілетінін айтты.

«Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы секторының мүмкіндігі де, әлеуеті де мол. Бұл салада соңғы жылдары менеджмент жақсарып келе жатыр. Ауыл шаруашылығы саласы инвесторлар үшін тартымды. Сондай-ақ баламалы энергия көздері, соған қатысты жобалар да инвесторлардың назарын жиі аударады. Қазір Қазақстанда мемлекеттік компаниялар жекешелендіріле бастады. Бұл сектор да инвесторлардың назарынан тыс қалмайды», – деді Агрис Прейманис.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар алдағы уақытта нақты ұсыныстар негізінде жұмыс істеуге уағдаласты.



БАНК РЕКОНСТРУКЦИИ И РАЗВИТИЯ ГОТОВ К СОТРУДНИЧЕСТВУ

Аким Южно-Казахстанской области Ж. Түймебаев встретился с директором Европейского банка реконструкции и развития по Казахстану Агрисом Прейманисом. В ходе встречи стороны обсудили совместные проекты и поделились ближайшими планами.

Глава региона рассказал о социально-экономических показателях региона и выразил готовность к совместному сотрудничеству в сферах сельского хозяйства, коммунальных услуг, инфраструктуры и автомобильных дорог.

«У Европейского банка реконструкции и развития много возможностей. Мы заинтересованы в дальнейшем развитии инфраструктуры Шымкента, Туркестана и Кентау. По сравнению с другими банками у ЕБРР очень низкая процентная ставка», – сказал Ж. Түймебаев.

Агрис Прейманис отметил об основных проектах, финансируемые Банком в Южном Казахстане, и выразил готовность оказать содействие в повышении экономического потенциала региона.

«Сельскохозяйственный сектор Южно-Казахстанской области имеет большой потенциал. В последние годы в этой сфере улучшается менеджмент. Сельское хозяйство привлекательно для инвесторов. Также внимание инвесторов часто привлекают проекты, связанные с альтернативными источниками энергии. Кроме того, сейчас в Казахстане приватизируют государственные компании. Этот сектор также не остается без внимания инвесторов», – сказал директор Европейского банка реконструкции и развития по Казахстану.

По итогам встречи стороны договорились в ближайшем будущем проработать конкретные предложения по реализации проектов в различных сферах.



ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН – БИЗНЕС ҮШІН ҚОЛАЙЛЫ АЙМАҚ

Шымкентте ОҚО Кәсіпкерлер палатасының аймақтық кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті. Жиынға ҚР «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы президиумының төрағасы Тимур Құлыбаев, облыс әкімі Жансейіт Түймебаев, мемлекеттік органдар мен бизнес-қауымдастықтар, банктер және қаржы институттарының өкілдері, сонымен бірге тауарөндірушілер қатысты.

Жиында Тимур Құлыбаев жастарды кәсіпкерлікке мектеп жасынан бейімдеу қажет екенін айтып, жоғарғы сынып оқушылары үшін арнайы пән енгізілетінін мәлім етті. Кәсіпкерлікті қолдау, оларға әкімшілік-бюрократиялық кедергілерді азайту бағытындағы ұсыныстарын айтты.

Бизнес өкілдерімен болған басқосуда облыс әкімі Жансейіт Түймебаев талқыланатын мәселелердің өзектілігіне тоқталып, күнгей өңір үшін кәсіпкерлердің экономикамызға қосар үлесі зор екеніне тоқталды.

«Әкімшілік кедергілерді жою, бизнесті жүргізу бойынша процедураларды жеңілдету – Елбасымыздың әлеуметтік-экономикалық бастамаларын қолдаудың негізгі қағидаларына жатады. Оңтүстік Қазақстан облысында қолайлы бизнес климат қалыптастыруға және шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға барынша жағдайлар жасалынған. 2017 ж. өнеркәсіп өнімінің көлемі 858,4 млрд. теңгеге жетіп, өсім 102,1 пайызды құрады. Ал өңдеу өнеркәсібінің жылдық өсімі 105 пайызға жетті. Сондай-ақ өңдеу өнеркәсібінің негізгі капиталына 129,4 млрд. теңге инвестиция салынған, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 2,4 есеге өсіп отыр. Бұл көрсеткіш бойынша республикада 1 орындамыз», – деді Ж.Түймебаев.

Облыстық палата директоры Асқар Әбубәкіров Оңтүстік Қазақстан облысы Кәсіпкерлер палатасының қызметі туралы және өңірдегі шағын және орта бизнес пен инфрақұрылымды дамыту жайын баяндады. Сонымен қатар ол облыста 179,5 мың ШОБ шоғырланғанын, облыс кәсіпкерлік субъектілерінің саны жағынан республикада алдыңғы орында екенін жеткізді.



ЮЖНЫЙ КАЗАХСТАН – РЕГИОН, БЛАГОПРИЯТНЫЙ ДЛЯ ВЕДЕНИЯ БИЗНЕСА

Состоялось расширенное заседание Регионального совета Палаты предпринимателей ЮКО. В нем приняли участие председатель президиума Национальной палаты предпринимателей РК «Атамекен» Тимур Кулибаев, аким ЮКО Жансеит Түймебаев, предприниматели, представители государственных органов и бизнес-сообществ, банков и финансовых институтов, а также товаропроизводители области.

Т. Кулибаев отметил, что необходимо со школьного возраста адаптировать молодежь к предпринимательству. Также он сообщил, что на сегодняшний день совместно с МОН РК планируется внедрить специальный предмет для учащихся старших классов.

Наряду с этим, на встрече с представителями аким области Ж. Түймебаев отметил актуальность обсуждаемых вопросов и подчеркнул, что предприниматели вносят огромный вклад в экономику региона.

«Устранение административных барьеров, упрощение процедур по ведению бизнеса – это основные принципы поддержки социально-экономических инициатив Главы государства. В Южно-Казахстанской области созданы все условия для формирования благоприятного бизнес-климата и развития малого и среднего предпринимательства. В 2017 году объем промышленной продукции достиг 858,4 миллиарда тенге, тем самым рост составил 102,1%. Годовой прирост в обрабатывающей промышленности достиг 105%. Более того, в основной капитал обрабатывающей промышленности вложено 129,4 миллиарда тенге инвестиций, что по сравнению с 2016 годом больше в 2,4 раза. По данным показателям регион занимает первое место в республике», – резюмировал Ж. Түймебаев.

Директор Палаты предпринимателей ЮКО Асқар Абубакиров выступил с докладом о деятельности филиала, развитии предпринимательства и инфраструктуры для малого и среднего бизнеса региона. Также он отметил, что здесь сосредоточено 179,5 тыс. субъектов МСБ. По количеству субъектов предпринимательства область занимает лидирующую позицию.



ҰЛТ РУХАНИЯТЫН ДӘРІПТЕГЕН КӨРМЕ

Оңтүстік Қазақстан облысында Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының 1 жылдығына арналған кешенді көрме өтті. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының өңірде жүзеге асырылған жұмыстарының қорытынды көрмесін ҚР Президенті жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңестің ХХІ көшпелі Пленарлық отырысына арнайы келген ҚР Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіқалықова, ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрі Дархан Кәлетәев, ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы, ОҚО әкімі Жансейіт Түймебаев пен Пленарлық отырысқа қатысушы көшбасшы жастар тамашалады.

9 тақырыптық бөлімнен тұратын көрменің басты мақсаты – Оңтүстіктің тарихын, қолөнершілер, фотосуретшілер, мүсіншілер, суретшілердің қылқаламынан туындаған өнер туындылары мен әдеби шығармаларды насихаттау.

Көрмеге келушілер назарына киелі жерлердің тізіміне енгізілген тарихи-мәдени нысандардың, мәдени іс-шаралардың, түсірілген көркем, анимациялық, деректі фильмдердің көрмесі мен белгілі қылқалам шеберлерінің шығармалары ұсынылды. Қолөнер шеберлерінің жасаған бұйымдары, мүсіншілердің мүсіндері, облыстың көрікті орындары бейнеленген фотосуреттер, сондай-ақ, ақын-жазушылардың кітаптары, ұлттық киімдердің және Қазақстандағы 100 жаңа есім жобасына енген азаматтар туралы көрме ұсынылды.

Айта кетейік, жалпы Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы аясында Оңтүстік Қазақстан облысында бір жыл ішінде 4370 іс-шара ұйымдастырылды. Осының нәтижесінде өңір бағдарламалық мақаланы жүзеге асыруда облыстар арасында алдыңғы қатарға шықты.

Бұдан бөлек, тарихи-мәдени мұраларды насихаттап, жастарға патриоттық тәрбие беретін «Көне жетігеннің сыры» атты 10 сериялы телехикая мен «Киелі Қазығұрт», «Отырарды қорғау», «Күш атасы – Қажымұқан» атты анимациялық және «Ұлы Жібек Жолындағы ескерткіштер» атты деректі фильмдер түсіріліп, қоғам назарына ұсынылған.



ВЫСТАВКА, ВОЗВЫСИВШАЯ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ДУХ

В Южно-Казахстанской области состоялась комплексная выставка, посвященная годовщине выхода Программной статьи Главы государства Нурсултана Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». На выставке с итогами работ, проведенных в регионе в рамках программы «Рухани жаңғыру», ознакомились Государственный секретарь РК Гульшара Абдыкаликова, министр по делам религий и гражданского общества РК Дархан Калетаев, министр культуры и спорта РК Арыстанбек Мухамедиұлы, аким ЮКО Жансейит Түймебаев, а также молодежные лидеры, участвовавшие в выездном пленарном заседании Совета по молодежной политике при Президенте РК.

Основная цель мероприятия, состоявшегося из 9 частей, – пропаганда исторического и культурного наследия южного региона, произведений мастеров прикладного искусства, фотографов, скульпторов, художников, а также литературных произведений.

Вниманию посетителей были представлены историко-культурные объекты области, которые внесены в список священных и сакральных мест, а также произведения скульпторов и мастеров прикладного искусства, фотографии на которых изображены достопримечательности южного региона. Кроме того, посетители ознакомились с произведениями известных поэтов и писателей, национальной одеждой и проектом «100 новых лиц Казахстана».

Отметим, в рамках программной статьи Главы государства «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» в ЮКО в течение года было организовано 4370 мероприятий. В результате, по реализации данной программной статьи наша область заняла лидирующее место среди регионов.

Напомним, наряду с этим, в рамках пропаганды историко-культурного наследия вниманию общественности был представлен 10-серийный телесериал «Көне жетігеннің сыры», а также анимационные и документальные фильмы «Киелі Қазығұрт», «Отырарды қорғау», «Күш атасы – Қажымұқан», «Ұлы Жібек Жолындағы ескерткіштер».



«БІРГЕ ЖАРҚЫРАЙМЫЗ!» ФЕСТИВАЛІ АЯСЫНДА ЖЕМІС АҒАШТАРЫ ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

Шымкенттегі «Самал» шатқалында «Бірге жарқыраймыз!» фестивалі аясында 80 мың түп жеміс көшеті отырғызылды. Ондағы мақсат – экологиялық мәдениетті насихаттау арқылы Шымкентті түрлендіру және елді таза жеміс өнімдерімен қамтамасыз ету.

38 гектар аумақты алып жатқан шатқалдағы ағаш отырғызу іс-шарасына Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Ж.Түймебаев, Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты өкілінің кеңесшісі И.Горюнова және қала әкімі Н.Сауранбаев қатысты.

Өңір басшысы қоршаған ортаны сақтаудың маңыздылығын түсіндіріп, барлық қатысушыларға сәттілік тіледі.

Аталған акция БҰҰ-ның Даму бағдарламасының қолдауымен өтті. Алдымен Астанада басталған акцияның эстафетасы Шымкент қаласына беріліп, «Шымкент – менің қалам – менің бақшам!» атты бірыңғай ұранымен жалғасын тапты.

Фестивальдің ашылуы «Бірге жарқыраймыз!» әнұранымен басталса, жастарға «Энергиялық тиімді технологиялар әлеміндегі ойындар» квесті ұйымдастырылды. Фестиваль қаланың шығармашылық ұжымдарының қатысуымен өткен кең ауқымды флешмобпен аяқталды.

Алдағы уақытта Қоғамдық маңызы бар бастамаларды дамыту қоры Қазақстандағы колледжер, мектептер мен балабақшалар үшін экологиялық білім беру бағдарламаларын жүзеге асырмақ. «Бірге жарқыраймыз!» фестивалінің эстафетасы Ақтөбе қаласына жолданды.



В РАМКАХ ФЕСТИВАЛЯ «ВМЕСТЕ – ЯРЧЕ!» БЫЛИ ВЫСАЖЕНЫ ФРУКТОВЫЕ ДЕРЕВЬЯ

В Шымкенте, в рамках фестиваля «Вместе – ярче!», в ущелье Самал высадили 80 тысяч фруктовых деревьев. Главная цель мероприятия – преобразить территорию Шымкента путем пропаганды экологической культуры и одновременно обеспечить юг Казахстана органически чистой фруктовой продукцией.

В мероприятии по посадке фруктовых деревьев на территории 38 га приняли участие аким Южно-Казахстанской области Ж. Туймебаев, советник Постоянного Представителя ООН в Казахстане И. Горюнова и аким города Н.Сауранбаев.

Глава региона подчеркнул важность сохранения окружающей среды и пожелал удачи всем участникам мероприятия.

Акция прошла при поддержке Программы развития ООН. Данный фестиваль стартовал в Астане, где эстафета была передана Шымкенту.

Фестиваль завершился масштабным флешмобом с участием творческих коллективов города.

Стоит подчеркнуть, что Фонд развития общественно значимых инициатив внедряет экологическую образовательную программу для колледжей, школ и детских садов Казахстана.

В ходе мероприятия эстафета фестиваля «Вместе – ярче!» передана городу Актөбе.



ОРБҰЛАҚ ШАЙҚАСЫНЫҢ ҚАҺАРМАНДАРЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ

М.Өуезов атындағы ОҚМУ-да «Ұлт тарихындағы Орбұлақ шайқасы: Ұлы жеңістің ақиқаты және маңызы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті.

Пленарлық мәжілісті Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры З.Қабылдинов пен «Жеті жарғы және Қожаберген жырау» халықаралық қайырымдылық қорының төрағасы Б.Тұрғараев жүргізді. Сондай-ақ Самарқанд мемлекеттік университетінің профессоры Э.Мусурманов, И.Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университетінің ректоры Т.Абдырахманов, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің профессоры А.Айталы, филология ғылымдарының докторы М.Мырзахметов және елімізге белгілі ақын-жазушылар мен журналистер қатысты.

Жиында Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Ж.Түймебаев Орбұлақ шайқасының маңызына тоқталды.

«Қазақ халқы үшін азаттық жолында Ұлы жеңістердің бірі және бірегейі – Орбұлақ шайқасы. Бұл – ұлттық тарихтың жауынгерлік даңқ шежіресінде ерлік пен қаһармандықтың және отаншылдықтың өнегесі болып айшықталып қалды. Бүгінгі ғылыми жиын Орбұлақ шайқасындағы Ұлы жеңіске 375 жыл толуына орай ұйымдастырылып отыр», – деді Ж.Қансейітұлы.

Жиында Қазақстанның және шетелдің тарихшы ғалымдары баяндама жасап, Орбұлақ шайқасының басты қаһармандары Салқам Жәңгір хан мен Жалаңтөс баһадүр бастаған батырлардың ерлігі ел есінде мәңгі қалатынын айтты. Қазығұрт ауданында аталған ұлы қайраткерлердің ескерткіштері ашылды.



ПОЧТИЛИ ПАМЯТЬ ГЕРОЕВ ОРБУЛАКСКОЙ БИТВЫ

В ЮКГУ имени М. Ауэзова прошла международная научно-теоретическая конференция «Орбулакская битва в истории народа: истина и важность великой победы».

Модераторами пленарного заседания выступили директор института истории и этнологии имени Ш. Уалиханова З. Кабылдинов и председатель международного благотворительного фонда «Жеті жарғы және Қожаберген жырау» Б. Турғараев. Также в работе конференции приняли участие профессор Самаркандского государственного университета Э. Мусурманов, ректор Кыргызского государственного университета имени И. Арабаева Т. Абдырахманов, профессор Актюбинского регионального государственного университета имени К. Жубанова А. Айталы, доктор филологических наук М. Мырзахметов и известные поэты-писатели, журналисты нашей страны.

Выступивший на встрече аким Южно-Казахстанской области Ж. Түймебаев подчеркнул важность Орбулакской битвы.

«Орбулакская битва – это одна из самых исторически важных побед, оставившая особый след в истории казахского народа. Эта битва стала примером мужества, героизма, патриотизма и невероятной силы военного духа казахов. Научная конференция организована в честь 375-летия победы в Орбулакской битве», – сказал Ж. Түймебаев.

На конференции было отмечено, что подвиг казахских батыров Салкам Жангир-хана и Жалантоса не будет забыт. В память о них в Казыгуртском районе были открыты памятники батырам.



ОҢТҮСТІКТІҢ ДИҚАНДАРЫ ЕРТЕ КӨКТЕМДЕ-АҚ ӨНІМ ЖИНАП ҮЛГЕРДІ

Сәуірдің орта тұсында Оңтүстік Қазақстан облысында алғашқы көктемгі егістік өнімі жинала бастады. Көктемгі дала жұмыстарына ерте қамданатын Сарыағаш пен Мақтарал ауданының шаруалары экологиялық таза қырыққабат өсіре білді.

Мақтаарал ауданының Атамекен ауылдық округінің диқандары алғаш өнім берген қырыққабат дақылының 20 тоннасын Атырау қаласына жіберсе, сарыағаштық шаруалар бұл өнімнің 15 тоннадан астамын жинап, Алматы қаласы мен Солтүстік аймақтарға жөнелтуде.

Ақпанның басында егіліп, сәуірде өнімін беріп жатқан қырыққабат Мақтааралда 892,5 гектар жерге егілген және ол 2017 жылмен салыстырғанда 112,8 гектарға артық. Ал жылына қырыққабатты үш мезгіл бойы егіп, өнім алатын сарыағаштық диқандар 1,5 мың гектар жерге ерте көктемгі қырыққабат ексе, жаз және күз айларында 5500 гектарға аталған дақылдың бірнеше сортын егеді.

Ал мақтаралдық диқандар салмағы 1-1,5 келіден аспайтын қырыққабаттың нидерландық пандион сұрпын еккен. Ерте пісетін өнім түріне еуропалықтар мен ресейліктер тарапынан сұраныс өте жоғары.

Жалпы Оңтүстік Қазақстан облысында 320 мың гектар жерге көктемгі егістік егілген.

ДЕХКАНЕ ЮКО УСПЕЛИ СОБРАТЬ ПЕРВЫЙ ВЕСЕННИЙ УРОЖАЙ

В середине апреля в Южно-Казахстанской области начали собирать первый весенний урожай. Начав одними из первых весеннюю посевную кампанию, крестьяне Сарыагашского и Мактааральского района приступили к сбору урожая экологически чистой капусты.

Дехкане сельского округа Атамекен Мактааральского района собрали и отправили 20 тонн капусты в Атырау, а крестьяне Сарыагашского района, собрав 15 тонн этой продукции, намерены отправить ее в Алматы и северные регионы страны.

Отметим, в начале февраля дехкане Мактааральского района засеяли семенами капусты 892,5 га земли, что на 112 га больше, чем в прошлом году. Кроме того, сарыагашские крестьяне, которые три раза в год собирают урожай капусты, засеяли этой весной 1,5 тыс. га земли. Летом и осенью они намерены засеять семенами капусты 5500 га земли.

А мактааральские дехкане вырастили капусту нидерландского сорта «пандион», вес которой не превышает 1-1,5 кг. Спрос на эту «раннюю капусту» высокий у россиян и в европейских странах.

В целом в Южно-Казахстанской области в ходе проведения весенне-полевых работ было засеяно 320 тыс. гектаров земель.



ҚАЗАҚСТАН-КОРЕЯ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ФОРУМЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ КЕЗДЕСУЛЕР

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Ж.Түймебаев 19-20 сәуір күндері Оңтүстік Кореяда өткен Қазақстан-Корея инвестициялық форумына қатысты. Форумда қос елдің бизнес қауымдастықтары өзара іскерлік байланысты дамыту, сауда-экономикалық байланысты нығайту мәселелерін талқылады.

Форум барысында аймақ басшысы Оңтүстік Қазақстан облысының инвестициялық әлеуетін таныстырып, инвестициялық жобаларды табысты жүзеге асыру үшін құрылған мүмкіндіктерді атап өтті. Сонымен қатар әрбір жобаны жеке өз тарапынан қолдауға дайын екендігін жеткізді. Өңір экономикасы әртараптандырылғанын айтқан әкім облыста 177 мыңнан астам бизнес субъектілері тіркелгенін мәлім етті. Индустриалды-инновациялық бағдарлама аясында 11 индустриалдық және 1 арнайы экономикалық аймақ жұмыс істейтінін атап өтті.

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі бастап барған кәсіпкерлер мен даму институттарынан құралған делегаттар POSCO DAEWOO, HANWHA GROUP, HYUNDAI CORPORATION және LS Cable & System секілді Оңтүстік Кореяның трансұлттық компанияларымен бірқатар маңызды кездесулер өткізді.

Бұдан бөлек, Оңтүстік Кореяның ірі кәсіпорындарының бірі болып табылатын HANWHA GROUP компаниясымен Сарыағаш ауданында курорттық аймақ құру және энергетика саласындағы перспективалық жобалар талқыланды. Сондай-ақ энергетика және азық-түлік өндірісі үшін ресурстық базаны құру бойынша әлемдік тәжірибеге ие Кореяның POSCO DAEWOO корпорациясымен келіссөздер жүргізілді. Кабель өндіру бойынша әлемдегі ең үздік технологияларға ие LS Cable & System компаниясына да ұсыныстар айтылды.

Форумның екінші күні облыс әкімі Ж.Түймебаев Сеул қаласының вице-мәрімен кездесті. Кездесу барысында тараптар қала құрылысы жобаларындағы заманауи инфрақұрылымдық шешімдер жайын сөз етті. Осы ретте облыс әкімі екі жақты еріптестікті талқылау мақсатында Сеул қаласының әкімін Оңтүстік Қазақстан облысына шақырды.



ВАЖНЫЕ ВСТРЕЧИ КАЗАХСТАНСКО-КОРЕЙСКОГО ФОРУМА

Аким Южно-Казахстанской области Ж. Туймебаев принял участие в казахстанско-корейском инвестиционном форуме, прошедшем в Южной Корее 19-20 апреля. На форуме бизнес-сообщества двух стран обсудили вопросы развития делового сотрудничества, укрепления торгово-экономических связей.

В ходе форума глава региона ознакомил с инвестиционным потенциалом Южно-Казахстанской области, а также отметил о созданных условиях для успешной реализации инвестиционных проектов. Наряду с этим, аким области выразил готовность поддержать со своей стороны каждый проект в отдельности. Глава региона отметил, что экономика ЮКО диверсифицирована, здесь зарегистрировано более 177 тысяч бизнес-субъектов. В регионе, в рамках индустриально-инновационной программы, успешно функционируют 11 индустриальных и одна специальная экономическая зоны, которые являются эффективными для иностранных инвесторов.

Делегация, состоящая из предпринимателей и представителей институтов развития во главе с акимом Южно-Казахстанской области, провела ряд важных встреч с транснациональными компаниями Южной Кореи – POSCO DAEWOO, HANWHA GROUP, HYUNDAI CORPORATION и LS Cable&System.

Кроме того, были обсуждены перспективные проекты с одним из крупных южнокорейских компаний HANWHA GROUP по созданию курортной зоны в Сарыагашском районе, а также в сфере энергетики. Помимо этого, проекты по развитию энергетики были обсуждены с лидером корейской корпорации POSCO DAEWOO, которая имеет мировой опыт по созданию инфраструктурного электроснабжения и ресурсной базы пищевого производства. Приглашение от акима области получил и крупный производитель кабелей LS Cable&System, имеющий одну из лучших в мире технологий.

Во второй день форума аким области Ж. Туймебаев встретился с вице-мэром города Сеула. В ходе встречи стороны обсудили вопросы инфраструктурных решений в проектах градостроительства. Аким области пригласил мэра в Южно-Казахстанскую область для детального обсуждения вопросов взаимодействия сторон.



ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ ТАМСАНДЫРҒАН ҚЫЗҒАЛДАҚ ФЕСТИВАЛІ

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданында «Ақсу-Жабағылы алауы, Шұбайқызыл жалауы» республикалық Қызғалдақ фестивалі өтті.

Фестивалге табиғат жанашырлары, облыс ардагерлері, зиялы қауым өкілдері мен үкіметтік емес ұйымдар және туризм саласындағы кәсіпкерлер, мәслихат депутаттары, туристік компаниялар, шетелдік қонақтар, қылқалам шеберлері және фото суретшілер, ақындар мен жастар қатысты.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы «Туған жер» бағдарламасы аясында өткізілген іс-шара жастарды табиғатты қорғауға, туған жерді қадірлеуге шақырады.

Фестивальдің ашылу салтанатында облыс әкімі Жансейіт Түймебаев алқызыл қызғалдақтың ең әдемілері Ақсу-Жабағылында және Шұбайқызыл атты төбеде өсетінін атап өтті.

«Шұбайқызыл шоқысы еліміздің «Қызыл кітабына» енгізілген грейг қызғалдағы ең көп өсетін аумақ. Бұл қызғалдақтар Қазығұрт, Төлеби, Бәйдібек өңірлеріндегі таулы аумақтарда кездеседі. Осындай әсем табиғатты аялап, туған жерді қадірлеу баршамыздың міндетіміз. Сондықтан да биылдан бастап әр аудан, қалада «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қоғамдық сананы жаңғыртуға бағытталған ауқымды шаралар өткізу және оларды дәстүрге айналдыру көзделіп отыр», – деді ол.

«Текті төрім – Түлкібасым» театрландырылған – хореографиялық қойылыммен бастау алған іс-шарада «Шұрайлым – Шұбайқызылым» жас қаламгерлер байқауының жеңімпаздары марапатталып, көрермендерге концерттік бағдарлама ұсынылды. Жас ақындардың өлеңдері оқылып, табиғат тақырыбында көрме мен жас суретшілердің байқауы өткізілді. Парктер шеруі ұйымдастырылды. Жалпы іс-шараға 5 мыңдай шамасында адам қатысты.

Жылына бір рет небәрі 10-15 күн ғана гүлдейтін қызғалдақтар 20 гектар жерді алып жатқан алқапты қызыл кілемге орайды. Тарихта бұл жерді «Красная горка», кейіннен «Қызыл төбешік» деп атаса, қарымды қаламгер М. Байғұт бастамасымен «Шұбайқызыл шоқысы» атауы қайта берілді. Аталған төбеге «Қызғалдақ» белгісі орнатылды.



ФЕСТИВАЛЬ ТЮЛЬПАНОВ, УДИВИВШИЙ ВСЕХ

В Тюлькубасском районе ЮКО прошел республиканский фестиваль тюльпанов «Ақсу-Жабағылы алауы, Шұбайқызыл жалауы».

В фестивале приняли участие природозащитники, представители творческой интеллигенции, неправительственных организаций, а также работники сферы туризма, представители туристических компаний, иностранные гости, художники, поэты и молодые активисты.

Мероприятие, организованное в рамках программы «Туған жер», обозначенной в статье Главы государства «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», было нацелено на воспитание у молодежи казахстанского патриотизма, на бережное отношение к природе.

Выступая на церемонии открытия фестиваля, глава региона Ж. Түймебаев отметил, что одни из самых красивых тюльпанов растут в заповеднике Ақсу-Джабағылы и на Красной Горке.

«Тюльпаны Грейга, растущие на уникальном холме, широко известном как «Красная горка», занесены в Красную книгу. Они встречаются в горных районах Казығұртского, Төлебийского и Байдибекского районов. Охранять и беречь природу – долг каждого из нас. Поэтому в этом году, в рамках программы «Рухани жаңғыру», в каждом районе планируется провести масштабные мероприятия, направленные на радикальную модернизацию общественного сознания», – сказал Ж. Түймебаев.

Мероприятие началось театрализованно-хореографической постановкой «Текті төрім – Түлкібасым». Здесь также прошло награждение призеров и победителей конкурса «Шұрайлым – Шұбайқызылым», празднество продолжилось концертной программой. Кроме того, звучали стихи молодых поэтов, состоялась выставка картин на тему природы, а среди молодых художников был организован конкурс. Всего в мероприятии приняли участие порядка 5000 человек.

Напомним, тюльпаны Грейга и Кауфмана цветут лишь 10-15 дней в году, растилась красным ковром на 20 гектарах. Красная горка – одно из немногих мест в Казахстане, где еще пока растут дикие тюльпаны. Известный писатель М. Байгут дал этой местности название «Шұбайқызыл шоқысы». У входа на территорию Красной горки установили металлический знак в виде тюльпана.







БАСПАНАЛЫ БОЛУ – ҮЛКЕН БАҚЫТ

Тұрғындарды баспанамен қамту – ең маңызды мәселелердің бірі. Оңтүстікте де бұл бағытта жұмыстар қолға алынған. Соның дәлеліндей, Шымкент қаласы Тұлпар мөлтек ауданында жаңа «Тұлпар» тұрғын үй кешені пайдалануға берілді. Атап айтсақ, 3 қабатты көппәтерлі екі тұрғын үйдің пәтер кілттері «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша 72 отбасыға берілді. Салтанатты шараға қатысқан облыс әкімі Жансейіт Түймебаев жаңа қоныс иелерінің қуанышымен бөлісіп, әрбір шаңыраққа береке бірлік тіледі.

Облыста «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты Үндеуінің барлық бағыттары бойынша тиісті жұмыстар атқарылып жатқанын айтқан өңір басшысы «7-20-25» бағдарламасын өңірде сәтті жүзеге асыру үшін жеке салушылар арқылы 104 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүріп жатқанын жеткізді.

Шымкентте пайдалануға беріліп жатқан тұрғын үйлер «Нұрлы жер» бағдарламасы шеңберінде «Самұрық Қазына» АҚ-ы және «Ақмойнақ» ЖШС-і қаражаттары есебінен бірлесіп салынды. Жалпы аталған тұрғын үй кешенінде 3 қабатты, 36 пәтерлі екі үй, 5 қабатты, 48 пәтерлі екі тұрғын үй бой көтерген. Алдағы уақытта Шымкент қаласында тұрғын үй құрылысын қарқынды жүргізу мақсатында көптеген жобалар іске асырылатын болады.



ИМЕТЬ СОБСТВЕННОЕ ЖИЛЬЕ – БОЛЬШАЯ РАДОСТЬ

Обеспечение населения жильем – одна из важных задач. В южном регионе этому придается особое значение. В Шымкенте, в микрорайоне «Тулпар», ввели в эксплуатацию новый жилой одноименный комплекс. Ключи от квартир в двух жилых 3-этажных домах получили 72 семьи в рамках программы «Нурлы жер». В торжественной обстановке аким области Ж. сТүймебаев поздравил новоселов и пожелал каждой семье благополучия.

В области, в рамках «Пяти социальных инициатив Президента» и жилищной программы «7-20-25», ведется строительство 104 многоэтажных жилых домов.

Отметим, сданные в эксплуатацию квартиры реализованы в рамках программы «Нұрлы жер» по линии АО «Фонд недвижимости «Самрук-Казына» и строительной компании ТОО «ТРЦ Акмойнақ». В целом, жилой комплекс состоит из двух трехэтажных жилых домов на 36 квартир и двух пятиэтажных жилых домов на 48 квартир. В будущем, в целях активизации жилищного строительства, в Шымкенте ожидается реализация ряда проектов.



«SHYMKENT CITY» ЖОБАСЫ СҮЗГІДЕН ӨТТІ

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаевтың төрағалық етуімен қала құрылысы кеңесінің отырысы өтті. Онда Шымкент қаласында іске асырылғалы жатқан «Shymkent City» іскерлік және тұрғын үй кешенінің жобасы талқыланды. Яғни, жаңадан бой көтеретін қалашықтың концепциясына бірқатар өзгертулер мен толықтырулар енгізу жайы сөз болды.

Жиында облыс басшысы Шымкент қаласында халық санының өсімін ескере отырып, «Shymkent City» жобасының кейбір тұстарын қайта қарап шығу керек екенін айтты.

«Елбасының назарындағы бұл жобаның кей тұстарына түзетулер енгізу керек деп ойлаймын. Шымкент еліміздегі үшінші мегаполис болғандықтан мұнда демографиялық өсім қарқынды. Ал болшақта халық саны еселеп артатынын ескерсек, қалада көлікпен жүріп тұру айтарлықтай мәселеге айналары сөзсіз. Сондықтан жаңа қалашықта автотұрақтар жеткілікті болуын, сондай-ақ көлік тығынын болдырмау жолдарын қазірден ойлау керек. Тиісті сала мамандарына осы мәселені қайта қарап шығуды тапсырамын», – деді Жансейіт Түймебаев.

Жиынға қатысқан жауаптылар аймақ басшысының ұсыныстарына қолдау білдіріп, алда атқарылатын шаруаларымен таныстырды.

Жоба авторлары ұсынған соңғы нұсқа бойынша жалпы аумағы 65,5 гектарды құрайтын «Shymkent City» кешенінде 6762 орынға шақталған автотұрақ болады деп жоспарлаған. Жалпы саны 5554 пәтерді құрайтын 18 қабатқа дейінгі көп қабатты тұрғын үйлер бой көтереді. Сондай-ақ заманауи үлгідегі сәулетті мектептер, спорт кешені, ойын-сауық орталықтары және әлеуметтік нысандар салынады.

Айта кетейік, «Shymkent City» қалашығы шаһардың солтүстік аймағындағы Бәйдібек би ескерткішінің маңында салынуда. Аудан заманауи инфрақұрылымымен, тұрмыста, бизнесті бастауда қолайлы жағдайымен және сәулеті жағынан ерекшеленеді. Аталған жоба Шымкенттің 2020 жылға дейінгі даму тұжырымдамасы аясында іске асырылып жатыр.

ПРОЕКТ «SHYMKENT CITY» ПРОШЕЛ ОДОБРЕНИЕ

В акимате ЮКО под председательством главы региона Ж. Туймебаева состоялось заседание градостроительного Совета. На нем были обсуждены вопросы реализации проекта «Shymkent City» и строительства жилого комплекса. В частности, рассмотрено внесение изменений и дополнений к концепции нового жилого района.

На заседании глава региона отметил, что некоторые аспекты проекта «Shymkent City» должны быть пересмотрены с учетом роста населения города Шымкента.

«Считаю необходимым внести некоторые поправки в проект, который находится под пристальным вниманием Главы государства. Демографическая ситуация в Шымкенте имеет положительную динамику. Принимая во внимание данный факт, нужно учесть, что в последующем передвижение в городе может быть затруднено. Поэтому необходимо продумать вопросы наличия парковочных мест в новом жилом районе, а также способы предотвращения пробок. Поручаю соответствующим специалистам еще раз пересмотреть этот вопрос», – сказал Ж. Туймебаев.

Участники заседания поддержали данное предложение и ознакомили главу региона с предстоящей работой.

Согласно последнему варианту, предложенному авторами проекта «Shymkent City», площадь которого составляет 65,5 га, на территории возводимого жилого района запланировано создать 6762 парковочных места. Кроме того, планируется строительство домов разной этажности – от 9- до 18- этажных, а общее количество квартир составит 5554. Также здесь будут построены современные школы, спортивный комплекс, развлекательные центры и социальные объекты.

Стоит отметить, строительство «Shymkent City» ведется в северной части города, недалеко от памятника Байдибек би. Район будет отличаться современной инфраструктурой, комфортными условиями для проживания и ведения бизнеса, соответствовать самым высоким стандартам градостроительства и архитектуры. Проект реализуется в рамках Концепции развития города Шымкента до 2020 года.



БІРЛІК ПЕН ЕҢБЕК – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ

Шымкент қаласында 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні аталып өтілді. Мерекелік шараның шымылдығы «Ashyq El» атты театрландырылған музыкалық қойылымымен түрілді. Ынтымақ пен берекені ұлықтайтын мейрамда облыс басшысы Жансейіт Түймебаев Оңтүстік жұртын айтулы мерекемен құттықтады.

«Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі – бүгінгі таңда бейбіт өмір мен ынтымақта тұрмыс кешіп отырған ел тұрғындары үшін ыстық ықылас пен достық ниеттің дәстүрі, асыға күтер мейрамы. Мемлекетіміздің басты байлығы – қоғамдағы келісім мен татулықты сақтау ісіне әрбіріміз жауаптымыз. Қазақстан халқының бірлігі мерекесі құтты болсын. Баршаңыздың шаңырақтарыңыздан шаттық кетпесін», – деген ол өңірдегі этно-мәдени орталық өкілдеріне «Бауырмал» сыйлығын тапсырды.

Мерекелік шара «Көңілді дастархан» вокалды хореографиялық композициямен және «Әлем ырғағы» атты түрлі ұлт аспаптарының орындауындағы музыкалық қойылыммен жалғасты. Мәдениет орталықтары дайындаған көрме өткізілді.

Ал кешке қазақ эстрада жұлдыздарының концерті жұртшылыққа көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

ЕДИНСТВО И СОГЛАСИЕ – ЗАЛОГ РАЗВИТИЯ ГОСУДАРСТВА

В Шымкенте отпраздновали 1 мая – День единства народа Казахстана. Мероприятие открылось театрализованной музыкальной постановкой «Ashyq El». Аким области Жансейит Туймебаев поздравил всех южноказахстанцев со значимым праздником.

«День единства народа Казахстана является традиционным и желанным торжеством для нашего народа. Благодаря мудрой и дальновидной политике Президента Казахстан стал стабильной и динамично развивающейся страной. Мы гордимся стабильностью и согласием в нашем обществе, а каждый из нас ответственен за их сохранение. Пусть праздник единства народа Казахстана принесет радость и благополучие в каждую семью!», – сказал в своей поздравительной речи Жансейит Кансеитович.

Затем аким области вручил этнокультурным объединениям региона специальный приз «Бауырмал» за созидательную работу по укреплению дружбы, мира и межэтнического согласия между этносами.

Праздничное мероприятие продолжилось вокальной хореографической композицией «Көңілді дастархан» и музыкальным шоу «Әлем ырғағы» под исполнение национальных музыкальных инструментов разных народов.

Праздник завершился концертом с участием звезд казахстанской эстрады.





ОҢТҮСТІКТІҢ ШАРУАЛАРЫН НЕ АЛАҢДАТАДЫ?

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінде ауыл шаруашылығының өзекті мәселелеріне арналған мәжіліс өтті. Алқалы жиында ҚР Үкімет басшысының орынбасары, Ауыл шаруашылығы министрі Өмірзақ Шөкеев Қазақстанның географиялық орналасу ерекшеліктеріне қарай мелиорациялау мәселесі бірінші кезекте оңтүстік өңірлерде өзекті екендігін жеткізді.

Сонымен қатар мәжілісте мелиорация жүйесінің мемлекеттік бағдарлама аясында іске асырылуы, Елбасы тапсырмасы аясында ирригация жүйесін қалпына келтіру және 600 мың гектар суармалы жерді айналымға енгізу бойынша өңірде атқарылатын шаралар сөз болды.

Облыс әкімі Жансейіт Түймебаев аймақта суармалы жер көлемі ұлғайтылып, жаңа жобалар бойынша дамытылып жатқандығын жеткізді. Өңірде 2017 жылы 570,4 мың гектар суармалы жердің 498,2 мың гектары пайдаланылған.

Сондай-ақ былтыр өңірдегі ауыл шаруашылығы саласындағы жалпы өнім көлемі 522,4 млрд. теңгені құраған. Озық технологияларды қолдануда Оңтүстік Қазақстан облысы республикада көш бастап тұрғаны, ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау көлемі артқаны айтылды.

Басқосуда жергілікті шаруа қожалықтарының ұсыныстары тыңдалды. Шаруалар түрлі тыңайтқыштардың бағасын бақылауға алу, жабдықтарға берілетін мемлекеттік қолдауларға өзгерістер енгізу қажеттігін айтты. Су және шегірткеге қарсы күрес мәселелерін қозғады.

Министр бастаған жауапты басшылар ұсыныстар мен тілектер назарға алынатынын жеткізді.



ЧТО БЕСПОКОИТ ЮЖНЫХ АГРАРИЕВ?

В акимате ЮКО прошло совещание под председательством заместителя Премьер-министра – министра сельского хозяйства Умирзака Шукеева. Он отметил, что в связи с географическим положением Казахстана вопросы мелиорации являются наиболее актуальными в первую очередь для южных регионов страны.

Кроме того, на совещании были обсуждены перспективы развития систем мелиорации в рамках реализации государственной программы и поручения Главы государства по восстановлению системы ирригации и ввода в оборот 600 тысяч га орошаемых земель.

Наряду с этим, аким области Ж.Туймебаев сообщил, что в регионе увеличены объемы орошаемых земель, ведется развитие проектов в новом направлении. Так, в 2017 году из 570,4 тыс. га орошаемых земель в регионе были использованы 498,2 тыс. га.

Более того, в прошлом году объем валовой продукции сельского хозяйства области составил 522,4 млрд. тенге. Помимо этого, ЮКО лидирует в использовании передовых технологий, а в регионе из года в год растет экспорт сельскохозяйственной продукции.

В ходе встречи были заслушаны предложения представителей местных крестьянских хозяйств. В своих предложениях крестьяне попросили скорректировать цены на различные сезонные удобрения, внести изменения в меры государственной поддержки для получения оборудования, отвечающего передовым технологиям, а также обеспечить необходимым количеством воды орошаемые земли.



ЖЕҢІЗ. ОТАНШЫЛДЫҚ ҚҰРМЕТ

Шымкент қаласындағы «Даңқ» мемориалы кешенінде Ұлы Жеңістің 73 жылдығына арналған «Ер есімі – ел есінде» атты салтанатты іс-шара өтті. Жиында облыс әкімі Жансейіт Түймебаев жұртшылықты жеңістің 73 жылдығымен құттықтады.

«Құрметті Ұлы Отан соғысының ардагерлері! Сіздердің қан майданның алдыңғы шебіндегі ерліктеріңіздің, тылдағы ерен еңбектеріңіздің арқасында қазақстандықтардың бүгінгі ұрпағы келісіммен бейбіт өмір сүруде. Отан үшін отқа түсіп, қан майдандағы жеңіске деген табандылықтарыңыз үшін, алғыс білдіреміз!», – деді Ж.Түймебаев.

Мерекелік шарада әскери үрмелі аспаптар оркестрі тақырыптық марштар орындап, Абай саябағындағы «Мәңгілік алауға» гүл шоқтарын қою рәсімімен жалғасын тапты.

Жеңістің 73 жылдық мерекесінде өңірде 174 Ұлы Отан соғысы ардагері мен 15733 тыл еңбеккеріне және 4885 Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілгендерге құрмет көрсетілген.

Айтулы мейрамның алдында өңірде 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні де жоғары деңгейде ұйымдастырылған болатын.

ПОБЕДА. РОДИНА. УВАЖЕНИЕ

В Шымкенте состоялось торжественное мероприятие «Ер есімі – ел есінде», посвященное 73-й годовщине Победы в Великой Отечественной войне. С этой датой жителей региона поздравил аким области Жаснеит Түймебаев.

«Ваше мужество, ваша сила, несгибаемость вашей воли – все это служит нам примером, всем этим качествам мы постараемся научиться, и знамя Победы, что вы передали нам, мы с гордостью будем нести, а затем передадим его нашим детям, а те – своим, и навеки протянется линия бессмертной памяти великого подвига! Выражаем вам свою преданность и беззаветную любовь и низко кланяемся в благодарность за ваш подвиг», – сказал он.

Кроме того, в ходе мероприятия военный духовой оркестр исполнил тематические марши, после чего в парке Абая состоялась церемония возложения цветов к Вечному огню.

На сегодняшний день в области проживают 174 ветеранов Великой Отечественной войны, 15733 тружеников тыла, а также 4885 лиц, приравненных к участникам и инвалидам Великой Отечественной войны.

Накануне Дня Победы в городе отметили день защитника Отечества.





ЕШКІ СҮТІН ӨҢДЕЙТІН КӘСІПОРЫН АШЫЛДЫ

Оңтүстік Қазақстан облысында алғаш рет тәулігіне 3 тонна ешкі сүтін өндіруге және 24 тонна сүт өңдеуге қауқарлы «Асыл тұқымды шаруашылық. Ордабасы ешкі сүт өнімдері» кооперативі құрылды. Жаңадан ашылған шаруашылықтың жұмысымен танысқан облыс әкімі Жансейіт Түймебаев аталған кәсіп түрін дамытудың жолдарын талқылады. Ешкі сүтінің адам денсаулығына пайдасы мол екенін айтып, атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын берді.

Серіктестік төрағасы Жеңіс Тоғызакбаев Нидерланд елінен ешкінің Заанен тұқымын сатып алған. Ол күніне 6 литр сүт береді. Қазір мұнда 500 бас ешкі болса, жоспар толығымен орындалғаннан кейін 6 мың басқа жететін болады. Кәсіпорында өндірілген ешкі сүтінен айран, қаймақ, құрт, сүзбе және йогурт өнімі шығарылып жатыр.

Облыс әкімі Ордабасы ауданына жасаған жұмыс сапары барысында «Байдаулет» өндірістік жылыжай кешенінде болып, тұрғындармен жүздесті.

ОТКРЫЛСЯ ЗАВОД ПО ВЫПУСКУ КОЗЬЕГО МОЛОКА

Впервые в ЮКО создан СПК «Племенное хозяйство. Продукции козьего молока Ордабасы», который способен производить в сутки порядка 3 тыс. тонн козьего молока и перерабатывать 24 тонны молока. Ознакомившись с работой хозяйства, аким области Жансеит Түймебаев положительно оценил проводимую здесь работу, а также обсудил вопросы развития этого вида бизнеса.

По словам председателя кооператива Жениса Тоғызакбаева, производственный кооператив завез из Нидерландов 500 голов племенных коз Зааненской породы. В день они дают по шесть литров молока каждая. После полной реализации проекта численность голов племенных коз достигнет 6 тыс. голов.

Наряду с этим, в ходе рабочего визита в Ордабасинский район глава региона Ж.Түймебаев ознакомился с деятельностью тепличного комплекса КХ «Байдаулет» и встретился с жителями.



ОТБАСЫ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН СЫЙЛЫҚ – АРБАТ

Шымкент қаласында отбасымен демалатын алғашқы «Арбат» ел игілігіне берілді. Бекет батыр көшесінен орын тепкен жаңа демалыс аймағының ашылу рәсіміне облыс әкімі Жансейіт Түймебаев пен қала әкімі Нұрлан Сауранбаев және қала тұрғындары қатысты.

«Бүгін Халықаралық отбасы күні. Осындай күні отбасылық демалыс орны – Шымкенттің алғашқы Арбатын халықтың игілігіне беріп отырмыз. Мұндай демалыс орны алдағы уақытта қаладағы А.Асқаров пен Бейбітшілік көшесінде де орын теппек», – деді Ж.Түймебаев.

Арбаттың ұзындығы бір шақырым шамасында. Мұнда жаңа шамдар ілініп, орындықтар қойылды, ландшафт дизайны көз тартады. Қаланың жасыл желегіне жаңа қарқын қосқан арбат әдемі гүлдермен көмкеріліп, жарық шашатын шамдармен безендірілген. Бұдан бөлек ол жерге 700-ге жуық жөке, талшын, аққайың сынды ағаш түрлері мен 1000 түп раушан гүлі егілген. Көше шамдары қойылған.

Келешекте Бекет батыр көшесінің бұл бөлігі нағыз шығармашылық адамдарының орталығына айналмақ. Себебі бұл аумаққа Суретшілер үйін салу жоспарланған.

Осы күні өңір басшысы Қошқар ата маңын абаттандыру жұмыстары бойынша да халық қалаулыларымен кездесіп, жоспарларды талқылады.



АРБАТ В ПОДАРОК КО ДНЮ СЕМЬИ

В Шымкенте открылся первый собственный Арбат. Новое место для отдыха гостей и жителей города появилось на улице Бекет Батыра. В церемонии открытия новой пешеходной зоны приняли участие аким области Жансейит Түймебаев, аким города Нурлан Сауранбаев, а также депутаты областного и городского маслихатов, жители города.

«Сегодня Международный день семьи. В этот день в Шымкенте мы открываем первый собственный Арбат. Он станет самым привлекательным местом нашего города. В ближайшее время такие места отдыха расположатся на улице Аскарова и Бейбитшилик», – сказал Ж. Түймебаев.

Протяженность Арбата – около одного километра. На территории пешеходной зоны предусмотрена велосипедная дорожка, установлены скамейки и освещение. Кроме того, проведена работа по озеленению территории площадью 3600 кв. м, посажены около 700 саженцев ели, каштана, белой березы и 1000 роз. Установлено ночное освещение.

В ближайшее время это место станет центром притяжения творческих людей, так как здесь планируется построить Дом художников.

Аким области ознакомил депутатов и с работой, проделанной в рамках проекта по благоустройству реки Кошкар ата.






АЛПАУЫТ КОМПАНИЯ ӨҢІРДІҢ ДАМУЫНА МҮДДЕЛІ

Өңір басшысы Жансейіт Түймебаев «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма төрағасы Ғалымжан Пірматовпен кездесті. Басқосуда аймақты әлеуметтік-экономикалық дамыту саласындағы ынтымақтастық, компанияның әлеуметтік нысандарын Оңтүстік Қазақстан облысының коммуналдық меншігіне беру мәселелері талқыланды.

Жансейіт Қансейітұлы кәсіпорындар сол өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ұдайы қолдау көрсетуі керектігін айтты.

«2017-2018 жылдары компания облыс кәсіпкерлерімен 101,6 млрд. теңгеге түрлі келісімшарт жасады. Осы екіжақты ынтымақтастық алдағы уақытта да жалғасын табады деп ойлаймын. Сондай-ақ кәсіпорындар өздері орналасқан Созақ ауданындағы әлеуметтік нысандардың бой көтеруіне атсалысып тұруы қажет», – деді облыс әкімі.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма төрағасы Ғалымжан Пірматов ұлттық атом компаниясы аймақты дамыту, тұрғындардың өмір сапасы мен әл-ауқатын арттыру бойынша өз міндеттемелерін орындап отырғанын жеткізді. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстар одан сайын жандана түспек.



АЛПАУЫТ КОМПАНИЯ ӨҢІРДІҢ ДАМУЫНА МҮДДЕЛІ

Өңір басшысы Жансейіт Түймебаев «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма төрағасы Ғалымжан Пірматовпен кездесті. Басқосуда аймақты әлеуметтік-экономикалық дамыту саласындағы ынтымақтастық, компанияның әлеуметтік нысандарын Оңтүстік Қазақстан облысының коммуналдық меншігіне беру мәселелері талқыланды.

Жансейіт Қансейітұлы кәсіпорындар сол өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ұдайы қолдау көрсетуі керектігін айтты.

«2017-2018 жылдары компания облыс кәсіпкерлерімен 101,6 млрд. теңгеге түрлі келісімшарт жасады. Осы екіжақты ынтымақтастық алдағы уақытта да жалғасын табады деп ойлаймын. Сондай-ақ кәсіпорындар өздері орналасқан Созақ ауданындағы әлеуметтік нысандардың бой көтеруіне атсалысып тұруы қажет», – деді облыс әкімі.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма төрағасы Ғалымжан Пірматов ұлттық атом компаниясы аймақты дамыту, тұрғындардың өмір сапасы мен әл-ауқатын арттыру бойынша өз міндеттемелерін орындап отырғанын жеткізді. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстар одан сайын жандана түспек.



ОҢТҮСТІКТЕН ӘСКЕРГЕ 2,5 МЫҢНАН АСТАМ ЖІГІТ АТТАНДЫ

«Мәтібұлақ» оқу полигонының базасында әскерилердің салтанатты шарасы өтті. Жиында өңір басшысы облыстың аумақтық қорғаныс бригадасының әскерилердің жауынгерлік парадына тартылған жеке құрамын марапаттады.

«Биылғы көктемгі шақырту кезінде Қазақстан Республикасының Қарулы күштері қатарына 2,5 мыңнан астам оңтүстік жауынгерлері аттанды. Әр адам Отан сүюді өзінен бастаса ғана нәтиже шығады, яғни ел дамып, жер көркейеді», – деді Ж.Түймебаев.

Әскерлердің жауынгерлік парадында облыстың аумақтық қорғаныс бригадасының жеке құрамы әскери қызметті және ішкі тәртіпті ұйымдастыру конкурсында 1-ші орынға ие болған.

Салтанатты шараға қатысқан Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрдің орынбасары генерал-лейтенант Талғат Мухтаров әр жылы мерзімді әскери қызметке 24 мың азамат шақырылса, оның 4 мыңға жуығы Оңтүстік Қазақстан облысының жастары екенін атап өтті.

2500 ПРИЗЫВНИКОВ ПРОВОДИЛИ В АРМИЮ

Военный парад прошел на базе учебного полигона «Матибулак». Аким области Ж. Туймебаев наградил личный состав областной региональной бригады обороны и пожелал удачи призывникам, отправляющимся на срочную воинскую службу.

«Во время весеннего призыва более 2,5 тысячи солдат отправились на службу в ряды Вооруженных сил. Уверен, каждый из вас внесет свой вклад в сохранение мира и спокойствия наших граждан, в процветание страны», – сказал глава региона.

На параде областная региональная бригада обороны продемонстрировала профессиональную подготовку в конкурсе по организации воинской службы и внутреннего порядка и получила первое место.

Заместитель министра обороны генерал-лейтенант Т. Мухтаров подчеркнул, что около четырех тысяч из ежегодно призываемых в ряды Вооруженных сил РК 24 тысяч солдат составляет молодежь ЮКО.



ҚАЗАҚСТАН-ӨЗБЕКСТАН БИЗНЕС-ФОРУМЫ СӨТТИ ӨТТІ

Мамыражай мамырда Оңтүстік Қазақстан облысында Қазақстан-Өзбекстан бизнес-форумы өтті. Форум барысында алғаш рет Іскерлік Кеңестің бірінші кездесуі ұйымдастырылды.

Форум жұмысына екі елдің елшілері – Ерік Өтембаев пен Саидикрам Ниязходжаев, ҚР Инвестициялар және даму вице-министрі Қайырбек Өскенбаев, Өзбекстан Республикасының сыртқы сауда министрінің орынбасары Сохиб Саифназаров, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев пен қос елдің 400-ден астам кәсіпкерлері қатысты.

Форум барысында тараптар бірлескен бизнес жобалар мен инвестициялық ұсыныстар жайында ынтымақтастықты нығайту, экспорт пен импорт бойынша үшінші елдерге кіру жайын талқылады.

Бизнес-форумда екі ел кәсіпкерлерінің қатысуымен В2В форматында келіссөздер жүріп, әріптестікті дамыту мәселелері талқыланды.

Жалпы, Қазақстан-Өзбекстан бизнес-форумында құны 62 млн. АҚШ долларынан астам 8 құжатқа қол қойылды.

Форум аясында қатысушылар отандық тауарөндірушілердің көрмесін тамашалады.



ПРОШЕЛ КАЗАХСТАНСКО-УЗБЕКИСТАНСКИЙ ФОРУМ

В мае в ЮКО состоялся казахстанско-узбекистанский бизнес-форум. На нем прошел и первое заседание Делового совета.

В работе форума приняли участие послы двух стран – Ерик Утембаев и Саидикрам Ниязходжаев, вице-министр по инвестициям и развитию РК Каирбек Ускенбаев, заместитель министра внешней торговли Республики Узбекистан Сохиб Саифназаров, аким ЮКО Жансеит Туймебаев, председатель торговой промышленной палаты Республики Узбекистан Адхам Икрамов, а также более 400 предпринимателей Казахстана и Узбекистана.

В ходе форума стороны обсудили создание совместных проектов, инвестиционные предложения, а также вопросы экспорта и импорта продукции, кооперации с целью выхода в третьи страны.

В ходе бизнес-форума с участием предпринимателей двух стран были проведены переговоры в формате В2В, а также подписаны восемь двусторонних документов с целью развития делового сотрудничества по целому ряду направлений на сумму 62 млн. долларов США.

Кроме того, участникам форума представили выставку продукции отечественных товаропроизводителей.



АҒЫН СУ МӘСЕЛЕСІ ШЕШІМІН ТАУЫП КЕЛЕДІ

Мақтааралда ағын су мәселесі шешімін тауып келеді. Ауданда 2673,44 шақырымды құрайтын 1310 канал егістік алқаптарға кедергісіз су жеткізуде. Бұдан бөлек су шаруашылығында ағын су жеткізетін 5 канал қайта құрылымдаудан өткізіліп жатыр.

Облыс әкімі осы жұмыстардың барысымен танысу мақсатында Өркенді елді мекеніндегі жөндеуден өткізілген «К-28» каналын көрді.

Аталған су жүйесінің жалпы ұзындығы 18,1 шақырымды құрайды. 2017 жылы құрылысы толық аяқталған каналдың қайта құру жұмыстарына 632 миллион теңге қаржы жұмсалды. Су ресурсын үнемдеу үшін тамшылатып суғару әдісін егістік жерге кеңінен ендіру қажеттігін айтқан Жансейіт Түймебаев осы бағыттағы жұмысты күшейтуді тапсырды.



ДЕФИЦИТ ПОЛИВНОЙ ВОДЫ НЕ ГРОЗИТ

В этом году крестьянам Мактааральского района не грозит дефицит поливной воды. 1310 каналов протяженностью 2673,44 км беспрепятственно доставляют воду на пахотные поля. Кроме того, пять каналов проходят реконструкцию.

Аким области Ж. Түймебаев в целях ознакомления с ходом этих работ посетил населенный пункт Оркенди, где ознакомился с работой канала «К-28».

Протяженность данной водопроводной системы составляет 18,1 км. На реконструкцию канала, построенного в 2017 году, было выделено 632 млн. тенге. Глава региона поручил усилить работы по орошению земель.



ОРДАБАСЫДАҒЫ ОЙЛЫ ЖИЫН

Ордабасы ауданында Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында алғаш рет мектеп бітірушілердің «Туған жерге тағзым!» атты салтанатты жиыны өтті. Аталған іс-шара үш жүздің басын қосқан Ордабасыда түркі тілдес үш елдің, яғни Қазақстан, Өзбекстан және Қырғыз Республикасының Президенттерінің бас қосқандарына 25 жыл толуына орай ұйымдастырылды.

Ордабасы ауданы «Бірлік» монументі «Ордабасы» ұлттық тарихи-мәдени қорығында өткен салтанатты өңірдегі ардагерлер мен зиялы қауым өкілдері, 12 жоғарғы оқу орнының басшылары, білім саласының ардагерлері мен ата-аналар және мектеп бітіруші түлектер, жалпы саны 1 мыңнан астам адам қатысты.

Ұрпақтар сабақтастығына жалғау болу мақсатында киелі мекенде өткізіліп отырған жиында облыс әкімі Жансейіт Түймебаев мектеп бітіруші түлектерге сәттілік тіледі.

«Ордабасы тауы – қазақ елінің бірлігін насихаттайтын, еліміздің рухын көтеретін және 1726 жылы қазақ халқының жоңғарлар шапқыншылығы кезінде халықты жұмылдыру мақсатында үш жүздің басын қосып, елді қорғауға жұмылдырылған тарихи орын. Сіздерді ұрпақтар сабақтастығына жалғау болсын деген ниетпен осы киелі мекенге шақырдық», – деген әкім мектепті үздік бітірген және республикалық олимпиадалар мен байқауларда өңір намысын абыроймен қорғаған үздік 10 оқушыны марапаттап, бағалы сыйлықтар тарту етті.

Рухани сананы жаңғыртуға бағытталған мектеп бітірушілерінің салтанатты шарасы концерттік бағдарламамен жалғасын тауып, ардагерлердің ақ батасымен қорытындыланды.

Жалпы 2017-2018 оқу жылында өңірдегі 1038 мектепте 634 мыңға жуық оқушы білім алып, 33766 оқушы мектепті бітірді.



ВАЖНАЯ ВСТРЕЧА НА ОРДАБАСЫ

Впервые в ЮКО в рамках программы Главы государства «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» состоялось торжественное мероприятие для выпускников школ «Туған жерге тағзым!». Данное мероприятие организовано в честь 25-летия со дня встречи глав трех тюркоязычных государств – Казахстана, Узбекистана и Кыргызстана у подножия горы Ордабасы.

В мероприятии, прошедшем в Национальном историко-культурном заповеднике «Ордабасы», у монумента «Бірлік», приняли участие более одной тысячи человек, в том числе ветераны области, представители творческой интеллигенции региона, руководители 12 вузов региона, а также ветераны сферы образования, родители и выпускники школ.

Выступая на мероприятии, проводимом с целью обеспечения преемственности поколений, глава региона пожелал выпускникам удачи на новом этапе жизни.

«Неслучайно торжественная церемония проводится на горе Ордабасы. Это место имеет особое значение в истории казахского народа. Именно здесь бывшие разрозненными многочисленными казахские племена объединились, преодолев все разногласия, чтобы противостоять мощнейшему и опаснейшему захватчику, джунгарам. Проводя это мероприятие, мы надеемся, что вы станете истинными патриотами своей страны и продолжите преемственность поколений», – сказал Ж. Түймебаев.

В ходе мероприятия глава региона наградил лучших 10 выпускников школы, успешно защитивших честь региона на республиканских олимпиадах и соревнованиях.

Мероприятие, направленное на повышение чувства патриотизма у молодого поколения и модернизацию духовного сознания, продолжилось концертной программой.

Отметим, в этом учебном году в 1038 школах области обучались около 634 тысячи учащихся. 33 766 учащихся заканчивает школу.



ЫСТАМБҰЛ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЖЕМІСТІ КЕЗДЕСУЛЕР

Оңтүстік Қазақстан облысының өндірісі мен өнеркәсіп саласына шетел инвесторларын тарту және өңірде өндірілетін өнімдерді сыртқы нарыққа шығару мақсатында облыс әкімі Жансейіт Түймебаев бастаған оңтүстікқазақстандық делегация Түркия мемлекетінде жұмыс сапарымен болды.

Сапар барысында аймақ басшысы бастаған топ Түркияның Ыстамбұл қаласындағы бірқатар өндіріс орындарын аралап, жетекші кәсіпорын басшыларымен кездесу өткізді. Сонымен қатар Түркия мемлекетінің бұрынғы президенті Абдулла Гүлмен кездесті. Өңгіме барысында Жансейіт Қансейітұлы екі ел арасындағы бауырластық байланыстар жоғары деңгейде екенін айтты.

Бұдан бөлек делегация 750 гектар аумақта орналасқан «Икителли» индустриалды аймағының жұмысымен танысты. Аталған аймақта шағын және орта 30 мыңнан астам кәсіпорын сәтті жұмыс істеп келеді. Оларда 300 мыңдай жұмысшы еңбек етеді.

Бауырлас екі елдің іскер топ өкілдері мен сарапшы мамандары қос елдің сауда-экономикалық әлеуетін арттыру мәселелері кеңінен талқылап, әріптестік байланыстарын нығайтуға уағдаласты.



ПЛОДОТВОРНЫЕ ВСТРЕЧИ В СТАМБУЛЕ

С целью привлечения иностранных инвесторов в сферу промышленности и производства Южно-Казахстанской области, а также дальнейшего экспорта товаров за рубеж, южноказахстанская делегация во главе с акимом области Жансейит Туймебаев совершила рабочий визит в Турецкую Республику.

В ходе визита делегация посетила ряд производственных центров Стамбула и встретила с руководителями ведущих турецких предприятий. Также глава региона встретился с бывшим президентом Турции Абдуллой Гюлем. В ходе беседы аким области подчеркнул, что высоко оценивает заслуги А. Гюля в укреплении связей между двумя братскими странами.

Кроме того, делегация из Южного Казахстана ознакомилась с работой индустриальной зоны «Икителли», расположенной на 750 гектарах. На территории данной зоны успешно работают более 30 тысяч предприятий, где трудятся порядка 300 тыс. человек.

На встрече представители деловых кругов и эксперты двух братских стран обсудили вопросы торгово-экономического потенциала двух стран, обменялись опытом и договорились об укреплении партнерских отношений.



ТАРИХТЫ ҰМЫТПАУ – ҰЛТТЫ ҰЛЫҚТАУ

Шымкент қаласындағы «Қасірет» мемориалында 31 мамыр Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай «Алаштың арманы – азаттық таңы» атты іс-шарасы өтті. Айтулы шара «Ана мен бала» ескерткішіне гүл шоқтарын қоюдан басталып, «Қасірет» кешені жанында бір минуттық үнсіздік жарияланды. Алаш қайраткерлеріне арналған «Тұлғалар тағылымына тағзым» атты театрландырылған қойылым сахналанды.

Қазақ халқының тарихында мәңгі із қалдырған «Тар жол, тайғақ кешкен» жылдары құрбан болған боздақтарымызды еске алуға арналған шарада облыс әкімі Жансейіт Түймебаев арнайы қатысып, жүрекжарды сөзін арнады.

«Республикамызда 4 миллионға жуық халқымыз ашаршылықтан көз жұмса, 113 мың адам қуғын-сүргінге ұшырап, 25 мың зиялы азаматымыз жазықсыз атылды. Осы қасіретті жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша 2500 адам “халық жауы” ретінде құрбан болды. Миллиондаған адамның өмірін жалмаған қаралы кезеңді ел ұмытпақ емес», – деді ол.

Бұл күні саяси қуғын-сүргін құрбаны, Алаш ардақтысы Қошке Кемеңгерұлының шөбересі Кемеңгер Қайырбек Ризабекұлы сол бір зұлматты жылдарды жадына оралтып, естеліктер айтты. Облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандары музейінің арнайы көрмесі ұйымдастырылып, тағылымды ойлар қозғалды.



ПОМНИТЬ ИСТОРИЮ – ДОЛГ КАЖДОГО

В Шымкенте, у мемориала «Қасірет», прошло мероприятие «Алаштың арманы – азаттық таңы» в память о жертвах политических репрессий и голода. Мероприятие началось с возложения цветов к памятнику «Ана мен бала». Также присутствующие почтили минутой молчания память павших в годы голода и тоталитаризма. Кроме того, в ходе мероприятия участники посмотрели театрализованное представление «Тұлғалар тағылымына тағзым», рассказывающее об ужасах того времени.

В мероприятии, посвященном памяти жертв политических репрессий, принял участие аким области Жансейит Түймебаев.

«В те годы около четыре миллиона человек погибли от голода. 113 тысяч человек подверглись политическим гонениям. 25 тысяч из них были видными деятелями науки и культуры и представителями национальной интеллигенции. За годы сталинских репрессий 2500 южноказахстанцев были объявлены врагами народа и расстреляны. В этот день мы чтим память людей безвинно пострадавших в то время», – сказал Ж. Түймебаев.

На мероприятии «Алаштың арманы – азаттық таңы» выступил Кайырбек Кемеңгер, потомок одного из идейных вдохновителей движения «Алаш» Кошке Кемеңгерова. В этот день в областном музее жертв политических репрессий была организована специальная выставка.



ОҚУШЫЛАРҒА ЖІГЕР БЕРГЕН «ШАБЫТ ШЕРУІ»

Оңтүстік Қазақстан облысында 1 маусым халықаралық балаларды қорғау күніне орай бір мезетте жас музыканттардың екінші «ШАБЫТ» шеруі өтті. Елімізде дәстүрлі түрде өткізілетін биылғы шеруде облыс бойынша 200 мыңға жуық оқушы қатысты.

Шымкент қаласындағы Қ.Мұңайтпасов атындағы орталық стадионда өткен шарада облыс әкімі Жансейіт Түймебаев балаларды мерекемен құттықтады.

Жастардың музыкалық оркестрлері мен ансамбльдерінің шеруіне Шымкентте 20 мың оқушы қатысты. Сонымен қатар 200 мектеп оқушы «Мен қазақпын» әніне флешмоб ұйымдастырды. Музыкалық-театрландырылған шеру балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлап, балалық шақ мейрамының айрықша әсерін есте қалдырды.

Сонымен бірге осы күні Оңтүстік Қазақстан облысында 1 маусым халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Әрқашан күн сөнбесін» атты іс-шарасы ұйымдастырылды. Мерекелік жиында балалар үйінде тәрбиеленіп жатқан 350-ге жуық жеткіншекке сый-сияпат жасалды. Шараға облыс әкімі Ж.Түймебаев арнайы қатысып, бүлдіршіндерді айтулы мерекемен құттықтады.

2018 жылы 90 бала үйлі болады. Сондай-ақ балалар үйінің тәрбиеленушілер мен жетім балаларға 100 грант бөлінеді. Осылай деген аймақ басшысы түрлі байқауларда топ жарып жүрген балалар үйінің 10 оқушысын «Алғыс хатпен» марапаттады.



ПАРАД «ШАБЫТ» ВДОХНОВИЛ ДЕТЕЙ

В ЮКО, в честь Дня защиты детей, прошел второй парад «Шабит» с участием юных музыкантов. В традиционном параде приняли участие более 200 тысяч школьников.



С праздником участников мероприятия, которое прошло на центральном стадионе имени Кажымукана, поздравил аким области Жансейит Түймебаев.

В параде музыкальных оркестров и ансамблей в Шымкенте приняли участие около 20 тысяч учащихся школ. Затем прошел флешмоб «Мен қазақпын» с участием 200 школьников. Музыкально-театрализованное шоу подарило положительные эмоции и позитивное настроение детям.

Кроме этого, в этот день в области было проведено мероприятие «Пусть никогда не гаснет солнце». Подарки получили более 350 воспитанников детских домов. С праздников ребятишек поздравил глава региона Ж. Түймебаев.

В 2018 году 90 детей-сирот обретут собственные квартиры. Кроме этого, будут выделены 100 грантов для выпускников детских домов. Аким области вручил 10 учащимся – воспитанникам детским домов, победившим в различных конкурсах, благодарственные письма.





ТҮРКІСТАН ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫНА АЙНАЛАТЫН КҮН ЖАҚЫН

Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының кезектен тыс жиырма үшінші сессиясында депутаттардың қарауына Шымкент қаласы халқының бір миллионға жетуіне орай, оған ерекше мәртебе беру, облыс орталығын Түркістан қаласына көшіру және осыған байланысты облыстың Түркістан, Кентау қалаларының шекараларына өзгерістер енгізу мәселелері ұсынылды.

Сессияда облыс әкімі Жансейіт Түймебаев баршаны Шымкент қаласы тұрғындарының 1 миллионға жетуімен құттықтады.

«Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қашанда ұлт руханиятының алтын ұясы, қазақ тарихының түп тамыры – Оңтүстікке айрықша көңіл бөліп келеді. Бүгінде Шымкент қаласы тұрғындары 1 миллионға жетіп отыр. Біз Сіздермен бірге Шымқалаға республикалық мәртебе берумен қатар, жаңадан облыс орталығын таңдау бақыты бұйырған тарихи сәттің табалдырығында тұрмыз. Мұндай орталық ретінде Қазақ елі үшін ғана емес, исі түркі әлеміне ортақ, қасиетті Түркістанның таңдалуын халықтың зор ықыласпен қабылдады. Мұны Түркістан, Кентау қалаларының шекараларына өзгерістер енгізу барысында тұрғындармен жүргізілген қоғамдық тыңдаулар мен өздеріңізбен талқылау барысында айқын сезініп отырмыз. Түркістан – Рухты қайрап, Алашты арқаландырып, тағдырлы кезеңдерде Қазақ дейтін елді сақтап, берекесін арттыра білген қасиетті жер. Санаға сілкініс туғызып, отаншылдық сезімді тереңдететін тың бастама рухани жаңғырудың жарқын көрінісі болары анық», – деді аймақ басшысы.

Жоғарыда аталған ұсынысты қолдаған халық қалаулылары Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы облыс әкімдігі қаулысы мен мәслихаттың шешіміне қол қойды.

Осылайша Түркістан мен Шымкенттің жаңару кезеңі басталып кетті.



БЛИЗОК ДЕНЬ, КОГДА ТУРКЕСТАН ПРЕВРАТИТСЯ В ОБЛАСТНОЙ ЦЕНТР

На внеочередной двадцать третьей сессии областного маслихата депутатами был рассмотрен ряд важных вопросов, в числе которых предоставление Шымкенту особого статуса, перенос областного центра в Туркестан и изменение границ Туркестана и Кентау.

В работе сессии принял участие аким области Ж. Түймебаев, который сердечно поздравил общественность с тем, что Шымкент достиг миллионной отметки.

«Глава государства всегда уделяет особое внимание южному региону. Шымкент стал одним из трех городов с населением в один миллион человек. Сегодня вместе с вами мы находимся на пороге исторического момента, рассматриваем вопрос о присвоении Шымкенту статуса города республиканского значения и вопрос переноса областного центра. С большой радостью хочу отметить, что выбор священного Туркестана – это исторический момент не только для нашего народа, но и для всего тюркского мира. Об этом свидетельствуют совместные обсуждения и публичные дискуссии с населением, в ходе внесения изменений границ Туркестана и Кентау», – подчеркнул Ж. Түймебаев.

В соответствии с вышеупомянутым предложением народные избранники подписали постановление акимата области и решение маслихата по некоторым вопросам административно-территориального деления Южно-Казахстанской области.

Так началась новая страница в истории Туркестана и Шымкента.



ШЫМКЕНТКЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛА МӘРТЕБЕСІН БЕРУ ҰСЫНЫЛДЫ

Осы күні, яғни, 5 маусымда Шымкент қалалық мәслихатының кезектен тыс жиырма тоғызыншы сессиясы да өткен-ді. Депутаттарға Шымкент қаласы халқының бір миллионға жетуіне орай, қалаға мегаполис статусын беру ұсынылды. Аталған ұсынысты қолдаған халық қалаулылары Шымкент қаласына республикалық маңызы бар қала мәртебесін беру туралы шешімге қала әкімдігімен бірлесе тарихи құжатқа қол қойды. Енді бұл құжат Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының қарауына ұсынылады.

Халық қалаулыларының бөлек сессия жұмысына қатысқан облыс әкімі Ж.Түймебаев пен қала әкімі Н.Сауранбаев баршаны Шымкент қаласы тұрғындарының 1 миллионға жетуімен шын жүректен құттықтады.

Республикалық маңызы бар қала мәртебесі жаңа мүмкіндіктерге жол ашатынын айтқан өңір басшысы мұндай өзгеріс қаланың дамуына оң әсерін алып келетінін атап өтті.

Шымкент дамудың жаңа сатысына көтерілетін күн алыс емес...



ВНЕСЕНО ПРЕДЛОЖЕНИЕ ПРИСВОИТЬ ШЫМКЕНТУ СТАТУС ГОРОДА РЕСПУБЛИКАНСКОГО ЗНАЧЕНИЯ

В ходе внеочередной 29-ой сессии гормаслихата 5 июня депутатам было внесено предложение присвоить городу Шымкент статус мегаполиса. Народные избранники, поддержав данное предложение, подписали совместно с городским акимом решение о присвоении Шымкенту статуса города республиканского значения. Теперь этот документ предстоит рассмотреть депутатам маслихата ЮКО.

Помимо народных избранников, в работе сессии приняли участие аким области Ж.Түймебаев и аким города Н.Сауранбаев, которые поздравили общественность с тем, что Шымкент достиг миллионной отметки.

Говоря о статусе города республиканского значения, глава региона отметил, что такое изменение окажет положительное влияние на развитие города.

С этого и начинается новая страница в истории Шымкента...



ШЫМКЕНТТІҢ МИЛЛИОНЫНШЫ ТҮРҒЫНЫНА ПӘТЕР КІЛТІ ТАБЫСТАЛДЫ

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев пен қала әкімі Нұрлан Сауранбаев Шымкент қаласының 1 миллионыншы тұрғыны дүниеге келген Еламановтар отбасын құттықтап, жас отбасыға 2 бөлмелі пәтердің кілтін табыс етті. Жас отбасының бірінші перзенті Еламанова Айсұлу миллионыншы тұрғын атанып отыр.

«Елбасы бүкіл дүние жүзінің қайраткерлері қатысқан экономикалық форумда Шымкент қаласын миллионды қала деп жариялады. Ал шымкенттіктер республикалық статус иелену бастамасын өте қызу қолдады. 2017 жылдың қорытындысына сәйкес облыс орталығының тұрғындары 39 мың адамға өсті. Қаланың миллионыншы тұрғыны мамыр айында дүниеге келген болатын. Ол – өздеріңіз көріп отырған Еламанова Айсұлу. Кішкентай нәресте дені сау, еліне елеулі, халқына қалаулы қыз болып өсіп, елдің нағыз патриоты болсын!», – деді облыс әкімі.

Айсұлудың ата-анасы Еламанов Самат пен Ахайбекова Айжан өздеріне көрсетіліп жатқан үлкен құрмет пен сый үшін облыс басшылығына ризашылығын білдірді.



МИЛЛИОННОМУ ЖИТЕЛЮ ШЫМКЕНТА ВРУЧИЛИ КЛЮЧИ ОТ КВАРТИРЫ

Аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев и аким города Нурлан Сауранбаев поздравили семью Еламановых, в которой родился миллионный житель города Шымкента, вручив молодой семье ключи от двухкомнатной квартиры. Миллионным жителем стала Айсұлу Еламанова.

«Шымкент стал городом-миллионников. Об этом Глава государства объявил на экономическом форуме. Шымкентцы активно поддержали инициативу по присвоению городу республиканского статуса. По итогам 2017 года население областного центра увеличилось на 39 тысяч человек. Миллионный житель города родился в мае. Им стала Айсұлу Еламанова. От имени всех жителей города поздравляю вас с этим знаменательным событием. Пусть ребенок растет здоровым и станет настоящим патриотом своей страны», – подчеркнул Ж. Туймебаев.

В свою очередь, родители Айсұлу Еламанов Самат и Ахайбекова Айжан выразили признательность главе региона за оказанную честь и уважение.



ОБЛЫС ӘКІМІ СТУДЕНТТЕРГЕ ДӘРІС ОҚЫДЫ

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде облыс әкімі Жансейіт Түймебаев студент жастармен кездесті. Басқосуда аймақ басшысы болашақ маман иелеріне «Рухани жаңғыру: жастар және тарихи тағылым» тақырыбында лекция оқыды.

«Президент жастардың тәрбиесіне үнемі назар аударып келеді. Оның айғағы – «Рухани жаңғыру» бағдарламасында адами капитал сапасын жақсартуға басымдық бергендігі. Ең бірінші әрбір азамат өз тілін білуі қажет. Сондай-ақ Елбасы рухани жаңғырудағы ұлттық сана-сезім көкжиегін кеңейтуде екі нәрсенің басын нақты ашып беріп отыр. Оның бірі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғырудың болмайтындығы. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту. Мұндағы басты идея – болашақ пен өткенді үйлесімді сабақтастыра білу. Озығын алып, тозығын тастау», – деді Жансейіт Қансейітұлы

Басқосу барысында студент жастар облыс басшысына толғандырған сауалдарын қойып, жауап алды. Атап айтқанда, «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы, латын әліпбиіне көшу сынды өзекті тақырыптар көтерілді.



АКИМ ОБЛАСТИ ПРОЧИТАЛ СТУДЕНТАМ ЛЕКЦИЮ

Аким области Жансейит Туймебаев встретился со студентами Южно-Казахстанского государственного педагогического университета. В ходе встречи глава региона прочитал лекцию на тему «Рухани жаңғыру: жастар және тарихи тағылым».

«В одном из своих выступлений Президент Нурсултан Абишевич Назарбаев сказал: «Наше восприятие истории должно быть цельным, позитивным и объединять общество, а не разделять». Глава государства уделяет особое внимание воспитанию казахстанской молодежи. Один из важнейших приоритетов программы «Рухани жаңғыру» – улучшение качества человеческого капитала. Прежде всего, каждый гражданин должен знать свой язык. Кроме того, в национальном самосознании программная статья наглядно демонстрирует начало двух вещей. Один из них – национальный код, без сохранения национального кода и национальной культуры не может быть модернизации. Чтобы двигаться вперед, нужно отказаться от тех элементов прошлого, которые не дают развиваться нации. В Послании Президента дан важный посыл, направленный на улучшение качества человеческого капитала, на формирование человека, способного конкурировать в условиях глобального и динамично меняющегося мира», – сказал Ж. Туймебаев.

Наряду с этим, в ходе встречи главе региона ответил на вопросы студентов. В частности, были затронуты такие актуальные темы, как «Цифровой Казахстан», переход на латиницу.



САРЫАҒАШ ПЕН КЕЛЕС ЖҰРТШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚУАНЫШЫ

Облыс әкімі Жансейіт Түймебаев Елбасы Жарлығына орай өңірде жаңа аудандардың құрылуына байланысты Сарыағаш ауданына барды. Жаңадан құрылған Келес ауданының орталығы Абай ауылындағы орталық стадионда өткен салтанатты шарада өңір басшысы ауданның бөлінудегі маңызына тоқталып, жергілікті жұртқа құттықтауын жеткізді.

«Бүгін біз өздеріңізбен аса бір үлкен тарихи оқиғаның куәгері болудамыз. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев халық тілегін орындап, үлкен ауданды екіге бөліп берді. Стратегиялық маңызы бар шешіммен қайта қалпына келтіріліп жатқан Келес деп аталатын аудан барлығымызға құтты болсын», – деді облыс әкімі.

Айта кететіні, енді жаңа құрылым бойынша Сарыағаш ауданының аумағы аумағы – 417074 гектарды, халқының саны – 191 096-ны құрайды. Құрамында 14 ауылдық округ пен 71 елді мекен болмақ. Орталығы – Сарыағаш қаласы. Ал Келес ауданының аумағы 345 127 гектарды құраса, халқының саны – 135 819. Ауданда 12 ауылдық округ пен 83 елді мекен бар. Орталығы – Абай ауылы.

Айтулы тарихи күнде отандық эстрада жұлдыздарының концерті ұйымдастырып, жергілікті жұртқа мерекелік тарту жасалды.



РАДОСТЬ ЖИТЕЛЕЙ САРЫАҒАША И КЕЛЕСА

В связи с образованием новых районов аким области Жансеит Түймебаев посетил Сарыағашский район. В своем поздравительном слове глава региона поздравил местных жителей, подчеркнув важность исторического события.

«Сегодня мы являемся свидетелями великого исторического события. Глава государства Нурсултан Абишевич Назарбаев выполнил пожелания населения, разделив один самых больших районов в стране на две части. Искренне поздравляю вас с этим знаменательным событием для Южно-Казахстанской области», – сказал Ж. Түймебаев.

Стоит отметить, что сейчас территория вновь созданного Келеского района составляет 345127 га, население – 135819 человек. Он будет состоять из 12 сельских округов и 83 населенных пунктов. Районный центр – поселок Абай. Вместе с тем, территория Сарыағашского района составит 417074 га, а население – 191096 человек. Он будет состоять из 14 сельских округов и 71 населенных пунктов. Районный центр – город Сарыағаш.

Праздничное мероприятие продолжилось концертной программой, где для местных жителей свои песни исполнили звезды отечественной эстрады.



МЫРЗАШӨЛДІКТЕР ЕЛБАСЫҒА РИЗАШЫЛЫҒЫН БІЛДІРДІ

Облыс әкімі Жансейіт Түймебаевтың қатысуымен Мақтаарал ауданы Атакент кентінде жаңа аудандардың құрылуына байланысты «Елбасының Жарлығы – өңірдің өркендеуі» атты салтанатты кеш өтті. Оған облыстық мәслихаттың хатшысы Қ.Балабиев, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Н.Жолдасов, сондай-ақ облыстық мәслихаттың депутаттары мен қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аудандағы «Алпамыс батыр» атындағы орталық стадионында өткен жиында Жансейіт Қансейітұлы тарихи оқиғаның маңызына тоқталып, жергілікті жұртшылықты құттықтады.

«Елбасымыз Мақтааралға қатысты Жарлығын Оңтүстіктің жұртшылығы айрықша зор қуанышпен қабылдады. Халқы ең тығыз шоғырланған ауданды Мақтаарал және Жетісай деп бөліп берген Президентімізге ел ерекше ризалығын білдіруде. Мырзашөл өрлік пен ерліктің, қайсарлық пен қаһармандықтың құтты мекені десек артық айтқандық емес. Баршаңызды Оңтүстік Қазақстан облысы үшін маңызды да, айтулы осындай оқиғамен шын жүректен құттықтаймын!», – деді облыс әкімі.

Айта кетерлігі, енді жаңа құрылым бойынша Жетісай ауданының аумағы аумағы – 104428 гектарды, халқының саны – 172 903-і құрайды. Құрамында 13 ауылдық округ пен 113 елді мекен болмақ. Орталығы – Жетісай қаласы. Ал Мақтаарал ауданының аумағы 80970 гектарды құраса, халқының саны – 131781. Аудан қарамағына 11 ауылдық округ пен 69 елді мекен енген. Орталығы – Мырзакент кенті.

Сонымен қатар, аймақ басшысы салтанатты жиында ауданға еңбегі сіңген бірқатар азаматтарды марапаттады. Мерекелі шара концерттік бағдарламаға ұласып, жиналған жұрт жергілікті өнерпаздардың өнерін тамашалады.



МЫРЗАШӨЛҮЦЫ ВЫРАЖАЮТ БЛАГОДАРНОСТЬ ЕЛБАСЫ

В связи с образованием новых районов в поселке Атакент Мактааральского района с участием акима области Жансеита Түймебаева прошло мероприятие «Елбасының Жарлығы – өңірдің өркендеуі». В мероприятии приняли участие секретарь областного маслихата К. Балабиев, первый заместитель председателя областного филиала партии «Нур Отан» Н. Жолдасов, а также депутаты областного маслихата, общественные деятели, представители интеллигенции.

Мероприятие, прошедшее на центральном стадионе «Алпамыс батыр», началось с театрализованного представления, где зрители смогли окунуться в историю становления района. В своем поздравительном слове глава региона Ж. Түймебаев поздравил местных жителей, подчеркнув важность исторического события.

«Южноказахстанцы с большой радостью поддержали Указ Главы государства. Народ выражает свою признательность Президенту, который разделил самые густонаселенные районы области. В Советском Союзе 35 наших соотечественников – уроженцев этого района – были удостоены звания Героя Социалистического Труда. Искренне поздравляю всех с этим знаменательным событием для Южно-Казахстанской области!», – сказал Ж. Түймебаев.

Стоит отметить, что сейчас территория вновь созданного Жетысайского района составляет 104428 га, население – 172 903 человек. Он будет состоять из 13 сельских округов и 113 населенных пунктов. Районный центр – город Жетысай. Вместе с тем, территория Мактааральского района составит 80970 га, а население – 131 781 человек. Районный центр – поселок Мырзакент.

Наряду с этим, в ходе торжественного мероприятия аким области наградил ряд граждан, внесших свой вклад в развитие региона. Мероприятие продолжилось концертной программой, где зрители смогли увидеть выступления местных музыкантов.



«АСТАНАНЫҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫНА – 20 НЫСАН» АКЦИЯСЫ БАСТАЛДЫ

Шымкент қаласында «Астананың 20 жылдығына – 20 нысан» акциясы аясында абаттандыру жұмыстары жүргізілген Қошқар ата өзенің жағалауы пайдалануға берілді. Айтулы шараға облыс әкімі Жансейіт Түймебаев, қала әкімі Нұрлан Сауранбаев қала тұрғындары қатысты.

Тұсаукесер салтанатына қатысқан аймақ басшысы Жансейіт Түймебаев шымкенттіктерді жаңа демалыс аймағының ашылуымен құттықтап, болашақта жүзеге асатын жобалармен таныстырды.

Жаңа келбетке енген жағалаудың ашылу рәсіміне келген қонақтар, демалыс аймағын аралап, дән риза болысты. Қазір онда жарықшам мен орындықтар, ротондар орнатылып, түрлі ағаштар егілген. Бүгінгі таңда демалыс аймағын толық аяқтау үшін мемлекет мұқтажына алынатын тұрғын үйлер мен жер телімдеріне өтемақы төлеу үшін қаржы бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылуда.

Жалпы Астананың 20 жылдығына орай Оңтүстік Қазақстан облысында «Астананың 20 жылдығына – 20 нысан» акциясы қолға алынды. Аталған мереке қарсаңында облыста әлеуметтік және кәсіпорын сынды 20 нысан ашылып, ел игілігіне беріледі. Акция аясында «Оңтүстік» индустриалды аймағында «Шымкент Темір» ЖШС-нің болат құю зауыты, Шымкенттегі ұлттық теннис орталығы, зообақтың «Сафари» бөлігі мен Астана даңғылының бойында гүлзардың ашылу рәсімі өтеді. Бұдан басқа мерейтой қарсаңында облыс аумағында 4 балабақша, Шардара ауданында 10 пәтерлі екі қызметтік тұрғын үй мен Төле би ауданында 20 пәтерлі бес қабатты тұрғын үй, ал Бәйдібек ауданында 1 пәтерлі 20 коммуналдық тұрғын үй құрылысы пайдалануға беріледі деп жоспарланған.



СТАРТОВАЛА АКЦИЯ «К 20-ЛЕТИЮ СТОЛИЦА – 20 ОБЪЕКТОВ»

В Шымкенте, в рамках акции «К 20-летию столицы - 20 объектов», ввели в эксплуатацию побережье реки Кошкарата, на которой были проведены работы по благоустройству. В мероприятии приняли участие аким области Ж. Түймебаев, аким города Н. Сауранбаев.

В ходе своего выступления глава региона Жансеит Түймебаев поздравил всех шымкентцев с открытием новой зоны отдыха и ознакомил с предстоящими проектами.

Гости, посетившие церемонию открытия зоны отдыха, выразили свою благодарность за проделанную работу. На сегодняшний день здесь установлены светильники и скамейки, ротонны, а также посажены различные виды деревьев. В настоящее время для полного завершения работ на территории зоны отдыха выделены средства для выкупа жилых домов и земельных участков для государственных нужд, ведутся соответствующие работы.

В этом году наша столица Астана отмечает свой 20-летний юбилей. С этой целью в Южно-Казахстанской области стартовала акция «20 объектов - к 20-летию столицы». В преддверии этого праздника в регионе намерены сдать 20 социальных объектов и предприятий. В частности, в рамках акции в индустриальной зоне «Оңтүстік» города Шымкента введут в эксплуатацию сталелитейный завод ТОО «Шымкент Темір». Кроме того, в Шымкенте состоится церемония открытия теннисного центра, бульвара, расположенного вдоль проспекта Астана и «Сафари»-парка в городском зоопарке. Также в преддверии юбилея на территории области будут введены в эксплуатацию 4 детских сада, два 10-квартирных служебных жилых домов в Шардаринском районе, пятиэтажный жилой дом на 20 квартир в Төлебейском районе и 20 коммунальных одноквартирных домов в Байдибекском районе.



ЕЛ МЕН ӘКІМ ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ ТІЛДЕСТІ

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Ж.Түймебаев «Әкім сағаты» хабарында екі сағатқа жуық аралықта тұрғындардың көкейкесті сауалдарына жауап берді. «OŃtŭstik» телеарнасында өткен тікелей эфир барысында барлығы 1500-ге жуық сұрақ келіп түсті.

Тұрғындардан сұрақтарды қабылдау үшін байланыстың барлық түрі қамтылды. Сұрақтар Call-орталыққа және WhatsApp желісі мен электронды пошта, сондай-ақ, тікелей трансляция жүргізілген Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің фейсбуктегі ресми парақшасына да келіп түсті.

Тұрғындар жер, баспана алу, жұмыссыздық, шаһарды абаттандыру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен жолдарды жөндеуге қатысты мәселелерді көтерді. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығына қатысты сауалдар да көптеп жолданды.

Аталған сұрақтардың 423-і WhatsApp желісі арқылы, өзге әлеуметтік желілерден қосымша 215 сұрақ, ал Call-орталыққа 1287 адам телефон арқылы сауалын жолдаған.

Айта кету керек, «OŃtŭstik» телеарнасы өткізген тікелей эфир кезінде бірден жауап ала алмаған көрермендердің сұрақтары толық тіркелді. Оларға мемлекеттік органдар міндетті түрде жауап беретіні хабарланды.



АКІМ ПООБЩАЛСЯ В ПРЯМОМ ЭФИРЕ

На программе «Час акима» на протяжении двух часов аким Южно-Казахстанской области Ж. Түймебаев ответил на актуальные вопросы жителей. В ходе прямого эфира на телеканале «OŃtŭstik» поступило 1500 вопросов.

Для приема вопросов от населения были задействованы все виды связи. Вопросы поступали в Call-центр (1287), на электронную почту, в мессенджер WhatsApp (423) и Facebook (215).

В основном южноказахстанцев интересовали вопросы жилья, земли, безработицы, благоустройства города, жилищно-коммунального хозяйства и ремонта дорог. Также поступили вопросы, касающиеся сферы сельского хозяйства.

Следует подчеркнуть, что вопросы зрителей, которые не были озвучены в ходе прямого эфира на телеканале «OŃtŭstik» не останутся незамеченными. На все вопросы государственные органы предоставят ответы.



ДӘРІГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНГЕН КҮН

Оңтүстік Қазақстан облысында медицина қызметкерлерінің күні мерекесі аталып өтілді. Салтанатты шараға қатысқан Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев медицина қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, 70-тен астам медицина қызметкерлеріне түрлі марапаттарды тапсырды.

Атап айтсақ, үздік медициналық мекеме болып танылған облыстық клиникалық ауруханасының бас дәрігері Марат Пашимовке шағын автобустың кілті тапсырылса, үздік атанған акушер-гинеколог Нұржан Махмұтовке жеңіл автокөлікті тарту етті. Сарыағаш аудандық орталық ауруханасының бас дәрігері Ибрагим Ташевке жер үйдің кілті тапсырылса, еңбегімен дараланған дәрігер Бақдәулет Мырзақасымды да су жаңа пәтермен марапатталды.

Осы күні мерекелік кеш алдында өңір басшысы ақ желеңді абзал жандарды төл мерекелерімен құттықтап, облыстағы ауруханалар мен емханаларға 27 жедел - жәрдем қызметіне арналған көліктің кілтін салтанатты түрде табыс еткен болатын.



ДЕНЬ УВАЖЕНИЯ К ВРАЧАМ

В Южно-Казахстанской области отпраздновали День медицинского работника. Принявший участие в торжественном мероприятии аким ЮКО Жансейит Түймебаев поздравил медиков с профессиональным праздником и вручил награды более 70 медицинским работникам.

Лучшим медицинским учреждением признана областная клиническая больница. Аким области вручил главному врачу учреждения Марату Пашимову ключи от микроавтобуса. Ключи от легкового автомобиля вручили и лучшему акушеру-гинекологу Нуржану Махмұтову. Кроме того, глава региона вручил ключи от частного дома главному врачу Сарыағашской центральной районной больницы Ибрагим Ташеву, а врачу Бақдәулету Мырзақасымову - ключи от квартиры.

Также глава региона торжественно вручил больницам и поликлиникам региона 27 ключей от машин скорой медицинской помощи.





ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАН ҰЛЫҚТАЛҒАН ҚЫМЫЗМҰРЫНДЫҚ

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданында «Қымызмұрындық» фестивалі өтті. Шараның мақсаты – жұртшылықтың ұлттық мәдениет мен салт-дәстүрге қызығушылығын арттыру және жастарды салауатты өмір салтына тәрбиелеу, сондай-ақ қазақ халқының ұлттық сусыны – қымыздың құндылығын насихаттау. Ұлттық сусын мерекесіне облыс әкімі Жансейіт Түймебаев, облыстық маслихаттың депутаттары, өңір ардагерлері мен зиялы қауым өкілдері және облыс тұрғындары мен қонақтары қатысты.

Фестивальде өңір басшысы Жансейіт Қансейітұлы айтулы мерекемен құттықтап, дәстүрдің мән-маңызына тоқталды.

«Қымызмұрындық – алғашқы қымыз ішу тойы және ынтымақтың, еңбектің, бірліктің мерекесі. Қазақта бұл сусынның құнан қымыз, дөнен қымыз, уыз қымыз, жазғы қымыз, түнемел қымыз сияқты түрлері бар. Бұлардың әрқайсысының дайындалу тәсілі де әртүрлі. Дәстүр бойынша халқымыз бұл мерекеде «Сауар көп болсын!», «Ақ мол болсын!», «Аузымызды ақтан айырмасын» деп тілек айтысқан, олай болса бүгінгі «Қымызмұрындық» тойы құтты болсын!», – деді ол.

Айтулы іс-шара аясында киіз үйлер тігіліп, халық әндері шырқалды. Қымыз баптаушылар сайысы, қолөнер шеберлерінің көрмесі, құлынды бие және сәйгүліктердің шеруі, ұлттық ат спорт түрлерінен көріністер, қымыз ішу сайысы өтті. Сайыстарға 15 аудан, қалалардан үміткерлер қатысып, жеңімпаздар облыс әкімінің арнайы сыйлығымен, дипломдармен марапатталды.

Қымызмұрындық фестивалінде қымыз баптаудан бас жүлдені Түлкібас ауданының үміткерлері иеленді. Тау баурайында бапталған бал қымызға жұртшылық риза болды. Бас жүлде иегерлеріне құлынды бие тарту етілді. Бірінші орынды Бәйдібек ауданының қымыз баптаушылары еншілесі, екінші және үшінші орындарды Түркістан қаласы мен Ордабасы ауданының қымыз баптаушылары иемденді.



ФЕСТИВАЛЬ «ҚЫМЫЗМҰРЫНДЫҚ» ПРОШЕЛ В ЮКО

В рамках программной статьи Главы государства «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» в Байдибекском районе, с целью возрождения древних традиций, прошел фестиваль «Қымызмұрындық». Цель мероприятия - повысить интерес общественности к национальной культуре и традициям, воспитание у молодежи всех аспектов здорового образа жизни, а также продвижение ценностей кумыса - национального казахского напитка. В национальном празднике кумыса приняли участие аким области Жансейит Туймебаев, депутаты областного маслихата, ветераны и интеллигенция области, председатели этнокультурных центров.

Выступая на фестивале, глава региона поздравил всех с праздником и подчеркнул важность традиций.

«Фестиваль «Қымызмұрындық» направлен на возрождение наших обычаев и традиций, а также является доблестным примером нашему подрастающему поколению. Это значит вернуться к нашим древним корням. Угощение первым летним кумысом и пролитие напитка на землю в знак предстоящего изобилия было целым ритуалом. Поздравляю вас с сегодняшним фестивалем», - сказал Ж. Туймебаев.

В рамках мероприятия прошел конкурс на лучшее приготовление кумыса, выставка мастеров прикладного искусства, соревнования по национальным конным видам спорта. В конкурсе приняли участие претенденты из 15 районов и городов области, победители были награждены специальными наградами и дипломами акима области.

Гран-при в конкурсе по изготовлению кумыса заняли мастера Тюлькубасского района. Первое место заняли мастера Байдибекского района, второе – города Туркестана, третье – Ордабасинского района.





АСТАНАДА ОҢТҮСТІК РЕЖИССЕРЛЕРІНІҢ ФИЛЬМДЕРІ КӨРСЕТІЛДІ

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы мен Астана қаласының 20 жылдығына орай Оңтүстік Қазақстан облысының Астанадағы үш күндік мәдени күндері басталды. Осыған орай, елордадағы оқушылар сарайында «Кино – руханияттың көзі» жобасымен Оңтүстікте түсірілген анимациялық және көркем фильмдер көрсетілімі өтті.

Тарихи-танымдық, балалар мен жасөспірімдерді патриоттық рухта тәрбиелейтін «Отырарды қорғау», «Киелі Қазығұрт» анимациялық фильмдері мен «Көне жетігеннің сыры» атты телехикая астаналық балғындарға ұнады.

Аталған фильмдерді Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында облыс әкімі Ж.Түймебаевтың бастамасымен өңірдегі «САҚ» киностудиясы түсірген.

Айта кетсек, өткен жылы Президенттің бағдарламалық мақаласы аясында «Күш атасы - Қажымұқан», «Отырарды қорғау», «Киелі Қазығұрт» атты 3 анимациялық фильм және «Көне жетігеннің сыры» 10 сериядан тұратын телехикая мен «Ұлы Жібек Жолындағы ескерткіштер» аты деректі фильмдер түсіріліп, қоғам назарына ұсынылды. Аталған туындылар Оңтүстік Қазақстан облысының барлық аудан, қалаларындағы 1 миллионнан астам мектеп оқушылары мен тұрғындарына «Кино-руханияттың жаңғыру көзі» жобасы аясында көрсетілсе, жергілікті телеарналарда да тұрақты түрде насихатталуда.

В АСТАНЕ ПРОШЕЛ ПОКАЗ ФИЛЬМОВ РЕЖИССЕРОВ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА

В рамках программной статьи Главы государства «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» и в честь 20-летия Астаны в столице начались трехдневные Дни культуры Южно-Казахстанской области. В рамках мероприятий прошел показ анимационных и художественных фильмов, снятых в Южном Казахстане в рамках проекта «Кино - источник духовности».

Анимационные фильмы «Защита Отырарской крепости», «Священный Казыгурт» и телесериал «Тайны древнего жетыгена» очень понравились юным зрителям столицы.

Отметим, что эти фильмы сняты киностудией «САҚ» в рамках программной статьи Главы государства «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» по инициативе акима области Ж. Түймебаева.

Напомним, в прошлом году в рамках программной статьи Президента в регионе были сняты три анимационных фильма - «Күш атасы - Қажымұқан», «Защита Отырарской крепости», «Священный Казыгурт», телесериал «Тайны древнего жетыгена», состоящий из 10 серий, а также документальные фильмы «Памятники Великого Шелкового пути».



ЕЛБАСЫ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ ЖАРЛЫҚҚА ҚОЛ ҚОЙДЫ

19 маусымда Қазақ тарихында алтын әріппен жазылатын оқиға болды. ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» жарлыққа жария түрде қол қойды. Осы Жарлық нәтижесінде Түркістан облысы құрылып, оның орталығы Түркістан қаласы болып бекітілді. Ал Шымкент республикалық мәртебеге ие миллионер шаһарға айналды.

Мемлекет басшысы жарлыққа қол қою рәсімі кезінде Астана және Алматымен қатар Шымкенттің тұрғындар саны 1 млн адамнан асатын қазақстандық қалалар қатарына кіргенін айтты.

«Қазақстан Республикасы әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы» заңның 3 бабы 1 тармақшасына сәйкес бүгін мен қол қойып отырған жарлық Шымкенттің республикалық мәртебесін реттеді. Бұл әкімшілік бірлік еліміздің 17 аймағы болады. Облыс орталығы ғасырлар бойы Қазақ хандығы мен түркі әлемінің саяси және рухани өмірінің жүрегі болып келген Түркістан қаласы болады», – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев жаңа құрылған Түркістан облысы жаңа әкімшілік міндеттерді сапалы іске асыруға қажетті мүмкіндіктердің барлығына ие екенін айтты. Сонымен бірге Елбасы Түркістан қаласын түркі әлемінің рухани-мәдени орталығы ретінде дамыту бойынша бас жоспарды әзірлеуге конкурс ұйымдастыру және өткізу жөнінде комиссия құру туралы тапсырма берді.

Осылайша Түркістанның жаңа тарихы, жаңа дәуірі басталды...



ПРЕЗИДЕНТ ПОДПИСАЛ УКАЗ О СОЗДАНИИ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

19 июня стал днем, который золотыми буквами прописан в истории Казахстана. Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев публично подписал Указ о создании Туркестанской области. Ее областным центром станет город Туркестан. А Шымкент обрел статус города-миллионника.

В соответствии с новым законом за Шымкентом закрепляется статус города республиканского значения наряду с городами Астаной и Алматы. Шымкент станет 17-ым регионом.

Нурсултан Назарбаев подчеркнул, что вновь образованная Туркестанская область располагает всеми возможностями для качественной реализации новых административных функций, и отметил важное историческое значение принимаемого решения. Правительству поручено создать комиссию по организации и проведению конкурса на разработку генерального плана по развитию города Туркестана как культурно-духовного центра тюркского мира.

Так для Туркестана началась новая история...



ЖАНСЕЙІТ ТҮЙМЕБАЕВ – ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ӘКІМІ

19 маусымда Түркістан облысы құрылды. Ал 20 маусымда ҚР Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаев пен ҚР Президенті Әкімшілігінің жетекшісі Әділбек Жақсыбеков Түркістан облысының активіне өңірдің жаңа басшысын таныстырды. Облыстық мәслихаттың кезектен тыс сессиясында Бақытжан Сағынтаев Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркістан облысы әкімі қызметіне Жансейіт Түймебаевтың кандидатурасын ұсыну туралы хатын оқып берді. Мәслихат депутаттары аталған кандидатураны бірауыздан қолдады.

«Елбасымыз күні кеше ғана Шымкент қаласын республикалық маңызы бар қала статусын беру туралы, Түркістан облысын құру туралы және облыс орталығын Түркістан қаласына көшіру туралы Жарлыққа қол қойғанын білесіздер. Енді сол жаңадан құрылған өңірге Елбасының ұсынысымен өздеріңізге жақсы таныс Жансейіт Қансейітұлы Түймебаев мырза тағайындалып отыр», – деген Бақытжан Сағынтаев әкімнің жауапты жұмысына сәттілік тіледі.

Жиында белгілі жазушы Мархабат Байғұт Елбасы Н.Назарбаевтың өңірге қатысты көреген шешіміне орай халықтың алғысын жеткізді.

Жаңарған Түркістанды түлету жұмыстары Жансейіт Қансейітұлының басшылығымен жүзеге асырылатын болды...



ЖАНСЕЙІТ ТҮЙМЕБАЕВ – ПЕРВЫЙ АКИМ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

19 июня была вновь образована Туркестанская область. А 20 июня Премьер-министр Бақытжан Сағынтаев и руководитель Администрации Президента Адильбек Джаксыбеков приняли участие в сессии маслихата вновь образованной Туркестанской области. Б. Сағынтаев зачитал письмо Главы государства, адресованное депутатам областного маслихата, о предложении назначить на должность акима Туркестанской области Түймебаева Жансеита Кансеитовича. По итогам голосования депутаты единогласно поддержали кандидатуру, предложенную Президентом.

«На протяжении многих веков Туркестан являлся центром политической и духовной жизни не только всей Центральной Азии, но и всего тюркского мира. Решение Главы государства о назначении священного Туркестана областным центром способствует его дальнейшему развитию. Это историческое решение положительно повлияет на улучшение жизни местного населения, а также способствует социально-экономическому развитию всего региона», – отметил Б. Сағынтаев.

В рамках встречи выступил представитель писатель Мархабат Байгут, который выразил слова поддержки решению Президента.

Теперь работы по строительству нового Туркестана и развитию вновь созданной области будет вестись под руководством Ж. Түймебаева.



ТҮРКІСТАНДЫҚТАР ЕЛБАСЫ ЖАРЛЫҒЫН ҚҰАНЫШПЕН ҚАРСЫ АЛДЫ

Түркістан облысын құру және облыс орталығын Түркістан қаласына көшіру туралы Елбасының Жарлығын түркістандықтар қуанышпен қабылдап, ел болып мерекелеп атап өтті. Есім хан алаңындағы мерекеге 20 мыңдай тұрғын қатысып, Қазақстан эстрада жұлдыздарының концертін тамашалады. Салтанатты жиынға облыс әкімі Жансейіт Түймебаев, облыстық мәслихат хатшысы Қайрат Балабиев, «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Нұрмахан Жолдасов, облыстық мәслихаттың депутаттары, облыс ел ағалары мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Мерекелік жиында аймақ басшысы ежелден қазақ хандығының астанасы атанған құт мекеннің облыс орталығына айналуының мән-мағынасына тоқталды.

«Сіздерді көне шаһар Түркістанның облыс орталығы мәртебесін иемденген тарихи сәтімен шын жүректен құттықтаймын! Елбасымыз атап көрсеткендей, өңірдің өркендеуіне тың серпін беруін көздеген шешімнің тарихи мән-мағынасы өте тереңде. Бұл қадам көне шаһардың қойнауында жатқан тарихи жәдігерлердің қайта жарқырап, өңірдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің көтерілуіне, жергілікті тұрғындардың тұрмыс сапасының артуына оң ықпал жасайтыны сөзсіз. 1500 жылдан астам тарихы бар жәдігер қаланың ХХІ ғасырдағы жаңа тынысы ашылғалы тұр», – деді Жансейіт Қансейітұлы.

Өңір басшысы Түркістанды дамытуға Елбасымыз үнемі мән беріп келгенін атап өтті. Мәселен, 1991 жылы Түркістанда Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті құрылса, 2000 жылы ЮНЕСКО-ның шешімімен Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойы әлемдік деңгейде аталып өтілді. 2002 жылы Дүниежүзі Қазақтарының ІІ-ші Құрылтайы да осында өтті. Тамыры тереңге тартқан құт мекен – Түркістан 2017 жылы ТҮРКСОЙ ұйымының шешімімен түркі әлемінің мәдени астанасы атанды.

Салтанатты шарада Түркістан жұртшылығы бұл шешімнің маңызы зор екеніне тоқталып, ел басшыларына алғыстарын айтып, Қазақстан эстрада жұлдыздарының концерттік бағдарламасын тамашалады.



ТУРКЕСТАНЦЫ ВОСПРИНЯЛИ С РАДОСТЬЮ УКАЗ ПРЕЗИДЕНТА

Жители Туркестана с особой радостью приняли новость об Указе Главы государства о создании Туркестанской области и присвоении городу статуса областного центра, отпраздновав данное событие. В торжественном мероприятии, прошедшем в областном центре по этому случаю, приняли участие аким области Ж. Түймебаев, секретарь областного маслихата К. Балабиев, первый заместитель председателя областного филиала партии «Нур Отан» Н. Жолдасов, депутаты областного маслихата, ветераны области и представители интеллигенции.

Выступая на праздничном мероприятии, глава региона отметил значимость создания Туркестанской области, которая является центром казахского ханства, духовной и культурной столицей всего тюркского народа.

«От всей души поздравляю вас с этим историческим моментом - присвоения древнему и священному городу Туркестан статуса областного центра. Как отметил Глава государства, историческое решение, принятое для процветания региона и придания импульса, имеет глубокое значение. Этот шаг положительно способствует возрождению исторических экспонатов, росту социально-экономического потенциала, улучшению качества жизнедеятельности местных жителей. Город с 1500-летней историей обретет новое дыхание», - сказал Ж. Түймебаев.

Вместе с этим, аким области подчеркнул, что Глава государства уделяет особое значение возрождению Туркестана. К примеру, при непосредственной инициативе Н. Назарбаева в 1991 году в Туркестане был создан международный казахско-турецкий университет имени Х. А. Ясауи. Данная инициатива определила особое место города в тюркском мире. Также с 1998 года проводились подготовительные мероприятия, посвященные празднованию 1500-летия Туркестана. А в 2017 году решением организации ТЮРКСОЙ Туркестан был признан культурной столицей тюркского мира.

Торжественное мероприятие продолжилось концертной программой с участием звезд эстрады Казахстана.



ТҮРКІСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Асқар Мамин Түркістан облысының орталығы Түркістан қаласына жұмыс сапарымен келіп, Түркістан аймағын дамыту перспективалары туралы комиссияның бірінші отырысына қатысты. Қаланың даму жоспарымен танысты. Онымен бірге барлық министрліктердің жетекшілері және орынбасарлары да киелі шаһарға келіп, Түркістанды дамыту бойынша тапсырма алды.

Жаңа облыс орталығының даму жоспарымен таныстырған Ж.Түймебаев Елбасы тапсырмасын орындау мақсатында арнайы штаб құрылғанын атап өтті. Асқар Маминге жаңа әкімшілік-іскерлік орталықты дамыту жобасы, жол, құрылыс инфрақұрылымдарын одан әрі жаңғырту жұмыстары баяндалды.

Мәселен, жаңадан жасалған бас жоспарға сәйкес қала аумағының көлемі 35 мың гектарға ұлғайған. Ал Түркістан қаласының шығыс бөлігінен жаңа қалашық салу үшін 670 гектар жер бөлініп отыр. Оның 170 гектар болатын аумағына әкімшілік-іскерлік орталық салынса, 300 гектарына көп қабатты тұрғын үйлер тұрғызылатын болады. Аталған қалашықта 65 мыңға жуық тұрғын тұрады деп жоспарлануда. Сонымен қатар жаңа жоспарға сәйкес инфрақұрылымдық жүйелерді және көліктік-логистикалық бағытты дамыту жолдары қарастырылуда.

Бұдан бөле «Көне Түркістан» тарихи бөлігін жаңғырту жобасы туралы баяндалды. Жоба Қ.А.Яссауи кесенесі маңындағы қорғандарды реконструкциялауға бағытталған.

Қаланың даму жоспарымен танысқан Асқар Мамин аталған жұмыстардың орындалуы Үкімет тарапынан қадағаланатынын айтып, мейлінше қолдау көрсетілетінін жеткізді.

ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Түркістан қаласы әкімдігінің жұмысымен және мемлекеттік қызметкерлерге арналған жатаханамен, сондай-ақ, қолданыстағы темір жол вокзалын аралап көрді.

Жалпы Түркістан аймағын дамыту перспективалары туралы комиссияның бірінші отырысында шаһардағы өткір мәселелер де айтылып, оны шешу жолдары ұсынылды. Түркістан қаласының бас жоспары тұжырымдамасын үздік нұсқасына халықаралық конкурс ұйымдастыру жөнінде келісім жасалды.

ОБСУДИЛИ БУДУЩЕЕ ТУРКЕСТАНА

Первый заместитель Премьер-министра РК Аскар Мамин посетил с рабочим визитом областной центр Туркестанской области – город Туркестан. Он принял участие на первом заседании комиссии по перспективам развития Туркестанской области и ознакомился с развитием города.

Ознакомив с планом развития нового областного центра, аким области Ж. Түймебаев отметил, что в целях реализации поручений Главы государства создан специальный штаб. Вместе с этим, Аскар Мамину были доложены работы по проекту развития нового административно-делового центра, совершенствованию и модернизации инфраструктуры строительства.

В частности, в соответствии с новым разработанным генеральным планом территория города увеличилась на 35 тысяч гектаров. Для строительства нового городка в восточной части Туркестана выделено 670 гектаров земли. Из них на 170 гектарах планируется построить административно-деловой центр, на 300 гектарах - многоэтажные жилые дома. Планируется, что в данном городке будут проживать около 65 тысяч жителей. Наряду с этим, согласно новому плану предусматриваются пути развития инфраструктурных систем и транспортно-логистического направления.

Кроме того, А. Мамину рассказали о проекте возрождения исторической части Туркестана. Проект направлен на реконструкцию крепостных сооружений вокруг мавзолея Х. А. Яссауи.

Ознакомившись с планом развития города, Аскар Мамин отметил, что исполнение данных работ будет на контроле Правительства, и подчеркнул, что для реализации поручений Главы государства на соответствующем уровне со стороны Правительства будет оказана максимальная поддержка.

В ходе поездки Первый заместитель Премьер-Министра РК Аскар Мамин ознакомился с работой акимата города Туркестан, посетил общежитие для государственных служащих, а также действующий железнодорожный вокзал.

Также первый заместитель Премьер-министра провел в областном центре первое заседание Комиссии по перспективам развития Туркестанской области. На встрече стало известно, что на разработку генерального плана Туркестана организуют международный конкурс.



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӨНЕРПАЗДАРЫ АСТАНАНЫ ӨНГЕ БӨЛЕДІ

Елорда төрінде Түркістан облысы өнерпаздарының «Асқақтай бер, Астана!» атты гала-концерті өтті. Бұл іс-шара «Рухани жаңғыру» бағдарламасын орындау және Астана қаласының 20 жылдығына орай «Ән мен күй әлдилейді Астананы» атты Түркістан облысының Астанадағы мәдени күндері аясында ұйымдастырылды.

Түркістан өнерпаздарының өнерін ҚР Парламенті мәжілісінің депутаттары мен зиялы қауым өкілдері және журналистер, елорда тұрғындары тамашалады.

Концерт «Шарықтай бер, Астана» театрландырылған-хореографиялық композициясынан бастау алып, дәстүрлі әндер шеруі, қазақ және классикалық, Ш.Қалдаяқов әндерінен попури, «Дала рухы» композициясымен жалғасын тапты.

Концертке облыстан шыққан эстрада жұлдызы Алтынай Жорабаева және ҚР Халық әртісі Нұржамал Үсенбаева, ҚР Мәдениет қайраткерлері Үрәлхан Сейілбекова, Марат Оразметов пен ҚР еңбек сіңірген әртісі Сәбираш Әбдірайымова қатысты. Сондай-ақ халықаралық байқаулардың лауреаттары Карина Нажмеддинова, Мөлдір Исаева, Жадыра Абдуллаева, Нұрқанат Тапиев, Аян Төлеген, Нематилло Зкруллаев, Бекзат Тұрғынбек, Ақмарал Биназарова сынды сахна саңлақтарымен қатар «Тұмар» фольклорлық ансамблі және «Қазына», «Шамсинур», «Фараб» би топтары жұртшылыққа керемет көңіл-күй сыйлады.



АРТИСТЫ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ ВОСХИТИЛИ СТОЛИЦУ СВОИМ ТАЛАНТОМ

В Астане состоялся гала-концерт мастеров искусства Туркестанской области «Асқақтай бер, Астана!». Концерт организован в рамках программной статьи Главы государства «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» и 20-летия Астаны, а также Дней культуры Туркестанской области в Астане «Ән мен күй әлдилейді Астананы».

В мероприятии приняли депутаты Мажилиса Парламента РК и представители интеллигенции, а также республиканские СМИ.

Концерт «Шарықтай бер, Астана!» начался с театрализованно-хореографической композиции и продолжился традиционным парадом песен, казахскими классическими песнями, а также попури из песен Ш. Калдаякова и композицией «Дала рухы» («Дух степи»).

В концерте приняли участие звезды эстрады области, в числе которых заслуженный деятель РК Алтынай Жорабаева, народная артистка РК Нуржамал Усенбаева, деятели культуры РК Уралхан Сейилбекова, Марат Оразметов, а также заслуженная артистка РК Сәбираш Абдірайымова, лауреаты Международных конкурсов Карина Нажмеддинова, Молдір Исаева, Жадыра Абдуллаева, Нурқанат Тапиев, Аян Төлеген, Нематилло Зкруллаев, Бекзат Турғынбек, Ақмарал Биназарова. Кроме того, выступили танцевальные группы такие, как фольклорный ансамбль «Тұмар», «Қазына», «Шамсинур», «Фараб».



ҮЗДІК ЖУРНАЛИСТЕРГЕ ҚҰРМЕТ ЖОҒАРЫ

Түркістан облысы, Төле би ауданында Ақпарат және байланыс қызметкерлерінің кәсіби мерекесі аталып өтілді. Салтанатты шарада өңір басшысы Жансейіт Түймебаев БАҚ саласы қызметкерлерін айтулы мерекемен құттықтады.

«Дәстүрге айналған ақпарат саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қоғамда үлкен мәртебеге ие. Бұқаралық ақпарат құралдары – халық пен биліктің арасындағы алтын көпір. Демек, қандай да бір ақпарат көзінің сөзі – қоғамдық пікір қалыптастырудың темірқазығы іспетті. Сондықтан да әрбір сөзді, оқиғаны таратуда шынайылық пен адалдық қағидаларын сақтау барынша маңызды деп білемін. Еселі еңбектеріңіз ақталып, алдағы мақсаттарға жету жолындағы жаңа биіктер мен шыңдардан көріне беріңіздер!», – деген Жансейіт Қансейітұлы БАҚ саласында еңбегі сіңген ардагерлерді «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медалімен, сала үздіктерін облыс әкімінің Грамотасымен және Алғыс хаттарымен марапаттады.

«Үздік телеарна» номинациясын «Ontustik» және «Айғақ» телеарналары жеңіп алды. Ал «Ең үздік аймақ тілшісі» аталымы «Жас Алаш» газетінің меншікті тілшісі Бақытжан Дәуітов пен «КазАқпарат» ақпараттық агенттігінің тілшісі Айнұр Ақбаеваға бұйырды. Дәстүрлі «Үздік басылым» номинациясын «Рейтинг» газеті иеленді. Сондай-ақ тележурналистика саласындағы «Алтын микрофон» номинациясына Ардақ Жақсылықова лайық деп танылса, мерзімді басылым журналистеріне арналған «Алтын қауырсын» сыйлығы Айдар Құлжановқа бұйырды. Ал «Үздік аудандық, қалалық басылым» номинациясында Түлкібас аудандық «Шамшырақ» газеті жеңімпаз атанды. Бұдан өзге «Оңтүстік өнімі» байқауының жеңімпаздары анықталып, жүлделер тапсырылды.

Кеш соңы концерттік бағдарламаға ұласты.



НАГРАДИЛИ ЛУЧШИХ ЖУРНАЛИСТОВ

В Тoleбийском районе отметили профессиональный праздник работников связи и информации. Выступивший на торжественном мероприятии глава региона Жансеит Түймебаев поздравил работников СМИ с этим знаменательным днем.

«Профессиональный праздник работников связи и информации, ставший на сегодняшний день традицией, имеет особенную важность. Средства массовой информации – золотой мост между народом и властью. Ваши слова подобны путеводной звезде в формировании общественного взгляда. Именно поэтому я считаю, что соблюдение правдивости и честности в распространении каждого слова, каждого события является крайне важным. Пусть ваш труд оправдается в разы, желаю вам новых вершин и высот на пути предстоящих целей!», – сказал Жансеит Кансеитович в своей поздравительной речи.

Также глава области наградил ветеранов СМИ медалью «За заслуги в области СМИ», а передовиков – грамотами и благодарственными письмами акима области.

На праздничном мероприятии определили лучшие коллективы и журналисты данной сферы. В этом году традиционную номинацию «Лучший телеканал» выиграла телеканалы «Ontustik» и «Айғақ». Номинация «Самый лучший корреспондент региона» досталась собственному корреспонденту газеты «Жас Алаш» Бакытжану Даутову и корреспонденту информационного агентства «КазАқпарат» Айнур Ақбаевой. Традиционная номинация «Лучшее издание» присуждена газете «Рейтинг». Номинации в сфере тележурналистики «Золотой микрофон» достойной признана Ардақ Жаксылыкова. Премия «Алтын қауырсын», посвященная журналистам периодических изданий, досталась Айдару Кулжанову. Кроме того, в номинации «Лучшее районное, городское издание» победителем объявлена Тулькубасская районная газета «Шамшырақ».

Праздничный вечер продолжился концертной программой.



УНИВЕРСИТЕТ ТҮЛЕКТЕРІН ТҮРКІСТАНҒА ЖҰМЫСҚА ШАҚЫРДЫ

Түркістан облысының орталығы – Түркістан қаласында жоғары оқу орындарын бітіріші түлектерге диплом табыстау рәсімі өтті. Мерекелік жиында Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев өңірдегі барлық жоғары оқу орындарының үздік түлектеріне салтанатты түрде диплом тапсырып, оларды Түркістан қаласында жұмыс істеуге шақырды. Түркістан қаласының облыс орталығы болуына орай 300 жас маманға «Жастар практикасы» бағдарламасы арқылы жұмыс ұсынылып отыр. Оған облыстық бюджеттен арнайы қаржы бөлінеді.

«Биыл өңіріміздегі 12 жоғары, 94 орта арнаулы оқу орындарын 36 мыңнан астам студент бітіріп, жас маман атанып отыр. Облысымыз жаңа атауға ие болып Түркістан облысы құрылды. Құрылып жатқан аумақтарды дамыту үшін нақты іс-шаралардың жол картасын әзірленіп, Түркістанда жаңа әкімшілік ғимараттары мен тұрғын үйлер салынады. Жаңарған Түркістан облысының болашағы, дамуы, өркендеуі Сіздердің қолдарыңызда. Осы мүмкіндіктерді пайдалана отырып, Түркістан облысының дамуына өз үлестеріңізді қосуға шақырамын. Сіздер сияқты жас, болашағынан көп үміт күттіретін мамандар бізге қажет», – деді Жансейіт Түймебаев.

Салтанатты диплом табыстау рәсіміне халықаралық, республикалық, облыстық деңгейдегі білім, ғылым, мәдениет пен спорт саласындағы байқаулар мен жарыстарда ерекшеленген үздік 300 түлек марапатталды. Бітіруші түлектер қызыл кілемшемен жүріп өтіп, арнайы диплом мен төсбелгіге ие болды.

Мерекелік бағдарламада облысқа және елімізге танымал өнер жұлдыздары өнер көрсетті. Іс-шара соңы отшашумен аяқталды.



ВЫПУСКНИКОВ ВУЗОВ ПРИГЛАСИЛИ РАБОТАТЬ В ТУРКЕСТАНЕ

В Туркестане состоялась церемония вручения дипломов выпускникам высших учебных заведений. На праздничном мероприятии аким области Жансейит Туймебаев торжественно поздравил всех выпускников высших учебных заведений и призвал их работать в Туркестане. В связи с признанием Туркестана областным центром 300 молодым специалистам предлагают работу по программе «Молодежная практика». Для этого из областного бюджета будут выделены специальные средства.

«В текущем году молодыми специалистами стали более 36 тысяч студентов из 12 высших и 94 средних специальных учебных заведений области. Наша область переименована в Туркестанскую область. В целях развития создающихся территорий разрабатывается дорожная карта мероприятий. В Туркестане возведут новое здание акимата и построят жилые дома. Будущее новой Туркестанской области, а также ее развитие и процветание напрямую зависит от вас. Призываю молодежь внести свой вклад в развитие Туркестанской области. Мы нуждаемся в активной молодежи и высококвалифицированных специалистах».

На торжественной церемонии были награждены 300 выпускников, окончившие университет с отличием. Они прошли по «красной» дорожке и получили специальные дипломы и медали.

Праздничное мероприятие продолжилось концертной программой с участием известных звезд эстрады. Мероприятие завершилось праздничным фейерверком.





ТҮРКІСТАНДА ҚМДБ ӨКІЛДІГІ АШЫЛДЫ

Түркістанды рухани және мәдени орталыққа айналдыру жұмыстары басталып кетті. Соның дәлеліндей шілде айында облыс орталығында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының тұрақты түрде жұмыс істейтін өкілдігі ашылды. Ашылу салтанатына Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Серікбай Ораз, ҚР Қоғамдық даму вице-министрі Арын Берік және облыс әкімі Жансейіт Түймебаев, облыс ардагерлері мен зиялы қауым өкілдері, мешіт имамдары қатысты.

Түркістан қаласында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы өкілдігінің ашылуы рухани қаланың өмірінде айрықша сипатқа ие екенін айтқан облыс әкімі «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының қасиетті де киелі Түркістанда өкілдігінің ашылуы Ислам дінінің өркендеп өсуіне, діңгегінің нығая түсуіне оң ықпалын тигізетініне біздің сеніміміз мол», – десе, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти, Серікбай қажы Ораз Түркістан облысының құрылуымен барша түркістандықтарды құттықтап, ашылып отырған басқарманың өкілдігі Ислам дінінің өркендеуі жолында жұмыс атқаратынын айтты.

Түркістан қаласындағы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы өкілдігінің жетекшісі болып Астанадағы Өзірет Сұлтан мешітінің бас имамы Наурызбай қажы Тағанұлы тағайындалды.



В ТУРКЕСТАНЕ ОТКРЫЛОСЬ ПРЕДСТАВИТЕЛЬСТВО ДУМК

В областном центре начались работы по его превращению в духовный и культурный центр страны. Здесь открылось представительство Духовного управления мусульман Казахстана. В церемонии открытия участвовали председатель ДУМК, Верховный муфтий Серикбай Ораз, вице-министр по делам религий и гражданского общества Арын Берик, аким области Жансейт Түймебаев, ветераны и представители интеллигенции, имамы.

Выступивший на мероприятии председатель Духовного управления мусульман Казахстана, Верховный муфтий Серикбай хаджи Ораз поздравил всех туркестанцев в историческим событием – созданием Туркестанской области. Он заявил, что открывающийся филиал управления будет работать на пути развития и процветания исламской религии.

Представителем Духовного управления мусульман Казахстана в Туркестане назначен Наурызбай қажы Тағанұлы, ранее работавший имамом главной мечети Астаны «Азирет Султан».





АСТАНАНЫҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫНА – ҮЛКЕН ТАБЫСПЕН

Алтыншы шақырылымдағы облыстық мәслихаттың кезектен тыс жиырма алтыншы сессиясы алғаш рет Түркістан облысының орталығында өтті. Бұл жиынды облыстық мәслихат сессиясының төрағасы Базарбай Мұсабеков жүргізді.

Облыстық мәслихат сессиясының күн тәртібінде облысты басқару схемасына өзгерістер енгізу, Түркістан облысы әкімдігінің дербес құрамын келісу және өңірдің әкімшілік-аумақтық құрылысын қамтыған алты мәселе қаралды.

Сессия отырысында облыс әкімі Жансейіт Түймебаев Түркістан қаласында өткізіліп отырған облыстық мәслихатының бұл сессиясы тарихи екенін айтып, Елордада 1997 жылы 9 желтоқсанда өткізілген ҚР Парламентінің бірлескен бірінші мәжілісін еске алды.

«Түркістан облысы – ел игілігі, ұлт болашағы үшін қабылданған Елбасымыздың бастауымен қолға алынған маңызды шешім. Елбасымыз 19 маусымда осы Жарлыққа қол қою кезінде көп нәрсені түсіндіріп айтты. Орта ғасырларда Қазақ хандығының ордасы болған, қазақ жерінде мемлекеттіліктің қалыптасуына ерекше ықпал еткен, талай хандарымыз, билеріміз бен батырларымыз және сұлтандарымыз жатқан Түркістан қаласы шынында да Қазақстанның және түркі дүниесінің мәдени орталығы болуға тиісті», – деді облыс әкімі.

Бұдан бөлек сессия барысында облыс әкімі депутаттарды «Астананың 20 жылдығы» медалімен және мәслихаттың Құрмет грамотасымен марапаттады.



В ТУРКЕСТАН ВПЕРВЫЕ ПРОШЛА СЕССИЯ ОБЛАСТНОГО МАСЛИХАТА

Двадцать шестая внеочередная сессия областного маслихата впервые прошла в новом административном центре Туркестанской области. Ее вел председатель сессии Базарбай Мусабеков.

На сессии были рассмотрены вопросы внесения изменения в схему управления областью и утверждения состава акимата Туркестанской области.

Аким области Ж. Туймебаев отметил историческое значение проведения первой сессии маслихата в Туркестане и вспомнил первое совместное заседание Парламента и правительства РК в Акмоле в 1997 году.

«Создание Туркестанской области – важное решение, принятое Елбасы на благо страны и для будущего нации. 19 июня, во время подписания Указа, Елбасы многое объяснил. Туркестан в средневековье был ставкой казахских ханов, особую роль играл в становлении государства на казахской земле. Город достоин стать культурной столицей Казахстана и тюркского мира», – сказал Ж. Туймебаев.

В завершении сессии юбилейными медалями «20 лет Астане» были награждены депутаты.



АСТАНАНЫҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫНА – ҮЛКЕН ТАБЫСПЕН

Түркістанда елордамыз – Астананың 20 жылдық мерекесіне арналған «Асқақатай бер, Астана!» атты салтанатты іс-шарасы ұйымдастырылды. Салтанатты жиында облыс басшысы Астана қаласының ел тарихында алар орнын екшеп, айтулы күнге орай өңірімізде өткізілген шараларды атап өтті.

«Астана – Қазақстан тәуелсіздігінің Ұлы тұғыры. Елорда – Елбасы идеясының іске асырылуы және барлық Қазақстан халқы еңбегінің нәтижесі. Елдің көңіл қуанышына айналған ару қаламыздың мерей тойына орай өңірімізде «Ел жүрегі – Астана» атты 532 іс-шара өткізілді. «Елордаға сыйлық» жобасы бойынша Түркістан облысы тарапынан Астана қаласына тарту ретінде 5,2 шақырым веложол нысаны салынды», – деді Жансейіт Қансейітұлы.

Мерекелік кеште ҰОС және еңбек ардагерлері, Парламент және облыстық мәслихатының депутаттары, заң қызметкерлері, білім, мәдениет және спорт саласының өкілдері, жалпы саны 24 азамат азамат облыстың «Құрметті азаматы» атағын алды. Олардың қатарында еңбек ардагерлері Асқар Құлыбаев, Оразалы Омаров, Ділдәбек Тойжанов, Парламент Сенатының депутаты Әли Бектаев, кәсіпқой боксшы Бейбіт Шүменов, «Қазақ күресі» Бүкіл әлемдік федерациясының бірінші вице-президенті Серік Төкеев, «Болашақ» үздіксіз білім беру орталығының директоры Саттар Қуашбай бар.

Бұдан бөлек өңірдің дамуына сүбелі үлес қосқан 30-ға жуық азамат «Астанаға 20 жыл» медалімен марапатталды.

Мерекелік шараның соңы өңір өнерпаздары дайындаған концерттік бағдарламасына ұласты.

К 20-ЛЕТИЮ АСТАНЫ – С БОЛЬШИМИ УСПЕХАМИ

В Туркестанской области прошло торжественное мероприятие «Асқақатай бер, Астана!», посвященное 20-летию столицы. На нем глава региона отметил роль Астаны в истории страны, после чего перечислил проведенные в честь знаменательной даты в нашем регионе мероприятия.

«Астана – стержень независимости Казахстана. Наша столица – это реализация идеи Главы государства и плод труда всех казахстанцев. В честь юбилея города в нашем регионе проведены 532 мероприятий под названием «Ел жүрегі – Астана». По проекту «Елордаға сыйлық» в качестве подарка Астане Туркестанской областью построена велотрасса протяженностью 5,2 километра», – сказал Жансейит Кансейитович.

В ходе мероприятия 24 человека - ветераны ВОВ и ветераны труда, депутаты Парламента и областного маслихата, представители сферы культуры и спорта - получили награду «Почетный гражданин области». Ими были награждены ветераны труда Аскар Кулыбаев, Оразалы Омаров, Дилдабек Тойжанов, депутат Сената Парламента Али Бектаев, профессиональный боксер Бейбут Шүменов, первый вице-президент всемирной федерации «Қазақ күресі» Серик Төкеев, директор Центра непрерывного обучения «Болашақ» Саттар Қуашбай.

Кроме этого, свыше 30 человек, внесшие огромный вклад в развитие региона, были награждены медалью «Астанаға 20 жыл».

Праздничное торжество продолжилось концертной программой, подготовленной творческими коллективами региона.



ТҮРКІСТАНДА АСТАНА КҮНІ ТОЙЛАНДЫ

Түркістан облысының орталығы – Түркістан қаласында Астананың 20 жылдық мерекесіне арналған гала-концерт өтті. Есімхан алаңында өткен концертке мыңдаған көрермен қатысты. Салтанатты шарада Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев көпшілікті мерекемен құттықтады.

«Қазақ елінің жасампаз тарихында алтын әріппен жазылатын мерекелердің бірі – Астана күні. Астана – Елбасымыздың төл туындысы. Сарыарқа төсінде гауһартастай жарқырап тұрған елордамыз бүгінгі таңда әлемнің таңданысын оятқан, бәрін мойындатқан ғаламат жоба. Астана еліміздің барлық өңірлерінің экономикасының дамуына ықпал еткен қозғаушы күшке айналды. Сіздерді тағы да Астана күнімен шын жүректен құттықтай отырып, барлықтарыңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақытты ғұмыр тілеймін», – деді ол.

Думанды мерекеде өңір басшысы қоғамның түрлі салаларында жемісті еңбек етіп жүрген бір топ азаматқа «Астанаға – 20 жыл» мерекелік медалын салтанатты түрде тапсырды. Олардың арасында спорт, өнер, БАҚ және өзге де салалардың өкілдері бар. Сонымен қатар Ж.Түймебаев биыл ҰБТ қорытындысы бойынша ең жоғары балл жинаған Түркістан облысының 20 өреніне Алғыс хат тапсырып, үлкен өмірге басқан қадамдарына сәт-сапар тіледі.

В ТУРКЕСТАНЕ ОТМЕТИЛИ ДЕНЬ СТОЛИЦЫ

В Туркестане прошел гала-концерт, посвященный 20-летию юбилею Астаны. В концерте, прошедшем на площади Есим хана, участвовали тысячи зрителей. На торжественном мероприятии аким Туркестанской области поздравил с праздником всех собравшихся.

«День Астаны – один из праздников, который впишется золотыми буквами в созидательной истории Казахстана. Говоря о нашей независимости, мы не можем не говорить об Астане. Являясь украшением степей Сарыарки, сегодня нашей столицей любуются весь мир, это удивительный проект, который признали все. Астана стала движущей силой, которая влияет на экономическое развитие всех регионов. Еще раз поздравляю вас с Днем Астаны, желаю всем крепкого здоровья, счастья и благополучия в семье!», – сказал Ж. Түймебаев.

Глава региона в ходе торжества наградил ряд граждан, которые плодотворно работают в разных сферах общества, юбилейной медалью «20 лет Астане». Среди них есть представители спорта, искусства, СМИ и других сфер. Ж. Түймебаев также вручил благодарственные письма 20-ти выпускникам, которые набрали самые высокие баллы на ЕНТ, пожелав им успехов в дальнейшей большой жизни.



ЖАҢАДАН ҚҰРЫЛҒАН ТӨРТ АУДАННЫҢ ШЕКАРАСЫ БЕКІТІЛДІ

Алтыншы шақырылымдағы облыстық мәслихаттың кезектен тыс жиырма жетінші сессиясында Түркістан облысының таяуда бөлініп, қайта құрылған Жетісай, Мақтаарал, Келес, Сарыағаш аудандарының шекаралары бекітілді. Сессия жұмысына қатысқан облыс әкімі Жансейіт Түймебаев Елбасымыздың қолдауымен екі ауданның бөлінуі халқы тығыз орналасқан аумақ үшін маңызды екеніне тоқталды.

«Өткен аптадағы Үкіметтің отырысында аталған аудандардың шекарасын бекіту туралы ұсынысымыз қабылданып, бүгін мәслихаттың сессиясында бекітіп отырмыз. Қайта құрылған Сарыағаш ауданының аумағы 417 мың гектарды құраса, жаңадан құрылған Келес ауданының шекарасы 345 мың 129 гектарды, Жетісай ауданының аумағы 104 мың 600 гектарды, ал Мақтаарал ауданының көлемі 80 мың 760 гектарды құрайтын болады. Осыған орай, аудан әкімдеріне тиісті жұмыстарды қолға алып, ұйымдастыруды тапсырамын», – деді облыс әкімі.

Бұдан бөлек аймақ басшысы облыс орталығы – Түркістан қаласына көшу бойынша қызу жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтып, қыркүйек айында барлық басқармалармен бірге көшетінін жеткізді. Ол үшін шілде, тамыз айларында әкімдікке қарасты мекемелер мен мәслихат аппараты орналасатын ғимараттар дайындалады.



ОБОЗНАЧЕНЫ ГРАНИЦЫ НОВЫХ РАЙОНОВ

На шестой внеочередной сессии Туркестанского областного маслихата утверждены административно-территориальные границы Жетысайского, Мактааральского, Келесского и Сарыагашского районов. Аким области Ж. Туймебаев, который участвовал в работе сессии, отметил важность Указа Елбасы о разделении двух густонаселенных районов.

«На прошлой неделе Правительство приняло наше предложение об утверждении границ новых районов, и сегодня мы принимаем соответствующее решение на сессии маслихата. В этом направлении проведена большая работа. Территория Сарыагашского района теперь составляет 417 тысяч гектаров, а нового Келесского – 345 тысяч гектаров. Территория Жетысайского района – 104 тысяч 600 гектаров, Мактааральского – 80 тысяч 760 гектаров. В связи с этим акимам района поручаю взять в руки соответствующую организационную работу по разделению территорий», – сказал аким области.

Глава области Ж. Туймебаев рассказал также о подготовке к переезду государственных учреждений в новый областной центр – Туркестан. Переезд акимата области намечается в августе. В июле-августе будут подготовлены здания для госучреждений и аппарата маслихата.



ТҮРКІСТАНДЫ ДАМУДА ТАРИХШЫЛАР МЕН СӘУЛЕТШІЛЕР ПІКІРІ ЕСКЕРІЛЕДІ

Түркістан облысының орталығында сәулетшілер мен археологтар, тарихшылар мен суретшілер бас қосты. Өз салаларында елімізге белгілі 40-қа жуық азамат дөңгелек үстел барысында Түркістан қаласын түркі әлемінің рухани-мәдени орталығы ретінде дамыту жайын сөз етті. Облыс әкімі Жансейіт Түймебаев облыс орталығына айналып отырған шаһарды экономикалық, әлеуметтік, рухани-мәдени жағынан дамыту басты мақсат екенін атап өтті.

Отырыста Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Бауыржан Байтанаев, «Интеллект-эксперт» әлеуметтік-экономикалық зерттеулер орталығының директоры, профессор, академик Саттар Мәжитов, әдебиет сыншысы, жазушы Құлбек Ергөбек, ҚР құрметті сәулетшісі, саясат ғылымдарының кандидаты Ғабит Садырбаев, тарих ғылымдарының докторы, профессор Хангелді Өбжановтар сөз алып, Түркістанды дамыту бойынша өз ойларын ортаға салды.

Жиынды қорытындылай келе облыс әкімі Түркістан туризм саласы бойынша Самарқан, Бұхара, Хиуа сияқты қалалармен бәсекелесіп, Түркі әлемінің астанасы және облыс орталығы ретінде әлемдік аренада Қазақстанның беделін биіктететінін жеткізді.

«Түркістан қаласында кесенеге жақын тұста бой көтеретін тұрғын үйлер көпқабатты болмайды. Себебі, Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің биіктігінен аспау керек. Барлық жерде мавзолей мүмкіндігінше көрініп тұруы қажет. Сондай-ақ баспаналар ортаазиялық стильде, яғни көне дәуірдегі сәулетпен салынуы тиіс», – деген ол қалада Ясауи музейі, әуежай, теміржол вокзалы мен автовокзал және қонақ үйлер, дәмханалар салынатынын, әр облыс бір нысаннан тарту ететінін атап өтті.

Осы мәжілісте профессор Х.Өбжанов Түркістан облысының әкіміне XV ғасырда салынған Ұлы Жібек жолы картасының көшірмесін сыйға тартты. XV ғасырда салынған бұл картада Түркістан қаласы да бар.

«Болашақта Түркістан облысының орталығы – Түркістанда үлкен музей салынатынын естідім. Сондықтан осы аса құнды жәдігерді Түркістандағы музейге тапсыруды жөн деп таптым», – деді тарихшы.

В РАЗВИТИИ ТУРКЕСТАНА БУДУТ УЧАСТВОВАТЬ ИЗВЕСТНЕ ИСТОРИКИ И АРХИТЕКТОРЫ

В Туркестане прошел «круглый стол» по вопросам развития города Туркестана как духовно-культурного центра тюркского мира. На нем были рассмотрены вопросы экономического, социального, духовно-культурного развития города. На встрече архитекторы, археологи, историки, художники около 40 экспертов - высказали свои мнения о развитии Туркестана.

Своими предположениями поделились директор Института археологии им. А. Маргулана, доктор исторических наук Б. Байтанаев, директор центра социологических исследований «Интеллект-экспорт», профессор, академик С. Мажитов, литературный критик, писатель, ученый К. Ергобек, заслуженный архитектор РК, кандидат политических наук Г. Садырбаев, доктор исторических наук Х. Абжанов и другие.

Ж. Түймебаев отметил, что главная цель – развитие экономической, социальной, духовно-культурной сфер Туркестана.

«Для развития города Туркестана как историко-культурного центра мирового значения разработана концепция «Древний Туркестан». Одно из ее главных направлений – развитие индустрии туризма», – отметил глава региона.

Ж. Түймебаев отметил, что Туркестан, составив конкуренцию Самарканду, Бухаре и Хиве и став центром тюркского мира, повысит авторитет Казахстана перед мировым сообществом.



ОТЫРАР ҚАЛАШЫҒЫ ТАРИХИ КЕЛБЕТІНЕ ЕНЕТІН КҮН ЖАҚЫН

Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев Отырар ауданында жұмыс сапарымен болып, «Отырар төбе» қалашығында арнайы мамандармен бас қосты. Түркістан қаласының дамытуға қатысты мәжіліске келген сәулетшілер мен археологтар, тарихшылар, өз саласының білгірлері жиналған Отырар қалашығындағы басқосуда аймақ басшысы кезінде көне шаһардың агломерациясы мықты болғанын айтты.

«Отырар қалашығына келе жатқанда бірнеше төбелер бар. Олардың бәріне зерттеу жүргізілуі керек. Кезінде Отырар үлкен қала болса, соның айналасындағы ауылдар оған қызмет жасаған. Мысалы, «Алтынтөбе» деген жерде осы шаһарға қажетті тиындарды, ақшаларды, әйелдерге әшекей бұйымдарын басқан. Одан кейін «Жаман төбе» деген жерде малды сойып етін жіберіп отырған. «Шақты төбе» дейді. Онда пышақтарды қайраған. Яғни, агломерация сол кезде болған. Қазір көне қалашықты дамытуға облыс қазынасынан қаржы бөлініп жатыр. Себебі, мұнда келетін туристерге тиісті жағдай жасалу керек. Негізінен, бұл аймақ келешекте ашық аспан астындағы музей іспеттес келбетке ие болуы керек», – деді Ж.Түймебаев.

Мұнан соң жұмысшы топ Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-мұражайын аралады. Ондағы күрделі жөндеуден өткен экспозиция залының жұмыстарымен танысты.

Отырар қалашығы б.з.б I ғасырға жатады. Шаһардың аумағы ұзындығы мен еніне қарай шамамен бір күндік жер болған. Яғни, Отырар сол кезде 200 гектардай жерді алып жатыр. Қаланың мәдени орталықтарында кездесетін өрттің іздері бұл қала бір рет емес, бірнеше рет шабуылдарға ұшырағандығын көрсетеді.

Қазір Отырар ауданының 50 мыңнан астам тұрғыны бар. Ал ежелгі қаланы көруге жылына одан екі есе көп турист келеді.

Туристерге қолайлы жағдай туғызу мақсатында аудандық бюджет есебінен «Арыстанбаб» кесенесі мен «Отырар төбе» қалашығы аралығындағы 1,7 шақырым аралықты абаттандыру жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленіп, сараптама қорытындылары алынған.

ГОРОДИЩЕ ОТЫРАР ЖДЕТ ИЗВЕСТНОСТЬ

Аким Туркестаной области Ж. Туймебаев, посетив с рабочим визитом Отырарский район, на территории городища Отырар встретился с архитекторами, археологами и историками. Темой разговора стало развитие города Туркестана. Глава региона в своем выступлении отметил, что в свое время агломерация древнего города была на высоком уровне.

«На пути к городищу Отырар есть несколько холмов. Необходимо исследовать каждый из них. Когда-то Отырар был крупным городом, а села вокруг него служили ему. Например, в местности «Алтынтобе» изготавливали монеты, женские украшения. В «Жаман тобе» забивали скот и разделявали его, а мясо отправляли на продажу. В «Шақты тобе» точили ножи. То есть агломерация была и тогда. Сейчас из областной казны выделяются средства на развитие древнего городища. Здесь должны быть созданы условия для туристов. В будущем эта зона должна обрести вид музея под открытым небом», – сказал Ж. Туймебаев.

Затем рабочая группа посетил Отырарский государственный археологический музей-заповедник, ознакомилась с работой экспозиционного зала, где был проведен капитальный ремонт.

Сегодня в Отырарском районе проживают более 50 тысяч человек. А посмотреть древнее городище каждый год приезжают в два раза больше туристов.

Для создания благоприятных условия для туристов на средства районного бюджета разработана проектная документация по благоустройству 1,7 км территории от мавзолея Арыстан баб и городища «Отырар төбе», получена положительная экспертиза.



ТҮРКІСТАНҒА АЛҒАШҚЫ ДЕПАРТАМЕНТ КӨШТІ

Шымкент қаласында орналасқан аумақтық органдардың бірі – Мемлекеттік кірістер департаменті облыс орталығы Түркістан қаласына алғашқылардың бірі болып көшіп келді. Түркістан қаласында ҚР Қаржы министрлігіне қарасты аумақтық органдарының өкілдігі ашылды.

Облыс әкімі Жансейіт Түймебаев Елбасы Жарлығымен облыс орталығын Түркістан қаласына көшіру жұмыстары жоспарға сай жүргізіліп жатқанын тілге тиек етті. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің облыстық органдарының Түркістан қаласында өкілдіктерінің ашылуы берілген тапсырманы орындаудың алғы шарттары екендігін атап өтті.

Түркістандағы орталықта жалпы 48 түрлі қызмет көрсетіледі. Мамандар «Бір терезе» қағидасы арқылы халыққа жылдам әрі сапалы қызмет етуді межелеп отыр. Жалпы облыс бойынша бүгінгі күнге Мемлекеттік кірістер департаменті арқылы халыққа 1 млн. 48 мың қызмет көрсетілсе, оның 941-і электронды түрде көрсетілген.

Жиынға қатысушылар өкілдік орналасқан ғимараттың жай-күйімен танысып, қызметкерлерге жағдай жасалғанына көз жеткізді.



В ТУРКЕСТАН ПЕРЕЕХАЛ ПЕРВЫЙ ДЕПРТАМЕНТ

Одним из первых среди региональных госорганов в Туркестан из Шымкента переехал департамент государственных доходов. В Туркестане открылось региональное представительство Министерства финансов РК.

С приветственным словом выступил глава региона, отметивший, что Указом Главы государства началась плановая работа по перенесению областного центра в Туркестан. Одним из первых поручений было открыть в новом областном центре представительство Министерства финансов РК.

В городе оказывается 48 видов услуг. Специалисты будут оказывать услуги быстро и качественно в формате «одного окна». На сегодня ДГД населению оказано 1 млн. 48 тыс. услуг, 941 - из них в электронном виде.

После торжественного разрезания ленточки участники церемонии ознакомились с работой представительства.



«KASKASU» ПЛЕНЭРІ СУРЕТШІЛЕРГЕ ШАБЫТ СЫЙЛАДЫ

Түркістан облысы, Төлеби ауданында «Kaskasu» халықаралық суретшілер пленэрі қорытындыланды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткен іс-шараның салтанатты жабылу рәсіміне облыс әкімі Жансейіт Түймебаев арнайы қатысып, пленэрге қатысқан қылқалам шеберлерін марапаттады. Аймақ басшысы суретшілердің апта бойы салған суреттерін тамашалап, өнер иелеріне шығармашылық табыс тіледі.

Халықаралық суретшілер пленэрі 2018 жылдың 22-27 шілде аралығында облыс әкімдігінің бастамасымен, облыстық мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының, Төлеби ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен өткізілді. Симпозиумға Түркия, Қырғызстан, Ресей, Өзбекстан, Өзербайжан елдерінен және республикамыздың Астана, Алматы қалаларынан, БҚО, Ақтөбе, Атырау, Павлодар, Қарағанды, Жамбыл облыстарынан, сондай-ақ, Түркістан облысынан арнайы білімі бар кәсіби 24 суретші қатысты. Олар бір жеті ішінде Түркістан, Төлеби, Созақ, Бәйдібек, Отырар, Ордабасы, Мақтарал, Жетісай, Сарыағаш, Шардара аудандарындағы бірқатар тарихи-мәдени орындарда болып, өңірдің өсем табиғатын қағаз бетіне түсірді.

Шараның мақсаты – еліміздің бейнелеу өнерін, ғасырлардан сыр шерткен мәдени-сәулеттік ескерткіштерін, тарихи орындары мен туризмін насихаттау. Пленэрде түрлі елдердің талантты қылқалам шеберлері кескіндеме саласы бойынша өзара тәжірибе алмасты.

«Тау самалы» демалыс аймағындағы кеш соңы Нұрлан Өнербаев, Гүлнар Сіқымбаева сынды эстрада жұлдыздарының қатысуымен өткен концерттік бағдарламаға ұласты.



ВДОХНОВЕНИЕ ПОДАРИЛ ХУДОЖНИКАМ ПЛЕНЭР «KASKASU»

В Туркестанской области подведены итоги международного пленэра «Kaskasu». В церемонии закрытия мероприятия и награждении участников принял участие аким области Жансеит Түймебаев.

Международный пленэр художников прошел с 22 по 27 июля 2018 года по инициативе областного акимата. Организаторами вступили областное управление культуры и развития языков, акимат Толебийского района. Участие в нем приняли 24 профессиональных художника из Турции, Кыргызстана, России, Узбекистана, Азербайджана, городов Астаны, Алматы, Уральска, Актобе, Атырау, Павлодара, Караганды, Тараза и Туркестанской области.

Цель мероприятия - пропаганда культурных и архитектурных памятников, традиций и обычаев, истории и национальной культуры, красоты региона, развитие туризма, укрепление дружественных связей. К тому же это возможность обмена опытом для художников тюркоязычных стран.

Завершилось мероприятие концертом с участием звезд казахстанской эстрады Нурлана Онербаева и Гульнар Сихымбаевой.



МИНИСТР ШАРУАЛАРДЫҢ ОЙ-ПІКІРЛЕРІН ТЫҢДАДЫ

Тамыздың 3-іне Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ауыл шаруашылығы министрі Өмірзақ Шөкеев Түркістан облысына жұмыс сапарымен келді. Жауапты тұлға өңірдегі агроөнеркәсіптік кешенін (АӨК) дамыту бағдарламасы мен инвестициялық жобалардың іске асырылу барысын талқылауға арналған семинар-кеңес өткізді. Жиынға Ауыл шаруашылығы министрлігінің өкілдері, аудан, қала әкімдері, ауыл әкімдері және ірі тауар өндірушілер мен кооператив төрағалары қатысты.

Агроөнеркәсіптік кешенін дамыту бағдарламасының орындалуы тікелей аудан және ауыл әкімдерінің міндеті екенін айтқан Ө.Шөкеев әрбір аудандағы қолданылмай жатқан егістік жерді қолданысқа енгізіп, суармалы жер көлемін арттыру, қарқынды бау шаруашылығын дамыту және ауыл шаруашылық саласына инвестиция тартуды басты назарға алу керектігін айтты. Экспорт көлемін ұлғайтуды тапсырды. Ауыл шаруашылық саласында шешілмей жатқан мәселелерді қарайтын ортақ біріккен жұмысшы органын құруды ұсынды.

Облыс әкімі Жансейіт Түймебаев осы саланы дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды баяндап, еңбек өнімділігін арттыру тапсырмасы бойынша жұмыс атқарылатынын жеткізді.

Өмірзақ Шөкеев жұмыс сапарында Ордабасы ауданындағы «KazKioti» трактор зауыты мен Арыс қаласындағы «Жаңа Ақдала» ЖШС-нің егістік алқабын аралап көрді. Шаруалармен кездесіп, пікірлерін тыңдады.



МИНИСТР ВЫСЛУШАЛ МНЕНИЕ АГРАРИЕВ

3 августа в Туркестанскую область с рабочим визитом прибыл заместитель Премьер-министра Республики Казахстан – министр сельского хозяйства Умирзак Шукеев. Он провел семинар-совещание по обсуждению хода реализации программы развития АПК региона и реализации инвестиционных проектов. В семинар-совещании приняли участие акимы городов и районов, представители Министерства сельского хозяйства, кооперативов, руководителей крупных хозяйств, товаропроизводители.

Говоря о реализации программы развития агропромышленного комплекса, У. Шукеев подчеркнул важность внедрения в оборот неиспользуемых пахотных земель в каждом районе, увеличения площади орошаемых земель, развития интенсивного садоводства и привлечения инвестиций в сельскохозяйственный сектор. Говорилось об увеличении объемов экспорта, создании рабочего органа по решению актуальных проблем аграрного сектора.

Аким области Ж. Туймебаев рассказал о результатах развития агропромышленного комплекса.

В ходе визита У. Шукеев посетил завод по выпуску тракторов «KazKioti» в Ордабасинском районе и ТОО «Жана Ақдала» в городе Арыси. Он также встретился с фермерами и выслушал их мнения.



ҮШ ШЫҒА ТӨЛЕ БИ, ҚАЗЫБЕК БИ ЖӘНЕ ӘЙТЕКЕ БИДІҢ ЕСІМДЕРІ БЕРІЛДІ

Төле би ауданындағы «Сайрам-Өгем» МҰТП аумағында «Бұл – біздің таулар!» атты тау фестивалі қорытындыланды. Түркістан облысы әкімдігінің қолдауымен өткен фестивальді облыстық туризм және сыртқы байланыстар басқармасы мен Түркістан облыстық альпинистер федерациясы ұйымдастырды.

Іс-шараның мақсаты – ішкі, спорттық-экологиялық туризмді дамыту, облыстың туристік әлеуетін насихаттау және «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру.

«Бұл – біздің таулар!» фестивалі 2018 жылы үш биге арналды. Атап айтсақ, облыстағы 3 биік шыңға Төле, Қазыбек, Әйтеке бидің есімі берілді. Бұрын Студентов (3750 м) деп аталған шың енді Әйтеке би шыңы деп аталса, Кергели узловая (3787 м) шыңына Қазыбек бидің есімі берілді. Ал, Рощина (3860 м) шыңы енді Төле би шыңы деп аталады.

Ел рухын көтерген фестивальде Қарағанды, Ақтөбе, Түркістан облыстары мен Шымкент қаласынан жиналған 30-ға жуық альпинистің 15-і аталған шыңдарды бағындырды.

Іс-шара барысында велшеру, ұлттық ойындардан сайыстар, концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Ел ағалары ұлы тұлғалар туралы деректер айтып, ақ баталарын жаудырды. Тау баурайында үш бидің құрметіне ас беріліп, патриоттық әндер шырқалды. Фестивальге жиналған көпшілік Төле би ауданының табиғатына тамсанып, ішкі туризмді дамытуға үлес қосып қайтты.



В ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ ПЕРЕИМЕНОВАЛИ ТРИ ГОРНЫХ ПИКА

В Туркестанской области подвели итоги фестиваля «Это наши горы!». Мероприятие прошло на территории Сайрам-Угамского государственного национального природного парка и было организовано при поддержке областного акимата.

Цель прошедшего мероприятия – оказание содействия развитию внутреннего, спортивно-экологического туризма, пропаганда туристского потенциала области, реализация программы «Духовное возрождение».

Фестиваль «Это наши горы» был посвящен трем биям казахского народа. Теперь пики Рощина, Кергели-Узловая и Студентов будут носить имена трех биев - Казыбек би, Айтеке би и Төле би.

В фестивале приняли участие около 30 альпинистов из Карагандинской, Актюбинской, Туркестанской областей и города Шымкента.

В рамках фестиваля были организованы национальные игры, велопробег и концертная программа.



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ОҚУШЫЛАРЫ — СПАРТАКИАДА ЖЕҢІМПАЗЫ!

Қызылорда қаласында ҚР мектеп және колледж оқушылары арасындағы ІХ жазғы спартакиадасы түйінделді. Дүбірлі сынды Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұйымдастырған болатын. Төрт айдан астам уақытқа созылған сында Түркістан облысының спортшылары жалпыкомандалық есепте бірінші орынды жеңіп алды.

Түркістанның талантты өрендері 20 алтын, 6 күміс және 6 қола медаль еншіледі. Екінші орынды Алматы қаласының спортшылары жеңіп алса, үздік үштікті Қызылорда құрамасы түйіндеді. Жеңімпаз командаға кубокты Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне қарасты «Ұлттық ғылыми - практикалық дене тәрбиесі орталығының» директоры Садық Мұстафаев тапсырып, жаңадан құрылған Түркістан облысының бұл жетістігін тарихи жеңіс деп бағалады.

Спортшыларды спартакиадаға облыстық білім басқармасына қарасты әдістемелік орталық пен денешынықтыру және спорт басқармасы бірлесіп дайындады. Білікті бапкерлердің еңбегі еш кетпей, түркістандық жастар республикада теңдессіз екендерін дәлелдеді. Екі жылда бір келетін спартакиадада топ жарған спортшылар енді халықаралық сайыстарға дайындалады.

Түркістан облысының комплекстік жарыстағы алғашқы жеңісі құтты болып, жеңісті жол жалғаса бергей...



УЧАЩИЕСЯ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ – ПОБЕДИТЕЛИ СПАРТАКИАДЫ!

В Кызылорде состоялось торжественное закрытие ІХ летней спартакиады Республики Казахстан среди школьников и учащихся колледжей. Она была организована Министерством образования и науки Республики Казахстан. В командном зачете победу одержала сборная Туркестанской области.

Отметим, что талантливые юноши и девушки Туркестанской области завоевали 20 золотых, 6 серебряных и 6 бронзовых медалей. Второе место завоевали учащиеся Алматы, третье – команда Кызылорды. Кубок победителям вручил директор национального научно-практического центра Садық Мұстафаев, который назвал победу представителей недавно созданной Туркестанской области исторической.

Подготовку спортсменов к спартакиаде вело управление физической культуры и спорта совместно с методическим центром областного управления образования. Теперь спортсмены приступят к подготовке к международным соревнованиям.



КӨШІП КЕЛГЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛДЫ

Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев арнайы жұмыс сапарымен Түркістан қаласында болып, көшіп баратын облыстық мемлекеттік мекемелердің ғимараттарын аралап көрді. Ондағы дайындығымен танысқан аймақ басшысы, көшу шараларын ширатуды, мемлекеттік мекемелер орналасатын ғимараттарды жедел жөндеуді тапсырды.

Жалпы Түркістан қаласына 1203 штаттық бірлігі бар 27 жергілікті атқарушы орган көшіріледі деп жаспарланған. Бүгінде облыстық басқармалардың басым бөлігі көшіп барып, жұмысқа кірісіп кеткен. Кеңсені жалға алу, пәтерді жалға алу, жалақыға үстеме, ғимарат жөндеуге Үкімет резервінен тиісті қаржы қаралған.

Қазіргі таңда 13 аумақтық органның өкілдері Түркістан қаласында халыққа қызмет көрсетуде. Барлық мемлекеттік органдарды көшіру бекітілген жоспарға сәйкес жүзеге асырылуда. Олардың толыққанды жұмыс істеуі үшін тиісті коммуникациялық және байланыс жүйелерімен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде.

Тұрғын үйді қажет ететін мемлекеттік қызметкерлерге жатақханадан 700-ге жуық орын әзірленген. Сонымен бірге Түркістан қаласына көшіп барған мемлекеттік қызметкердің еңбек ақысына 20 пайыз қосылып, еңбек демалысы да 7 күнге ұзарып, қосымша ынталандыру жолдары қарастырылмақ.



ДЛЯ ПЕРЕЕХАВШИХ ГОССЛУЖАЩИХ СОЗДАДУТ ВСЕ УСЛОВИЯ

Аким Туркестанской области Жансейит Туймебаев посетил со специальной рабочей поездкой Туркестан, где осмотрел здания областных государственных учреждений. Он поручил активизировать работу по переезду в областной центр.

В общей сложности в Туркестан переедут 27 местных исполнительных органов со штатной численностью 1203 человека. На сегодня большинство областных управлений уже переехали и приступили к работе. Отметим, что средства на аренду служебных помещений, аренду квартир, надбавку к заработной плате и ремонт зданий предусмотрены из резерва Правительства.

В настоящее время в Туркестане услуги населению оказывают представительства 13 территориальных органов. Переезд всех государственных органов осуществляется в соответствии с утвержденным планом. Более того, для полноценного функционирования государственных органов ведется работа по обеспечению их соответствующей коммуникацией и системами связи.

Для нуждающихся в жилье предусмотрено около 700 мест в общежитиях. Госслужащих, которые переедут в областной центр, ждет надбавка к зарплате в размере 20 процентов, а к ежегодному 30 дневному оплачиваемому отпуску будет добавлено семь лечебных дней за экологию. Предусмотрены и другие льготы.



МЫҢҒА ЖУЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕР ТҮРКІСТАНҒА ҚОНЫС АУДАРДЫ

Түркістан облысы әкімдігінің мемлекеттік қызметкерлері Шымкент қаласынан облыс орталығы – Түркістан шаһарына көшті. Тарихи сәтте өңір басшысы Жансейіт Түймебаев екі ғасыр бойы Қазақ хандығының астанасы болған Түркістанға қызмет етуге бара жатқан азаматтарға сәттілік тіледі.

«Әрбір мемлекеттің, әрбір облыстың, әрбір қаланың тарихында жауапты кезеңдер болады. Биыл 19 маусымда Елбасы жарлығымен бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан облысы болып құрылып, оның орталығы деп Түркістан қаласы бекітілді. Бұл тарихи шешімге 2 ай жетер-жетпес уақыттың өзінде біз тынбай жұмыс істеп, Елбасы жарлығын орындауға бар күшімізді салдық. Түркістан қаласында облыс әкімдігіне қарасты 24 басқарма мен облыстық мәслихат, қоғамдық кеңес пен департамент қызметкерлері отыратын кеңселер даярланды. Бүгін біз үлкен көшті бастайын деп отырмыз. Шежірелі қаланың туристік әлеуеті көтеріліп, жаңа жұмыс орындары ашылады. Міне, енді Түркістан облысы мен Түркістан қаласының жаңа дәуірі басталды», – деді әкім.

Шымкенттен көшіп шығу салтанатты шарасында белгілі жазушы, «Алаш» халықаралық сыйлығының лауреаты Мархабат Байғұт пен мемлекет және қоғам қайраткері Шалатай Мырзахметовтер құттықтау сөз сөйлеп, әкімдік қызметкерлеріне табыс тіледі. Шығарып салу шарасына келушілерге қымыз сусыны мен бауырсақ таратылып, тарихи көштің көркі ашыла түсті.

Аймақ басшысы Жансейіт Түймебаев бастаған көштің құрамында облыс әкімінің орынбасарлары және аппарат басшысы, облыстық мәслихат хатшысы мен аппараты, облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы және аппараты, «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары және қызметкерлері, облыстың зиялы қауым өкілдері, облыс ардагерлері, құзырлы орган басшылары, әкім аппараты қызметкерлері, 28 аумақтық департаменттің басшылары мен қызметкерлері, 24 облыстық басқарма басшылары мен қызметкерлері, республикалық және жергілікті БАҚ өкілдері, жалпы саны 1 мыңға жуық адам бар.

ОКОЛО ТЫСЯЧИ ГОССЛУЖАЩИХ ПЕРЕЕХАЛИ В ТУРКЕСТАН

Государственные служащие Туркестанской области переехали в новый областной центр - город Туркестан. В ходе мероприятия по поводу этого исторического события глава региона Жансейит Түймебаев отметил, что все, кто уезжают на службу в древний город, который в течение двух веков был столицей Казахского ханства, исполняют огромную миссию.

«У каждого государства, каждой области, каждого города бывают ответственные эпохальные периоды. 19 июня Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев публично подписал исторический Указ, согласно которому Южно-Казахстанская область была переименована в Туркестанскую, а Туркестан был утвержден областным центром. Мы неустанно трудились почти два месяца для неукоснительного исполнения этого Указа. Были подготовлены здания, где разместятся 24 управления областного акимата, областной маслихат, общественные советы и департаменты. Сегодня мы начинаем большое кочевье. Начинается новый период в истории Туркестанской области и города Туркестана!», - сказал аким области.

С приветственным словом выступили заслуженный писатель, лауреат международной литературной премии «Алаш» Мархабат Байгут и государственный и общественный деятель Шалатай Мырзахметов, которые пожелали работникам успехов и благополучия.

В составе переезжающих во главе с акимом области порядка одной тысячи человек, среди которых заместители и руководитель аппарата акима области, секретарь областного маслихата, аппарат областного Общественного совета, сотрудники и первый заместитель председателя областного филиала партии «Нур Отан», представители интеллигенции, ветераны, сотрудники аппарата акима, руководители и сотрудники 28 территориальных департаментов, руководители и сотрудники 24 областных управлений, представители республиканских и местных СМИ – всего около одной тысячи человек.



ТҮРКІСТАННЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІ БАСТАЛДЫ

Түркістан облысы әкімдігінің мемлекеттік қызметкерлері Шымкенттен Түркістан қаласына көшіп келді. Облыс басшысы Жансейіт Түймебаев бастап келген көшті Түркістан қаласының әкімі Әліпбек Өсербаев бастаған азаматтар мен зиялы қауым өкілдері, ел ағалары басқармалар үйі алдынан салтанатты түрде күтіп алды. Кездесуде аймақ басшысы Түркістанды түлетуге келген мемқызметкерлердің жұмысына сәттілік тіледі.

«Мінеки, Түркістан қаласына басқармалар мен департаменттер көшіп келіп отыр. 17 тамыз бүгінгі тарихи оқиғаға куә болған көпшілік үшін ерекше естелік болып қалады. Түркістан ғасырлар бойы Қазақ хандығының астанасы болды. Тоғыз жолдың торабында орналасқан қалада қазақтың 21 ханы мен батырлары, би-сұлтандары мен қаймақтары осы шаһарда жерленген. Бұның өзі Түркістанның Қазақстан үшін қасиетті орталық екенінің көрінісі. Мұнда түркі әлемінің ұлы ұстазы, ақын әрі қайраткер Ахмет Ясауи бабамыз өмір сүрген. Ұлы ойшыл ұстаздың кесенесінің Түркістанда салынуы көп нәрседен хабар береді. Ендеше, Елбасы тапсырмасына сәйкес, біз Түркістанды Түркі әлемінің рухани әрі мәдени астанасына айналдыруымыз керек. Баршаңызға қоныс құтты болсын! Осында көшіп келген басқармалар мен департаменттердің қызметкерлеріне сәттілік тілеймін. Түркістанды бірге гүлдендірейік!» деді облыс әкімі.

Салтанатты шарада белгілі айтыскер-ақын Бекарыс Шойбеков мемлекет алдындағы ұлы мұраттарын орындау үшін киелі шаһарға көшіп келген қызметкерлерге арнау айтса, Түркістан қаласының ақсақалдары «азаматтардың қадамы оң болсын!» деген тілектерін білдірді.

Мұнан соң ел азаматтары жаңа қонысқа келген басқармалар мен өзге де мемлекеттік мекемелердің кеңселерін аралап көрді. Жас мамандармен кездескен өңір басшысы шаһарда мемлекеттік қызметкерлерге тұрғын үйлер салынып жатқанын, олар келесі жылы пайдалануға берілетінін айтты.

ОКОЛО ТЫСЯЧИ ГОССЛУЖАЩИХ ПЕРЕЕХАЛИ В ТУРКЕСТАН

Государственные служащие Туркестанской области переехали в новый областной центр - город Туркестан. В ходе мероприятия по поводу этого исторического события глава региона Жансейит Түймебаев отметил, что все, кто уезжают на службу в древний город, который в течение двух веков был столицей Казахского ханства, исполняют огромную миссию.

«У каждого государства, каждой области, каждого города бывают ответственные эпохальные периоды. 19 июня Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев публично подписал исторический Указ, согласно которому Южно-Казахстанская область была переименована в Туркестанскую, а Туркестан был утвержден областным центром. Мы неустанно трудились почти два месяца для неукоснительного исполнения этого Указа. Были подготовлены здания, где разместятся 24 управления областного акимата, областной маслихат, общественные советы и департаменты. Сегодня мы начинаем большое кочевье. Начинается новый период в истории Туркестанской области и города Туркестана!», - сказал аким области.

С приветственным словом выступили заслуженный писатель, лауреат международной литературной премии «Алаш» Мархабат Байгут и государственный и общественный деятель Шалатай Мырзахметов, которые пожелали работникам успехов и благополучия.

В составе переезжающих во главе с акимом области порядка одной тысячи человек, среди которых заместители и руководитель аппарата акима области, секретарь областного маслихата, аппарат областного Общественного совета, сотрудники и первый заместитель председателя областного филиала партии «Нур Отан», представители интеллигенции, ветераны, сотрудники аппарата акима, руководители и сотрудники 28 территориальных департаментов, руководители и сотрудники 24 областных управлений, представители республиканских и местных СМИ – всего около одной тысячи человек.



БАҚЫТЖАН САҒЫНТАЕВ КӨШ БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Түркістанның дамуы Елбасының тікелей қадағалауында. Осының айғағындай, Мемлекет басшысының тапсырмасымен ҚР Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаев мемлекеттік органдарды көшіру барысымен танысу үшін Түркістанға келді.

Жұмыс сапарында Бақытжан Сағынтаев мемлекеттік органдар орналасқан ғимараттарды аралады. Сондай-ақ Түркістанға мемлекеттік органдарды көшіру мәселелері жөнінде кеңес өткізді.

Облыс әкімі Жансейіт Түймебаев Премьер-Министрге көшу жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес жүргізіліп жатқанын баяндады. Оның айтуынша, 27 жергілікті атқарушы органның 22 басқармасы ауысты, сонымен қатар 14 аумақтық орган өкілдері Түркістанда қызмет көрсетуде.

Бақытжан Сағынтаев тарихи-мәдени этнографиялық орталықты тексеру барысында Түркістан облысы мәслихаты мен әкімінің аппаратын орналастыру жағдайымен танысты.

Осы күні облыстық музейде қаланы дамытудың Бас жоспарының тұжырымдамасы жобасының таныстырылымы өтті. ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес Түркістанды түркі әлемінің мәдени-рухани орталығы ретінде дамытудың үздік тұжырымдамасына ашық халықаралық байқау жарияланғаны белгілі. Байқауды ұйымдастыру мен өткізу мақсатында үкіметтік комиссия құрылған. 11 шілдеден 11 тамызға дейін жалғасқан байқауға Түркияның, Оңтүстік Кореяның, Өзбекстанның және Қазақстанның сәулетшілері қатысқан. Арнайы комиссия жобалардың ең үздігін анықтап, Түркістан жаңа бағытта дамитын болады. Жобалармен танысқан Бақытжан Сағынтаев жауапты басшыларға өз жұмысына жауапкершілікпен қарауды тапсырды.



БАХЫТЖАН САГИНТАЕВ ОЗНАКОМИЛСЯ С ХОДОМ ПЕРЕЕЗДА

По поручению Главы государства Премьер-министр РК Бақытжан Сагинтаев прибыл с рабочей поездкой в Туркестанскую область для ознакомления с ходом передислокации государственных органов.

В рамках рабочей поездки он посетил ряд объектов, где на сегодняшний день размещены госорганы. Также он провел совещания по вопросам передислокации госорганов в Туркестане.

Аким области Ж. Туймебаев доложил о том, что передислокация идет согласно утвержденному плану - из 27 местных исполнительных органов переехали 22 управления, при этом представители 14 территориальных органов уже оказывают услуги в Туркестане.

С условиями размещения аппарата акима и маслихата Туркестанской области Бақытжан Сагинтаев ознакомился в ходе осмотра историко-культурного этнографического центра.

В областном музее состоялась презентация проектов концепции Генерального плана развития города. В соответствии с Указом Президента РК объявлен открытый международный конкурс на лучшую концепцию развития Туркестана как культурно-духовного центра тюркского мира. В целях организации и проведения конкурса создана и функционирует правительственная комиссия. Так, с 11 июля по 11 августа в конкурсе приняли участие отечественные и зарубежные архитекторы и градостроители из Турции, Южной Кореи, Узбекистана, Казахстана. Члены комиссии определили лучшие проекты, по которым будет развиваться областной центр.

Б. Сагинтаев дал задание усилить ответственность за ходом реализации поручений Президента.



ЕҢСЕСІ БИІК ҰСТАЗДЫҢ ШӘКІРТІ АЛҒЫР БОЛАДЫ

Түркістан облысының орталығы — Түркістан қаласында білім беру қызметкерлерінің Тамыз кеңесі өтті. Жиынға аудандық және қалалық білім бөлімдерінің басшылары, ұстаздар, білім саласының ардагерлері қатысты. Кеңесті облыс әкімінің орынбасары Ұласбек Сәдібеков жүргізіп отырды.

Жиында Түркістан облыстық білім басқармасының басшысы Исатай Сағындықовтың 2017-2018 оқу жылында атқарылған жұмыстары мен алдағы міндеттер туралы баяндамасы тыңдалды. Сонымен бірге білім беру саласындағы ізденістер мен жаңа міндеттер, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша қолға алынған жұмыстар туралы бірнеше ұстаз-ғалым баяндама жасап, тәжірибелерін бөлісті.

Ұстаздардың ой-пікірлерін тыңдаған Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев білім саласы Елбасының басты назарында тұрғанын атап өтті.

— Мұғалім — қасиетті ұғым әрі киелі тұлға. Ұлағатты ұстаздардың алдында бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді. Биылғы Тамыз кеңесі ерекше тарихи кезеңде өтіп жатыр. Елбасы Жарлығымен Түркістан облысы құрылып, оның орталығы болып Түркістан қаласы бекітілді. Барлық аудан және қала әкімдеріне мұғалімдердің жағдайына мұқият қарауды, олардың әлеуметтік мәселелерін барынша шешу жөнінде тапсырма беремін, — деген Жансейіт Түймебаев ұлттық біліктілік тестілеуден өткен 4200 педагогтың айлық жалақысы санаттарына қарай 30-50 пайызға артатынын, облыс ұстаздары Мәскеудегі М.Ломоносов университетінде тегін оқитынын айтты.

Түркістан төріндегі тарихи Тамыз кеңесінде облыс әкімі бір топ ұстаздады марапаттады. Атап айтсақ, 5 адамға «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медалі тапсырылса, 10 педагогқа облыс әкімінің грамотасы мен Алғыс хаты тапсырылды. Сонымен қатар, 20 адам ҚР Білім және ғылым министрлігінің марапаттарына ие болса, 5 ұстаз облыстық мәслихаттың грамотасымен марапатталды.



УЧИТЕЛЯМ – ПОЧЕТ И УВАЖЕНИЕ

В Туркестане прошла августовская конференция работников образования. Участие в ней приняли руководители городских и районных отделов образования, учителя, ветераны образования, депутаты областного маслихата. Вел работу конференции заместитель акима области Уласбек Садибеков.

С докладом о работе, проделанной в 2017-2018 учебном году, и задачах на ближайшую перспективу выступил руководитель областного управления образования Исатай Сағындыков. На конференции учителя и ученые делились своим мнением и опытом по решению различных задач в сфере образования, организации работы в рамках программы «Рухани жаңғыру».

Выслушав мнения педагогов, аким области отметил, что развитие сферы образования Глава государства всегда держит в центре внимания.

«Учитель - священное понятие, светлая личность. Перед учителями преклоняет колени все человечество. Сегодняшняя конференция проходит в исторический период. Указом Главы государства образована Туркестанская область, ее центром стал Туркестан. Поручаю акимам всех городов и районов уделять особое внимание решению проблем учителей, оказывать всяческое содействие решению социальных вопросов».

Аким области рассказал об усилении государственной социальной поддержки учителей. К примеру, у 4200 педагогов, прошедших национальное тестирование с сентября этого года, заработная плата возрастет на 30-50 процентов в зависимости от категорий. Для учителей Туркестанской области есть еще одна приятная новость. В этом году впервые выделено 20 грантов для обучения в магистратуре одного из самых престижных вузов мира – Московского государственного университета имени М. Ломоносова.

В ходе конференции глава региона чествовал ряд учителей. В частности, пять педагогов получили из рук акима области медаль «Облысқа сіңірген еңбегі үшін», 10 педагогов - грамоты и благодарственные письма акима области. Еще 20 человек были отмечены Министерством образования и науки РК, пять учителей награждены грамотами областного маслихата.



БІЛІМГЕ ЖОЛДАМА – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА БАСПАЛДАҚ

Бүгін Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 39 мектеп бітіруші түлекке жоғары оқу орындарына жолдама берді. Оларға оқуда озат болуды, сапалы білім алып, елге қызмет етуге шақырды.

«Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы елдің болашағы білімді жастардың қолында екенін үнемі айтып келеді. Сондай-ақ, мемлекетіміз өскелең ұрпақтың сапалы білім, саналы тәрбие алуына барынша жағдай жасауда. Міне, бүгінгі көрініс соның айғағы. Барлығың білім сынағынан сүрінбей өтіп, жоғары оқу орнына жолдама алып отырсыңдар. Енді білімдерінді шыңдап, болашақта өңіріміздің өсіп-өркендеуіне үлес қосасыңдар деп сенемін. Ал, шектік деңгейден өтпеген 104 түлек қалаған мамандықтары бойынша техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына ақысыз білім алу мүмкіндігіне ие болады», – деді Жансейіт Қансейітұлы.

2017-2018 оқу жылында жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 197 бала 11-сыныпты бітірсе, оның 35-і – балалар үйлерінің түлектері.



ОБРАЗОВАНИЕ - ПУТЕВКА В СВЕТЛОЕ БУДУЩЕЕ

Аким Туркестанской области Жансеит Түймебаев вручил гранты на обучение в вузах выпускникам 39 школ - детям-сиротам и детям, оставшимся без попечения родителей. Он пожелал им успехов в учебе и призвал в будущем служить государству.

«Елбасы всегда говорит, что будущее страны – в ваших руках. Для получения качественного образования в Казахстане созданы все условия. Вы получили гранты в высшие учебные заведения. Теперь нужно только учиться! Для 104 выпускников есть возможность получить бесплатное техническое образование по выбранной специальности».

Отметим, в 2017-2018 учебном году школы окончили 197 детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей. 35 из них – воспитанники детских домов.

Қауын фестиваліне Қош келдіңіздер!





ДИҚАНДАРДЫ ЖЕЛПІНДІРГЕН «ҚАУЫН FEST»

Жетісай ауданы, Жетісай қаласындағы орталық саябақта «Қауын fest» облыстық фестивалі өтті. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында тұңғыш рет өткізілген фестивальге облыстың аудандары мен қалаларынан және еліміздің өзге өңірлерінен де қонақтар келіп қатысты. Іс-шараны Түркістан облысы әкімдігінің тікелей бастамасымен әрі қолдауымен Мақтаарал және Жетісай ауданы әкімдіктері бірлесіп ұйымдастырды.

Фестивальдің мақсаты – бақша дақылдарынан өндірілетін өнім түрлерін көбейтіп, кәсіпкерлікті дамыту, бақша өнімдерін, терең өңдеуді қолға алу және диқандардың өзара тәжірибе алмасуына жағдай жасау. Еңбекші қауымның еңсесін көтеруге бағытталған фестивальдің ашылу салтанатында Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев өңірдің ауыл шаруашылығы саласының потенциялы жоғары екеніне тоқталды.

— Біз бақша өнімдерін терең өңдеу саласына мән бергеніміз жөн. Осы мақсатта қауын мен қарбыздың отаны саналатын Жетісай және Мақтаарал аудандарында бақша өнімдерін терең өңдеумен айналасатын шағын кәсіпорындар мен цехтарды іске қосуымыз қажет. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында биылдан бастап облыстың әр аймағында ауқымды шара өткізу қолға алынды. Бүгінгі облыс тарихында тұңғыш рет өткізіліп отырған «Қауын fest» облыстық фестивалі сол игі бастамалардың жалғасы, — деді облыс әкімі.

Бұл фестивалге облыстағы шаруа қожалықтарының диқандары қауынның 27 түрінен 30 тонна көлемінде қауын әкелді. Келушілерге карвинг және қауын-қарбыз көрмесі ұсынылды. Сондай-ақ, шара аясында тосап дайындаушылар сайысы, «Ең үлкен қауын», «Ең дәмді қарбыз», «Ең тәтті тосап», «Ең үздік бақша өнімдерін ұсынған ауыл әкімдігі» атты номинациялар бойынша жарыстар ұйымдастырып, бас жүлдеге «темір тұлпар» тарту етілді.

Фестивальде қатысқан тұрғындар мен қонақтар дәмі тіл үйінен қауыннан дәм тартып, іс-шараға ризашылықтарын білдірді.

ФЕСТИВАЛЬ «ҚАУЫН FEST» В ПОДДЕРЖКУ АГРАРИЕВ

В Жетысайской области, в рамках программы «Рухани жаңғыру», прошел первый областной динный фестиваль «Кауын фест». Фестиваль был организован по инициативе акимата области руководствами Мактааральского и Жетысайского районов.

Цель мероприятия – увеличение продукции бахчевых культур, развитие предпринимательства, шаг к глубокой переработке, обмен опытом среди крестьян. Аким области Ж. Туймебаев отметил высокий потенциал сельскохозяйственной сферы Мактааральского и Жетысайского районов.

«Чтобы беречь труд крестьян, нужно обратить внимание на глубокую переработку продукции. Для этого в Жетысайском и Мактааральском районах необходимо внедрить малые предприятия и цеха для переработки бахчевых. В этом году были пересмотрены проекты мероприятий в рамках программы «Рухани жаңғыру», стало традицией проведение в районах фестивалей, посвященных пропаганде национальных ценностей. Первый областной динный фестиваль «Кауын фест» – продолжение такого начинания», — сказал глава региона.

На фестивале собрались и крестьяне, которые привезли 30 тонн дынь 27 видов. Гости полюбовались карвинг-выставкой и дынно-арбузным зрелищем. Был организован конкурс среди изготовителей варенья, состязания по различным номинациям, связанным с бахчевыми культурами. Победителю главного приза вручены ключи от автомобиля.



ТҮРКІСТАНДА КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ АТАП ӨТІЛДІ

Түркістан облысының орталығы — Түркістан қаласында Конституция күніне орай «Айбары мықты — Ата Заң» мерекелік шарасы өтті. Салтанатты шарада Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев көпшілікті мерекемен құттықтады.

— Ата Заң күні — халқымыз үшін ең қастерлі, ең ұлық мереке. Мемлекетіміздің құқықтық негізін айқындаған Конституциямыздың қабылданғанына биыл 23 жыл толып отыр. Бүгінгі жиынымыздың мәні терең екендігін атап айтуға тиіспіз. Өйткені Елбасымыздың бастамасымен өңірімізде тарихи тың бетбұрыс жасалып, мемлекеттің тағдырында маңызды орталыққа айналған Түркістанда өтіп отыр. Екі ғасырдан астам уақыт Ұлы дала дәстүрін дәріптеп, «Жеті жарғысы» жазылған қасиетті Түркістанның орны Қазақ елі үшін ерекше. Ендеше, тамыры «Жеті жарғыдан» тартылған Ата заңымыздың айбыны асқақтай берсін! — деді өңір басшысы еңбегімен үздік атанған бір топ азаматқа Грамота мен Алғыс хат тапсырды.

Мерекелік іс-шараға облыс әкімінің орынбасарлары, мәслихат депутаттары, облыстық басқарма басшылары, құқық қорғау органдарының басшылары, ардагерлер алқасы мен зиялы қауым өкілдері, YEҰ мүшелері, студент жастар, БАҚ өкілдерінен құралған 600-ге жуық азамат қатысты. Салтанатты шарада облысымыздың өнер ұжымдары мен әншілері концерттік бағдарлама ұсынып, патриоттық әндерді шырқады. Еңбегімен дараланған азаматтарға түрлі марапаттар тапсырылды.



В ТУРКЕСТАНЕ ОТМЕТИЛИ ДЕНЬ КОНСТИТУЦИИ

В Туркестане прошло торжественное мероприятие «Айбары мықты - Ата Заң», посвященное Дню Конституции. Аким Туркестанской области Ж. Туймебаев поздравил присутствующих с праздником.

«День Основного Закона – самый почитаемый праздник для нашего народа. Сегодня исполняется 23 года со дня принятия Конституции, которая определила правовую основу нашего государства. Конституция – золотой пьедестал нерушимого государства, гарант светлого будущего, основа единой и дружной нации. Велико значение сегодняшнего собрания - по инициативе Елбасы в нашем регионе происходят исторические изменения. Для казахского народа Туркестан имеет особое значение: два века назад здесь был написан знаменитый свод законов «Жеті жарғы». Величие Основному закону придает и связующая с этим историческим документом нить времени», – сказал аким области.

В торжественном мероприятии приняли участие около 600 человек: депутаты областного маслихата, руководители управлений, правоохранительных органов, представители совета ветеранов и интеллигенции, неправительственных организации, студенческая молодежь. А творческие коллективы области и певцы представили концертную программу, пели патриотические песни. Ряд граждан получили различные награды.



28 ЖАҢА МЕКТЕП ЕСІГІН АЙҚАРА АШТЫ

1 қыркүйек – Білім күні Түркістан облысында 28 жаңа мектеп пайдалануға берілді. Сол мектептердің үшеуі Ордабасы ауданында ашылды. 35 мыңнан астам тұрғыны бар Шұбарсу ауылындағы мектептің 600 орындық жаңа ғимаратқа қоныс аудару салтанатына облыс әкімі Жансейіт Түймебаев арнайы қатысып, білім ұясына компьютер бөлмесінің сертификатын тапсырды.

Жалпы, еліміз тәуелсіздік алған 27 жыл ішінде Ордабасы ауданы бойынша 28 жаңа мектеп ғимараты салынып пайдалануға берілсе, оның 5-уі осы Шұбарсу елді мекенінде екен. Келесі жылы, аталған елді мекенінде тағы бір мектептің құрлысын салу үшін тиісті құжаттар дайындалып жатыр.

Енді биыл оқушылардың игілігіне тапсырылған 28 мектептің санын жіктесек. Ордабасыдағы Шұбарсудан бөлек, жаңа оқу жылында Береке елді мекені мен Теспе ауылдарында 200 орындық мектептердің құрылысы бітті. Сонымен бірге Бәйдібектегі Сарқырама, Түйетас, Бәйдібек ата және Тұрақты елді мекендерінде 150 орындық білім ошақтары пайдалануға берілді. Жаңа ғимаратқа ие болған аудандардың ішінде Сарыағаш (7 мектеп) пен Мақтаарал (4 мектеп) аудандары да бар. Ал Төлеби мен Сайрам аудандарында және Арыс пен Түркістан қалаларында 300 және 600 орындық 2 мектептен пайдалануға берілді. Сондай-ақ, Қазығұрт пен Жетісай аудандарына бір-бір жаңа мектептен бұйырды.



ОТКРЫЛИ ДВЕРИ 28 НОВЫХ ШКОЛ

1 сентября в Туркестанской области открылись 28 новых школ. Три из них появились в Ордабасинском районе. В торжественной церемонии школы на 600 мест в поселке Шубарсу, где проживает свыше 35 тысяч человек, принял участие аким области Жансейит Түймебаев.

С момента обретения независимости страны в Ордабасинском районе было построено 28 новых школ, пять из которых находятся в поселке Шубарсу. Готовится ПСД для строительства еще одной школы в следующем году.

Кроме того, в новом учебном году закончилось строительство школы на 200 мест и в населенном пункте Береке и селе Теспе. Также сданы в эксплуатацию образовательные учреждения на 150 мест в сельских округах Сарқырама, Түйетас, Байдибек ата и Туракты Байдибекского района. В Сарыағашском районе открылись семь новых школ, в Мақтааральском – 4, в Төлебійском и Сайрамском районах, в городах Арыси и Туркестане – две школы на 300 и 600 мест. Радостные события состоялись и в Казығұртском и Жетісайском районах - здесь также свои двери для учащихся открыли по одной новой школе.



ТҮРКІСТАН МЕН ШЫМКЕНТ БІР-БІРІН ҚОЛДАП, ҚАТАРЛАСА ДАМИДЫ

Түркістан қаласында Түркістан облысы мен Шымкент қаласы әкімдіктерінің арасында меморандум жасалды. Кездесуде Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев Түркістан облысы мен Шымкент қаласы бір-бірін қолдап, бірге дамитынын айтты.

«Өздеріңіз білетіндей биыл Шымкент қаласы республикалық маңызға ие мегаполиске айналды. Ал, 19 маусымда Елбасы Жарлығымен Түркістан облысы құрылып, Түркістан қаласы облыс орталығы болып бекітілді. Бүгін республикалық статусқа ие Шымкент қаласының әкімі Ғабидолла Рахматоллаұлымен бірлескен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойып отырмыз. Өңірдің дамуына ең бірінші кезекте Шымкент қаласының қосар үлесі зор,» – деді Жансейіт Қансейітұлы.

Өз кезегінде Шымкент қаласының әкімі Ғабидолла Әбдірахымов Түркістандағы ең бірінші ғимаратты Шымкент қаласы әкімдігі салып беретінін жеткізді.

«Шымкент қаласы әрқашан Түркістанмен біргеміз. Елбасы тапсырғандай, Түркістан әлемдік деңгейдегі шаһарлардың қатарына қосыла берсін,» – деді ол.

Осы күні Жансейіт Түймебаев облыстық, аудандық, қалалық мәслихат депутаттарымен және іскер азаматтармен кездесіп, облыс орталығын барысымен таныстырған болатын. Өңір басшысы кәсіпкерлерді Түркістанға үлес қосуға шақырды.

Жиында белгілі болғандай, Түркістанға белгілі кәсіпкер Серікжан Сейітжанов «Rixos» бес жұлдызды қонақ үйін салуды бастап кетсе, облыстық мәслихаттың хатшысы, кәсіпкер Қайрат Балабиев спорт фитнес орталығын салу ниетін аңғартты. Өзге де кәсіпкерлер әкімнің бастамасына үн қосатындарын айтты.



ТУРКЕСТАН И ШЫМКЕНТ БУДУТ РАЗВИВАТЬСЯ ВМЕСТЕ

В Туркестане подписан меморандум между акиматами Туркестанской области и города Шымкента. В церемонии подписания меморандума глава региона Жансейит Туймебаев отметил, что Туркестанская область и город Шымкент будут развиваться вместе.

«Как вы знаете, в этом году Шымкент стал городом республиканского значения, а 19 июня Глава государства публично подписал исторический Указ, согласно которому Южно-Казахстанская область была переименована в Туркестанскую. Мы подписываем договор о взаимовыгодном сотрудничестве с акимом Шымкента Габидулло Абдрахимовым. Шымкент внес большой вклад в развитие региона. Мы должны поддерживать друг друга», - подчеркнул Ж. Туймебаев.

В свою очередь, аким Шымкента сообщил, что самое первое здание в Туркестане построит акимат Шымкента.

«Шымкент и Туркестанская область всегда были вместе. Туркестан должен стать городом мирового значения», - сказал Г. Абдрахимов.

Жансейит Туймебаев уже встретился с депутатами областного, районного, городского маслихатов и представителями деловых кругов. В ходе встречи он ознакомил их с проектами, направленными на развитие Туркестана и призвал их внести свой вклад.

В ходе совещания стало известно, что в новом областном центре известный предприниматель, депутат областного маслихата Серикжан Сейитжанов начал строительство пятизвездочного отеля «Rixos», а секретарь областного маслихата, предприниматель Кайрат Балабиев намерен построить спортивный фитнес-центр. Кроме того, ряд предпринимателей намерены построить другие социальные и культурные объекты.



ТҮРКСОЙМЕН БАЙЛАНЫС ТЕРЕҢДЕДІ

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-дың Мәдениет орталығында ТҮРКСОЙ ұйымының 25 жылдығына арналған салтанатты шара өтті. Жиында Жансейіт Түймебаев жұртшылықты аталған ұйымның мерейтойымен құттықтады.

ТҮРКСОЙ Халықаралық ұйымының Бас хатшысы Дүйсен Қасейінов, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Өкілетті кеңесінің төрағасы Муса Йылдыз, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ ректоры Болатбек Әбдірасилов сынды ғалымдар ұйымның маңыздылығы хақында баяндама жасады.

Салтанатты шарада Түркістан облысының әкімдігі мен «ТҮРКСОЙ» Халықаралық ұйымы арасында мәдениет саласындағы ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою рәсімі өтті. Жиын соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

СВЯЗИ С ТЮРКСОЙ УКРЕПЯТСЯ

В культурном центре МКТУ им. Х. А. Ясави состоялось торжественное мероприятие, посвященное 25-летию организации ТЮРКСОЙ. В ходе встречи аким Туркестанской области Жансейт Туймебаев поздравил собравшихся с этим событием.

В ходе совещания с докладами выступили генеральный секретарь международной организации ТЮРКСОЙ Д. Касейинов, председатель Полномочного совета МКТУ им. Х. А. Ясави М. Йылдыз, ректор МКТУ им. Х. А. Ясави Б. Абдрасилов и ряд известных ученых.

В рамках мероприятия был подписан меморандум между акиматом Туркестанской области и ТЮРКСОЙ о сотрудничестве в сфере культуры. Торжественное мероприятие завершилось концертной программой.



«ХАЙВИЛЛ ҚАЗАҚСТАН» ТҮРКІСТАНДА ҮЙ САЛУҒА НИЕТТІ

Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев «Хайвилл Қазақстан» компаниясының бас директоры Джон Дэ Кангты қабылдады. Кездесуде екіжақты әріптестікті күшейтіп, Түркістан қаласын дамыту мәселелері сөз болды. Өңір басшысы құрылыс саласында өзіндік орны бар корейлық компаниямен бірлесіп жұмыс істеуге дайын екенін жеткізді.

— Түркістан қаласын дамыту Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей бақылауында тұр. Қазірдің өзінде Түркістанда ғимараттар салуға көптеген компаниялар қызығушылық танытып жатыр. Сіздерді де бірге жұмыс істеуге шақырамыз. Келіссөзіміз сәтті аяқталса, жер беріліп, инфрақұрылым тартылады, — деді облыс әкімі.

«Хайвилл Қазақстан» компаниясының бас директоры Джон Дэ Канг Түркістан қаласында түрлі әлеуметтік нысандар мен көпқабатты үйлер салуға ниетті екенін жеткізді. Кездесуде облыс әкімдігі мен компания басшылығы алдағы уақытта да келіссөздерді жалғастыру жөнінде уағдаласты. Жиыннан соң корейлік компания өкілдері Түркістан қаласын дамыту жөніндегі жобалар мен жоспарлармен танысты.

«ХАЙВИЛЛ КАЗАХСТАН» НАМЕРЕНА ПОСТРОИТЬ ДОМ В ТУРКЕСТАНЕ

Аким Южно-Казахстанской области Жансеит Туймебаев принял генерального директора компании «Хайвилл Казахстан» Канга Джона Дэ. В ходе встречи стороны обсудили вопросы укрепления двустороннего сотрудничества и развития города Туркестана. Глава региона выразил готовность к укреплению сотрудничества с корейской компанией в сфере строительства.

«Развитие города Туркестан находится на непосредственном контроле Главы государства Нурсултана Назарбаева. Уже сейчас многие компании интересуются строительством зданий в Туркестане. Приглашаем Вас к совместной работе. В случае успешного завершения переговоров будет предоставлена земля и инфраструктура», - сказал Ж. Туймебаев.

В свою очередь генеральный директор «Хайвилл Казахстан» Канг Джон Дэ отметил, что компания намерена построить в Туркестане различные социальные объекты и многоэтажные дома. В ходе встречи стороны договорились о дальнейшем продолжении переговоров. Кроме того, представителей корейской компании ознакомили с проектами и планами по развитию Туркестана.



ШЕТЕЛ ЖУРНАЛИСТЕРІН ТАҒАЛДЫРҒАН ТҮРКІСТАН

Қазақстанның заманауи мәдени жетістіктерін көрсету және туризмінің тартымдылығын арттыру мақсатында Түркістан облысына шетелдің жетекші бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері келді. ҚР Сыртқы істер министрлігінің бастамасымен келген делегация құрамында Ұлыбритания, Франция, Қытай, Италия, Корея, Польша, Индонезия елдерінен журналистер бар.

Өңірдің тынысымен жан-жақты танысуға келген 7 мемлекеттің журналистерін Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев қабылдады. Кездесу барысында өңір басшысы облысты дамыту жөніндегі ойлары мен жоспарларын айтты.

«Сіздер де өз елдеріңізге барған кезде Түркістан туралы айтып, өңір туризмін насихаттауға үлес қосасыздар деген ойдамын», – деді Жансейіт Қансейітұлы.

Кездесуде Польшаның «Turystyka.pl» агенттігінің өкілі Анна Клоссовска және өзге де журналистер өз әсерлерін айтып, өңір туралы сұрақтар қойды. Сапар аясында шетелден келген қонақтар тарихы терең Отырар ауданында болып, әйгілі Отырар қаласының, Арыстан баб кесенесінің тарихымен

Мұнан кейін журналистер Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорығы және Түркістан қаласындағы басқа рухани және туристік орындарды аралап, тарихымызбен танысты.

Сондай-ақ шетелдік қонақтар Түркістан қаласы маңындағы мақта алқабындағы ақ алтынды жинау сәтіне куә болды.

Түркістан облысының таңғажайып табиғаты мен терең тарихына қаныққан қонақтар баспасөз турының жоғары дәрежеде өткендігін айтып, алғыстарын білдірді.

ТУРКЕСТАН, УДИВИШИЙ ЗАРУБЕЖНЫХ ЖУРНАЛИСТОВ

В целях демонстрации современных культурных достижений Казахстана и повышения привлекательности казахстанского туризма в Туркестанскую область прибыли представители ведущих зарубежных средств массовой информации из Великобритании, Франции, Китая, Италии, Кореи, Польши и Индонезии. Из визит стал возможным по инициативе Министерства иностранных дел РК.

Аким Туркестанской области Жансейит Туймебаев принял журналистов из семи стран, прибывших для всестороннего ознакомления с работой региона. В ходе встречи глава региона поделился своими мнениями и рассказал о планах и по развитии области.

«Надеюсь, что вы внесете свой вклад в развитие нашего туризма, рассказывая о Туркестане у себя на родине», - подчеркнул Ж. Туймебаев.

В рамках визита гости из-за рубежа посетили Отрарский район и узнали об истории всемирно известного города Отрар, посетили мавзолей Арыстан баб.

Помимо этого, представители СМИ побывали в мавзолее Ходжа Ахмеда Ясауи, государственном историко-культурном заповеднике-музее «Азрет Султан» и в других духовных и туристических местах Туркестана.

Гости приняли участие в сборе «белого золота» - хлопка – в окрестностях Туркестана. Иностранные делегаты, ознакомившись с глубокой историей Туркестанской области, выразили благодарность за высокий уровень проведения пресс-тура.



ДИҚАНДАР БАҚШАЛЫҚ ӨНІМНЕН РЕКОРД ОРНАТТЫ

Түркістан облысы әкімдігі аппаратының мәжілісінде 2018 жылғы 8 айдың қорытындысы мен бюджеттің атқарылуы және 9 айда күтілетін болжам туралы деректер тыңдалды. Бұл жөнінде облыстық қаржы басқармасының басшысы А.Тасыбаев, облыстық білім басқармасының басшысы И.Сағындықов баяндама жасады. Өңір басшысы Ж.Түймебаев бюджетті дұрыс жоспарлап, қаржыны уақтылы әрі сапалы орындау керектігін айтты.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе облыстағы ауыл шаруашылығы саласындағы 8 айдың қорытындысына және өзекті түйткілдерге арналды. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Н.Бадырақовтың айтуынша, көкөніс, картоп, бақша дақылынан 2,7 млн. тонна өнім жиналып, рекордтық көрсеткішке қол жеткізілді.

Түркістан облысында жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің барлық егіс көлемі 30 мың гектарды алып жатыр. Биыл 85 мың тонна жеміс-жидек және 70 мың тонна жүзім жинау жоспарланып, сегіз айда 76,8 мың тонна жеміс-жидек пен 22,6 мың тонна жүзім жиналды. Жүзім жинау әлі жалғасады. Жиналған өнімдер негізінен республиканың аймақтары мен көрші мемлекеттерге жөнелтілген.

КРЕСТЬЯНЕ УСТАНОВИЛИ РЕКОРД ПО СБОРУ БАХЧЕВЫХ

На селекторном совещании в акимате Туркестанской области рассмотрели итоги проделанной работы за 8 месяцев 2018 года и исполнение бюджета, а также данные об ожидаемом прогнозе за 9 месяцев. По вопросам повестки дня с докладами выступили руководитель областного управления финансов А. Тасыбаев, руководитель областного управления образования И. Сағындыков. В ходе совещания глава региона Ж. Туймебаев отметил необходимость правильно планировать бюджет, а также своевременно и качественно осваивать средства.

Второй вопрос повестки дня был посвящен итогам проделанных работ за 8 месяцев и актуальным проблемам в сфере сельского хозяйства. Как отметил исполняющий обязанности руководителя областного управления сельского хозяйства Н. Бадыраков, дехкане региона собрали 2,7 млн. тонн овощей, картофеля и бахчевых, установив республиканский рекорд.

Стоит отметить, что в текущем году планируется собрать 85 тыс. тонн плодово-ягодных культур и 70 тыс. тонн винограда, на сегодняшний день уже собрано 76,8 тыс. тонн плодово-ягодных культур и 22,6 тыс. тонн винограда. Собранная продукция в основном отправляется в другие области и соседние страны.



КҮЛТЕГІН, АЛТЫ АЛАШ, МӘҢГІЛІК ЕЛ...

Түркістан қаласында Түркістан облысы Қоғамдық Кеңесінің отырысы өтті. Жиынның күн тәртібінде 7 мәселе талқыланды. Бірінші мәселе бойынша облыс әкімі Жансейіт Түймебаев баяндама жасап, Түркістан қаласының дамуы туралы сөз қозғады.


Жиында «Түркістан облысының әкімшілік-аумақтық бірліктерін қайта атау туралы» және «Түркістан облысы Түркістан қаласының атауы жоқ көшелеріне атау беру туралы» облыстық мәслихат шешімінің жобасы да қолдау тапты. Осы шешімге сәйкес, Түркістан қаласындағы «32-Разъезд» елді мекені Қарсақты елді мекені болып өзгертілсе, «30-Разъезд» елді мекені Ескі Сауран деп аталады. Сонымен қатар Түркістан қаласындағы аты жоқ 330 көшеге атаулар берілді. Осыған сәйкес, облыс орталығында Күлтегін, Қазтуған жырау, Ханқорған, Алты Алаш, Мәңгілік Ел, Елім-ай, Болат хан, Күлтөбе және өзге де көшелер пайда болады.



КЮЛЬ-ТЕГИН, АЛТЫ АЛАШ, МӘҢГІЛІК ЕЛ...

В Туркестане состоялось заседание Общественного совета Туркестанской области. На нем было рассмотрено семь вопросов. По первому вопросу с докладом выступил аким области Жансейит Туймебаев, он рассказал о развитии Туркестана.

В ходе заседания был рассмотрен и поддержан проект решения областного маслихата «О переименовании административно-территориальных единиц Туркестанской области» и «О присвоении наименований безымянным улицам города Туркестан и Туркестанской области». Согласно решению, населенный пункт Туркестана «32-ой разъезд» переименован в н/п «Карсақты», н/п «30-ый разъезд» - в н/п «Ескі Сауран». Кроме того, были присвоены наименования 330 безымянным улицам города Туркестана. В соответствии с этим, в областном центре появятся улицы Кюльтегина, Казтуган-жырау, Ханкорган, Алты Алаш, Мәңгілік Ел, Елім-ай, Болат хан, Күлтөбе и другие.



ИНДОНЕЗИЯ МЕН ТҮРКИЯ ТҮРКІСТАНМЕН СЕРІКТЕС АТАНДЫ

Түркістан облысы мен Индонезия мемлекеті туризм және сауда-саттық салалары бойынша тығыз байланыс орнатады. Индонезия Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Рахмат Промономен жүздескен Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев осындай уағдаластыққа қол жеткізді. Түркістан қаласына арнайы келген елшіні қабылдаған өңір басшысы Индонезияның әлеуеті жоғары мемлекет екеніне тоқталып, индонезиялық зияратшылар мен саяхатшылар нөпірін Түркістанға бағыттауға болатынын айтты. Ет және көкөніс экспорттауға мүдделі екенін айтты.

Өз кезегінде Рахмат Промоно жылы қарсы алған өңір басшысына ризашылығын білдіріп, Түркістан қаласынан ерекше әсер алғанын, Индонезия елі туризмді бірлесіп дамытуға дайын екенін білдірді.

Сондай-ақ осы күні Түркістан қаласына Түркияның атақты «Dal Holding Investment CO» компаниясының Қазақстан Республикасы бойынша бірінші басшысы Демирджан Кусе бастаған өкілдері келді. Демирджан Кусе «Dal Holding Investment CO» компаниясы жақында Кентау қаласында 200 гектар аумаққа заман талабына сай жылыжай кешенін салуды бастайтынын айтты. Құны 500 млн. АҚШ доллары болатын жоба арқылы 3000 жұмыс орны ашылмақ.

ИНДОНЕЗИЯ И ТУРЦИЯ СБЛИЗИЛИСЬ С ТУРКЕСТАНОМ

Туркестанская область и Индонезия наладят тесное сотрудничество в сфере туризма и торговли. Такая договоренность достигнута в ходе встречи акима Туркестанской области Жансеита Түймебаева с Чрезвычайным и Полномочным Послом Республики Индонезия в Республике Казахстан Рахматом Промоно. Также глава региона отметил, что Индонезия обладает высоким потенциалом во многих сферах.

В свою очередь Рахмат Промоно поблагодарил главу региона за теплый прием и поделился своими впечатлениями о поездке по городу Туркестану, выразив готовность к сотрудничеству в сфере туризма.

Кроме этого, в Туркестан прибыли представители турецкой компании «Dal Holding Investment CO» во главе с ее первым руководителем в Казахстане Демирджаном Кусе. Он сообщил о том, что в Кентау компания «Dal Holding Investment CO» намерена приступить к строительству современного тепличного комплекса на площади 200 гектаров. Проект стоимостью 500 миллионов долларов США создаст 3000 рабочих мест.



ТҮРКІСТАНДА ӨНДІРІС ОРЫНДАРЫ КӨБЕЙЕДІ

Инвестиция тарту – уақыт талабы. Осыны терең түсінген Түркістан облысы әкімдігі Түркістан қаласында «Көне Түркістан – жаңа мүмкіндіктер» атты халықаралық инвестициялық және туристік форум өткізді. Форумға Еуропа елдерінен, Түркия, Ресей, Оңтүстік Корея, Қытай, Сингапур, Иран, Малайзия, Пәкістан, Өзбекстан т.б. мемлекеттерден 250-ден астам делегат келді.

Форумда Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев шетелдік инвесторларға облыстың экономикалық мүмкіндіктерін таныстырып, өңірді дамытуға бағытталған жобаларды қолдауға дайын екенін жеткізді.

Форум аясында B2B форматындағы кездесулер өтті. Сонымен бірге «Туризм индустриясы – Қазақстан экономикасының жаңа драйвері», «Солтүстік-Оңтүстік экономикалық дәлізі» тақырыптарында және агроөнеркәсіп кешенінің дамытудағы адам капиталының рөлі жөнінде пікірталасулар өтті.

«Көне түркістан – жаңа мүмкіндіктер» атты халықаралық инвестициялық және туристік форум аясында құны 1,7 млрд. АҚШ долларды құрайтын 19 меморандумға қол қойылды. Атап айтқанда, Түркістан облысы әкімдігі мен Иран, Түркия, Чехия, Ресей, БАӘ, Малайзия, Италия, Польша, Қытай мемлекеттерінің инвесторлары арасында келісімдер жасалды.

В ТУРКЕСТАНЕ УВЕЛИЧИТСЯ КОЛИЧЕСТВО ПРЕДПРИЯТИЙ

Привлечение инвестиций – требование времени. Об этом говорилось на международном инвестиционном и туристском форуме «Древний Туркестан – новые возможности», прошедшем в областном центре. В форуме принимают участие делегаты и представители ряда государств, в том числе из Европы, Турции, России, Южной Кореи, Китая, Сингапура, Малайзии, Пакистана, Узбекистана – всего около 250 делегатов.

В своем вступительном слове глава региона ознакомил гостей с экономическим потенциалом области и выразил готовность всесторонне поддержать любые проекты, направленные на развитие области.

В рамках форума состоялись встречи в формате B2B и дебаты на тему развития туризма и аграрного сектора.

На международном инвестиционном и туристском форуме «Древний Туркестан – новые возможности» было подписано 19 меморандумов на сумму порядка 1,7 млрд. долларов США. В частности, соглашения заключены между акимом Туркестанской области и инвесторами из Ирана, Турции, Чехии, России, ОАЭ, Малайзии, Италии, Польши, Китая.



Қ.А. ЯСАУИ КЕСЕНЕСІ ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕ ЖОҒАРЫ БАҒАЛАНДЫ

Түркістан қаласының символына айналған Қожа Ахмет Ясауи кесенесі туристер үшін ерекше тартымды нысандардың бүкіләлемдік тізіміне кірді. Бұл туралы «Көне түркістан – жаңа мүмкіндіктер» атты халықаралық инвестициялық және туристік форумда белгілі болды. Жиында Еуразиялық экономикалық ынтымақтастық ұйымының бас хатшысы Владимир Пискурев мәлімдеме жасап, облыс әкімі Жансейіт Түймебаевқа мәртебелі сертификатты салтанатты түрде тапсырды.

Сонымен қатар туристер үшін ерекше тартымды нысандардың бүкіләлемдік тізіміне Арыстан баб кесенесі мен көне Отырар қалашығы да кірген. Олардың да сертификаттары өңір басшысына тапсырылды.

«Туризмнің тартымдылығы мен тұрақты туризмді дамыту жөніндегі халықаралық комитеті Түркістан облысындағы үш бірдей тарихи нысанға халықаралық деңгейдегі мәртебе беріп отыр. Мұндай қорытынды шығару үшін мыңдаған адамның арасында сауалнама жүргізіледі», – деді Владимир Пискурев.

Облыс әкімі Жансейіт Түймебаев бұл мәртебе жаңадан құрылған Түркістан облысының туристік әлеуетін көтеруге зор ықпал ететінін, туризм саласы да ел экономикасына қомақты үлес қосатын кез алыс емес екенін жеткізді.

Мамандардың айтуынша, бұл мәртебе өңірге келетін туристердің санын арттыра түсуге серпін бермек



МАВЗОЛЕЙ Х. А. ЯСАУИ ОЦЕНИЛИ НА МИРОВОМ УРОВНЕ

Мавзолей Ходжа Ахмета Ясауи, ставший символом города Туркестана, вошел во Всемирный список самых привлекательных для туристов объектов. Об этом стало известно на международном инвестиционном и туристском форуме «Древний Туркестан – новые возможности». На форуме с приветственным словом выступил генеральный секретарь Евразийской организации экономического сотрудничества Владимир Пискурев, который в торжественной обстановке вручил акиму области Жансеиту Түймебаеву сертификат.

По его словам, также во Всемирный список самых привлекательных для туристов объектов вошли мавзолей Арыстан баб и древний городище Отрар. Соответствующие сертификаты тоже были вручены главе региона.

«Сразу три исторических объекта области получили статус всемирного значения Международного комитета по вопросам туристской привлекательности и устойчивому развитию туризма. Такого ранее не было, чтобы из одного региона сразу несколько исторических объектов вошли во Всемирный список», - подчеркнул В.Пискурев.

Ж. Түймебаев подчеркнул, что такой высокий статус памятников позволит развить местный туризм и привлечь в область немало туристов.

В свою очередь эксперты отмечают, что это событие поможет увеличить количество туристов, приезжающих в регион.



ЕЛБАСЫ ТҮРКІСТАНДЫ ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН ТАНЫСЫП, САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ ЖАҢА ӘКІМШІЛІК ІСКЕРЛІК ОРТАЛЫҚТЫҢ КАПСУЛАСЫН САЛДЫ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Түркістан қаласына ресми сапары барысында әуелі Түркістан қаласының даму тұжырымдамасымен танысып, салтанатты түрде жаңа әкімшілік іскерлік орталықтың капсуласын салды. Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев Мемлекет басшысына шаһардың жоспарымен толықанды құлағдар етті.

Тұжырымдамаға сәйкес, Түркістанда әкімшілік ғимараты, әлеуметтік нысандар, көпқабатты үйлер, театр, стадион, медиаорталық және өзге де нысандар бой көтереді. Сонымен бірге Ясауи мұражайы, Ұлы Дала елі орталығы, кітапхана сынды рухани-туристік нысандар да салынады.

Түркістанға жасаған осы сапарында Нұрсұлтан Назарбаев облыс активінде Түркістан қаласын дамыту бойынша кеңес өткізіп, Түркістанды дамыту міндеті жүктелген мемлекеттік комиссия төрағасы Асқар Маминнің есебін тыңдады. ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары 22 ұсыныстың шінінен Бас жоспарға лайық үздік жоба анықталғанын мәлімдеді.

Мәжілісте Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев облыстың дамуы, әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері жөнінде баяндама жасаса, министрлер мен алпауыт компания басшылары да өз ойларын ортаға салды.

Баяндамаларды тыңдаған Елбасы Түркістанды халықаралық деңгейдегі қалаға айналдыру бағытында бюджетті толықтыру, кәсіпкерлікті дамыту, көлік-логистика, туризм салаларын дамыту жөнінде тапсырма берді.

Алқалы жиында Мемлекет басшысы Түркістан қаласын түркі әлемінің мәдени-рухани орталығы ретінде дамыту жөніндегі Бас жоспардың тұжырымдамасын мақұлдау және «TURKISTAN» арнайы экономикалық аймағын құру жөніндегі тарихи Жарлықтарға қол қойды.

ЕЛБАСЫ ПОДПИСАЛ УКАЗ О РАЗВИТИИ ТУРКЕСТАНА

В ходе официального визита в Туркестан Глава государства Нурсултан Назарбаев ознакомился с Концепцией развития города Туркестана и в торжественной обстановке заложил капсулу на месте строительства нового административно-делового центра. Вместе с тем, аким Туркестанской области Жансеит Түймебаев подробно проинформировал Президента Казахстана о планах развития города.

Согласно концепции, в Туркестане будут построены здания областного акимата, социальные объекты, многоэтажные жилые дома, театр, стадион, медиацентр, музей Ясауи, центр Великой степи, библиотека и другие духовно-туристские объекты.

В ходе рабочей поездки в Туркестанскую область Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев принял участие в заседании актива области. В ходе совещания с докладами выступил первый заместитель Премьер-министра А. Мамин.

Наряду с этим, аким области доложил о проделанной работе по передислокации областного центра в город Туркестан и о планах по развитию города.

Заслушав представленную информацию, Президент Казахстана отметил необходимость развития Туркестана в качестве города международного уровня, укрепления финансовой стабильности области, развития предпринимательства, сельского хозяйства и повышения качества транспортно-логистических услуг.

В завершение Президент Казахстана публично подписал указы об утверждении концепции генерального плана развития Туркестана и создании специальной экономической зоны «TURKISTAN».



Н. НАЗАРБАЕВ: «ТҮРКІСТАННЫҢ ТАРИХЫ – БАРША ҚАЗАҚТЫҢ ТАРИХЫ»

Н. А. НАЗАРБАЕВ: «ИСТОРИЯ ТУРКЕСТАНА - ИСТОРИЯ ВСЕГО КАЗАХСКОГО НАРОДА»

Түркістан облысының орталығы – Түркістан қаласына ресми сапарында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев шаһардағы «Этноауыл» алаңында ұйымдастырылған «Түркістанға оралу» салтанатты іс-шарасының құрметті қонағы болды.

Мемлекет басшысы алаңға жиналған көпшілікті Түркістан облысының құрылуымен құттықтады.

«Түркістан – біздің халқымыз үшін үлкен маңызға ие. Орта Азиядағы көне де қасиетті қалалардың бірегейі. 2000 жылы біз Түркістанның 1500 жылдығын атап өттік. Мұнда қазақ халқының ұлы тұлғалары мен қайраткерлері жерленген. Тарихымыздың қилы кезеңдерінде бұл жерде ұлтымыздың болашағына қатысты маңызды шешімдер қабылданған. Жалпы, Түркістанның тарихы – күллі қазақ халқының тарихы», – деді Қазақстан Президенті.

Сондай-ақ Президент Түркістанның түркі халықтары үшін де аса маңызды қала екендігіне тоқталып, қабылданған Жарлыққа сәйкес қала жаңа биіктерді бағындыратынына сенім білдірді. Нұрсұлтан Назарбаев Түркістанды ілгерілету ісінде барша тұрғындарға табыс тіледі.

Жиында Түркістан қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жарылқасын Өзіретбергенұлы Елбасының бұл Түркістанға 15-сапары екендігін айтып, ел үшін атқарып жатқан ерен еңбектеріне алғыс білдірді. Түркістан жұртышығы Елбасын үлкен құрметпен қарсы алып, зор ықыласпен шығарып салды.

Глава государства Нурсултан Назарбаев в ходе официального рабочего визита в Туркестанскую область стал почетным гостем этноаула в рамках торжественного мероприятия «Возвращение в Туркестан».

Глава государства подчеркнул историческую и социально-экономическую значимость создания новой Туркестанской области и переноса областного центра в город Туркестан.

«Туркестан имеет важное значение для нашего народа. Это – один из древнейших городов Центральной Азии. В 2000 году мы отметили его 1500-летие на уровне ЮНЕСКО. В судьбоносные времена нашей истории здесь принимались важные решения относительно будущего всей нации. В Туркестане покоятся многие известные представители нашего народа. В целом, история города – это история всех казахов», - подчеркнул Президент Казахстана.

Нурсултан Назарбаев также отметил особое место Туркестана в жизни всех тюркских народов и выразил уверенность, что в скором времени город значительно преобразится в результате реализации принятых мер и достигнет новых высот на пути своего процветания.

Наряду с этим, на встрече председатель Совета старейшин города Туркестан Жарылқасын Азретбергенов отметил, что это 15-ый визит Главы государства в Туркестан, а также поблагодарил его за неоценимый труд во благо развития страны.



АЛПАУЫТ КОМПАНИЯЛАР ТҮРКІСТАНҒА БІР-БІР НЫСАННАН САЛЫП БЕРЕДІ

ПО ОДНОМУ ОБЪЕКТУ ВОЗВЕДУТ В ТУРКЕСТАНЕ КРУПНЫЕ КОМПАНИИ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөніндегі кеңесте министрлер мен үкімет мүшелеріне, еліміздегі алпауыт компаниялардың басшыларына Түркістан қаласына бір-бір нысан салу жөнінде тапсырма берді.

Әрбір басшыны орнынан тұрғызып, жеке-жеке сөйлескен Елбасы мемлекет тарапынан кәсіпкерлерге үнемі қолдау көрсетілгенін, енді олар да мемлекетке үлес қосаулары керектігін айтты. Мәселен, Елбасы «Базис-А» компаниясының басшысы Александр Беловичке театр салу жөнінде тапсырма берсе, ENRC басшыларының бірі, атақты миллиардер Патох Шодиевке Түркістанда әлемдік деңгейдегі түркі халықтарының музейін салып беру жөнінде міндет жүктелді. Сонымен қатар «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының басқарма төрағасы Сауат Мыңбаевқа халықаралық талапқа сай үлкен стадион салу жөнінде тапсырма берілді. Айдын Рақымбаев басқаратын VI Group компаниясы Қазақ хандары мен билерінің, батырларының орталығын ашып берсе, «Хайвилл Қазақстан» компаниясы тұрғын үй кешенін салуға кіріседі. «Қазақстан теміржолы» ұлттық компаниясы жастар сарайын қолға алса, «KEGOC» Қожа Ахмет Ясауидің шағын музейін салып береді. Сондай-ақ «Қазпошта» АҚ Түркістанда заман талабына сай почта бөлімшесі мен цифрлық кеңсені қолға алса, «Қазақтелеком» Smart технологияларды енгізеді. Кәсіпкер Данияр Абылғазин су спорты кешенін салуға уәде берсе, Нұрлан Смағұлов көлік салонын ашып береді. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Түркістанға қаржылай қолдау көрсетсе, түркиялық компаниялар да Түркістанды дамытуға үлес қосатын болды. Сондай-ақ әрбір облыс пен 3 қала әкімдіктері де Түркістанға бір-бір нысаннан тарту етеді.

Мемлекет басшысы облыс әкімдігі мен компаниялар арасында келісімдер түзіліп, жұмысты бастау керектігін жеткізді.

«Түркістанды заманауи технологияларды қолдана отырып, төл мәдениетімізге сай қайта жаңғырту керек. Сосын Түркістанды дамыту қорын да құрған дұрыс. Кім қолдау жасауға дайын, сол ақшаны аударсын. «Көз — қорқақ, қол — батыр» демекші, осының бәрін бір-екі жылда бітіретін болсақ, Түркістан жайнап шыға келеді», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Президент Казахстана поручил министрам и членам Правительства, руководителям крупнейших компаний страны построить в Туркестане по одному объекту.

Нурсултан Назарбаев отметил, что государство оказывает постоянную поддержку предпринимателям, и теперь они должны внести свой вклад в развитие государства. К примеру, Александру Беловичу, руководителю строительной компании «Базис-А» Глава государства поручил построить в Туркестане здание театра. Одному из руководителей компании ENRC - известному миллиардеру Патоху Шодиеву - поставлена задача по строительству в Туркестане музея тюркских народов. Кроме того, председателю правления АО «НК «КазМұнайГаз» Сауату Мынбаеву было дано поручение построить стадион в соответствии с международными требованиями. холдинг «VI Group» под руководством Айдына Рахимбаева возведет Центр казахских ханов, биев и батыров, а строительная фирма «Хайвилл Казахстан» приступит к строительству жилого комплекса. Национальная компания «Қазақстан темір жолы» построит Дворец молодежи, а АО «KEGOC» - мини-музей Ходжи Ахмеда Ясави. Более того, АО «Казпочта» запустит в Туркестане современное почтовое отделение и цифровой офис, а АО «Казактелеком» внедрит smart-технологии. В свою очередь предприниматель Данияр Абылғазин пообещал построить водноспортивный комплекс, а Нурлан Смағұлов - открыть автосалон. Вместе с тем, АО НАК «Казатомпром» окажет финансовую поддержку Туркестану. Также свой вклад в развитие областного центра внесут и турецкие компании. По одному объекту построят акиматы областей и трех городов.

В ходе совещания Нурсултан Назарбаев дал ряд конкретных поручений Правительству и руководству региона по дальнейшему развитию областного центра.

«Нужно применять при строительстве Туркестана современные технологии. Кто желает помочь, пусть переводит деньги. Это надо закончить за два года, тогда Туркестан расцветет», - сказал Президент Казахстана.



ДИҚАНҒА КЕРЕГІ – ЖЕР МЕН СУ

ҚР Премьер-министрінің орынбасары-ауыл шаруашылығы министрі Өмірзақ Шөкеев Түркістан облысындағы Жетісай және Мақтаарал аудандарына жұмыс сапарымен келді. Ол алдымен Жетісай ауданындағы «Нұралы жол» шаруа қожалығында болды. Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев министрге өңірдегі ауыл шаруашылы саласындағы жетістіктер мен атқарылған жұмыстарды айтып өтті.

Шаруа қожалығының төрағасы Е.Ералиевтің айтуынша, мақта терім науқаны ойдағыдай өтіп жатыр. «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы» каналының арқасында биыл мұнда су тапшылығы байқалмаған. Осыған орай, жетісайлық диқандар су мәселесін шешіп берген Елбасыға риза екендерін жеткізді.

Өмірзақ Шөкеев ең басты мәселе жерді тиімді пайдалану екенін айтты.

«Осы аймақтың диқандарынан су тапшылығы байқалып жатыр деген шағым түскен соң Елбасы Тәжікстан Президентімен сөйлесіп, қосымша су жіберілген болатын. Енді біз жерді неғұрлым тиімді пайдалануға көңіл бөлгеніміз жөн. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін 5 жылда 2,5 есеге көбейту қажет. Өсімдіктерді химиялық емес, биологиялық жолмен қорғауды қолға алған абзал», – министр.

Осы іссапарда министр мен облыс әкімі диқандармен бірге мақта теріп, Түркістанның ақ алтынының сапасына жоғары бағаларын берді. Сондай-ақ Ш.Ділдебеков ауылдық округінде орналасқан «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы» атындағы машиналық каналға, Асықата кентіндегі «Корпорация Ақ-Алтын» ЖШС-нің мақта шикізатын өңдеу зауытына және Қарақай ауылдық округіндегі «Кетебай» өндірістік кооперативіндегі жұмыстарды саралады.

Өмірзақ Шөкеев осы сапарында Мақтаарал ауданында да болып, Достық ауылдық округіндегі Даврон Туйматов басқаратын шаруа қожалығының жұмысын көрді. Мұнан соң Қазақстан мен Өзбекстан шекарасында орналасқан «Достық» каналындағы №73-ші су реттегіш көлденең тоспасының жағдайымен және ауданда жүзеге асқалы тұрған ПУИД-2 жобасымен танысты.

ВСЕ, ЧТО НУЖНО ДИХКАНАМ, - ЗЕМЛЯ И ВОДА

Заместитель Премьер-Министра - министр сельского хозяйства РК Умирзак Шукеев посетил с рабочей поездкой Жетысайский и Мактааральский районы Туркестанской области. В первую очередь, он посетил крестьянское хозяйство «Нуралы жол», где ознакомился с работой по сбору хлопка. Аким Туркестанской области Жансеит Туймебаев рассказал министру о достижениях и проделанной работе в сфере сельского хозяйства региона.

По словам председателя хозяйства Е. Ералиева, успешно проходит уборочная кампания по сбору хлопка. Дехкане Жетысая благодарят Елбасы за решение водного вопроса, связанного с каналом «20 лет Независимости».

Министр сельского хозяйства отметил, что на сегодня главным вопросом является эффективное использование земли.

«В этом году, после жалобы аграриев региона на нехватку воды, Глава государства провел переговоры с Президентом Таджикистана, и подача воды была возобновлена. Теперь мы должны сосредоточиться на более эффективном использовании земли. Объем продукции сельского хозяйства за пять лет необходимо увеличить в 2,5 раза. Для этого нужно изучить новые методы и усилить работу в сельском хозяйстве. Крайне важно, чтобы растения были защищены не только химически, но и биологически», - сказал У. Шукеев.

В ходе этого рабочего визита министр и аким области вместе с аграриями провели уборку хлопка и дали высокую оценку качеству «белого золота». Затем министр сельского хозяйства посетил канал «20 лет Независимости», расположенный в сельской округе Ш. Дильдабеков. Здесь Наряду с этим, У. Шукеев ознакомился с работой завода по переработке хлопка-сырца ТОО «Корпорация Ақ-Алтын» и осмотрел посевные площади производственного кооператива «Кетебай», расположенного в сельском округе Каракай.

Во время визита министр также ознакомился с ходом развития отрасли сельского хозяйства в Мактааральском районе посетил ряд объектов - крестьянское хозяйство «Дармон» под руководством Д. Туйматова и водорегулятор на канале «Достық», расположенного на казахстанско-узбекской границе, где ознакомился с ходом реализации в районе работ по проекту ПУИД-2.





САРЫҒАШ ПЕН КЕЛЕС БІРГЕ ДАМИДЫ

Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев жұмыс сапарымен Сарыағаш және Келес аудандарына барды. Алдымен Сарыағаш ауданындағы «Жібек жолы» кеден бекетінің жұмысымен танысып, Жібек жолы ауылдық округіндегі «Бес Жұлдыз» балабақшасында болды. Балабақшаға 1,1 млрд. теңге көлемінде инвестиция тартылған. Бұл – республикадағы ең үлкен балабақшалардың бірі. Өңір басшысы балаларға базарлық ұсынып, ұжымның қадамын оң бағалады.

Одан кейін Ж.Түймебаев Қаптанбек ауылдық округінде орналасқан «Жабай ата» шаруа қожалығының жылыжайы мен «Қаптанбек» спорт кешенін аралап көрді. Сарыағаш аудандық орталық ауруханасының томография орталығын саланатты түрде ашып беріп, дәрігерлерге 3 автокөліктің кілтін тапсырды. Дарбаза ауылдық округінде орналасқан «Ай-Мейірім» балабақшасының ашылу салтанатына қатысты.

Облыс әкімі Келес ауданына арнайы жұмыс сапарында Қошқар ата ауылдық округіндегі «Өктемхан» шаруа қожалығында атқарылып жатқан жұмыстарға да қанықты. Мұнда жылына 120 тонна көкөніс өнімдерін шығарылады. Келестік шаруалармен кездескен әкім олардың талап-тілегін тыңдап, мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдаулар туралы айтып берді.




САРЫАҒАШ И КЕЛЕС БУДУТ РАЗВИВАТЬСЯ ВМЕСТЕ

Аким Туркестанской области Жансейит Туймебаев посетил с рабочей поездкой Сарыагашский район. В ходе визита глава региона ознакомился с работой таможенного поста «Жибек жолы», а также посетил детсад «Бес жұлдыз». На строительство дошкольного учреждения было привлечено инвестиции в размере 1,1 млрд. тенге. Это один из самых больших детских садов в республике. Аким области положительно оценил работу дошкольного учреждения и подарил детям подарки.

Затем в сельском округе Каптанбек Ж. Туймебаев посетил тепличный комплекс крестьянского хозяйства «Жабай ата» и спортивный комплекс «Каптанбек». После этого глава региона побывал в Сарыагашской центральной районной больнице, где в торжественной обстановке состоялось открытие Центра компьютерной томографии. Также аким области вручил врачам района ключи от трех новых автомашин. В завершение рабочей поездки по району аким области принял участие в открытии детского сада «Ай-Мейірім» в сельском округе Дарбаза.

А в Клесском районе Жансейит Туймебаев ознакомился с работой крестьянского хозяйства «Өктемхан», расположенного в сельском округе Кошқар ата. Хозяйство производит порядка 120 тонн овощной продукции в год. В ходе беседы с работниками хозяйства глава региона отметил необходимость обращать внимание не только на количество, но и на качество сельскохозяйственной продукции.



ЕЛ ЕҢСЕСІН ТІКТЕУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ЖОЛДАУ

Бүгін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауын жолдады. Мемлекет басшысының Жолдауын Түркістан облысының тұрғындары тікелей эфирден тамашалады.

Кентау трансформатор зауытында 200-ге жуық адам өндіріс орнында Жолдауды тікелей эфирден көрді. Жұмысшылар Президенттің жаңа Жолдауындағы көтерілген бастамаларды зор ықыласпен қабылдады. Әсіресе, халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруге бағытталған игі іс-шараларға ризалықтарын білдірді.

Сондай-ақ Түркістан облысының медицина саласының бірқатар өкілдері өз жұмыс орындарында Жолдауды тыңдаса, Түркістан қаласындағы педагогикалық колледжде де арнайы көрсетілім ұйымдастырылды. Бұл ұжымдарда да колледж мұғалімдері, студенттер, ақсақалдар және түрлі этнос өкілдері Елбасының тың бастамаларына қанықты.

Сонымен қатар облыс әкімі аппаратының қызметкерлері, жалпы, Түркістан облысының барлық аудан, қалаларында жұртшылық елдің тұрмыс табысын арттыруға бағытталған Елбасы бастамаларына қолдау білдірді.



ТУРКЕСТАНЦЫ ПРИВЕТСТВУЮТ ИНИЦИАТИВЫ ПОСЛАНИЯ ПРЕЗИДЕНТА

Глава государства Нурсултан Назарбаев выступил с Посланием народу Казахстана. Жители Туркестанской области посмотрели обращение Президента в прямом эфире.

С неподдельным вниманием стратегическую речь Президента прослушали около 200 работников Кентауского трансформаторного завода. Рабочие с большим энтузиазмом восприняли озвученные инициативы. В частности, они выразили благодарность за реализацию мероприятий, направленных на повышение социального положения населения.

Кроме того, для ряда работников сферы медицины и образования, студентов, старейшин и представителей различных этносов Туркестанской области были созданы все условия для прослушивания Послания в прямом эфире. Такое мероприятие состоялось и в педагогическом колледже Туркестана.

Наряду с этим, сотрудники аппарата акима области, а также жители всех районов и городов Туркестанской области, посмотрев выступление Президента Казахстана, выразили поддержку инициативам, озвученным в Послании.



ҰСТАЗҒА ҚҰРМЕТ – БАРШАҒА МІНДЕТ

Түркістан облысында Ұстаздар күні мерекесі аталып өтті. Облыстағы аудан, қала әкімдіктеріне онлайн режимінде қосылған жиынға 500-ден астам озат ұстаз тікелей қатысуға мүмкіндік алды.

Өңірдегі 55 мыңнан астам мұғалімді төл мерекемен құттықтап, салтанатты шараны ашып берген облыс әкімі Жансейіт Түймебаев ұстаздар қауымының елдің дамуына үлесі мол екенін айтты.

Салтанатты басқосуда аймағымыздағы 5 ардагер ұстаз бен 20 мұғалім облыс әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды. Ал Қазығұрт ауданы, Ж.Қаппаров атындағы №5 облыстық мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернатының ұжымына құны 20 млн. теңге болатын «Орта білім беретін үздік ұйымы» гранты табысталды.

Мерекелік жүздесуде бірқатар ардагер ұстаздар мінберге шығып, педагогтар қауымын кәсіби мерекемен құттықтады.

Соңғы жылдары облыс оқушыларының білімге деген ынтасы артып келеді. 2018 жылдың өзінде Түркістан өңірінің оқушылары халықаралық және республикалық деңгейдегі 100-ден астам білім сайыстарында жүлдегер атанды.

УВАЖЕНИЕ К ПЕДАГОГУ – ДОЛГ КАЖДОГО

В Туркестанской области отметили День учителя. В мероприятии, прошедшем в областном акимате в онлайн-режиме, приняли участие более 500 лучших педагогов области.

Аким области Жансейит Туймебаев, открывая торжественное мероприятие, поздравил более 55 тысяч учителей региона с праздником и отметил, что роль учителя в обучении и воспитании будущего поколения очень важна.

На торжественном собрании пять ветеранов сферы образования и 20 учителей были награждены благодарственными письмами акима области. Наряду с этим, коллективу областной специализированной физико-математической школы-интерната имени Ж. Каппарова, что в Казыгуртском районе, вручили грант на сумму 20 миллионов тенге как лучшей организации среднего образования.

Следует подчеркнуть, за последние годы наблюдается рост интереса школьников области к знаниям. В этом году наши талантливые учащиеся стали призерами более 100 различных конкурсов международного и республиканского уровней.



ТУЫСҚАН ХАЛЫҚТАРДЫ ЖАҚЫНДАТҚАН СИМПОЗИУМ

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Мәдениет орталығында «Халықаралық Еуразия көші-қон симпозиумының» ашылу салтанаты өтті. Басқосудың мақсаты – түркі елдеріне ортақ әдебиет пен мәдениетті қайта жаңғырту, рухани дүниелерді ұрпақ жадында қалдыруға ықпал жасау.

Стамбул Мәдениет университетімен бірлесе ұйымдастырылған шарада Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев қатысушыларды симпозиумның басталуымен құттықтап сәттілік тіледі.

Стамбул Мәдениет университетінің ректоры, профессор Ихсан Караман мен Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ президенті, профессор Болатбек Абдрасилов та симпозиумның мән-маңызына кеңірек тоқталды.

Басқосуға Түркия, Қырғызстан, Босния, Әзірбайжан елдерінен ғалымдар қатысты. Халықаралық жиын 11 бағыт (секция) бойынша жүргізілді. Атап айтқанда, әдебиет, БАҚ және мәдени зерттеу, білім, экономика, құқық, мемлекеттік басқару, қоғамдық саясат, саясаттану, әлеуметтану, тарих, халықаралық қатынастар сынды салаларды қамтылды.




СИМПОЗИУМ, СБЛИЗИВШИЙ РОДСТВЕННЫЕ НАРОДЫ

В Международном казахско-турецком университете им. Х. А. Ясави состоялось торжественное открытие Международного симпозиума по миграции в Евразии. Цель мероприятия - возрождение общей литературы и культуры тюркских стран, сохранение духовных ценностей.

На мероприятии, организованном совместно со Стамбульским университетом культуры, аким Туркестанской области Жансеит Туймебаев поздравив участников с началом симпозиума и пожелал им успехов.

На встрече выступили ректор Стамбульского университета культуры, профессор Ихсан Караман, президент МКТУ им. Х. А. Ясави, профессор Болатбек Абдрасилов.

Кроме того, в совещании также приняли участие ученые из Турции, Кыргызстана, Боснии и Азербайджана. Международное совещание прошло по 11 направлениям. В частности, организаторы охватили такие сферы, как литература, СМИ и культурные исследования, образование, экономика, право, государственное управление, общественная политика, политология, социология, история и международные отношения.



ЖАҢА ТҮРКІСТАННЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛАДЫ

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев Түркістан облысына жұмыс сапарында бірнеше отандық компанияға Түркістан қаласындағы әкімшілік орталықта ғимараттар салуды тапсырған болатын. Осыған орай Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев қазақстандық инвесторлар «BI Group» және «Саутс-Ойл» компанияларының өкілдерін қабылдады.

Жүздесуде «BI Group» компаниясы Түркістан қаласында 50 мың шаршы метрді құрайтын бизнес орталықтың жобасын ұсынды. Орталықта офистік бөлмелер, мәжіліс залдары, жерасты автотұрақ орналасатын болады. Ал «Саутс-Ойл» компаниясы 120 бөлмелік 5 жұлдызды қонақ үйдің сәулет жоспарлау эскиздерін таныстырды. Қонақ үй бөлмелері стандартты, люкс орындарынан бастап, ең жоғарғы үлгіде жабдықталған жайлы бөлмелермен, мейрамхана және концерт залымен қамтылмақ.

Ғимараттардың жобаларымен танысқан облыс басшысы инвесторларға эскиздік жұмыстарды жетілдіріп, құрылысты уақтылы бастау қажеттігін жеткізді.

«BI Group» компаниясы өкілдері жаңа әкімшілік іскерлік орталықта облыстық әкімдік пен аумақтық мекемелер ғимараттарының және Конгресс орталықтың құрылысын жүргізеді. Орталықта форум, саммит, концерт залдар орналасатын болады. Компания мамандарының айтуынша, аталған барлық нысандар 1 жарым жылдың ішінде толық аяқталмақ.

НАЧАЛОСЬ СТРОИТЕЛЬСТВО НОВОГО ТУРКЕСТАНА

Президент Казахстана Н. А. Назарбаев в ходе недавнего официального визита в Туркестан поручил руководителям нескольких отечественных компаний построить здания в административном центре города. В связи с этим аким Туркестанской области Жансейит Туймебаев встретился с представителями компаний «BI Group» и «Саутс-Ойл».

Представители компании «BI Group» представили проект бизнес-центра в Туркестане, площадь которого составит 50 тыс. кв. метров. Здесь расположатся офисные помещения, конференц-залы и подземная парковка. Наряду с этим, представители компании «Саутс-Ойл» презентовали главе региона эскизный дизайн пятизвездочного отеля на 120 номеров. Современная гостиница предложит своим клиентам комфортабельные номера, начиная от стандартных, люкс и до максимально комфортабельных, которые будут оснащены самым необходимым для комфортного проживания. В гостинице также расположатся ресторан и концертный зал.

Ознакомившись с проектами зданий, глава региона отметил необходимость своевременно начать строительство.

Вместе с тем, в новом административно-деловом центре города Туркестан представители компании «BI Group» приступят к строительству зданий областного акимата, территориальных учреждений и конгресс-центра. По словам специалистов компании, строительство всех этих объектов они намерены завершить в течение полутора года.



ФРАНЦУЗДАР ТҮРКІСТАННЫҢ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІН ОҢ БАҒАЛАДЫ

Орта Азия мемлекеттерін зерттеп жүрген атақты француздық ғалымдар Түркістан қаласына келді. Қонақтар әуелі XIV ғасырдың соңында тұрғызылған Қ.А.Ясауи кесенесі мен ондағы жәдігерлермен және орта ғасырда өзінің берік қамалымен мәшһүр болған Сауран қаласына атбасын бұрды.

Ғалымдармен кездескен Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев ескі Сауран қаласы болашақта барлық туристер келіп тамашалайтын мекенге айналатынын айтты. Сондай-ақ Түркістан облысына келетін қонақтарға арнайы туристік бағыттар құрылып, сервистік қызметтер жанданатынын жеткізді. Этнограф, тарихшы Франсуаз Ленобль бастаған француз ғалымдары Түркістанда бой көтеретін жаңа ғимараттар мен Қ.А.Ясауи кесенесі айналасында салынатын нысан жобаларымен танысты.

Шетелдік қонақтар тарихқа бай Түркістанның туристер ошағына айналатына сенім білдірді. Туристерді тарту үшін насихатты көбейтіп, тарихи нысандардағы ақпараттық жүйелер күшейтілсе, өңірге келетін қонақтар саны артатынын жеткізді.



ФРАНЦУЗЫ ВЫСОКО ОЦЕНИЛИ ТУРИСТИЧЕСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ ТУРКЕСТАНА

Известные французские ученые, в целях изучения государств средней Азии, прибыли в Туркестан. Гости посетили мавзолей Ясави, который был возведен в конце XIV века, и ознакомились с его экспонатами. Кроме того, ученые побывали в городище Сауран, где им рассказали о его истории и становлении.

В ходе встречи аким Туркестанской области Жансеит Туймебаев отметил, что средневековое городище Сауран, которое вызвал интерес у мировых ученых, станет местом для посещения туристов. Вместе с тем он подчеркнул, что для туристов, прибывающих в Туркестанскую область, будут созданы специальные туристские маршруты. Наряду с этим, французские ученые во главе с известным в Европе этнографом, историком Франсуазом Леноблем ознакомились с эскизными проектами зданий, которые будут возведены вокруг мавзолея Х. А. Ясави в восточном стиле.

В завершение визита зарубежные гости выразили уверенность, что Туркестан, который богат своей историей и священными местами, станет туристическим центром мирового уровня. Помимо этого гости отметили необходимость усилить пропаганду и активизировать работу информационных систем на исторических объектах.

2018
12 қазан

2018
12 октябрь



БІР КҮНДЕ – 24 НЫСАН!

24 ОБЪЕКТА – ЗА ОДИН ДЕНЬ!

Созақ ауданында 24 нысан ел игілігіне тапсырылды. Олардың қатарында Құмкент ауылындағы спорт кешені, Шолақорған ауылындағы «Айжан» бөбекжай балабақшасы, «Жібек жолы» сауда кешені, Қарағұр ауылында «Жастар» саябағы, 2 спорт алаңы мен 1 балалар ойын алаңы бар.

Сонымен қатар Балдысу, Раң ата, Шаға, Ақсүмбе елді мекендерінде медициналық пункттер, Шолақорған ауылында аллея, спорт және балалар ойын алаңшасы мен «Street Workout» спорттық алаңының тұсауы кесілді. Таукент қаласында спорт алаңшасының, Жартытөбе елді мекенінде «Астана қаласына 20 жыл» саябағы, спорт алаңшасы мен балалар ойын алаңы, «Асылжан» бөбекжай балабақшасы пайдалануға берілді. Бұдан өзге Шолақорған, Жуантөбе, Жартытөбе, Сызған ауылы мен Қызылкөл елді мекенінің негізгі көшелері жарықтандырылды.

Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев аудандық аурухана ұжымына медициналық автокөліктердің кілтін тапсырды. Сондай-ақ, Шолақорған ауылындағы «Тәуелсіздік» саябағындағы Еңбек Ерлері мен күйші-сазгерлерге арналған ескерткіш-бюст аллеясының ашылу салтанатына қатысты.

Шолақорған ауылы «Мыңжылқы» мәдениет сарайында «Созақ-жыр, Созақ-сөз, Созақ-өнер» атты ғылыми тәжірибелік конференция өтті.

Конференцияда ауданның өркендеуіне үлес қосқан бірқатар азаматтар облыс әкімінің Грамотасымен және Алғыс хатымен марапатталды.

В честь 90-летия Сузакского района Туркестанской области введены в эксплуатацию 24 объекта. Среди них - спортивный комплекс в селе Кумкент, детский сад «Айжан», торговый комплекс «Жибек жолы», а также парк «Жастар» в селе Карагур, две спортивные и одна детская игровая площадка.

Наряду с этим, в населенных пунктах Балдысу, Ран ата, Шага, Аксумбе сдали в эксплуатацию медицинские пункты, а в селе Шолакорган - аллею, спортивную и детскую игровую площадки, а также спортивную площадку «Street Workout». Помимо этого, в населенном пункте Жартытөбе состоялось открытие парка «20 лет Астане», ясли-сада «Асылжан», спортивной и детской игровой площадок. Более того, в населенных пунктах Шолакорган, Жуантөбе, Жартытөбе, Сызган и Кызылкөл проведена работа по освещению основных улиц.

Вместе с тем, в ходе визита в Сузакский район аким Туркестанской области Жансеит Түймебаев, вручил коллективу районной больницы ключи от автомобилей скорой медицинской помощи. Также, в селе Шолакорган, в парке «Тәуелсіздік», глава региона, приняв участие в торжественной церемонии открытия памятников-бюстов Героям Социалистического Труда и кюйши-композиторам, поздравил местных жителей с этой знаменательной датой.

А во Дворце культуры в Шолакоргане состоялась научно-практическая конференция. На ней грамотами и благодарственными письмами был отмечен ряд жителей района.



ЖАҢА НЫСАНДАР – ЖАҚСЫ НЫШАНДАР

Облыс әкімі Жансейіт Түймебаев Қазығұрт ауданына жұмыс сапарымен барып, тұрғындармен кездесті. Алдымен Қазығұрт ауылындағы «Болашақ» шағынауданынан бой көтерген 16 пәтерлі 4 тұрғын үйдің кілтін пәтер қожайындарына табыстап, қуаныштарына ортақтасты. 20 аз қамтамасыз етілген отбасы мен жетім балаларға табысталған үйлерге болашақта жалпы саны 64 отбасы көшіп барады.

Осы күні ауданда 210 орынға арналған «Жеңіс» денешынықтыру - сауықтыру кешені де пайдалануға берілді.

Мұнан соң көпшілік жаңадан жұмысын бастаған «Өнер» мектебінің салтанатты ашылуын тамашалады. Мұнда Қазығұрттың жас буыны өнерге деген қадамын бастап, облыстық, республикалық өнер байқауларына әзірленеді.

Өңір басшысы бастаған топ ауданда ашылған этноауылда болып, ауыл шаруашылығы өнімдері қойылған көрмені тамашалады.



НОВЫЕ ОБЪЕКТЫ – ХОРОШИЕ НАЧИНАНИЯ

Аким Туркестанской области Жансеит Туймебаев посетил Казыгуртский район и встретился с жителями. В первую очередь, глава региона вручил новоселам ключи от новых квартир. Жилые дома построены в микрорайоне «Болашақ» села Казыгурт. В ближайшем будущем в эти четыре дома на 16 квартир каждый заселятся 64 семьи, в том числе 20 малообеспеченных семей и дети-сироты.

В этот же день в районе состоялась церемония открытия физкультурно-оздоровительного комплекса «Жеңіс» на 210 мест.

После этого в районе открыли новую школу «Өнер». Учебное заведение рассчитано на 100 мест, здесь учащихся будут готовить к областным и республиканским конкурсам искусств.

Группа под руководством акима области посетила этноаул, где они ознакомились с выставкой-ярмаркой, на которой была представлена сельскохозяйственная продукция.



ТҮРКІСТАНДЫҚТАР ҚАЛА КҮНІН АТАП ӨТТІ

Түркістанда Қала күні мерекесі аталып өтті. Салтанатты шараға облыс әкімі Жансейіт Түймебаев қатысып, қала тұрғындары мен қонақтарын айтулы мерекемен құттықтады. Аймақ басшысы қаланың облыс орталығы мәртебесін алуымен тарихи шаһар жаңа сипатта дами түскенін айрықша атап өтті.

«Елбасымыздың Түркістанды облыс орталығы деп әйгілеуі бекер емес. Бұл қаланы түркі әлемінің рухани, мәдени орталығы ету – алға қойған басты мақсатымыздың бірі», – деген Жансейіт Қансейітұлы қаланың экономикалық дамуына үлес қосып келе жатқан 11 адамды «Түркістан қаласының Құрметті азаматы» атағымен марапаттады.

Салтанатты шараға халықаралық түркі әлемінің форумына келген Түркия, Үндістан, Өзбекстан, Болгария, Иран, Ресей, Дағыстан елдерінің әдебиетшілері мен ақын-жазушылары арнайы қатысты.

Қала күні мерекелік концертпен түйніделді.

ТУРКЕСТАНЦЫ ОТМЕТИЛИ ДЕНЬ ГОРОДА

В Туркестане отметили День города. В торжественном мероприятии принял участие аким области Жансейит Туймебаев, который поздравил жителей и гостей города с праздником. В своем вступительном слове глава региона отметил, что с приобретением статуса областного центра исторический город развивается в новом формате.

«Неслучайно Глава государства своим Указом создал Туркестанскую область, а областным центром стал город Туркестан. Одна из главных целей, стоящих перед нами, - сделать этот город духовным, культурным центром тюркского мира», - сказал Ж. Туймебаев.

На торжественном мероприятии аким наградил 11 граждан, внесших вклад в экономическое развитие города, нагрудными знаками «Почетный гражданин города Туркестан».

В праздновании Дня города приняли участие известные литераторы, писатели и поэты из Турции, Индии, Узбекистана, Болгарии, Ирана, России, Дагестана, прибывшие на международный форум тюркского мира.

Праздник завершился праздничным концертом.



«SAFARI SHARDARA» ТУРИЗМДІ ДАМУҒА СЕРПІН БЕРДІ

Шардара ауданы «Аққала» демалыс аймағының жағалауында алғаш рет «SAFARI SHARDARA» атты фестиваль өтті. Айтулы шарада өңірдің туристік әлеуетін арттыруға бағытталған көрме ұйымдастырылды.

Фестиваль балық аулаушылар жарысымен басталды. Кейін халықаралық деңгейдегі сайыстарға ұласып, бір сәтте бірнеше спорт түрлерінен жарыс ұйымдастырылды. «Джип» автокөліктері мен түйелер жарысы да қызықты өтті. Сондай-ақ қонақтар Шардара ауданының тарихымен, ауыл шаруашылығы өнімдері және ұлттық қолөнер көрмесімен танысты.

Өнерпаздар арнайы мерекелік «Safari Shardara» әнін орындады. Түркістан-Отырар-Шардара бағытында жүріп өткен мотобайкерлер сахна алаңында MOTOKROSS өнерін көрсетіп, жиылған қауымды желпіндірді.

Фестиваль су айдынындағы қайықтардың шоуымен жалғасты. Балықшылардың соңынан байдарка есушілер өнер көрсетті. Облыстағы үздік «Қазына», «Шамсинур» би топтары және цирк өнерпаздары хореографиялық композиция орындады.

«Шардарада желкенді қайық спорты мен ат пен түйе жарыс, құсбегілік сынды ұлттық спорт түрлері мен өзге де атакәсіптерімізді жаңғыртуды көздеп отырмыз. Мұның барлығы өңірдегі туризмді дамытып, бизнес ахуалды көтеруге бағытталған», – деген Жансейіт Қансейітұлы өңірдегі ауқымды бастамаларды кәсіпкерлер іліп өкетіп, жалғастыру ытиіс екенін айтты.

Түркістан өңірінің туристік әлеуетін арттыруға арналған халықаралық шара концерттік бағдарламамен аяқталды. Шарадара жағалауындағы бұл думан ұзақ уақыт бойы ел есінде сақиялатыны анық.

ФЕСТИВАЛЬ «SAFARI SHARDARA» ДАЛ ТОЛЧОК РАЗВИТИЮ ТУРИЗМА

В Шардаринском районе, на территории зоны отдыха «Аккала», что на побережье водохранилища, прошел фестиваль «SAFARI SHARDARA». В ходе мероприятия была организована выставка, направленная на повышение туристского потенциала региона.

Фестиваль стартовал с состязания по рыболовству. Затем прошли соревнования международного уровня по нескольким видам спорта. Большой интерес вызвали соревнования на джипах. Гости также ознакомились с историей Шардаринского района, посетили выставку сельскохозяйственной продукции и национальных ремесел.

Творческий коллектив Шардаринского района исполнил праздничную песню «Safari Shardara». Затем, в классическом мотокроссе, прошедшем по маршруту «Туркестан-Отырар-Шардара» выступили мотобайкеры, исполнив перед сценой различные трюки.

В ходе мероприятия состоялось и шоу лодок. Затем прошли соревнования по парусному спорту и гребле на байдарках. Помимо этого, танцевальные группы «Казына», «Шамсинур» и цирковые коллективы представили хореографическую композицию.

«Возрождаем на Шардаре водные и национальные виды спорта. Здесь есть все возможности развивать туризм и бизнес», – отметил аким области Ж. Туймебаев.

Фестиваль завершился концертной программой. Для гостей этот праздник запомнится надолго.



КЕСЕНЕ МАҢЫНДАҒЫ ЖҮЗДЕСУ

31 қазан Түркістан облысы үшін ерекше оқиғаларға толы болды. Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев «Елбасы Жолдауы мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру және Түркістан қаласын дамыту барысы» тақырыбында Орталық коммуникациялар қызметінің Түркістан қаласында тұңғыш рет өткізген көшпелі баспасөз конференциясына қатысты.

Қожа Ахмет Яссауи кесенесі маңында өткен баспасөз мәслихатында өңір басшысы өңірдің дамуы туралы баяндап, өткір сұрақтарға жауап берді. Өңірде Елбасы Жолдауындағы міндеттерді орындау барысы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстар туралы ой қозғады.



ВСТРЕЧА НА ТЕРРИТОРИИ МАВЗОЛЕЯ

31 октября стало для Туркестанской области запоминающимся днем. В первой выездной пресс-конференции в региональной СЦК приняли участие аким области Жансейит Туймебаев. На встрече обсуждались вопросы реализации Послания Главы государства, программы «Рухани жанғыру» и развития города Туркестана.

На прошедшей на территории мавзолея Х. А. Ясауи пресс-конференции глава региона рассказал о развитии области и ответил на вопросы участников. Здесь обсуждался ход реализации Послания Главы государства и программы «Рухани жанғыру».



ТҮРКІСТАННЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ ТҮРКІ ТІЛДЕС ЕЛДЕРГЕ ТАРАЙДЫ

Түркістан қаласындағы мәдениет үйінде «TÜRKISTAN: JAŃA AQPAPATTYQ KEŃISTIK» атты халықаралық журналистер форумы өтті. Оған елімізбен қатар Түркия, Қырғызстан, Өзірбайжан және Татарстан елдерінің ақпараттық агенттіктері мен белді басылымдардың жетекшілері, Түркістан облысындағы БАҚ басшылары мен өкілдері ғалымдар және студенттер қатысты.

Форумның ашылуында облыс әкімі Жансейіт Түймебаев сөз сөйледі. Ол жиынның маңыздылығына тоқталып, медиа кеңістікті дамыту, киелі шаһарды Түркі әлемінің рухани орталығына айналдыру жолында осындай келелі кеңестердің оң ықпал ететінін айтты.

Қазақстанға белгілі журналистер мен шетелдік БАҚ өкілдері осындай еркін пікір алаңын құру ақпарат кеңістігінің ашықтығын одан әрі арттыруға мүмкіндік беретініне назар аударды.

Форум аясында Түркістан облысы ішкі саясат барқармасы мен шетел ақпарат құралдары арасында келісімдер мен меморандумға қол қойылды. Атап айтсақ, Түркияның «TRT» телекомпаниясының Астанадағы өкілдігінің директоры Абдулхамит Авшар мен Түркістан облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Бейсенбай Тәжібаев БАҚ саласындағы әріптестік және іскерлік байланыс орнату жөніндегі меморандумға қол қойды. Сонымен қатар Қырғызстанның «Кабар», Өзірбайжанның ITV телерадиокомпаниясымен де келісім жасалды.

НОВОСТИ ТУРКЕСТАНА БУДУТ РАСПРОСТРАНЯТЬ В ТЮРКСКИХ СТРАНАХ

В Доме культуры Туркестан состоялся международный форум журналистов «TÜRKISTAN: JAŃA AQPAPATTYQ KEŃISTIK». В его работе приняли участие представители информационных агентств и ведущих изданий Турции, Кыргызстана, Азербайджана и Татарстана, а также руководители и представители СМИ Туркестанской области, ученые и студенты.

На открытии форума выступил аким области Жансеит Туймебаев. Он отметил важность сегодняшнего события, так как такие встречи способствуют развитию медиа-пространства и превращению священного города в духовный центр тюркского мира.

Специально приглашенные руководители и представители средств массовой информации тюркоязычных стран выразили намеренность внести свой вклад в пропаганду региона на международном уровне.

В рамках форума были подписаны соглашения и меморандумы между управлением внутренней политики Туркестанской области и зарубежными изданиями и лице руководителя управления Бейсена Тажибаева и директора представительства турецкой телекомпания «TRT» в Астане. Кроме этого, соответствующий меморандум был подписан и с Национальным агентством «Кабар» Республики Кыргызстан и представительством телерадиокомпания ITV Азербайджан в Казахстане.



«TÜRKISTAN MEDIA» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

31 қазанда Түркістан қаласында «TÜRKISTAN MEDIA» халықаралық орталығы мен «TÜRKISTAN» интеллектуалды клубы ашылды. Салтанатты шараға елімізбен қатар Түркия, Өзірбайжан, Өзбекстан, Татарстан және Қырғызстан республикалары ақпарат құралдарының жетекшілері мен өкілдері қатысты. Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев жаңа орталықтардың жұмысына сәттілік тілеп, бұл қадам Түркістанның Түркі елемінің рухани әрі ақпараттық орталығына айналуына серпін беретінін жеткізді.

Медиа орталықта брифинг және шағын кеңестер өткізетін орындар бар. Мұнда Түркістан облысының Өңірлік коммуникациялар қызметі, Түркістандағы Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-дың студенттерінен құралған ерікті жас журналистер клубы жұмыс істейді. 70 адамға лайықталған залы бар. Медиа орталық арқылы түрік, өзірбайжан, орыс, өзбек, қырғыз тілдерінде ақпарат таратылады. Қасиетті қалаға келген отандық және шетелдік журналистер ақпарат таратуда орталықтың қызметін ақысыз пайдалана алады.

Ал, «TÜRKISTAN» интеллектуалды клубында түрлі тақырыптарда басқосулар, дөңгелек үстелдер мен ел руханиятына оң ықпал ететін жиындар өткізіліп тұрады. Осы күні «TÜRKISTAN» интеллектуалды клубының бірінші отырысы өтіп, алғашқы спикерлер ретінде облыс әкімі Ж. Түймебаев пен танымал публицистер Түркістанның дамуы жөніндегі ойларын ортаға салды.



В ТУРКЕСТАНЕ ОТКРЫЛИ МЕЖДУНАРОДНЫЙ МЕДИАЦЕНТР «TÜRKISTAN MEDIA»

31 октября в городе Туркестан открылся международный медиацентр «TÜRKISTAN MEDIA» и интеллектуальный клуб «TÜRKISTAN». В торжественном мероприятии участвовали руководители и представители информационных средств Казахстана, Турции, Азербайджана, Узбекистана и Кыргызстана. Аким Туркестанской области Жансеит Түймебаев пожелал удачи работе нового центра и сказал, что этот шаг даст рывок в превращение Туркестана в духовный, а также информационный центр Тюркского мира.

Отметим, что в медиацентре расположены залы для проведения брифингов и заседаний, работает Региональная служба коммуникаций, клуб юных журналистов, состоящий из студентов МКТУ имени Х. А. Яссави. Есть зал, вмещающий в себя 70 человек. Медиацентр будет распространять информацию на турецком, азербайджанском, русском, узбекском, кыргызском языках. Отечественные и иностранные журналисты, приехавшие в священный город, могут бесплатно пользоваться услугами центра в целях распространения информации.

А в интеллектуальном клубе «TÜRKISTAN» намерены проводить «круглые столы» и собрания на различные темы, связанные с духовностью. В этот день здесь прошло первое заседание, где первым спикером выступил аким области Ж. Түймебаев, который рассказал о развитии Туркестана.





БӘЙДІБЕКТЕ ТЕННИС КОРТЫ МЕН ЖҮЗУ БАССЕЙНІ БАР

Бәйдібек ауданында өңір басшысы Жансейіт Түймебаевтың қатысуымен бірқатар спорт нысандары ел игілігіне берілді. Атап айтқанда, ауданда бұған дейін болмаған жабық теннис корты мен жабық жүзу бассейні ашылды. Облыс әкімі спортқа ден қойған ауданның бір топ жастарымен арнайы кездесіп, пікір алмасты.

Жалпы құны 1,3 млрд. теңге болатын Шаян ауылында ашылған нысандардың демеушісі – шетелдік инвесторлар. Жабық теннис кортында арнайы жуынатын бөлмелер бар, ал бассейнде бір ауысымда 32 адам жүзу спортымен машықтана алады.

Бұл күні спорттың волейбол, баскетбол, футбол, теннис түрлері мен спорт залдарына арналған ашық алаңшалар пайдалануға берілді.

Облыстан барған жұмысшы топ Бәйдібек Қарашаұлы ескерткішіне гүл қойып, «Шежірелі Шаян, Берекелі Бәйдібек» форумына қатысты.



В БАЙДИБЕКСКОМ РАЙОНЕ ВВЕЛИ В ЭКСПЛУАТАЦИЮ БАССЕЙН И КРЫТЫЙ ТЕННИСНЫЙ КОРТ

В Байдибекском районе сдали в эксплуатацию ряд спортивных объектов. Участие в церемонии открытия объектов принял глава региона Ж. Туймебаев. Отметим, что данные спортивные объекты открылись в районе впервые. Кроме того, аким области провел встречу с молодежью района. Участники встречи поделились своими идеями и обменялись мнениями.

Общая стоимость объектов, построенных за счет средств иностранных инвесторов, составила 1,3 млрд. тенге. Крытый теннисный корт оснащен специальными душевыми, а плавательный бассейн сможет вместить до 32 человек в смену.

Кроме того, в этот день были сданы в эксплуатацию открытые спортивные площадки, предназначенные для занятий волейболом, баскетболом, футболом и теннисом.

Вместе с тем, в рамках визита рабочая группа приняла участие в церемонии возложения цветов к памятнику Байдибек Карашаулы. После этого состоялся форум «Шежірелі Шаян, Берекелі Байдибек».



ЮНЕСКО ДЕЛЕГАЦИЯСЫ – ТҮРКІСТАНДА

Түркістанға ЮНЕСКО-ның Алматыдағы кластерлік бюросының делегациясымен келді. Облыс әкімі Ж.Түймебаев топ құрамын бастап келген ЮНЕСКО-ның Париждегі тарихи қалалық ландшафттар жөніндегі кеңесшісі Кристина Иамандиге өңірдің дамуы уралы айтып берді.

Әкім Қожа Ахмет Яссауи мавзолейі ЮНЕСКО-ның әлемдік мұрасының нысаны ретінде бұрынғы кейпінде сақталатынын, халықаралық ұйымның талаптары ескерілетінін жеткізді. ЮНЕСКО өкілдері Түркістан облысы мен оның орталығы Түркістан қаласының туристік әлеуеті зор екенін айтып, шежірелі шаһардық болашағына сеніммен қарайтындарын айтты.



ДЕЛЕГАЦИЯ ЮНЕСКО – В ТУРКЕСТАНЕ

Аким Туркестанской области Жансеит Туймебаев встретился с делегацией Кластерного бюро ЮНЕСКО в Алматы. В ходе встречи глава региона поблагодарил за приезд в Туркестанскую область Кристину Иаманди, консультанта ЮНЕСКО по историческим городским ландшафтам из Парижа, возглавившую данную делегацию.

Во время встречи аким области отметил, что мавзолей Ходжи Ахмеда Ясави как объект Всемирного наследия ЮНЕСКО является магнитом для иностранных туристов. Гости из ЮНЕСКО подчеркнули важность этого объекта для развития туризма.



ПАВЛОДАР МЕН БҚО ТҮРКІСТАНДЫ ҚОЛДАУҒА ДАЙЫН

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев еліміздегі әрбір облыс және қала әкімдіктеріне Түркістан қаласына бір-бір нысан салып беру жөнінде тапсырма берген болатын. Осы тапсырманы орындау үшін Түркістан қаласына Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Нұрлан Қақамбетов пен Батыс Қазақстан облысының құрылыс басқармасының басшысы Алтынбек Қайсағалиев келді.

Олар облыс әкімі Жансейіт Түймебаевтың қабылдауында болып, «Түркістан облысының тарихи-киелі орындарының орталығы» ғимаратының құрылысы бойынша мәжіліске қатысты.

Жиын барысында өңір басшысы арнайы өкілдерін жіберген Павлодар облысының әкімі Болат Бақауов пен Батыс Қазақстан облысының әкімі Алтай Көлгіновке алғысын білдіріп, құрылыс жұмыстары жедел басталу керектігін атап өтті. Өз кезегінде қала қонақтары жаңа Түркістанның көркеюіне барынша қолдау көрсетуге дайын екендерін жеткізді.



ПАВЛОДАРСКАЯ ОБЛАСТЬ И ЗКО ГОТОВЫ ПОДДЕРЖАТЬ

В рамках исполнения протокольного поручения Президента РК Нурсултана Назарбаева по строительству в Туркестане объектов каждой областью и городом регион посетили руководитель управления архитектуры и градостроительства Павлодарской области Нурлан Какамбетов и руководитель управления строительства ЗКО Алтынбек Кайсағалиев.

После приема у акима области Жансеита Түймебаева гости приняли участие в совещании по вопросам строительства Центра историко-священных мест Туркестанской области.

Акиму области поблагодарим акима Павлодарской области Булата Бақауова и акима Западно-Казахстанской области Алтая Кульгинова за поддержку и отметил, что строительные работы должны начаться в срок. В свою очередь гости города выразили готовность оказать всемерную поддержку развитию нового областного центра



ТҮРКІСТАННЫҢ ОРТАЛЫҚ АТАНУЫ КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ҚАНАТ БІТІРДІ

Түркістан облыс орталығына айналғалы бері қалада тұрғындар саны артты. Бұл үрдіс кәсіпкерлікті дамытуға да оң серпін беріп отыр. Мәселен, Түркістандағы «Яссы нан» ЖШС өнім көлемін 30 мыңнан 50 мың данаға дейін арттырып отыр. Мұнда нанның 40 түрі, шұжық өнімінің 15 түрі шығарылып жатыр.

Нан бағасын тұрақты ұстау керектігін айтқан облыс әкімі Жансейіт Түймебаев осы күні құрылыс заттарын шығарумен айналысатын «Яссы құрылыс» зауытына да аялдады. Жұмысшылармен кездесті. 120 адам жұмыс істейтін өндіріс орнында жылына 138 000 тонна темір бетон бұйымдары шығарылады. Ішкі нарықты отандық құрылыс заттарымен қамтамасыз етіп отырған ұжым алдағы уақытта сұранысқа сай өнім көлемін арттыруы мүмкін.



В РЕГИОНЕ РАЗВИВАЮТСЯ ПРОИЗВОДСТВА

Число жителей в областном центре растет. Это выгодно и для развития предпринимательства. К примеру, благодаря демографическому росту туркестанское ТОО «Яссы нан» увеличило объем производства с 30 тысяч до 50 тысяч хлебобулочных изделий. Здесь выпускают 40 видов хлеба и 15 – колбасы.

Аким области Ж. Туймебаев поручил держать под контролем цены на продукт первой необходимости. Он также посетил завод по выпуску стройматериалов «Яссы құрылыс» и встретился с рабочими. На предприятии, где работают 120 человек, в год выпускают 138 тысяч тонн железобетона. В будущем, как отмечают специалисты, объемы могут быть увеличены.



ТҮРКІСТАНДЫ ДАМУҒА ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР ДА ҮЛЕС ҚОСАДЫ

Түркістан қаласында «Азаматтық қоғам және мемлекет: диалог, әріптестік және жауапкершілік» тақырыбында үкіметтік емес ұйымдардың облыстық VIII Азаматтық форумы өтті. Форумда Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев үкіметтік емес ұйымдардың қоғамдағы орны ерекше екенін айтып, қоғамдық ұйымдар елді өркендету бағытында жұмыс істеуі керек деген ойын жеткізді.

Жиында ҚР Қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті төрағасының орынбасары Бақытжан Нарымбетов, «Қазақстанның Азаматтық Альянсы» заңды тұлғалар бірлестігінің президенті Асылбек Қожахметов, «Қазақстанның Азаматтық Альянсы» заңды тұлғалар бірлестігінің вице-президенті Дос Көшім және өзге де азаматтар сөз сөйлеп, үкіметтік емес ұйымдардың жұмысын жандандыру жөніндегі ұсыныстарын жеткізді.

Азаматтық форум аясында әлеуметтік идеялар мен жобалар жәрмеңкесінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері марапатталды. Жиын соңында республикалық VIII азаматтық форумға баратын делегаттардың тізімі бекітілді.



НЕПРАВИТЕЛЬСТВЕННЫЕ ОРГАНИЗАЦИИ ВНЕСУТ ВКЛАД В РАЗВИТИЕ ТУРКЕСТАНА

В Туркестане прошел VIII областной Гражданский форум неправительственных организаций. На форуме аким Туркестанской области Жансейит Туймебаев отметил, что неправительственные организации являются неотъемлемой частью общества, а их деятельность должна быть направлена на развитие страны.

На форуме выступили заместитель председателя Комитета по делам гражданского общества Министерства общественного развития РК Бақытжан Нарымбетов, президент Объединения юридических лиц «Гражданский Альянс Казахстана» Асылбек Қожахметов, председатель Общественного объединения «Союз Чернобыль» Бахытжан Аширбаев, известный политолог Дос Кушим и другие.

Помимо этого, в рамках форума состоялось награждение победителей и призеров ярмарки социальных идей и проектов. Более того, были отмечены и представители наиболее активных неправительственных организаций региона, а также утвержден список делегатов на VIII республиканский Гражданский форум.



БӘЙДІБЕКТЕ КҮН ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ САЛЫНАДЫ

Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев «KK-KIUNSEN» компаниясының директоры Джон Енг Сун бастап келген делегациямен кездесті. Басқосуда тараптар өңірімізде инвестициялық жобаларды жүзеге асыру жайын ақылдасты.

Кездесу барысында қонақтар Бәйдібек ауданынан жалпы құны 7,4 млрд. теңгені құрайтын күн электр станциясын салу туралы ұсынысын білдірді. Жамбыл ауылында бой көтеретін станцияның жалпы аумағы 1200 гектарды құрайды. Жоба жүзеге асырылса, 10 Мвт. электр энергиясы өндірілетін болады. Сондай-ақ, 50 адам жұмыспен қамтылады.



В БАЙДИБЕКСКОМ РАЙОНЕ ПОСТРОЯТ СОЛНЕЧНУЮ ЭЛЕКТРОСТАНЦИЮ

Аким Туркестанской области Жансеит Туймебаев встретился с делегацией южнокорейских предпринимателей во главе с директором компании «KK-KIUNSEN» Джоном Енг Суном. В ходе встречи стороны обсудили реализацию в регионе инвестиционных проектов.

В ходе встречи гости выразили намерение построить в Байдибекском районе солнечную электростанцию мощностью 10 МВт. Стоимость проекта составляет 7,4 млрд. тенге. Общая площадь возводимой станции в селе Жамбыл составит 1200 га. При реализации данного проекта будет создано 50 новых рабочих мест.



САРАПШЫЛАРМЕН АҚЫЛДАСТЫ

Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев сәулет саласына қатысты мамандармен бейресми кездесу өткізді. Құрамында Қазақстанның халық суретшісі Ерболат Төлепбай, ҚР Сәулетшілер Одағының вице-президенті Бақытжан Әшірбаев, облыстық сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Еркін Жүсіпов және облыстық құрылыс басқармасының басшысы Тоқтар Үсібалиев сынды азаматтар бар жұмыс тобы Түркістан қаласының Бас жоспарында қамтылатын нысандардың орналасу тәртібі, сәулеттік келбетінің ерекшеліктерімен танысты.

Белгілі сәулетшілер шаһарда айналма жолдар салып, қаланың инфрақұрылымын дамыту және сәулетін одан әрі көркейту бағытындағы ұсыныстарын айтты.



ЭКСПЕРТЫ ОБСУДИЛИ ПЕРСПЕКТИВЫ

Аким Туркестанской области Жансеит Туймебаев провел неформальную встречу со специалистами сферы архитектуры. В ходе встречи рабочая группа, в состав которой вошли заслуженный деятель искусств РК Ерболат Толепбай, вице-президент Союза архитекторов РК Бахытжан Аширбаев, руководитель областного управления архитектуры и градостроительства Еркін Жусупов и руководитель областного управления строительства Тоқтар Усибалиев, ознакомилась с особенностями архитектурного облика и порядка расположения объектов, предусмотренных в генеральном плане Туркестана.

Во время встречи эксперты обсудили развитие инфраструктуры и дальнейшее благоустройство города и представили свои проекты.



КӨШБАСШЫ ЖАСТАР ТҮРКІСТАНҒА ЖИНАЛДЫ

Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев көшбасшы жастармен бейресми кездесу өткізді. Жиын барысында аймақ басшысы жалынды жастарды түркі әлемінің рухани астанасын өркендетуге шақырды.

Жастар Түркістан өңірінде өскелең ұрпақтың жан-жақты дамуына жағдай жасалып жатқанын және жастарды қолдау бағытындағы ұсыныстарын жеткізді. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпазы, тоғызқумалақтан әлемнің 7 дүркін чемпионы Әсел Далиева өзі жеткен жетістіктерін өңіріміздегі жастарға көрсетілген қолдаудың жемісі екенін айтты.

3 күнге жалғасқан форум «Терең тарихтан – жарқын болашаққа!» атты республикалық пікір-сайыс турнирімен бастау алды. Дебатқа қатысушылар елдегі жастар саясаты мен Түркістан қаласын дамытуға байланысты келелі мәселелерін ортаға салды. Сайысқа республиканың барлық аймақтарынан 2 адамнан құрылған 75 команда қатысты.



АКИМ СОБРАЛ МОЛОДЕЖЬ В ТУРКЕСТАНЕ

Аким Туркестанской области Жансейит Түймебаев провел неформальную встречу с молодежными лидерами страны. В ходе встречи глава региона призвал молодежь внести вклад в развитие и процветание областного центра, ставшего духовной столицей тюркского мира.

Вместе с тем, глава региона отметил, что в Туркестанской области создаются условия для всестороннего развития подрастающего поколения. В свою очередь, победительница проекта «100 новых лиц Казахстана», семикратная чемпионка мира по тоғызқумалақ Асель Далиева подчеркнула, что все ее достижения достигнуты благодаря заботе и поддержке государства по отношению к молодежи.

Аким области принял участие в торжественном открытии дебатного турнира «Терең тарихтан – жарқын болашаққа!». Он стартовал в рамках трехдневного молодежного форума «Тәуелсіздік – тірегім, Түркістаным – жүрегім!». В ходе дебатов участники обсудили вопросы в сфере молодежной политики и развития Туркестана, духовной столицы тюркского мира. В дебатах приняли участие 75 команд по две человека со всех регионов республики.



БІР КҮНДЕ БЕС АУЫЛҒА ГАЗ БЕРІЛДІ

Жетісай ауданында бір күнде бес ауылға табиғи газ берілді. Салтанатты шараға Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев арнайы қатысып, жергілікті тұрғындардың қуанышымен бөлісті.

Атап айтқанда, Ш.Ділдәбеков ауыл округіне қарасты Достық, Байдала, Зерделі ауылдары мен Атамекен ауылдық округіне қарасты Тыңдала және Қоғалы елді мекендеріне газ жеткізілді.

Жетісайға жұмыс сапарында аймақ басшысы Жаңаауыл ауылдық округіндегі Тұрар Рысқұлов атындағы 600 орындық жаңа мектептің ашылу салтанатына да қатысты. Сонымен бірге Жетісай қаласындағы «AIIG Kazakhstan» ЖШС-нің мақта зауытында аудандағы «Озат терімші», «Ең үздік комбайншы», «Ең үздік терімші», «Ең үздік мақта зауыты» номинацияларының иегерлерін марапаттап, сый-сияпат табыстады.



ПЯТЬ СЕЛ ЗА ОДИН ДЕНЬ ПОДКЛЮЧИЛИ К ПРИРОДНОМУ ГАЗУ

Пять населенных пунктов в Жетысайском районе Туркестанской области за один день подключили к природному газу. В торжественном мероприятии принял участие аким области Жансейит Туймебаев.

Голубое топливо подвели к селам Достык, Байдала, Зердели сельского округа Ш. Дильдабеков, а также к селам Тыңдала и Когалы сельского округа Атамекен.

Наряду с этим, в ходе рабочей поездки в село Ынтымак сельского округа Жана ауыл глава региона принял участие в открытии новой школы имени Турара Рыскулова на 600 мест. Затем в Жетысае аким области посетил хлопковый завод ТОО «AIIG Kazakhstan». После встречи с работниками завода аким области вручил награды обладателям номинаций «Лучший комбайнер», «Лучший сборщик», «Лучший хлопковый завод».



МЫРЗАШӨЛДЕГІ МЕРЕЙЛІ МЕЗЕТТЕР

Мақтааралда ауданның 90 жылдық мерекесіне арналған салтанаты шараның шымылдығы «Мақтааралым - мерейлі мекенім» атты музыкалық театрландырылған қойылымымен түрілді. «Ақ алтын» мәдениет үйінде өткен мерейлі мерекеге ортақтасқан облысы әкімі Жансейіт Түймебаев еңбекқор мақтааралдықтарға деген ізгі тілегін жеткізді.

Өңір басшысы одан соң «Алтын күз – 2018» іс-шарасына «Қазақ мақта шаруашылығы» ғылыми зерттеу институтында өткен Қазақ мақтасының 100 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференциясына қатысты.

Күзгіжиын-терімді ойдағыдай өткізген мырзашөлдіктердің думаны «Терме – бойтұмарым» атты термешілер байқауы, «Палау фестивалі» іс-шарасы, жастар арасындағы жайдарман ойындарынан соң аудан өнерпаздарының мерекелік концертіне ұласты.



ОТМЕТИЛИ 90-ЛЕТИЕ МАҚТААРАЛЬСКОГО РАЙОНА

Торжественное мероприятие, посвященное празднованию 90-летия Мактааральского района, началось с музыкально-театрализованной постановки «Мақтааралым - мерейлі мекенім». В праздничном мероприятии, начавшемся в Доме культуры «Ақ алтын», принял участие аким области Жансеит Түймебаев, который поздравил местных жителей и тружеников села.

Вместе с тем, на центральной площади Мырзакента в рамках мероприятия «Золотая осень-2018» были подведены итоги осенней уборочной кампании, а в селе Атакент, в Казахском научно-исследовательском институте хлопководства, состоялась международная научно-теоретическая конференция.

90-летие Мактааральского района продолжилось состязанием акынов «Терме – бойтұмарым», фестивалем плова, игрой КВН среди молодежи и праздничным концертом.



ТҮРКІСТАННЫҢ ДАМУЫНА ӘЛЕМ ТҮРКОЛОГТАРЫ ҮЛЕС ҚОСАДЫ

Түркістан қаласында «Киелі Түркістан және Түркі дүниесінің рухани жаңғыруы» атты ғылыми-теориялық конференция өтті. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы маңызды конференцияда Түркі әлемінің киелі мекендері мен атақты тұлғалары және түркі елдерінің тілдері мен жазулары талқыланған секциялық отырыстар өтті.

Жиынға шетел дипломаттары мен халықаралық ұйымдардың өкілдері, Өзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия ғалым-түркологтары мен АҚШ, Ресей, Үндістан, Өзбекстан зерттеушілері қатысты.

Конференцияда Түркістан облысы әкімдігі мен Халықаралық Түркі Академиясы арасында ғылыми және іскерлік байланысты нығайту бағытында Меморандумға қол қойылды. Алдағы уақытта Түркістан қаласында осы академияның ғылыми орталығы бой көтереді.

Сондай-ақ түркология саласына ғалым әрі саясаткер ретінде еңбек сіңіре білген Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаевқа және 4 ғалымға Вильгелм Томсен медалы салтанатты түрде тапсырылды.

Конференцияға қатысушылар Түркістанның түркі әлемінің рухани орталығына айналуға толық мүмкіндігі бар екеніне тоқталып, осы бағыттағы жұмыстарға үлес қосуға дайын екендерін жеткізді.



В РАЗВИТИЕ ТУРКЕСТАНА ВНЕСУТ ВКЛАД ТЮРКОЛОГИ С МИРОВЫМ ИМЕНЕМ

В Туркестане прошла научно-теоретическая конференция «Священный Туркестан и духовная модернизация тюркского мира». В конференции, организованной в рамках реализации программы «Рухани жаңғыру», состоялись секции на различные темы.

В конференции участвуют ряд иностранных дипломатов, историков, представителей международных организаций из Азербайджана, Казахстана, Кыргызстана, Турции, США, России, Индии, Узбекистана.

В ходе конференции между акимом Туркестанской области и Международной Тюркской академией был подписан меморандум о сотрудничестве и укреплению научных и деловых связей. В соответствии с этим, в ближайшее время в Туркестане возведут научный центр этой академии.

Кроме этого, акиму области Жансеиту туймебаеву была вручена медаль Вильгельма Томсена за вклад в развитие сферы тюркологии.

Участники встречи обсудили перспективы развития Туркестана и выразили готовность внести свой вклад в его становление.



ЕҢБЕК ЕЛЕНІП, ДИҚАН ҚУАНҒАН КҮН

Түркістан қаласында «AGROFEST-2018» ауыл шаруашылығы фестивалі өтті. Оған ауыл шаруашылығы саласының ардагерлері мен мамандары, еңбек озаттары, кәсіпкерлер және тұрғындар қатысты.

Мерекелік жиында облыс әкімі Жансейіт Түймебаев сала мамандарын кәсіби меркелерімен құттықтап, аймақтың жетістіктеріне тоқталды.

«Өңіріміздегі ауыл шаруашылық саласының жалпы өнім көлемі 475,6 млрд. теңгеге жетіп, республикада 2 орынға қол жеткіздік. Көкөніс, бақша дақылдарынан 2,8 млн. тоннамен рекордтық өнім жинадық. 500 мың тоннаға жуық өнім Ресей, Беларусь, Латвия, Германия мемлекеттеріне, 1 млн. тоннасы еліміздің солтүстік өңірлеріне жөнелтілді», – деді ол.

Фестиваль аясында ауыл шаруашылығы саласында белсенділік танытып, үздік көрсеткішке қол жеткізген аудан, қалалар және жеке шаруалар ҚР Премьер-Министрдің орынбасары, ауыл шаруашылығы министрі Өмірзақ Естайұлының және облыс әкімінің медальдары мен арнайы сертификатына ие болды. Өңір шаруалары «Озат астық жинаушы», «Озат мал бордақылаушы», «Озат бақша өсіруші» сынды 21 номинация бойынша марапатталды.

Көрме ұйымдастырылып, онда ауыл шаруашылығы өнімдері, асыл тұқымды төрт түлік малдың түрлері мен озық техникалар ұсынылды. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесінде 182 тонна табиғи таза өнім нарықтағы бағадан арзан саудаланды. Қонақтар үшін 1 тонна палау мен 1 тонна бауырсақ дайындалып, көпшілікке тегін таратылды.

Алаңда ұлттық спорттың 12 түрінен сайыстар өткізіліп, облыстың еңбекші қауымы алтын күзді көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алды.

НАСТОЯЩИЙ ПРАЗДНИК ДЛЯ АГРАРИЕВ

В Туркестане прошел сельскохозяйственный фестиваль «AGROFEST-2018». В нем приняли участие ветераны отрасли, передовики производства, предприниматели, избранные народом и специалисты отрасли.

На торжественном собрании аким области Жансейит Туймебаев поздравил специалистов отрасли с профессиональным праздником и остановился на достижениях региона.

«Объем валовой продукции сельского хозяйства в области достиг 475,6 миллиарда тенге. По данному показателю область заняла второе место в республике. Собрано рекордное количество - 2,8 млн. тонн - овощной и бахчевой продукции. Из них 500 тысяч тонн экспортировано в Россию, Беларусь, Латвию, Германию и порядка одного миллиона тонн продукции отправлено в северные регионы страны», - сказал Ж. Туймебаев.

В этот день передовые труженики сферы сельского хозяйства от имени заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - министра сельского хозяйства республики Умирзака Шукеева и акима области Жансеита Туймебаева были награждены медалями и специальными сертификатами. Лучших передовиков области наградили в 21-ой номинации, в том числе «Лучший садовод», «Лучший производитель зерна», «Лучший хлопкороб».

Помимо этого, организаторы фестиваля провели ярмарку сельскохозяйственной продукции, на которой было реализовано 182 тонны экологически чистой и натуральной продукции по ценам ниже рыночных на 15-20%. Также для гостей приготовили 1 тонну плова и 1 тонну баурсаков.

Кроме того, на площади прошли спортивные состязания по 12-ти национальным видам спорта. Всем победителям спортивных состязаний были вручены ценные призы.



ІСКЕРЛІК ОРТАЛЫҚТЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Қарашаның соңында Түркістан қаласындағы әкімшілік-іскерлік орталығында «іскерлік орталықтың» капсуласы салынды. Өңір басшысы Жансейіт Түймебаев осынау тарихи сәттің маңыздылығына тоқталып, болашақ орталықтың жоспарымен бөлісті. Жиынға жергілікті тұрғындар қатысып, ақсақалдар жағы батасын берді.

Нысанның құрылысын «BI group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өз қаражаты есебінен жүргізуді ұсынып отыр. Алғашқы іргетасы 2019 жылдың қаңтар айынан бастап қаланатын орталық 2020 жылдың наурыз айында пайдалануға беріlmек.



НАЧАТО СТРОИТЕЛЬСТВО ДЕЛОВОГО ЦЕНТРА

В конце ноября в Туркестане была заложена капсула строительства нового административно-делового центра. В мероприятии приняли участие аким области Ж. Түймебаев, местные жители, а аксакалы дали свое благословение.

Возвести современное здание ТОО «BI group» планирует за счет собственных средств. Строительство объекта началось в январе 2019 года, срок окончания строительства – март 2020 года.



ТҮРКІСТАНДА ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ МЕРЕКЕЛЕНДІ

Түркістан қаласында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған мерекелік іс-шара өтті. Алдымен Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-дың фойесінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған көрме ұйымдастырылды.

Басқосуда Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев жұртшылықты мерекемен құттықтап, Елбасының батыл бастамалары мен «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы жөнінде баяндама жасады.

Салтанатты шара мерекелік концертпен өрнектеліп, облысымыздың өнерпаздары патриоттық әндерді шырқады.

Осы күні ҚР Тұңғыш Президенті күні мерекесіне орай Кентауда 60 пәтерлі 2 көпқабатты тұрғын үй пайдалануға берілді. Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев үй кезегінде тұрған азаматтарға баспананың кілтін тапсырып, тұрғындарды арнайы құттықтады.



В ТУРКЕСТАНЕ ОТМЕТИЛИ ДЕНЬ ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА РК

В Туркестане состоялось торжественное мероприятие, посвященное Дню Первого Президента Республики Казахстан. Сначала в фойе МКТУ им. Х. А. Ясауи была организована выставка, посвященная Дню Первого Президента Республики Казахстан.

Открывая торжественное собрание, глава региона Жансейит Түймебаев поздравил жителей области и рассказал о программе «Семь граней Великой степи».

Торжественное мероприятие продолжилось праздничным концертом.

В этот же день в Кентау, в честь Дня Первого Президента Республики Казахстан, сдали в эксплуатацию два 60-квартирных многоэтажных жилых дома. В торжественной обстановке ключи от новых квартир вручил новоселам глава региона Жансейит Түймебаев.



ТҮРКІСТАННЫҢ ҰЛЫ ДАЛАДАҒЫ ОРНЫ ЕРЕКШЕ

Түркістан қаласында Түркістан облысы әкімі жанындағы «Ырыс алды – ынтымақ» қоғамдық форумы аясында «Ұлы даланың жеті қыры» және Түркістан» тақырыбында келелі жиын өтті.

Басқосуға облыстық басқармалардың жауапты қызметкерлері, зиялы қауым өкілдері, жазушылар мен тарихшы-ғалымдар, ардагерлер, қоғамдық ұйымдардың жетекшілері қатысты.

Жиында Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы жөнінде баяндама жасады. Одан соң өңір басшысы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының «Туған жер арнайы жобасы» аясында туған жерге сүбелі үлес қосып жүрген Сырым Ертаев, Талғат Ысқақов, Айыпхан Айымбетов, Бағлан Сүгірбаев сынды азаматтарды «Жомарт жүрек» сыйлығымен марапаттады.

Рухани шараның соңы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жарық көрген «Оңтүстіктің қасиетті орындары: аңыз-әпсаналар», «Оңтүстік Қазақстан облысының тарихи орындары мен киелі жерлері» атты кітаптарының тұсаукесеріне ұласты. Сонымен қатар осы күні «2017 жыл: айшықты оқиғалар» атты кітап та оқырманға жол тартты.



ОСОБОЕ МЕСТО ТУРКЕСТАНА В ВЕЛИКОЙ СТЕПИ

В Туркестане, в рамках общественного форума при акиме области «Ырыс алды – ынтымақ», прошло совещание на тему «Семь граней Великой степи и Туркестан».

В нем приняли участие ответственные работники областных управлений, руководители и представители общественных организаций, ученые, представители интеллигенции и журналисты.

В своем вступительном слове аким области Жансейит Туймебаев рассказал о проводимой работе в рамках статьи Президента «Семь граней Великой степи». В ходе совещания прошло чествование лауреатов премии «Жомарт жүрек». Награды из рук главы региона получили Сырым Ертаев, Талгат Исаков, Айыпхан Айымбетов, Бағлан Сугирбаев и ряд других граждан, внесших вклад в реализацию программы «Рухани жаңғыру».

В завершении мероприятия, в рамках программы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», прошла презентация книг «Оңтүстіктің қасиетті орындары: аңыз-әпсаналар» и «Оңтүстік Қазақстан облысының тарихи орындары мен киелі жерлері». Кроме того, в этот день читателям представили книгу «2017 жыл: айшықты оқиғалар».



ТҮЙЕ СҮТІН ӨҢДЕЙТІН ЗАУЫТ АШЫЛДЫ

ЗАПУЩЕН ЗАВОД ПО ПЕРЕРАБОТКЕ ВЕРБЛЮЖЬЕГО МОЛОКА

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев телекөпір арқылы Түркістан қаласындағы Түйе сүтін өңдейтін «GOLDEN CAMEL GROUP LTD» зауытын салтанатты түрде іске қосты. Кәсіпорынның ашылу рәсіміне Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев пен зауыт директоры Янг Жи қатысты.

10 гектар аумақты алып жатқан зауыт жылына 2500 тонна түйе сүтін өңдеуге қауқарлы. Жоба жалпы құны 7,45 млрд. теңгені құрайды. Заводта 85 адам жұмыспен қамтылған. Өнімнің 90 пайызы шетелге экспортталады.

Мұнда түйе сүтінен диабетпен ауыратындарға арналған таблетка, косметика, түрлі дәммен жасалған йогурттар, құрғақ таблеткалар өндіріледі.

В ходе телемоста с участием Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева состоялся торжественный запуск завода по переработке верблюжьего молока ТОО «GOLDEN CAMEL GROUP LTD» в Туркестане. В церемонии открытия также приняли участие аким Туркестанской области Жансейит Туймебаев и директор завода Янг Жи.

ЗПредприятие способно переработать 2500 тонн продукции в год. Стоимость проекта составляет 7,45 млрд. тенге. Здесь работают 85 человек, 90% продукции экспортируют в другие страны.

На заводе намерены производить таблетки из верблюжьего молока для людей, страдающих сахарным диабетом, а также косметику и различные йогурты.



КЕНТАУ МЕН ОРДАБАСЫДАҒЫ ҚУАНЫШ

РАДОСТЬ ДЛЯ ОРДАБАСЫ И КЕНТАУ

Еліміздің басты мерекесі – Тәуелсіздік тойын Түркістан облысының жұртшылығы асқан қуанышпен қарсы алды. Әсіресе Ордабасы ауданы мен Кентау қаласының тұрғындары айрықша қуанышқа бөленді.

Облыс әкімі Жансейіт Түймебаев алдымен Ордабасы ауданындағы «MEDICAL CENTER SHUBARSU» медицина орталығы мен «Жастар сарайының» ашылу салтанатына қатысты. Одан кейін Кентау қаласы, Ескі Иқан ауылдық округіндегі 2 қабатты 10 пәтерлі қызметтік тұрғын үй мен Шаға ауылдық округіндегі 10 пәтерлі 2 тұрғын үйдің кілтін тұрғындарға табыстады.

Сонымен қатар ҚР Тәуелсіздігінің 27 жылдығы мерекесі қарсаңында Түркістан қаласында облыстық төтенше жағдай департаментінің қызметкерлеріне 20 көлік берілді.

Один из самых главных праздников страны жители Туркестанской области встретили с особой радостью. Для жителей Ордабасинского района и города Кентау сегодня этот день запомнится открытием ряда социальных объектов.

Разделить радость с местными жителями приехал и аким области Жансейит Туймебаев. Глава региона посетил Ордабасинский район, где принял участие в торжественной церемонии открытия медцентра «MEDICAL CENTER SHUBARSU» в селе Шубарсу. После этого аким посетил город Кентау, где в торжественной обстановке вручил новоселам ключи от новых квартир. В частности, в этот день в селе Старый Икан сдали в эксплуатацию служебный 2-этажный жилой дом на 10 квартир, а в селе Ынтымак сельского округа Шага – два жилых дома на 10 квартир каждый.

В преддверии праздника службе пожаротушения и аварийно-спасательных работ Департамента по ЧС глава региона вручил ключи от 20 автомобилей.



ТҮРКІСТАНДА ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ ТОЙЛАНДЫ

Түркістан қаласында Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі күніне арналған «Тәуелсіздік – тұғырым!» атты мерекелік іс-шара өтті. Еліміздің ең ұлық мерекесіне жиылған жұртшылықты Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев құттықтап, тәуелсіздік туралы тебіреністерін ортаға салды.

«Тәуелсіздік – ұлы ұғым. Жұмыр жер бетінде азаттығын аңсап, бостандыққа қол жеткізе алмай жүрген ұлттар көп. Жыл, ай емес, минут сайын құбылатын алмағайып заманда Қазақстанымызбен мақтанып қана қоймай, тәуелсіздігімізді тұғырлы ету үшін баршамыз еңбек етуге тиістіміз, – деген өңір басшысы еңбегімен дараланған 55 адамға түрлі марапаттарды салтанатты түрде тапсырды.

Мерекелік кеште Түркістан облысының өнерпаздары патриоттық бағыттағы мерекелік концертті ел назарына ұсынды. Бойға жігер, жүрекке жалын беретін кешке қатысқан көпшілік тәуелсіздікті тұғырлы, Түркістандағы бастамаларды ғұмырлы етуге уағдаласып, көтеріңкі көңіл-күйде тарқасты.

В ТУРКЕСТАНЕ ОТМЕТИЛИ ДЕНЬ НЕЗАВИСИМОСТИ

В Туркестане прошло праздничное мероприятие, посвященное Дню Независимости Республики Казахстан. С самым главным праздником страны жителей региона поздравил аким Туркестанской области Жансеит Түймебаев.

«День Независимости для всех нас - это великий праздник. Независимость и равенство, суверенитет и государственность являются ценными понятиями для любого народа», - отметил глава региона. В этот день 55 жителей области в торжественной обстановке получили различные награды.

В ходе праздничного мероприятия творческие коллективы региона представили концертную программу. Жители областного центра с воодушевлением отметили главный праздник и выразили надежду в том, что туркестан ждет светлое будущее.



МЕРЕКЕНІҢ ҚҰРМЕТІНЕ – ЖАҢА САЯБАҚ

Ел тәуелсіздігінің 27 жылдығы қарсаңында Түркістан облысының орталығы Түркістан қаласында жаңа саябақ ел игіліне тапсырылды. Қаланың Кентау бағытынан кіре берісінен 14 гектар жерге орналасқан «Парасат» саябағының құрылысы 2018 жылдың тамыз айында басталып, желтоқсан айында пайдалануға беріліп отыр. Саябақтың ашылу салтанатында облыс әкімі Жансейіт Түймебаев жұртшылықты мерекемен құттықтады.

Саябақ абаттандырылып, архитектуралық құрылысы жағынан соңғы үлгіде жасақталған. Онда жарық бағаналары мен аркалар, смарт орындықтар, субұрқалар мен тренажерлік аспаптар, теннис, футбол, баскетбол алаңшалары мен веложолдар және концерт алаңы бар.

Сонымен бірге Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Арыс қаласында көпқабатты тұрғын үйлер және бірқатар әлеуметтік нысандардың ашылу салтанаты өтті. Жалпы 36 пәтерлік үш көпқабатты үй пайдалануға берілді. Салтанатты шарада облыс әкімінің орынбасары Т.Сәрсембаев тұрғындарды мерекемен құттықтап, 108 пәтердің кілтін қуаныш иелеріне табыстады.

Жалпы Арыс қаласында мерекеге орай 16 нысан ел игілігіне берілді. Атап айтқанда үш білім ғимараты, екі саябақ, үш тұрғын үй, бір спорт алаңшасы, екі бірдей көпір берілді және екі нысан электр энергиясымен жабдықталып, бірнеше аумақтарға абаттандыру жұмыстары жүргізілген.

В ЧЕСТЬ ПРАЗДНИКА – НОВЫЙ ПАРК

Накануне Дня Независимости в Туркестане на благо страны ввели в эксплуатацию парк «Парасат». Строительство парка площадью 14 га началось в августе текущего года и завершилось в декабря. На церемонии открытия аким области Жансейит Туймебаев поздравил жителей города с открытием новой зоны отдыха.

Парк построен по последнему слову архитектуры и дизайна. На территории зоны отдыха установлены световые колонны, арки, тренажеры, построены фонтаны, велодорожки, а также теннисные, футбольные и баскетбольные площадки. Кроме того, все условия созданы для отдыхающих на концертной площадке.

Кроме этого, состоялась церемония открытия ряда социальных объектов и сдачи многоэтажных жилых домов. К примеру, в эксплуатацию были сданы три многоэтажных дома на 36 квартир. В ходе торжественного мероприятия заместитель акима области Тулеген Сарсембаев поздравив жителей с праздником, вручил новоселам ключи от 108 квартир.

В целом, в честь праздника в городе Арыси сдали в эксплуатацию 16 объектов. Среди них три объекта в сфере образования, два парка, три жилых дома, спортивная площадка, два моста, к двум объектам подвели электричество, также были проведены работы по благоустройству нескольких территорий.



ГАЗ ТАПШЫЛЫҒЫНАН ҚҰТЫЛАТЫН КҮН ЖАҚЫН

СКОРО РЕШАТСЯ ПРОБЛЕМЫ С ГАЗОМ

Желтоқсанның үшінші он күндiгiнде Түркістан облысында «ҚазТрансГаз» АҚ «Түркістан» Ұлттық газ операторы компрессорлық стансасын iске қосты. Бұл бастама «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының жылдық өткізу қабілетін 10 млрд. м3 көлемнен жылына 15 млрд. м3-ке дейін арттырады деген сенім бар. Станцияны iске қосу рәсіміне Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев пен «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директорының бірінші орынбасары Қанат Құрманалиев қатысты.

Өңір басшысы аталған стансаның iске қосылуы Тәуелсіздік мерекесіне орай облыс тұрғындары үшін сый болғандығын жеткізді. 7 айдың ішінде аяқталған стансада 50 адам жұмыспен қамтылды.

Жаңа станцияның iске қосылуы Түркістанда газ және газбен жабдықтау мәселесін шешуге оң серпін бермек.

Национальный оператор АО «КазТрансГаз» ввел в эксплуатацию компрессорную станцию «Туркестан». Строительство реализовано в рамках инвестиционного проекта по увеличению пропускной способности газопровода «Бейнеу-Бозой-Шымкент» с 10 млрд. до 15 млрд. кубометров в год. В торжественной церемонии запуска станции приняли участие аким Туркестанской области Жансейит Туймебаев и первый заместитель генерального директора АО «КазТрансГаз» Канат Курманалиев.

По словам главы региона, запуск станции стал подарком жителям области на День Независимости. Строительство компрессорной станции «Туркестан» было завершено в течение семи месяцев, здесь работают 50 человек.

Новый объект газовой инфраструктуры поможет решить проблему обеспечения газом в ближайшие годы.



ЕЛ АЗАМАТТАРЫ ТҮРКІСТАНДЫ ТҮЛЕТУГЕ МҮДДЕЛІ

Түркістанды түлету, құрылысын жандандыру Елбасы мен ел үкіметінің назарында тұр. Осы ұлы мұратты орындау барысын пысықтау үшін Түркістан қаласына ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Асқар Мамин бастаған жұмысшы топ келді.

Асқар Мамин облыс орталығында атқарылып жатқан құрылыс жұмыстарымен танысқан соң Түркістан қаласын дамытуға арналған мәжіліс өткізді. Келелі жиынға ҚР Мәдениет және спорт министрі А.Мұхамедияұлы, ҚР Қоғамдық даму министрі Д.Қалетаев, ҚР Энергетика министрінің орынбасары М.Мырзағалиев, ұлттық компания басшылары, Түркістан облысының әкімі Ж.Түймебаев және өзге де облыс басшылары қатысты. Олар ойларын ортаға салып, Түркістанды дамыту бағытындағы жұмыс жоспарларымен таныстырды.

Ел азаматтары Түркістанды түлетуге мүдделі. Өйткені, Түркістанға қызмет – тарихқа деген адалдық...

ПОД ПРИСТАЛЬНЫМ ВНИМАНИЕМ ЕЛБАСЫ

Развитие Туркестана находится под пристальным вниманием Елбасы и Правительства. В этой связи областной центр посетила рабочая группа во главе с первым заместителем Премьер-министра РК Аскаром Маминим.

В Туркестане с его участием состоялось совещание по развитию областного центра. В работе совещания также приняли участие министр культуры и спорта РК А. Мухамедияұлы, министр общественного развития РК Д. Калетаев, заместитель министра энергетики РК М. Мырзағалиев, представители других министерств, руководители нацкомпаний, аким Туркестанской области Ж. Туймебаев. В ходе совещания аким области ЖН№ Туймебаев проинформировал о предстоящих проектах, направленных на развитие областного центра.

Подводя итоги совещания, первый вице-премьер поручил обеспечить своевременное исполнение поставленных задач.

2018
24 желтоқсан

2018
24 декабря



88 ҮЙ МЫҢДАҒАН ТҮРҒЫНДЫ ҚУАНЫШҚА БӨЛЕМЕК

Түркістан қаласында облыс әкімі Жансейіт Түймебаевтың қатысуымен жаңа әкімшілік-іскерлік орталықта орналасқан «Түркістан – жаңа қала» тұрғын үй алабының іргетасын қалау рәсімі өтті.

Жоспарға сәйкес аумағы 38 гектар жерге 88 көпқабатты тұрғын үй салынады. Оның 44-і 2019 жылы пайдалануға берілсе, қалған 44 үй 2020 жылы ел игілігіне тапсырылмақ. Бұл құрылыстарды жүргізуде «Оңтүстік құрылыс сервис» ЖШС, «Берен» ЖШС, «Шымкент құрылыс» ЖШС және «NK Building» ЖШС қатысады.

НОВОСЕЛЬЕ ОТМЕЯТ ТЫСЯЧИ ТУРКЕСТАНЦЕВ

В Туркестане с участием главы региона Жансеита Туймебаева состоялась церемония закладки фундамента жилых комплексов, которые расположатся в жилом массиве «Туркестан - новый город».

Отметим, что на площади 38 га возведут 88 многоэтажных жилых домов. Из них 44 дома сдадут в эксплуатацию в 2019 году, еще остальные 44 дома намерены ввести в эксплуатацию в 2020 году. Строительством жилых комплексов займутся ТОО «Оңтүстік құрылыс сервис», «Берен», «Шымкент Құрылыс» и «NK Building».



ТҮРКІСТАНДА ПРЕЗИДЕНТ ШЫРШАСЫ ӨТТІ

Түркістан облысында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың атынан мектеп оқушыларына арналған жаңа жылдық шырша мерекесі тойланды. «Жарқыра, Қазақстан! Жарқыра, туған жер!» атауымен ұйымдастырылған шараға облыс әкімі Жансейіт Түймебаев қатысып, балғындармен бірге лед-экраннан Ел Президентінің балаларды құттықтау сөзін тыңдап, шырша шамын жақты.

«Аяулы жас достар! Сіздердің білімді, парасатты, жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптасып, бәсекеге қабілетті болып жетілулеріңіз үшін мемлекет барлық мүмкіндіктер мен игі шараларды атқаруда және атқаратын болады. Біздің тәуелсіз елімізге еңсесі биік, өресі кең, ділі таза, дені сау, парасатты жастар қажет. Мен сіздердің әрқайсысыңыздың осындай азамат болуға талаптанатыныңызға сенімім мол!» деді Ж.Түймебаев.

Соңынан Елбасы атынан әр балаға ноутбук, қыстық киімдер мен тәтті сыйлықтар табыс етілді. Дәстүрлі түрде жыл сайын мемлекет басшысы атынан ұйымдастырылатын бұл шара осы күні, осы уақытта Қазақстанның барлық өңірлерінде өтті. Оған өңіріміздегі ата-ана қамқорлығынсыз қалған, әлеуметтік аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан үздік оқушылар қатысты.

ПРЕЗИДЕНТСКАЯ НОВОГОДНЯЯ ЕЛКА ПРОШЛА В ТУРКЕСТАНЕ

В Туркестане для детей области состоялась новогодняя елка от имени Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева. В мероприятии «Свети, Казахстан! Свети, родная земля!», приняли участие дети из малообеспеченных и многодетных семей, оставшиеся без попечения родителей. После поздравительной речи Главы государства, прозвучавшей посредством видеообращения, аким области Жансеит Туймебаев вместе с детьми зажгли новогоднюю елку. «Здравствуйте, дорогие дети! Сегодня вы участвуете в традиционной новогодней Президентской елке! Каждый год казахстанцы и граждане других стран ждут от наступающего года новых открытий, хороших и добрых начинаний. Пусть сегодняшний день останется для вас незабываемым. Я желаю вам хорошо встретить праздник, и хочу пожелать вам и вашим родителям здоровья, счастья и успехов. Пусть сбудутся все ваши мечты!» – сказал аким области. Наряду с этим, от имени Президента РК каждому ребенку вручили ноутбук, теплые зимние вещи и сладости.



ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ СТАНСАСЫ ЖАҢАРДЫ

ОТКРЫЛИ ЦЕНТР СКОРОЙ МЕДИЦИНСКОЙ ПОМОЩИ

Түркістанда заман талабына сай жабдықталған, сандық жүйеге қосылған “Жедел жәрдем медициналық орталығының” ашылу рәсімі өтті. Оған облыс әкімі Жансейіт Түймебаев қатысып, орталыққа үш жаңа арнайы көліктің кілтін тапсырды.

Бұған дейін «Түркістан қалалық жедел жәрдем медициналық стансасы» болып келген мекеме атауын «Облыстық жедел жәрдем медициналық орталығына» ауыстырды. Облыстық мәртебеге ие болған медициналық нысан жаңа ғимаратқа көшті.

Орталық толықтай “Көмек” бағдарламасының автоматтандырылған басқару жүйесімен жұмыс істейді. Білікті мамандармен қамтылған.

В Туркестане состоялось открытие областного центра скорой медицинской помощи. В церемонии открытия принял участие глава региона Жансейит Түймебаев. В ходе торжественного мероприятия областной медицинской станции скорой медицинской помощи вручили ключи от трех новых спецмашин.

Отметим, что теперь станция скорой медицинской помощи города Туркестан официально получила статус областного центра скорой медицинской помощи, переехав в новое здание. Она полностью работает с автоматизированной системой управления программой «Көмек».



ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫ МАҢЫЗДЫ НЫСАНМЕН ТОЛЫҒАДЫ

Түркістан шаһарында «Фитнес орталығы» ғимаратының іргетасы қаланды. Салтанатты шарада облыс әкімі Жансейіт Түймебаев бой көтеретін нысан келешекте түркістандықтардың салауатты өмір салтын ұстануына серпін беретінін атап өтті.

«Фитнес Палас» орталығында ересектерге арналған бассейн, ерлер мен әйелдерге арналған жеке сауналар мен SPA-кешендер, әлемдік деңгейдегі жаттығу құрылғыларымен жабдықталған зал ашылады. Мұнда тәулігіне 4000 адамға дейін жаттығу жасай алады.

Нысан 2019 жылы түркістандықтарға есігін айқара ашпақ. Түркістанның заманауи шаһарға айналуы үшін мұндай орталықтардың маңызы зор.

КОЛИЧЕСТВО СОЦИАЛЬНЫХ ОБЪЕКТОВ РАСТЕТ

В Туркестане с участием акима области Жансеита Туймебаева состоялась церемония закладки фундамента нового здания фитнес-центра. Глава региона выразил уверенность, что в будущем данный объект внесет и свой вклад в формировании здорового образа жизни населения Туркестана.

В центре «Фитнес-палас» откроют тренажерный зал, бассейн, женские и мужские сауны, СПА-салоны. В смену здесь смогут тренироваться до 4000 человек.

Объект запустят в 2019 году. Его роль в социальном развитии Туркестана немала.



«ТАУ САМАЛЫНА» КЕЛДІҢ БЕ, ШАҢҒЫ ТЕУІП КӨРДІҢ БЕ?

Желтоқсанның соңында Төлеби ауданында «Тау самалы – жан самалы» шаңғы фестивалі өтті. Оған облыс әкімі Жансейіт Түймебаев қатысып, осы шараның өңірдегі бұқаралық спорт пен туризмді дамытуға айрықша серпін беретініне сенім білдірді.

«Тау самалы – жан самалы» фестивалінде түрлі ойындар, байқаулар ұйымдастырылды. Мыңдаған адам табиғаты тамаша Төлебидің саф ауасын жұтып, қысқы спортпен шұғылданды.

Осы күні XVIII жазғы Азия Ойындарында жеңімпаз және жүлдегер атанған 6 спортшы мен бокстан ел чемпионы атанған Түркістан облысының өрендеріне құрмет көрсетілді.

Жалпы, Төлеби ауданында қысқы туризм қарқынды дамып келеді. Солардың бірі — «Тау Самалы» демалыс аймағының «Алатау» тау шаңғы базасы. Мұнда бір мезетте 3 мыңдай адамға қызмет көрсетуге мүмкіндік бар. Ал көктем және жаз айларында атпен серуендеу қарастырылған. Осы аудандағы Қасқасу ауылында «Қасқасу тау-шаңғы» курорттық базасының инфрақұрылымының құрылысы басталып кетті. Бұл әлемдік деңгейдегі демалыс орны болмақ.

Осы күні Төлеби ауданының 2,5 мыңдай тұрғыны «көгілдір отынға» қол жеткізді. Дәлірек айтсақ, Жаңатұрмыс, Қайнар, Нысанбек елді мекендеріне газ берілді.




КОЛИЧЕСТВО СОЦИАЛЬНЫХ ОБЪЕКТОВ РАСТЕТ

В конце декабря в Төлебийском районе прошел лыжный фестиваль «Тау самалы - жан самалы». В мероприятии принял участие аким области Жансейит Түймебаев, который выразил уверенность, что данный фестиваль придаст особый импульс развитию массового спорта и туризма в регионе.

В ходе мероприятия глава региона наградил благодарственными письмами акима области и денежными призами шестерых спортсменов - победителей и призеров XVIII летних Азиатских игр.

В целом, в настоящее время в Төлебийском районе активно развивается зимний туризм. Горнолыжная база «Алатау» зоны отдыха «Тау Самалы» способна обслуживать одновременно около трех тысяч человек. В весенний и летний месяцы здесь предусмотрены конные прогулки. Более того, в селе Каскасу начато строительство инфраструктуры лыжного курорта «Каскасу», который станет местом отдыха мирового уровня.

Также в этот день около 2500 жителей трех населенных пунктов Төлебийского района - Жанатұрмыс, Қайнар, Нысанбек - получили доступ к природному газу.



ЖАҢАРҒАН ҚАЛАҒА – ЖАҢА АВТОБЕКЕТ

Жаңа жыл қарсаңында Түркістанда жаңа автобекет құрылысының іргетасын қалау рәсімі өтті. Шараға өңір басшысы Ж.Түймебаев қатысты. 3 гектар аумақта орналасатын автобекет алдағы уақытта тәулігіне 10 мың жолаушыға, яғни 600 автобусты қызмет көрсетпек.

Шымкент бағытынан салынатын автобекетте күту залы, билет кассалары, жүргізушілерді медициналық куәландыру пункті, диспетчерлік пункт, ана мен бала бөлмесі қарастырылған. Жобаға сәйкес автотұрақ, перрон, автобустарды техникалық байқау және қадағалау орындары да салынады.

Жаңа автобекеттің құрылысы 2019 жылдың желтоқсанына дейін аяқталмақ. Жаңа қала түсетін аумақтан жаңа автобекеттің салынуы – заңдылық.



НОВЫЙ ГОРОД – НОВЫЙ АВТОВОКЗАЛ

В Туркестане с участием акима области Жансеита Туймебаева состоялась церемония закладки фундамента нового современного автовокзала. Новый автовокзал расположится на территории площадью 3 га, он рассчитан на отправку и прием около 600 автобусов в сутки и сможет обслужить до 10 тысяч пассажиров.

На новом вокзале будут предусмотрены зал ожидания, билетные кассы, пункт медицинского освидетельствования водителей, диспетчерский пункт, комната матери и ребенка. Кроме того, в соответствии с проектом на территории нового автовокзала расположатся автостоянка, перрон, помещения технического осмотра и надзора за автобусами.

Строительство нового автовокзала планируется завершить до декабря 2019 года.



ТҮРКІСТАН – АРМАНДАР ОРЫНДАЛАТЫН ШАҺАР

Түркістан облыс орталығы атанған соң, оның жылнамасы жаңа оқиғалармен толыға түсті. Желтоқсанның соңында қалада 2018 жылды қортындылаған салтанатты іс-шара өтті. Жиында Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев жұртшылықты Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, өңірімізде еңбегімен дараланған әр түрлі сала қызметкерлерін марапаттады.

Салтанатты іс-шарада жылдың үздік 15 мекемесі мен кәсіпорнына марапат тапсырылды. Сонымен бірге кәсіпкерлік, туризм, экономика, қаржы, руханият және мәдениет, денсаулық сақтау, спорт, құрылыс, білім, ауыл шаруашылығы, мұрағат, тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық, энергетика және өзге де салалар бойынша 40 адам марапатталды.

«Саланың үздік мемлекеттік қызметші» аталымы бойынша 7 адамға құрмет көрсетілді. Түркістанды түлетіп жүрген азаматтардың құрметіне облыс өнерпаздары керемет концерттік бағдарлама ұсынды.

Осы Түркістан қаласында облыс орталығына көшіп келіп, алғаш отбасын құрған жас мамандар Ақтөре Болатұлы мен Арайлым Еркінқызының неке қию рәсімі өтті. Айтулы шараға арнайы қатысқан облыс әкімі шаңырақ көтерген жас отбасын құттықтап, сыйлық табыстады. Сонымен қатар жас отбасыға әкімшілік-іскерлік орталығында жаңадан бой көтеріп жатқан тұрғын үйден кезексіз баспана алу сертификаты тапсырылды.

Түркістан – армандар орындалатын шаһар. Түркістан – жастардың қаласы. Жаңарған Түркістанда әлі талай жас өз бақытын табатыны анық.

Осылайша, Түркістан облысы үшін 2018 жыл серпінді, жалынды, жағымды және болашаққа сенім беретін оқиғалармен өрнектелді.

ТУРКЕСТАН: ГОРОД, ГДЕ СБЫВАЮТСЯ МЕЧТЫ

Жизнь нового областного центра наполняется радостными событиями. В Туркестане состоялось торжественное мероприятие, на котором подвели итоги уходящего года. Аким Туркестанской области Жансейит Туймебаев поздравил жителей области с наступающим Новым годом и наградил ряд работников, внесших вклад в развитие региона.

В ходе мероприятия аким области наградил ряд отличившихся работников и предприятий. Кроме того, награды были вручены 40 лучшим работникам сферы предпринимательства, туризма, экономики, финансов, культуры, здравоохранения, спорта, строительства, образования, сельского хозяйства, ЖКХ, энергетики и других сфер.

Наряду с этим, в номинации «Лучший государственный служащий» чествовали семь лучших служащих. После завершения торжественной церемонии творческие коллективы представили концертную программу.

Также в Туркестане состоялась церемония бракосочетания Актөре Болатұлы и Арайлым Еркінқызы, молодых специалистов, переехавших в новый областной центр. Специальным гостем церемонии стал аким области Жансейит Туймебаев, который поздравил молодую семью и вручил им памятный подарок – сертификат на получение жилья вне очереди в новом жилом доме, строительство которого ведется в административно-деловом центре города.

Туркестан становится городом, где сбываются мечты. Это город молодых. Здесь будет еще немало радостных событий!



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА БАС ШЫРШАНЫҢ ШАМЫ ЖАҒЫЛДЫ

Түркістан қаласындағы «Есім хан» алаңында жаңа жылдық шырша шамы жағылды. Салтанатты шараға облыс әкімі Жансейіт Түймебаев қатысып, қала тұрғындарын келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтады.

«Жаңа жыл – отбасылық мереке. Әсіресе, біздің бүлдіршіндер үшін бұл мейрамның орны ерекше. Балаларымыздың жарқын күлкісі мен алаңсыз балалық шағына жететін бақыт жоқ. Жаңа жылда халқымыз игілікке, мемлекетіміз молшылыққа, бақыт пен шаттыққа кенеле берсін! Баршаларыңыздың шаңырақтарыңызға шаттық, отбасыларыңызға амандық, істеріңізге береке тілеймін. Жаңа жыл баршамыз үшін берекелі, мерекелі жыл болсын!», – деді Жансейіт Қансейітұлы.

Шарада бабалар, ертегі кейіпкерлері және аяз ата мен ақшақарлар мерекелік шеру ұйымдастырып, сахналық көріністер қойды. Сондай-ақ, қалалық мәдениет үйінің өнерпаздары концерттік бағдарламасын ұсынды. Мерекелік шараның соңы отшашуға ұласты.

Айта кетейік, Есімхан алаңына құрылған шыршаның ұзындығы 20 метр. Шыршаны безендіруге 3300-ге жуық шар қолданылған. Ал, 8 метрлік кіші шыршалар 300 дана шармен әспеттелген. Алаңды түрлі түстермен көмкеру үшін ұзындығы 4270 метрлік диодты жарықшам (гирлянда) тартылған.



НОВОГОДНЮЮ ЕЛКУ ЗАЖГЛИ В ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

В Туркестане на площади Есим хана зажгли новогоднюю елку. На торжественном мероприятии аким области Жансеит Туймебаев поздравил жителей города с наступающим Новым годом, сообщила пресс-служба главы региона. «Новый год – это семейный праздник, который ждут все – от мала до велика! Новый год – это праздник ожидания и надежд, исполнения самых заветных желаний. Вместе с тем это время, когда можно оглянуться назад и подвести некоторые итоги уходящего года. Желаю, чтобы наступающий год был успешным для Вас и Ваших семей, благополучия, крепкого здоровья, успехов и новых свершений», – сказал Ж.Туймебаев в своей поздравительной речи.

Праздничное мероприятие продолжилось сценическими постановками и завершилось красочным фейерверком. Кроме того, артисты городского Дома культуры представили концертную программу. Стоит отметить, 20 метровую новогоднюю красавицу украсили около 3300 красивых шаров, а для подсветки площади использовали 4270 метров светодиодных гирлянд.



«ТҮРКІСТАН-ШЫМКЕНТ» ЖЕДЕЛ ПОЙЫЗЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ РЕЙСІ ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

«Түркістан-Шымкент» жедел пойызының маршруты іске қосылды. Жедел пойыз әзірге аптасына 2 рет, дүйсенбі мен жұма күндері қатынайды. Яғни, дүйсенбі күні Шымкент қаласынан сағат 05:45-те, жұма күні Түркістан қаласынан сағат 19:25-те жолға шығады. 2 сағат 15 минут жүретін пойыз тек Арыс қаласына ғана аялдайды. Пойыз 175 адамға шақталған. Жол жүру құны 609 теңге болып бекітілген. Билеттерді кез-келген теміржол кассаларынан немесе интернет арқылы алуға болады.



СКОРЫЙ ПОЕЗД «ТУРКЕСТАН-ШЫМКЕНТ» ОТПРАВИЛСЯ В ПЕРВЫЙ РЕЙС

В торжественной обстановке состоялся запуск первого рейса скорого поезда «Туркестан-Шымкент». Отметим, скорый поезд будет курсировать по маршруту 2 раза в неделю, в понедельник и пятницу. Из Шымкента поезд выезжает в понедельник в 05-45, а из Туркестана в пятницу в 19-25. Время в пути – 2 часа 15 минут. В пути следования поезд будет останавливаться только на станции города Арысь. Следует подчеркнуть, поезд способен перевезти 175 человек. Стоимость проезда составит 609 тенге. Билеты можно будет приобрести в любых железнодорожных кассах или через интернет.



ТҮРКІСТАНДА «ТҮРКІСТАН – АДАЛДЫҚ АЛАҢЫ» ЖОБАЛЫҚ КЕҢСЕСІНІҢ ТАНЫСТЫРЫЛЫМЫ ӨТТІ

Аталмыш жиынға облыс әкімі Жансейіт Түймебаев пен орталық органдардың аумақтық департамент басшылары мен облыстық басқарма басшылары қатысты.

Шараны ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің өңірлік департаменті ұйымдастырды. Басқосуға сондай-ақ облыстық арнайы мониторингтік топ төрағасы мен кеңселік жоба қызметшілері қатысты. Жобаның таныстырылымы барысында оның мақсатына тоқталды. Айтуларынша, онда Түркістан облысында қоғамның мемлекеттік билік институттарына сенімін арттыру мен жемқорлық деңгейін төмендету, сонымен қатар қоғам арасында сыбайлас жемқорлықты қабылдамау мәдениетін қалыптастыру көзделген. Шарада осы жоба жөнінде ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Түркістан облысы бойынша Департаментінің басшысы Ғалым Тұрсынбаев пен облыс әкімінің орынбасы Мәлік Отарбаев, облыс әкімі аппаратының бас инспекторы Ерлан Мұстафа баяндама жасады.



ПРЕЗЕНТАЦИЯ ПРОЕКТНОГО ОФИСА «ТҮРКІСТАН - АДАЛДЫҚ АЛАҢЫ» СОСТОЯЛАСЬ В ТУРКЕСТАНЕ

в Туркестанской области состоялась презентация проектного офиса «Түркістан – адалдық алаңы». В мероприятии приняли участие аким области Жансейит Түймебаев, руководители территориальных департаментов центральных госорганов и руководители областных управлений, передает корреспондент МИА «Казинформ».

Главными целями создания проектных офисов являются повышение доверия общества к институтам государственной власти, а также формирование антикоррупционной культуры.

Мероприятие организовано департаментом Агентства РК по делам государственной службы и противодействию коррупции по области.

В рамках презентации с докладами выступали руководитель департамента Агентства по делам государственной службы и противодействию коррупции по Туркестанской области Галым Тұрсынбаев, заместитель акима области Малик Отарбаев, главный инспектор аппарата акима области Ерлан Мұстафа.

Помимо этого, на заседании был обсужден ход предстоящих работ. Жансейит Түймебаев поручил главам всех управлений создать благоприятные условия для граждан при оказании государственных услуг, а также отметил необходимость повышения открытости и прозрачности государственных органов и служебной этики госслужащих.



А. МАМИН ТҮРКІСТАНДАҒЫ ҚАРҚЫНДЫ ҚҰРЫЛЫСПЕН ТАНЫСТЫ

ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Асқар Мамин жұмыс сапарымен Түркістан облысына келді. Сапары барысында аймақ басшысы Жансейіт Түймебаев Түркістан қаласында жаңадан бой көтеретін нысандардың құрылыс жұмыстарымен таныстырды.

Қонақтар алдымен құрылысты жүргізетін компаниялардың жұмысшыларымен кездесіп, олардың еңбек жағдайымен танысты.

Түркістан қаласының бас жоспары бойынша 7,7 гектар аумаққа әкімшілік іскерлік орталығы салынатын болады. Онда облыс әкімшілігі, басқармалар мен аумақтық департаменттер үйінің ғимараттары бой көереді. Құрылыс жұмыстары ағымдағы жылдың қаңдар айында басталып, 2020 жылдың наурыз айында аяқталады деп күтілуде.

Сондай-ақ, Астана қаласының тапсырысы бойынша шаһардың шырайын арттыратын «Астана» алаңы бой көтеретін болады. Оның құрылыс жұмыстары 2019 жылдың наурыз айында басталып, 2020 жылдың желтоқсан айында аяқталады. 4,7 гектар аумаққа салынатын нысанның құрылыс жұмыстарына 100 адам жұмылдырылмақ.

Сонымен қатар, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының тапсырысымен 1000 адамға шақталған Конгресс орталық салынатын болады. Мәдени ошақтың құрылыс жұмыстары келесі айда басталып, 2020 жылдың соңында аяқталады. Нысанның жалпы аумағы 3 гектарды, ал ғимараттың жер көлемі 14 200 шаршы метрді құрайды.

Одан бөлек, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы Оқушылар сарайының құрылысын жүргізуге тапсырыс жасаған. 1 гектар жердің 10 000 шаршы метріне заманауи үлгідегі сәулетті ғимарат тұрғызылатын болады. Құрылыс жұмыстары осы жылдың ақпан айында басталып, 2020 жылдың желтоқсан айында пайдалануға беріледі.

Айта кетерлігі, бүгінде Түркістан қаласында салынатын ғимараттардың жер телімдері белгіленіп, жобалар бекітілген.



АСКАР МАМИН ОЗНАКОМИЛСЯ С ХОДОМ СТРОИТЕЛЬСТВА ОБЪЕКТОВ В ТУРКЕСТАНЕ

Сегодня Туркестанскую область с рабочим визитом посетил первый заместитель Премьер-Министра РК Асқар Мамин. Глава региона Жансейит Түймебаев ознакомил первого вице-преьера с ходом строительства новых объектов в городе Туркестан.

В первую очередь, члены рабочей группы встретились со строителями и ознакомились с условиями их труда.

Напомним, согласно генеральному плану, административный деловой-центр города Туркестан будет возведен на территории 7,7 га. Здесь расположатся здания областного акимата, управлений и территориальных департаментов. Строительные работы начнутся в январе текущего года и будут завершены в марте 2020 года.

Наряду с этим, в областном центре появится площадь «Астана», заказчиком данного объекта выступил акимат города Астаны. Строительство площади намерены начать в марте этого года и завершить к декабрю 2020 года. Отметим, что строительные работы развернутся на участке 4,7 га.

Кроме того, по заказу АО «Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына» построят здание «Конгресс-центра» на 1000 человек. Строительство объекта начнется в следующем месяце и завершится в конце 2020 года. Общая площадь центра составит 3 га, площадь здания – 14 200 кв. метров.

Вместе с тем, по заказу АО «Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына» в священном городе возведут здание «Дворца школьников». Строительные работы запланировано начать в феврале текущего года и завершить в декабре 2020 года.

Стоит отметить, на сегодняшний день утверждены проекты и выделены земельные участки под их строительство.



ТҮРКІСТАНДА СТАДИОН МЕН МУЗЕЙДІҢ ЖӘНЕ МЕДИА-ОРТАЛЫҚТЫҢ ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ

ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Асқар Маминнің Түркістан облысына іс-сапары кезінде облыс орталығында бой көтеретін стадионның құрылыс жұмыстары көрсетілді. Астаналық жұмыс тобын облыс әкімі Жансейіт Түймебаев нысан басына өзі алып барып, Түркістанның болашақтағы сәулеттік сәніне әр беретін ғимараттың орнын көрсетті.

7 мың орынға шақталған нысанды «VI Group» ЖШС-і салуда. Құрылыс барысын жобаның әзірлеушісі саналатын «Самұрық Қазына «Жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-ның Басқарма төрағасы Б.Сандықбаев баяндады. Оның айтуынша, спорт нысанының көлемі 33 286 шаршы метр болса, жалпы жобаның ауданы 6,4 гектарды құрайды. Болашақта жергілікті 100 адамды жұмыспен қамтуды көздеген ғимараттың ел игілігіне берілу мерзімі 2020 жылдың желтоқсанына жоспарланған. Әкімшілік-іскерлік орталықта құрылыс барысымен танысқан бірінші вице-премьер жұмыстарды сапалы жасап, уақытылы пайдалануға беру мәселесіне жіті тоқталды. Мұнан соң, А.Маминге Қожа Ахмет Яссауи музейінің құрылыс жұмыстары таныстырылды. Аталған мұражайдың мердігері «Базис-А» холдингі. Ауданы 3 мың шаршы метрді алатын ғимаратта да келешекте 100 адам жұмыспен қамтылмақ. Ұлы тұлғаға арналған музейдің құрылыс жұмыстарын аяқтап, ел игілігіне беру мерзімі келесі жылдың соңына жоспарланған.

Астаналық жұмыс тобы аялдаған келесі нысан әкімшілік-іскерлік орталығындағы медиаорталық болды. «VI Group» компаниясы мердігер болып табылатын нысанға Алматы қаласының әкімдігі тапсырыс берген. Аумағы 1 шақырым жерді алатын нысан 2020 жылдың соңында тапсырылмақ.



В ТУРКЕСТАНЕ НАЧАЛОСЬ СТРОИТЕЛЬСТВО СТАДИОНА, МУЗЕЯ И МЕДИА-ЦЕНТРА

В ходе рабочей поездки в Туркестанскую область первый заместитель премьер-министра РК Асқар Мамин ознакомился со строительством стадиона на 7 тысяч мест в областном центре.

Председатель правления АО «Фонд недвижимости «Самрук-Қазына» Б.Сандықбаев доложил Мамину о ходе строительства данного объекта.

По его словам, площадь спортивного объекта составит 33 286 кв. метров, а общая площадь участка – 6,4 га. Срок сдачи в эксплуатацию – декабрь 2020 года. В будущем здесь планируют обеспечить работой порядка 100 местных жителей.

Наряду с этим, Мамин ознакомился с ходом строительства музея Ходжа Ахмеда Яссауи. Отметим, что подрядчиком данного объекта является холдинг «Базис-А». В будущем в здании, площадь которого составляет 3 тыс. кв. метров работой будут обеспечены более 100 человек. Завершить строительство музея запланировано в конце следующего года.

Кроме того, в административно-деловом центре города Туркестан рабочая группа во главе с первым вице-премьером проинспектировала строительство здания медиа-центра. Заказчиком объекта выступил акимат города Алматы, строительные работы осуществляет компания «VI Group». Данный объект запланировано ввести в эксплуатацию к концу 2020 года.



ТҮРКІСТАНДА 15 ОБЛЫС-ҚАЛА ӘКІМДІГІ ТИІСТІ НЫСАНДАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫН ЖҮРГІЗЕДІ

Түркістанға арнайы іссапармен келген ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Асқар Мамин Түркістан облысы әкімдігінің мәжіліс залында облыс орталығын дамыту бойынша келелі жиынға қатысты.

Жиында сөз алған өңір басшысы Жансейіт Түймебаев Мемлекет басшысының Түркістан қаласын дамыту жөніндегі тапсырмасын орындау бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жайын баяндады.

«Қазіргі таңда Әкімшілік-іскерлік орталықта 672 гектар жерден 513 гектар жер мемлекеттік меншікке алынды. Олардың ішінде 48,4 гектар аумақта орналасқан бірінші кезекте салуынуы тиіс 13 нысанды іске асыру үшін жер телімдері толығымен босатылды және 7 нысанның құрылысы басталды. Ал, 88 бес қабатты тұрғын үйлердің құрылысы бойынша (2724 пәтер, 200 мың шаршы метр) дайындық жұмыстары аяқталды. Тұрғын үй құрылысы «Түркістан ӘКК» қатысуымен жеке салушылар есебінен жүзеге асырылады. Сондай-ақ, Астана қаласының тапсырысы бойынша «Астана» алаңы салынатын болады. Оның құрылыс жұмыстары ағымдағы жылдың наурыз айында басталып, 2020 жылдың желтоқсан айында аяқталады. Сонымен қатар, Түркістан қаласының рухани-мәдени аймағында «ҰӘҚ Самұрық қазына» АҚ тапсырысымен Қожа Ахмет Ясауи мұражай нысанының құрылысы басталды. Бұдан өзге, әуежайдың құрылысы бойынша жұмыстар атқарылуда. ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті, ҚР Қорғаныс министрлігі және «Казаэронавигация» АҚ мақұлдаған Түркістан қаласындағы әуежайды салу үшін 905,3 гектар жер телімі бөлініп отыр», – деді өңір басшысы Жансейіт Қансейітұлы.

Жиын соңында ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары А.Мамин баяндамашылар көтерген мәселелер назарға алынатынын айтып, Елбасы тапсырмасы бойынша Түркістан қаласын дамыту үшін жауаптыларға құрылысты қарқындатуды тапсырды.



В ТУРКЕСТАНЕ АКИМАТЫ 15 ОБЛАСТЕЙ И ГОРОДОВ ВОЗВЕДУТ СООТВЕТСТВУЮЩИЕ ОБЪЕКТЫ

17 января в Туркестане с участием первого заместителя премьер-министра РК Аскара Мамина состоялось совещание по развитию областного центра.

На совещании аким области проинформировал о ходе исполнения поручений главы государства, направленных на развитие областного центра.

«В настоящее время в Туркестане реализуются крупные проекты по развитию областного центра. В их числе – и строительство 88 домов. За счет средств «СПК «Туркестан» и частных инвестиций начинается строительство жилых комплексов на 2724 квартир, общей площадью 200 тыс. кв. метров. Кроме того, в областном центре появится площадь «Астана», заказчиком данного объекта выступил акимат города Астаны. Строительство площади начнется в марте этого года и завершится в декабре 2020 года. Более того, по заказу АО «Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына» в духовно-культурной зоне священного города началось строительство здания музея Ходжа Ахмеда Яссауи. Помимо этого, выделен земельный участок площадью 905,3 га для строительства аэропорта», – подчеркнул Ж.Түймебаев.



ТҮРКІСТАНДА 18 ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРА НЫСАНЫ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ

Түркістан қаласында ҚР Парламенті Мәжілісі Өлеуметтік – мәдени даму комитетінің «Тарихи-мәдени мұраны қорғау мен кеңінен танытуды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету» атты көшпелі отырысы өтті.

Отырыс шеңберінде тарихи-мәдени мұраны қорғау мен кеңінен танытуды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету мәселелері қаралды, «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тарихи-мәдени мұра мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобалары талқыланды.

Жиын аясында сөз алған облыс әкімі Жансейіт Түймебаев бүгінгі таңда тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау өзекті мәселе болып отырғанын жеткізді. Қаралып жатқан жаңа заң жобасы саладағы олқылықтардың орнын толтырып, мәдени мұрамызды сақтап қалуда шешуші рөл атқаратынына сенімі мол екенін айтты.

Сондай-ақ, ол Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында Созақ ауданындағы Ақсүмбе қарауыл мұнарасы (XIII ғасырға жататын бірегей сәулет ескерткіші) мен Ордабасы ауданындағы Ишан базар мешіті ескерткіштеріне республикалық мәртебе беру жөніндегі ұсыныс ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне жолданып, министрліктің жанынан құрылған арнайы комиссияның отырысында қаралып, оң шешімі алынғанын да жеткізді.



В ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ РЕКОНСТРУИРУЮТ 18 ОБЪЕКТОВ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ

В Туркестане Комитетом по социально-культурному развитию Мажилиса Парламента РК проведено выездное заседание на тему «Законодательное обеспечение охраны и популяризации историко-культурного наследия».

В рамках заседания были рассмотрены вопросы законодательного обеспечения защиты и популяризации историко-культурного наследия народа, а также обсуждены проекты Законов Республики Казахстан «Об охране и использовании объектов историко-культурного наследия» и «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам историко-культурного наследия».

Выступая на совещании, аким области Жансейит Түймебаев отметил, что на сегодняшний день защита памятников историко-культурного наследия является актуальной проблемой. В своем выступлении он отметил, что рассматриваемый новый законопроект будет играть ключевую роль в сохранении культурного наследия, и восполнит существующие пробелы в этой сфере. Глава региона остановился на некоторых актуальных вопросах сохранения историко-культурного наследия.

Вместе с тем, аким области сообщил, что в рамках программной статьи Главы государства «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» в Министерство культуры и спорта РК было направлено предложение о присвоении республиканского статуса исторической башни Аксумбе в Сузакском районе (уникальный памятник архитектуры XIII века) и мечети Ишан-базар в Ордабасинском районе. Данное предложение было рассмотрено на заседании специальной комиссии при министерстве, и получено положительное решение.



ТҮРКИЯДА ТӘЖІРИБЕ ЖИНАП ҚАЙТТЫ

Түркістан облысы әкімі Жансейіт Түймебаевтың қолдауымен ағымдағы жылдың қаңтар айының 9-14 аралығында 40-тан аса аймақ ұстаздары Түркия елінде тәжірибе алмасып қайтты.

Анадолы жеріне табан тіреген түркістандықтар әуелі Ыстамбұл қаласындағы Абай атындағы мектепке ат басын бұрды. Заманауи үлгідегі мемлекеттік мекемеде білім берудің жаңа технологияларымен танысып, «Doga» колледжінде қонақта болды. Студенттер техникалық білімдерімен, ғылыми ізденістерімен, халықаралық жетістіктерімен ерекшеленеді.

Айта кетерлігі, Түркияда оқу жылы 15 қыркүйекте басталып, 15 маусымда аяқталады. Онда мемлекеттік, жекеменшік және кешкі мектептер бар. Оқу жылы 2 жарты жылдыққа бөлінеді. Апталық жүктемеге 20-24 сағат ағылшын, 5-9 сағат неміс тілі енгізілген. Таңдау пәндеріне сай ата-аналар балаларына дін, аспаздық, өнер сабақтарын үйретуге құқылы. Қыздар мен ер балалар бөлек сыныптарда білім алады. Шахмат пәні аптасына 8 сағат өткізіледі. Робототехника мектеп қабырғасында міндетті саналады. Дене шынықтыру сабағының 10-12 сағаты бассейнге арналған.

Облыс басшысының қолдауымен қолға алынған айрықша жоба жыл соңына дейін жалғасады.



ПРЕПОДАВАТЕЛИ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ ОБМЕНЯЛИСЬ ОПЫТОМ С ТУРЕЦКИМИ КОЛЛЕГАМИ

При поддержке акима Туркестанской области Жансеита Түймебаева с 9 по 14 января текущего года более 40 преподавателей региона обменялись опытом в Турции.

В первую очередь, учителя из Туркестанской области посетили в Стамбуле школу имени Абая, где ознакомились с новыми технологиями обучения. Кроме того, они посетили колледж «Doga», студенты которого отличаются особенно высоким уровнем знаний, научных исследований и международных достижений в технической сфере.

Стоит отметить, что в Турции учебный год начинается 15 сентября и заканчивается 15 июня. Здесь функционируют как государственные, так и частные и вечерние школы. Учебный год разделен на 2 полугодия. В недельную программу обучения включены 20-24 часов английского языка, 5-9 часов немецкого языка. Более того, родители имеют право обучать детей навыкам религии, кулинарии и искусства. Девочки и мальчики обучаются в отдельных классах. Также, в турецких школах 8 часов в неделю детей обучают игре в шахматы. Наряду с этим, обязательным предметом в стенах школы является робототехника. Уроки физической культуры проводят в бассейне, на это уделяют в среднем 10-12 часов.

Следует подчеркнуть, данный проект при поддержке главы региона продолжится до конца текущего года.



Ж.ТҮЙМЕБАЕВ КЕНТАУДАҒЫ ШАРУА ҚОЖАЛЫҚ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Бүгін Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев Кентау қаласының Шаға ауылында орналасқан «Мемлекет» шаруа қожалығының жұмысымен танысты.

2014 жылдан бері нарықта қызмет етіп келе жатқан қожалықта 900 бас мал басы бар. Негізінен, ірі қара малды бордақылаумен айналысатын шаруалар қосымша шұжық өнімдерін де өндіреді. Аймақ басшысына өнімнің негізгі тұтынушысы жергілікті халық екенін алға тартқан шаруа қожалығы төрағасының орынбасары Бақытжан Байжомартов мұндағы арнайы ашылған мал сою бекеттерінде күніне 15-20 басқа дейін сойылатынын айтты.

Бүгінге дейін барлық шығынды жеке өзі көтеріп, істі дөңгелетіп жатқан «Мемлекет» ШҚ басшылығы ірі қара малының жем-шөбін қамтамасыз ету жайын да шешіп қойған. Яғни, 150 гектар арнайы алқапқа жоңышқа, жүгері және бидай егіп, түліктерге жем дайындайтын цех ашқан. Онда тәулігіне 20-24 тонна жем дайындалады. Осынау жем-шөпке бордақыланған малдың салмағы 450-500 келіге дейін тартады екен.

Атқарылып жатқан жұмыстарға қаныққан облыс басшысы қожалық жетекшілеріне ет көлемін арттыруды тапсырды. Бұл ретте, шаруа қожалығының иегерлері аталған мақсатты орындау үшін банктен жеңілдетілген несие алу жайын қарастырып жатқанын жеткізіп, оны өткізуде әкімдік тарапынан қолдау көрсетуді сұрады.



Ж.ТҮЙМЕБАЕВ ОЗНАКОМИЛСЯ В КЕНТАУ С РАБОТОЙ КРЕСТЬЯНСКОГО ХОЗЯЙСТВА

Сегодня в сельском округе Шага города Кентау аким Туркестанской области Жансеит Туймебаев ознакомился с работой крестьянского хозяйства «Мемлекет».

Отметим, в данном хозяйстве, которое функционирует с 2014 года насчитывается 900 голов КРС. В основном, крестьяне занимаются откормом крупного рогатого скота, а также дополнительно производят колбасную продукцию. Докладывая главе региона, заместитель председателя крестьянского хозяйства Бақытжан Байжомартов отметил, что основным потребителем продукции является местное население. Кроме того, по его словам, на территории специально открытых убойных пунктах в день забивают до 15-20 голов скота.

На сегодняшний день руководство КХ «Мемлекет» самостоятельно финансирует все расходы и решает вопросы обеспечения кормами крупного рогатого скота. К примеру, на площади 150 га работники хозяйства выращивают люцерну, кукурузу и пшеницу, а также запущен комбикормовый цех, где в сутки заготавливают 20-24 тонн кормов.

Ознакомившись с работой хозяйства, аким области поручил увеличить объемы производства мяса. В свою очередь, руководство крестьянского хозяйства подчеркнуло, что для выполнения поставленной задачи они рассматривают возможность получения льготных кредитов в банках второго уровня, попросив со стороны акимата оказать поддержку в данных начинаниях.



ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНДА ЖАРЫҚШАМДАР ШЫҒАРАТЫН ЗАУЫТТЫҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ

Түркістандағы индустриалды аймақта іргетасы қаланған компанияның құрылысы 3 жылда аяқталады деп күтілуде. Осы арқылы бастапқыда 700 адам жұмыспен қамтылмақ.

Бүгін Түркістан қаласындағы индустриалды аймақта жарықшамдар шығаратын зауыттың капсуласы салынды, деп хабарлайды өңір әкімінің баспасөз қызметі.

Салтанатты іс-шараға Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев, Қытайдың «Tai-Tur Energy» ЖШС директоры Чэнь Хуей және «Source Energy» компаниясының бақылаушылар кеңесінің жетекшісі Оралбек Ботбай қатысты.

Бұған дейін қытайлық инвесторды облыс әкімі Жансейіт Түймебаев арнайы қабылдап, сол кездесуде екіжақты меморандумға қол қойылған болатын. Жиында өңір басшысы Түркістан облысында инвесторларға қолайлы жағдай жасалғанына тоқталды. Өндірісті дамытуға, жұмыссыздықты азайтуға бағытталған жобаларды бірлесіп атқаруға дайын екенін жеткізді.

Tai-Tur Energy – Қытадағы беделді компаниялардың бірі. Бұл компанияның диодты әрі электрүнемдегіш жарықшамдары Қытайдың ірі қалаларында қолданысқа енгізілген. Көшелер мен ірі магистральдарды және алып ғимараттарды жарықтандыру ісінде үлкен жетістікке жеткен. Жобалары да ауқымды. Аталған компания елімізде бірінші рет Түркістан облысына инвестиция салуға қол жеткізіп отыр. Инвестицияның құны – 200 млн АҚШ доллары.

Түркістандағы индустриалды аймақта іргетасы қаланған компанияның құрылысы 3 жылда аяқталады деп күтілуде. Осы арқылы бастапқыда 700 адам жұмыспен қамтылмақ. Сұраныс пен өндіріс қуаттылығына сай жұмысшылар саны артуы мүмкін. Зауыттың өнімдері Қазақстаннан бөлек көршілес маемлекеттерге де экспортталады.



В ТУРКЕСТАНЕ ЗАЛОЖИЛИ ФУНДАМЕНТ ЗАВОДА ПО ПРОИЗВОДСТВУ ЭНЕРГОСБЕРЕГАЮЩИХ ЛАМП

В индустриальной зоне города Туркестан состоялась церемония закладки капсулы нового завода по производству энергосберегающих ламп. В торжественном мероприятии принял участие аким Туркестанской области Жансейит Түймебаев, директор ТОО «Tai-Tur Energy» Чэнь Хуей и председатель наблюдательного совета компании «Source Energy» Оралбек Ботбай.

Отметим, что строительство завода начато в рамках двустороннего меморандума, подписанного ранее в ходе встречи главы региона с китайским инвестором. Ж.Түймебаев отметил, что в Туркестанской области созданы благоприятные условия для инвесторов, а также выразил готовность к совместной реализации проектов, направленных на развитие производства и снижение безработицы.

Стоит отметить, «Tai-Tur Energy» – это одна из известных компаний в Китайской Народной Республике. Продукция завода пользуется большим успехом в освещении улиц, магистралей и зданий. Туркестанская область один из первых регионов в стране, куда компания инвестирует свои средства. Стоимость инвестиций составляет 200 миллионов долларов США.

Строительство завода запланировано завершить в течение 3 лет, после чего порядка 700 человек будут обеспечены работой. Продукцию завода намерены реализовывать не только в Казахстане, но и экспортировать в соседние страны.



ТҮРКІСТАНДЫҚ КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев еліміздегі ең жас көпбалалы ана Жазира Тұрғынованың отбасына Төлеби ауданы Ленгір қаласынан 4 бөлмелі баспананың кілтін табыс етіп, жүрекжарды тілегін арнады.

«Бүгінде табиғи өсім бойынша Түркістан облысы республикада көш бастап тұр. Дәл қазіргі кезде облысымызда 134 мыңнан астам көпбалалы ана бар. Оның 51 мыңнан астамы – «Алтын алқа» және «Күміс алқа» иегерлері. Жас қыз-келіншектер өзіңіздей батыр аналарға еліктеп өсуі керек. Олжас бауырымыз екеуіңіздің баспаналарыңыз құтты болсын, іші шаттыққа толсын». «Жастар жылы» осындай қуанышты оқиғамен басталып отыр», – деген өңір басшысы жас отбасыға 4 бөлмелі баспананың сертификатын және балаларға қыстық жылы киімдерді табыс етті. Сонымен бірге, Жансейіт Қансейітұлы Жазираның қосымша мамандық алу үшін оқуына және жұмысқа орналасуына қолдау көрсетілетінін жеткізді. Отағасы Олжас Әбілдәбековтің де жұмысқа орналастыру мәселесі қаралатын болды.

Жазира Тұрғынова – Түркістан облысы Төле би ауданының тұрғыны. 27 жасында 7 баланың анасы атанған.



В ТУРКЕСТАНЕ МНОГОДЕТНОЙ СЕМЬЕ ВРУЧИЛИ КЛЮЧИ ОТ ДОМА

Аким Туркестанской области Жансеит Туймебаев принял молодую многодетную мать Жазиру Тургынову. На встрече глава региона вручил ей ключи от 4-х комнатного дома в городе Ленгер Тoleбийского района. Аким области поздравил мать-героиню со знаменательным событием, пожелав крепкого здоровья, радости и благополучия.

«Сегодня по естественному приросту населения Туркестанская область лидирует в республике. В настоящее время в области проживает более 134 тысяч многодетных матерей. Из них более 51 тыс. награждены подвесками «Алтын алқа» и «Күміс алқа». Молодые девушки должны брать пример с матерей-героинь, так как они вносят большой вклад в демографическое развитие страны. Уверен, что вы дадите достойное воспитание вашим детям, и они вырастут настоящими патриотами Казахстана. Приятно, что «Год молодежи» начинается с таких радостных событий. Желаю вам крепкого здоровья, семейного благополучия.», – сказал Ж.Туймебаев.

Кроме того, аким области отметил, что отцу семейства для получения дополнительной специальности будет оказана поддержка в обучении и трудоустройстве.



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРДІҢ АЛЫП МАКЕТТЕРІ ЖАСАЛАДЫ

Түркістан облысында киелі жерлердің картасы әзірленеді. 2018 жылдағы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің қорытындысына арналған кеңесте облыс әкімі Жансейіт Түймебаев қала-аудан әкімдеріне аймақтағы киелі жерлердің картасы әзірленетінін айтып, тиісті тапсырмалар берді.

«Елімізде алғаш рет Түркістан облысындағы киелі жерлердің үлкен картасын жасауды ұйғарып отырмыз. Бұл ретте, әрбір аудан, қала басшыларына биіктігі 3-4 метр болатындай етіп, өздерінің өңірлеріндегі тарихи ескерткіштердің көшірме макетін Түркістан қаласына сыйлауды тапсырамын. Мәселен, Бәйдібектегі «Бәйдібек ата», «Домалақ ана», «Шаян» мешіті, Созақтағы «Баба түкті Шашты Әзіз», «Ақбура» сынды ескерткіштер. Осы сынды тарихы құндылыққа тұнып тұрған жәдігерлерімізді облыстың картасына енгізуіміз керек», – деді Жансейіт Түймебаев.

Сондай-ақ облыстық Экономика басқармасының басшысы Арман Сәбитов аймақтың даму көрсеткіштері туралы баяндама жасады. Оның сөзінше, экономиканың басты көрсеткіші болып табылатын жалпы өңірлік өнім көлемі 2018 жылдың қаңтар-қыркүйегінде 1 трлн 103,9 млрд теңге сомасында қалыптасқан. Өңдеу өнеркәсібінде 236,9 млрд теңгеге өнім өндіріліп, нақты көлем индексі 0,7 пайызға артқан. Ауыл шаруашылығында да өнім көлемі 544,3 млрд теңгені құрап, 2017 жылмен салыстырғанда 5,3 пайызға көбейген.



В ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ РАЗРАБОТАЮТ КАРТУ СВЯТЫХ МЕСТ

На совещании, посвященном итогам социально-экономического развития региона за 2018 год, аким области Жансейит Туймебаев поручил акимам районов и городов разработать карту святых мест области.

«Впервые в нашей стране мы планируем создать большую карту священных мест Туркестанской области. Каждый район и город подарит Туркестану макеты уменьшенной копии исторических памятников высотой 3-4 метра. К примеру, Байдибекский район подарит мавзолей «Байдибек-ата», «Домалак-ана», мечети «Шаян», Сузакский район – мавзолея «Баба Тукты Шашты Азиза». Эти и другие памятники истории, представляющие для нас ценность, мы должны внедрить в карту святых мест области», – подчеркнул Ж.Туймебаев.

Вместе с тем, на заседании с докладом об основных показателях социально-экономического развития области выступил руководитель областного управления экономики Арман Сабитов.

По словам руководителя, объем валового регионального продукта, который является главным показателем развития экономики, за январь-сентябрь 2018 года составил 1 трлн. 103,9 млрд. тенге. По сравнению с соответствующим периодом 2017 года рост составил 3,9%. В обрабатывающей промышленности произведено продукции на сумму 236,9 млрд. тенге. Также наблюдается рост и в сфере сельского хозяйства. Объем валовой продукции в данной отрасли составил 544,3 млрд. тенге, увеличившись по сравнению с 2017 годом на 5,3%. Рост произошел в основном за счет увеличения объемов продукции растениеводства. Более того, в направлении животноводства увеличилось производство мяса на 4,8%, молока – на 2,8%, яиц – на 8,1%. По этому показателю наша область занимает 4 место в республике среди регионов.



ТҮРКІСТАНДА ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНА 51 МЛРД ТЕНҒЕ ИНВЕСТИЦИЯ САЛЫНАДЫ

Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев қытайлық «HENAN PROVINCE INSTALLATION GROUP CO.LTD» ЖШС-нің Қазақстандағы филиалы директорының орынбасары Ма Шянжоумен кездесті. Басқосуда тараптар Түркістан қаласында бой көтеретін жаңа ғимараттар жайын талқылады. Қонақтар облыс орталығындағы құрылыс нысандарының құрылысына 51 млрд. теңге көлемінде инвестиция құйып, бірлескен жобаларды жүзеге асыруға дайын екенін жеткізді.

Өз кезегінде аймақ басшысы әкімшілік іскерлік орталығынан тұрғын кешенін салуды ұсынды. Сондай-ақ, жобаның жоспарлы түрде іске асуына мемлекет тарапынан барынша қолдау көрсетілетінін жеткізді. Яғни, нысандарды салуға арналған жер телімдерін бөлу және құжаттарын әзірлеп, онда тартылатын инфрақұрылым мәселелері толығымен әкімдік тарапынан жүзеге асырылатын болады.

Кездесу соңында тараптар тығыз коммерциялық қатынастарды дамытуға, екі жақты инвестициялар мен технологиялар трансфертінің көлемін ұлғайтуға, соның ішінде Түркістан облысында «Инвестициялық жобаларды» жүзеге асыруға негіз болатын меморандумға отырды.



51 МЛРД ТЕНҒЕ ИНВЕСТИРУЮТ В СТРОИТЕЛЬНЫЙ СЕКТОР В ТУРКЕСТАНЕ

Аким Туркестанской области Жансейит Туймебаев встретился с заместителем директора китайского филиала ТОО «Henan province group installation group co.ltd» в Казахстане Ма Шянжоу. Об этом передает МИА «казинформ» со ссылкой на пресс-службу областного акимата.

В ходе встречи стороны обсудили строительство ряда объектов в городе Туркестане. В частности, представители компании выразили готовность к реализации новых совместных проектов и намерены инвестировать в строительный сектор 51 млрд тенге.

Глава региона отметил, что со стороны государства инвесторам предусмотрены преференции и льготы, а также предложил построить жилой комплекс в административно-деловом центре города.

В завершении встречи между акиматом области и компанией «henan province installation group co.ltd» был заключен меморандум, который создаст основу для развития тесных коммерческих связей, увеличения объема двусторонних инвестиций и трансферта технологий, реализации совместных инвестиционных проектов в Туркестанской области.



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ ЖАНСЕЙІТ ТҮЙМЕБАЕВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Кездесуде Қазақстан Президентінің былтырғы желтоқсан айында Түркістан қаласын дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте берген тапсырмаларының орындалуы туралы есеп берілді.

Облыс әкімі Елбасыға негізгі әлеуметтік маңызы бар нысандардың, соның ішінде облыс әкімдігі, басқармалар мен аумақтық департаменттер ғимараттарының, сондай-ақ 1 200 мың шаршы метрді қамтитын тұрғын үй құрылысының барысы туралы баяндады.

Нұрсұлтан Назарбаев Түркістан қаласының іскерлік орталығын салудың және абаттандырудың қазіргі қарқынын сақтау қажет екенін айтып, бірқатар нақты тапсырма берді.

ВСТРЕЧА С АКИМОМ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ ЖАНСЕЙТОМ ТУЙМЕБАЕВЫМ

Главе государства был представлен отчет об исполнении поручений, данных на совещании по вопросам развития г. Туркестана в декабре прошлого года.

Акиму региона доложил Нурсултану Назарбаеву о ходе строительства основных социально-значимых объектов, в том числе зданий областной администрации, управлений и территориальных департаментов, а также жилья площадью 1 200 тысяч кв. метров.

Президент Казахстана, указав на необходимость сохранения текущих темпов застройки и обустройства делового центра г. Туркестана, дал ряд конкретных поручений.



ТҮРКІСТАН: САЛБУРЫН САЯТШЫЛАР МЕРЕКЕСІ ӨТТІ

Түркістан облысы Түлкібас ауданында Салбурын саятшылар фестивалі ұйымдастырылды. Мемлекет басшысы «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында қазақы танымда Жеті қазынаның бірі саналатын жылқыға ерекше тоқталады. Қазақ жұрты мен аттың біртұтас әрі көне заманнан бірге келе жатқандығын баяндайды. Осыған орай, облыс әкімі Жансейіт Түймебаевтың бастамасымен ұлттық құндылықтар мен туризмді дамытуға арналған шаралар жоспарының бірі ретінде «Салбурын мереке ғой саятшыға» деген атаумен Жабағылы ауылында өтті. Сондай-ақ, шара мақсаты – түп-тамырымызға үңіліп, сана түкпіріндегі ұлттық рухты ояту.

Биыл Елбасымыз жастар жылын жариялады. Осыған орай, бүгінгі іс-шараға Түркістан облысымен қатар шетелден де жастар келіп қатысты. «Салбурын – мереке ғой саятшыға» фестивалі келешекте республикалық, халықаралық деңгейге көтерілмек. Түркі тілдес мемлекеттердің ортақ бренді әрі дәстүрлі мерекесіне айналуда.

Фестиваль – бүркіт пен тазы салу сайыстарымен басталды. Өзара мықтыны анықтаған бүркітшілер мен жеті қазынаның тілін түсінгендер мерекеге келген қонақтардың қызығушылығын оятты. Шара аясында қонақтар Салбурын саятшылық мерекесіне арналған көрмемен танысты. Сонымен қатар, бүркіт, тазылардың аң алу және жамбы ату көріністеріне тәнті болды. Шара соңында саятшылар сайысының қорытындысы шығарылды. Мерекеді әр сайыстың түріне байланысты бағы жанғандардың мерейі үстем болып, бірқатар құсбегілер мен тазы баптаушылар марапатқа ие болды. Мерекі соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

Айта кетерлігі, осындай іс-шаралар жылдан-жылға өз нәтижесін беруде. Мәселен, былтыр Түркістан облысына алыс-жақын шет мемлекеттерден келушілер саны 7,7 пайызға артқан. Бір ғана Түркістан қаласына 1 миллионнан астам турист табан тіресе, 2025 жылға қарай бұл көрсеткішті 5 миллионға жеткізу көзделіп отыр.



В ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ ПРОШЕЛ ФЕСТИВАЛЬ «САЛБУРЫН - САЯТШЫЛЫҚ МЕРЕКЕСІ»

В селе Жабаглы Тюлькубасского района Туркестанской области прошел фестиваль «Салбурын – саятшылық мерекесі». Мероприятие было организовано в рамках реализации поручений Президента Казахстана, обозначенных в статье «Семь граней Великой степи».

Основная цель фестиваля – возрождение национального охотничьего искусства, которое веками являлось неотъемлемой частью культуры и быта кочевых народов, а также привлечение молодежи к охране природы.

Следует подчеркнуть, данный фестиваль организован по инициативе акима области Жансеита Түймебаев в рамках плана мероприятий, направленных на пропаганду традиций предков, охотничьего ремесла и национальных видов спорта среди подрастающего поколения.

Напомним, 2019 год Глава государства объявил Годом молодежи. В фестивале, наряду с молодежью области приняли участие и молодые люди из-за рубежа. Организаторы уверены, что фестиваль «Салбурын – саятшылық мерекесі» в будущем станет проводиться на республиканском и международном уровнях, а также станет традиционным брендом тюркоязычных государств.



ТҮРКІСТАНДАҒЫ ҚҰРЫЛЫСТЫ ҚАРҚЫНДАТУДЫ ТАПСЫРДЫ

Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев Түркістан қаласындағы құрылыс нысандарын аралап, атқарылып жатқан шаруалармен танысты. Ондағы жұмыстарға қаныққан аймақ басшысы құрылысты қарқындатуды тапсырды.

«Қазір күн жылы, ауа райы қолайлы. Сондықтан 2 ауысымда жұмыс істеп, құрылыс қарқынын екі есеге арттыру керек. Ғимараттар жаңа Түркістанның көркіне көрік қосатын, заманауи талапқа сай, көрікті, әрі бекем болуы тиіс. Құрылысқа отандық өнімдерді пайдаланған жөн. Барлығымыз күн-түн демей, қаланы өркендетуге аянбай еңбек етуіміз керек», – деді Жансейіт Қансейітұлы.

Бүгінгі күні шаһарда 26 көпқабатты үйдің құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Оның ішінде ауданы 61,6 мың шаршы метр немесе 1200 пәтерді құрайтын 20 үй республикалық бюджет есебінен салынуда. Ағымдағы жылдың I жартыжылдығында 660 пәтерлі 11 үй ел игілігіне тапсырылатын болса, II жартыжылдығында 540 пәтерлі 9 үй пайдалануға беріледі деп күтілуде. Бұл тұрғын үйлер баспана кезегінде тұрған мұқтаж азаматтарға беріледі.

Одан бөлек, «ӘКК Түркістан» АҚ-ы жалпы ауданы 18,5 мың шаршы метр болатын, 336 пәтерлі 6 үйдің құрылысы жүргізілуде. Жоспар бойынша биыл құрылыс жұмыстары аяқталып, шілде айында пайдалануға берілімек. Бұл пәтерлерді «7-20-25» мемлекеттік бағдарламасы аясында да иеленуге мүмкіндік туады.

Сондай-ақ, Түркістан қаласы, Отырар мөлтек ауданында 38 гектар аумаққа 4 тұрғын үй кешенін салу жоспарлануда. Онда жалпы ауданы 196,3 мың шаршы метр болатын 2724 пәтерлі, 88 көпқабатты тұрғын үй бой көтереді. 2019 жылы 8 тұрғын үй пайдалануға беріледі. 80 тұрғын үй 2020 жылы пайдалануға тапсырылады.



ПОРУЧИЛ АКТИВИЗИРОВАТЬ СТРОИТЕЛЬСТВО ОБЪЕКТОВ В ТУРКЕСТАНЕ

Сегодня аким Туркестанской области Жансеит Туймебаев ознакомился с ходом строительства ряда объектов в городе Туркестан. Глава региона поручил ответственным лицам обеспечить завершение строительства объектов в намеченные сроки.

«Сейчас стоит теплая погода, поэтому надо работать в 2 смены и увеличить темпы строительства в два раза. Здания должны соответствовать всем современным требованиям, новому облику Туркестана. В строительстве следует использовать отечественную продукцию. Вся наша работа должна быть направлена на благо процветания города», – сказал Ж.Туймебаев.

Отметим, на сегодняшний день в областном центре ведется строительство 26 многоквартирных домов. Из них 20 домов общей площадью 61,6 тыс. кв. метров или 1200 квартир строятся за счет республиканского бюджета. Ожидается, что в первом полугодии текущего года уже сдадут в эксплуатацию 11 домов на 660 квартир, во втором полугодии – 9 домов на 540 квартир. Данное жилье предоставят гражданам, состоящим в очереди на жилье.

Кроме того, в настоящее время АО «СПК Туркестан» ведет строительство 6 домов на 336 квартир, общей площадью 18,5 тыс. кв. метров. Согласно плану строительные работы должны завершить в июле текущего года. Все квартиры реализуют в рамках государственной программы «7-20-25».

Вместе с тем, в микрорайоне Отырар на площади 38 га запланировано строительство 4 жилых комплексов. 88 многоквартирных жилых домов включают в себя 2724 квартиры, общей площадью 196,3 тыс. кв. метров. В этом году застройщики намерены ввести в эксплуатацию 8 жилых домов. Остальные 80 жилых домов сдадут в эксплуатацию в 2020 году.



КЕНТАУДА ҚҰАТЫ 50 МВТ КҮН ЭЛЕКТР СТАНСАСЫ САЛЫНАДЫ

Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев ресейлік «NEVEL KAZAKHSTAN» ЖШС директоры Павел Агафоновпен кездесті. Басқосуда тараптар күннен қуат алатын стансалар салу ісі бойынша әңгіме өрбітіп, Кентау қаласында қуаттылығы 50 МВт болатын күн электр стансасын салуға уағдаласты. Жоба құны 50 млн. АҚШ долларын құрайды.

Ащысайдың Қотырбулақ елді мекенінен бой көтеретін нысанға әкімдік тарапынан 200 гектар жер телімі берілетін болды. Құрылыс жұмыстарын ертерек бастауды тиісті құрылым басшыларына жүктеген аймақ басшысы күн электр стансасы салынып біткенде, оның бағасы бәсекеге қабілетті бола білуі және ең бастысы, халыққа тиімді болуы шарттығын жеткізді. Шетелдік компания жетекшілерімен өзара әңгімеде мұндай стансаларды болашақта Ордабасы ауданынан да салу мәселесі сөз болды.

2009 жылы негізі қаланған «Хевел» компаниялар тобы күн энергетикасы саласында Ресейдегі ең ірі интеграцияланған компания болып табылады. Серіктестіктің негізгі қызметі күннен қуат алу ісінде ғылыми-зерттеу жұмыстары мен күн электр стансаларын салып, оны пайдалану, жоғары технологиялы күн модульдерін өндіруге бағытталған. Аталған зауыт жыл сайын ұяшықтың тиімділігі 22% – дан жоғары болатын 160 МВт гетероқұрылымдық күн модульдерін шығарады. Компаниялар тобы басқаратын жобалардың көлемі 907,5 МВт құрайды.

Тиісті жұмыстардың нәтижесінде, «Хевел» компаниялар тобы 2019-2020 жылдары Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде қуаттылығы 70 МВт болатын күн генерациясын салу құқығына ие болған-ды. Осылайша, өткен жылдың желтоқсан айында Мәскеуде өткен инвестициялық форум аясында «Түркістан» ӨКК, «Turkistan Invest» пен «Хевел» компаниясының арасында Түркістан облысында күн электр стансасының құрылысы туралы Меморандумға қол қойылған болатын.



В КЕНТАУ ПОСТРОЯТ СОЛНЕЧНУЮ ЭЛЕКТРОСТАНЦИЮ МОЩНОСТЬЮ 50 МВТ

Аким Туркестанской области Жансеит Туймебаев встретился с директором российского ТОО «NEVEL KAZAKHSTAN» Павлом Агафоновым. В ходе встречи стороны обсудили вопросы строительства в городе Кентау солнечной электростанции мощностью 50 МВт. Стоимость проекта составляет 50 млн. долларов США. Солнечную электростанцию намерены возвести вблизи населенного пункта Котырбулак, на эти цели акимат выделит земельный участок площадью 200 га.

Наряду с этим, в ходе встречи стороны обсудили возможность строительства в ближайшем будущем подобной станций и в Ордабасинском районе.

Отметим, группа компаний «Хевел» была основана в 2009 году и является крупнейшей в России интегрированной компанией в области солнечной энергетики. Деятельность сосредоточена на высокотехнологичном производстве солнечных модулей, строительстве и эксплуатации солнечных электростанций, а также научно-исследовательской деятельности в области солнечной энергетики. Собственный завод ГК «Хевел» ежегодно выпускает 160 МВт солнечных модулей с эффективностью ячейки выше 22%. Объем проектов под управлением группы составляет 907,5 МВт.

Российская ГК «Хевел», по итогам аукциона получила право на строительство 70 МВт солнечной генерации в южных регионах Казахстана. Реализация проектов запланирована на 2019-2020 годы. Напомним, в декабре в рамках инвестиционного форума, прошедшего в Москве был подписан меморандум между филиалом СПК «Туркестан», «Turkistan Invest» и ГК «Хевел» о строительстве солнечной электростанции в Туркестанской области.

В завершении встречи глава региона поручил руководителям соответствующих структур ускорить начало строительства солнечной электростанции. Более того, аким области подчеркнул, что после завершения строительства солнечной электростанции, стоимость «зеленой» энергии должна быть конкурентоспособной и, самое главное, выгодной для населения.



ТҮРКІСТАНДА ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНЕ АРНАЛҒАН ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев облыстық Қоғамдық кеңес мүшелерімен және өңір ардагерлерімен бас қосып, соңғы кездері қоғамда орын алған келеңсіз оқиғаларды келешекте алдын алуға бір кісідей атсалысып, көмек қолын созуға шақырды. Жиынға облыстық Қоғамдық кеңес төрағасы Өмірзақ Мелдеханов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жеңісбек Мәуленқұлов, облыстық ақсақалдар алқасының төрағасы Жарылқасын Өзіретбергеновты, жазушы Мархабат Байғұт сынды ел ағалары бастаған игі жақсылар қатысты.

Аймақ басшысы, ең алдымен, Түркістан облысында өткен жылы атқарылған оңды істерге тоқталып өтті. Түркістанның әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне қатысты әрбір саладағы жетістіктерді жіктеген әкім соңғы уақытта БАҚ беттерінде, әлеуметтік желілерде шу тудырған жастар арасындағы әлімжеттік, бала тәрбиесіне қатысты алаңдаушылығын білдірді.

«Қаймағы бұзылмаған, ұлттық салт-дәстүрімен барша Қазақстанға үлгі болған облысымызда соңғы уақыттарда зорлық-зомбылық пен қылмыстың жасарып бара жатқаны біздің өңіріміз үшін үлкен сын болып отыр. Осындайда Ұлы жазушы М.Әуезовтың «Ел боламын десең – бесігіңді түзе» деген сөзі еріксіз еске түседі. Бала тәрбиесі болашақтың негізін қалау екені белгілі. Қазіргі таңда қоғам алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Міне, менің бүгін Сіздерді жинаған себебіміз де осы. Осындай жағдайларды барлығымыз жұмыла қолға алып, дер кезінде ауыздық салу баршамыздың ортақ азаматтық борышымыз. Сіздер өз ауылдарыңызда осындай жағдайларды болдырмау мақсатында бірігіп, жастарға ақыл айтып, тоқтау салып отырсаңыздар», – деді Ж.Түймебаев.



В ТУРКЕСТАНЕ ПРОШЛО ЗАСЕДАНИЕ ОБЩЕСТВЕННОГО СОВЕТА ПО ВОПРОСАМ ВОСПИТАНИЯ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ

Аким Туркестанской области Жансеит Туймебаев встретился с членами областного Общественного совета. Участники встречи обсудили причины произошедших недавних событий и как избежать их повторений. В совещании приняли участие председатель областного Общественного совета Умирзак Мелдеханов, председатель областного Совета ветеранов Женисбек Мауленкулов, председатель областного Совета старейшин Жарылқасын Азиретбергенов, писатель Мархабат Байгут.

В первую очередь, глава региона проинформировал участников встречи о проделанной работе в прошлом году, отметив что Туркестанская область завершила 2018 год с позитивной динамикой в экономике. Вместе с тем, аким области выразил озабоченность по поводу сложившейся ситуации среди молодежи, вызвавшей шум в социальных сетях.

«Наша область, где всегда на высоком уровне чтит национальные традиции и обычаи, всегда была образцовой для всего Казахстана. Однако в последнее время в регионе участились случаи совершения насилия и преступлений в отношении детей. Как известно, воспитание детей – это основа будущего. На сегодняшний день одной из главных задач, стоящих перед обществом, является профилактика правонарушений среди детей и подростков, недопущение роста преступности среди несовершеннолетних. Объединиться и своевременно принять меры – это наш общий гражданский долг. Поэтому мы все здесь собрались. В целях предотвращения подобных ситуаций, необходимо наладить диалог с молодежью, дать ценные и полезные советы», – сказал Ж.Туймебаев.



ТҮРКІСТАНДА «ОРДАБАСЫ – БІРЛІКТІҢ ТУЫ» АНИМАЦИЯЛЫҚ ФИЛЬМІНІҢ ТҰСАУКЕСЕРІ ӨТТІ

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің кітапханасының «Рухани жаңғыру» залында «Ордабасы – бірліктің туы» анимациялық фильмінің тұсаукесері өтті. 2018 жылы Ордабасы тауындағы үш ел Президенттерінің тарихи кездесуіне және «Ордабасы» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорығын» құру туралы Елбасы Жарлығының шыққанына 25 жыл толған болатын.

Ұлы даланы мекен еткен ұлы тұлғалар мен даналардың ерлігі мен адалдық, данышпандық қасиеттерін баяндайтын «Ордабасы – бірлік туы» анимациялық фильмін «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында, Түркістан облысы әкімдігінің тапсырысы бойынша «Сақ» киностудиясы түсірген.

«Ордабасы – бірлік туы» анимациялық фильмінде ел қорғаған баһадүрлеріміздің ерліктерін суреттей отырып, елдің бірлігін көрсету арқылы Асылжан есімді балақайдың елін, жерін қорғауға деген ұмтылысын жас ұрпақ санасына сіңіруді көздейді. Оқиға желісінде қазақтың Төле, Қазыбек, Әйтеке билері бастап, Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай секілді батырлары қоштап, бүкіл ел бірігіп, шешуші айқаста ата жауын жеңген тұстары көрініс табады.

Аталмыш фильм мақсаты: жастарға үлгі, өнеге болар тұлғалардың өмірін насихаттау, қазақ халқының мақтанышына айналған батыр бабаларымыздың еңбекқорлығын, бірлікке деген құштарлығын паш ету, өскелең ұрпақтың жүрегінде мақтаныш сезімін оятып, ынтымағын арттыру. Ордабасы оқиғасын насихаттау арқылы өз елін сүйуге, тарихын білуге шақыратын бұл фильмнің балаларға беретін тәлім-тәрбиесі мол болмақ.



В ТУРКЕСТАНЕ ПРОШЛА ПРЕЗЕНТАЦИЯ АНИМАЦИОННОГО ФИЛЬМА «ОРДАБАСЫ – БІРЛІКТІҢ ТУЫ»

В Туркестане прошла презентация анимационного фильма «Ордабасы-бірліктің туы». Первыми смогли увидеть фильм представители интеллигенции, писатели и молодежь региона. Анимационный фильм снят киностудией «Сақ» в рамках программы «Рухани жаңғыру» по заказу акимата Туркестанской области.

Напомним, в прошлом году исполнилось 25 лет исторической встрече на холме Ордабасы президентов Казахстана, Узбекистана и Кыргызстана, а также постановлению Президента РК о создании Национального историко-культурного и природного заповедника «Ордабасы». Встреча Глав трех государств состоялась в мае 1993 года. Тогда лидеры соседних стран подписали здесь Договор о вечной дружбе. Данный фильм повествует о героических подвигах батыров, защищавших нашу страну, единство народа.

